


Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

ТҰЗАҚ



Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

ТҰЗАҚ

(Аудармалар)

Қарағанды, 2017 ж.

УДК 821 512.122
ББК 84 Қаз—44
Ж 26

Ж 26 ЖАНЫСБАЙ Сүйіндік.

«ТҰЗАҚ» Орыс тілінен аударылған повесть және әңгімелер, жолжазбалар мен очерктер. Қарағанды, «Tengri Ltd» баспасы, 2017 ж. 286 бет.

ISBN 978-601-7814-67-0

Бұл кітапқа танымал қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Сүйіндік Жанысбайдың әр жылдары орыс тілінен аударған шығармалары енгізілген.

Аударманың тілі жатық, оқуға жеңіл. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821 512.122
ББК 84 Қаз - 44

ISBN 978-601-7814-67-0

© Жанысбай С. 2017 ж.



Магсум НАСИБУЛЛИН,
татар жазушысы

ТҮЗАК
(Повесть)

I.

Милиция бөліміндегі жұмыстың басталуына әлі ерте болатын. Кезекшілік бөлімшесіндегі аға лейтенант бір қағаздарды ақтарып болып, папкаға мұқияттап салды да, жібін байлап, столдың жәшігіне тықты. Содан соң орнынан тұрып, терезе алдына келді де, желдеткішті ашты. Сырттан самал соқты. Аға лейтенант таза ауамен кең тыныстап, қолын екі жаққа созып, дене қимылдарын жасады.

- Бүгінше күн төтенше оқиғасыз өткен сияқты, - деп ойлап, столда су құюлы тұрған ыдысқа қолын апара бергені сол еді, телефон шыр ете түсті. Аға лейтенанттың созылған қолы телефон құлағын көтерді.

- Иә, милиция. Кезекші, аға лейтенант... – Ол өзінің фамилиясын атады. - Асықпай айтыңыз! Бұл кім? Қайдан?

Кезекші офицер журналды ашты да, орындыққа отырып, телефон құлағын сол қолымен ұстаған беті жаза бастады.

- Ең бастыларын айтыңыз, - деді ол дауысын шығарыңқырап. – Мен жазып отырмын... Кассирге шабуыл жасалған?.. Қай жерде?.. Сауда кеңсесінде?.. Адресін айтыңыз!.. Қанша сом?.. Неге белгісіз?.. Кассир өлім халінде?.. Иә... Сіздің фамилияңыз.. Нағымов, сауда директоры? Түсінікті, телефонограмма қабылданды. Кеңсеге ешкімнің кірмеуін қадағалаңыз және өзіңіз ешқайда кетпеңіз. Ізді ешкім басып тастамасын! Қазір шара қолданамыз... Бастыққа ма?.. Мәлімдеймін.

Аға лейтенант басқарма бастығының пәтеріне телефон соғып үлгергенше, кезекшілік бөлмесіне ұзын бойлы милиция полковнигі келіп кірді. Бұл Чалташ қалалық ішкі істер басқармасының бастығы полковник Хаернасов еді. Өзінің өмірінде біраз нәрсе көргені бірден байқалады: оның кең кеудесі орден планкаларымен әшекейленіпті. Солдат тағдыры Хаернасовты Курск иіні арқылы Берлинге де апарған. Осы жолда оның қаншама оқ пен оттан аман өткендігін айтпаса да түсінікті. Әрі оның қазіргі қызметі де онша бейбіт емес. Полковниктің самайының тегін ағармағаны содан болар. Хаернасовтың таңертең ерте және бірден кезекшіге келуі әдетке айналған.

- Қайырлы таң, жолдас аға лейтенант, - деп Хаернасов жас офицермен әкесінше сәлемдесіп. – Түн қалай өтті?

- Қалалық өнеркәсіптік сауда кеңсесінде кассирге шабуыл жасалыпты, касса тоналып, күндізгі әкелінген ақшаны алып кеткен, - деп жауап берді кезекші.

- Кассир тірі ме?

- Жағдайы ауыр.

- Қашан? - Хаернасовтың түрі кенет өзгеріп сала берді.

- Бүгін түнде.

- Маған неге телефон соқпадың? – деп сұрады полковник қатал дауыспен.

- Хабар жеті сағат он бес минутта ғана түсті.

- Ал, қазір, - деп полковник өзінің сағатына қарады, - жеті сағат он тоғыз минут. – Дереву жарлық бере бастады: - Менің машинамы жедел шақыр. Тергеуші мен қылмысты іздестіру инспекторын сауда кеңсесіне жөнелт. Олардың соңынан мен де үлгерермін, - деді ол даусын жұмсартып. Сөйтті де, телеграмманы алып, кабинетіне кетті.

Полковник ең бірінші қалалық өнеркәсіптік сауда кеңсесіне телефон соқты. Директор Нағымовтан болған оқиғаның анық-қанығын нақтылады. Содан соң Татар

АССР-і Ішкі істер министрлігі мен қала прокурорына хабарлады.

2.

Республика Ішкі істер министрлігінің төтенше оқиға тіркеу штабында мынадай жаңа жазу пайда болды:

«1973 жылдың 25 тамызында таңертеңгі жеті сағат он минутта Чалташ қалалық сауда кеңсесінің еден сыпырушысы Зинаида Комлева мен сауда директоры Ахат Нағымов жұмысқа келгенде кеңсе бөлмесінде соққыға жығылып, орындыққа байланған, аузына шүперек тағылған аға кассир Нина Игнатюктің үстінен түскен. Ақша сақталатын сейф ашық жатыр. Кім тонағаны белгісіз. Жоғалған ақшаның сомасын ревизиясыз анықтау мүмкін емес. Директордың сөзіне қарағанда әдетте жиырма мың сом сейфте қалып отырған. Қылмыс болған жерге қалалық ішкі істер басқармасының оперативтік тобы жіберілді. Чалташтан телефонограмма берген полковник Хаернасов, қабылдаған – ТАССР Ішкі істер министрлігінің кезекшісі подполковник Зарьянов. 25 тамыз, 1973 жыл. 7 сағат 26 минут».

Телефонограмма Кама бойындағы қаладан Қазанға он бір минуттан соң келіп түсті. Бірнеше жерге телефон соғып, Зарьянов өзінің көмекшісін шақырып алды.

- Дереву машина жіберіңіз, мынау адрестері! – Қолына бір жапырақ қағаз ұстатты.

Жарты сағат өткен соң Зарьяновтың көмекшісі жетіп келіп:

- Хабарланды, жолдас полковник, - деп мәлімдеді. - Самолетке билетке де заказ берілді.

- Жақсы, - деп құптады подполковник. – Ол жолдастарды жөнелту сізге жүктеледі, есіңізде болсын, бірінші рейске мінгізесіз.

- Тоғыз сағат қырық тоғыз минутта Чалташқа ұшып бара жатқан жолаушылардың арасында подполковник айтқан екі адам да бар еді. Оның бірі – Ғайнан Ибрагимов.

Бұл қайратты, жарқын жүзді адам республикалық прокуратураның аға тергеушісі, заң кеңесшісі еді.

Самолет салонына отырған соң Ғайнан иллюминатордан төмен қараған. Айнала көз жіберіп, ойға шомды. Ұшу алаңы мұнша жазық болар ма! Ал өмір «алаңы» төбешіктер мен төмпешіктерге толы, ешқашан теп-тегіс болмайды. Адамның алдында не тұрғанын, тағдыры қалай болатындығын күні бұрын ешкім де айта алмайды. Осыдан жарты сағат бұрын ғана Ғайнан бүгінгі сенбіге басқа іс жоспарлап еді. Барып көр енді... Екі күн бұрын семьясы кеткен Төменгі Услондағы бақшасына баруды ойлаған. Кеше күнделікті жұмыстан кеш босады да, парходқа үлгермей қалды. Қазір қызы Зәйтуна тәтті ұйқының құшағында жатқан шығар. Кішкентай балалар Волганың жағасында рахаттан ұйықтайды. Жексенбі күні барлығы балық ауламақ еді. Таңғы самалда тынық судың бетіндегі қалтқыны қадағалап отырудың өзі бір ғанибет қой! Әрине, балықтың қармаққа түсу-түспеуі онша маңызды емес, оның есесіне қалтқының қозғалғанын күні бойы бағып отыруға бар.

Кенет барлығы басқаша болды: оның қармақтың орнына тергеушінің портфелін ұстауына тура келді. Және де ол жақтан Волга жағасына қашан оралатындығын кім білсін.

Самолет моторы бір қалыпты әуенмен тынбай гүлдейді. Сол кезде Ғайнанға ұшқыштар туралы ой келді. Бұлардың жүретін жолы белгілі, ұшу уақыты кестеде дәл көрсетілген. Ұшу кезінде қарап отыратын адам бар – диспетчер қашан да дайын. Әрине, біз де диспетчер сияқтымыз ғой, - деп мырс етті ол. – Әділдік іздеген диспетчерміз. Самолет бәрімізді аэропортқа апарып түсірді де, қайтадан Қазанға ұшып кетті. Біз болсақ тас қараңғыда шындыққа баратын соқпақ іздеген адамды қармануға кірісеміз. Қайдан бастарың, беймәлім іске қай жерде тірелерің тек тергеудің барысында ғана белгілі болады.

Мұндай ой оған осындай мамандықты таңдағаны үшін өзін-өзі аяғандықтан келген жоқ. Қайта ол өз кәсібiнiң алдағы iс қарсаңындағы барлық жауапкершiлiгiн тағы да бiр сезiнгiсi келгiндiктен едi. Ол өзiнiң жұмысын басқа кәсiппен салыстырған кезде оның нәзiктiгi мен сыпайылығын айқын сезiнетiн. Қалайда алда тұрған iстi ойламауға тырысқанымен, жаңағы қылмыс туралы хабар тергеушiнiң санасынан ерекше күшпен басты орын ала бердi.

Ибрагимов жаңа аэропортта сатып алған газеттерiне көз жүгiртiп шыққанша самолет қажеттi биiктiкке көтерiлiп үлгерген едi. Төменде – егiнi орылып жатқан алқап. Егiстiктi кесiп өтетiн жiңiшке таспа бойымен жоғарыдан қарағанда сiрiңке қорабындай болып автомашиналар ағылып жатыр. Деревняда өскен адамға жастық шағын еске түсiру үшiн осының өзi де жетiп жатыр.

Биiктен қарағанда жол жiңiшке сызық сияқты болып көрiнедi. Адамның өткен өмiр жолы да көкiрек түбiнде осы сызықтар сияқты iз қалдырмай ма. Тоқта, осы Ғайнанның нағыз өмiр жолы қай уақыттан басталып едi? Шын мәнiнде оны өзi де дәл басып айта алмайды. Тек қана сiрiсiн бiлетiнi: тағдыр оны бастан сипай қойған жоқ. Биыл алпыс сегiзге келген анасы:

- Жас кезiнде, балам, тағдыр саған оң көзiмен қарамады ғой, - деп отыратын.

- Ол қалай, мама, - деп бiлуге құштар болатын Ғайнан.

- Екi жасында әкеңнен айырылды. Оқуға баратын жылы соғыс басталды. Алты жасыңнан бастап өмiрдiң ауқыметiн үлкендермен бiрдей көтердiң, балам.

Шын мәнiнде Ғайнан сол уақыттан бергiнiң арлығын есiнде сақтап келедi. Әлi бұғанасы бекiмей ұрып тапшылықтың зiл батпан ауыртпалығы иығынан асты. Мұндай ауыртпалықтың салмағын тек өз басынан әткерген адам ғана бiледi. Өмiрдiң осынау мұхитында ұзақ

малтығаны есінен мәңгі кетер ме! Тапшылық пен жоқшылықтың не екенін ол кітаптан ғана оқып, кинодан ғана көріп барып білген жоқ, өз басынан өткеріп барып білді. Бір үзім нанды аңсап, тәулік, тіпті, апта, ай бойы ішегі шұрылдағанын қайтып ұмытсын! Әлі күнге дейін сол күндер түсіне кірсе шошып оянады. Дегенмен Ғайнан қауызы қатты адам болып шықты – аштыққа да көнді, суыққа да тоңды, жоқшылыққа да шыдады. Тістене төзді. Соның барлығына қасарысып, өмірге, білімге ұмтылды. «Өмірден қиындық көрген ақымақ ән салуда ғана біледі, ал ақылды адам одан құтылудың жолын іздейді» деп қарт адамдар дұрыс айтады. Ғайнан да сондай жол іздеді. Өз колхозында жұмыс істеді, кешкілікте жұмысшы жастар мектебінде оқыды. Аттестат алған соң Қазан университетіне келді. Басқа жаққа алаңдамай, мектепте алған берік білімінің, өзінің күшінің арқасында оқуға түсті. Өз өмірінің жаңа беттерін өз қолымен бастап жазды. Әрине, оқуға түсісімен жігітіміз өмір тауқыметінен мүлде арылды деуге болмайды, өйткені студентке де ішіп-жеу, киіну керек – ол уақыт аштық жылдары еді ғой! Оның үстіне айнала толған көк қара – қоңыр көзді сұлулар болса. Бір сөзбен айтқанда – жастық шак!.. Біздің жігіт бұл жерде де жоқшылыққа мойымады. Өзен портына барып жүк түсірді, сабақтан соң құрылысқа барып кірпіш тасыды. Табандылығы мен бірбеткейлігі арқасында материалдық тапшылық көрген жоқ.

Ақыр аяғында университет дипломын алып, студенттік жейдеден тауқымет шаңын сілкіп тастаған жас юрист республикалық прокуратураға келді. Оны тергеуші етіп жіберді. Егер одан неге прокуратураны таңдадың деп сұрайтын болса, онда оның мынадай жауабы дайын болатын:

- Әрине, «прокуратура» деген сөздің әсерлі естілетіндігінен емес, оның заңдылық пен әділеттілік үшін үздіксіз күрес жүріп жататындықтан таңдадым! Көптеген ұрпақтың ақындары жырлаған әділеттілік үшін!

Шындығында мұндай сұрақты оған әлі ешкім қойған жоқ. Өзінің ойлап тапқаны. Мұнда тек қана әділеттілік салтанат құруы қажет деп ойлады ол, ал әділеттілік үшін қызмет етуден артық ештеңе жоқ.

Прокуратураның баспалдағымен көтеріле бастаған сол кезеңнен бері талай уақыт өтті. Жыл өткен сайын адам ақылы молығып, тәжірибелі бола түседі. Осы мерзім ішінде Ибрагимовте көп нәрсеге үйреніп, талай іске қанықты. Өзін білікті тергеуші ретінде көрсете білді. Мақтауды да аз естіген жоқ. Бірақ дандайсып кетпеді. Ол ешқашанда «бәрін білемін» деп айту тұрсын, мұндай сөзді ойына да алған емсе. Өзінің айырылмас сенімді досы Иван Иванович Трофимов сияқты бұл да мақтаншақтар мен мақтан сүйгіштерді жаны жек көретін.

Міне, қазір де Ибрагимовтың оң жағында Трофимов отыр. Толықша келген, орта бойлы бұл адам ішкі істер министрлігінің қылмысты іздестіру басқармасында аға инспектор болып істейтін. Досының осыдан үш жыл бұрын милиция майоры атағын алған Ғайнан жақсы біледі. Тек Ғайнанға бүгін Иван Ивановичтің үстіне киген спорттық костюмі аса ұнамай тұр. Денесін қозғалтпай костюмінің ішінде бірдеңе тұрған сияқты.

Бәлкім, білмейтін адам Трофимовқа қарап оны ұйқышыл, сауыққой, тамақсау адам деп ойлайтын шығар. Бірақ Ғайнан Трофимовтың Қазан тумасы, жұмысшы семьясынан шыққан адам екенін жақсы білетін. Міне, ол он сегіз жыл бойы ішкі істер министрлігінде үздіксіз еңбек етіп келеді. Сырт қарағанда күнделікті ағыммен жүре беретін адам сияқты болып көрінгенімен жұмыста аса ұқыпты, іске алғыр. Қызметтестері сондықтан да оны құрмет тұтады. Оны Ибрагимов те бағалайды. Трофимов атқарып жүрген қылмысты іздестіру инспекторы кейбіреулердің көңіліне жақпайтыны да құпия емес. Ондай адамдар бастық болғысы келіп, жоғары жаққа ұмтылады, жылы орын іздейді. Трофимов болса мансапқорлар тобына жатпайды, ол өзінің инспекторлық

қызметін жақсы білетін және ұнататын, қарапайым ғана байсалды адам. Олар бұған дейін де талай қылмысты бірлесіп ашқан болатын. Бүгін ескі тамырлар, әрі әріптестер тағы кездесті – бір мақсаттағы ортақ істе жолдары тағы түйісті.

- Тұр, ұйқышым, келдік, - деп Ибрагимов майорды бүйірінен түртті.

3.

Аэропортта қарсы алған милиция лейтенанты Хаernasовтың жарлығы бойынша оларды бірден оқиға болған жерге бастады. Жол бойы жақ ашпаған лейтенант «Волга» тоқтаған кезде ғана сайрап қоя береді:

- Келдік, жолдастар. «Алмалы тау» біздің Чалташтың ең әсем микроауданы. Оқиға болған қалалық өнеркәсіптік сауда кеңсесі осы жерде.

Лейтенанттан соң Ибрагимов түсті де, жылдам басып, лейтенант көрсеткен үйге қарай бет алды. Мынаны қара, қандай әсем үй! Оның ақ кірпіштерін күн сәулесіне малып алғандай. Терезелері де күнге шағылысады. Үй қабырғасындағы ашық галереяларға гүл өсірілген. Қай уақытта салып үлгерді екен! Бұл үй жазғытұрым ғана көшіп кірді емес пе. Ибрагимов өткен жылы келгенде бұл үйді жаңа салып жатқан. Адамның қолынан келмейтіні жоқ қой. Үй сыртындағы орындықтарды қара, олар да кемпірқосақтың түріндей алуан түспен боялған. Тамаша гүлзарларда гладиолустар мен гортензия көздің жауын алады. Оларды кешкілікте суарған болуы керек, өйткені сабағында мөлдір тамшылар жылт-жылт етеді.

Мүмкін кеше ғана осы орындықтарды әжелер отырған, ал оларды айнала дүниедегінің барлығын ұмытқан немерелері асыр салып ойнаған шығар-ау. Чалташтағы бала санында есеп жоқ қой! Жас қала, жастар қаласы! Анау құмның үстін қарашы, бүлдіршіннің бірі өзінің «автомашинасын» қалдырып кетіпті....

Осының барлығын Ғайнан келе жатып байқады. Подъездердің бірінің алдында халық қаптап тұр. Тоналған кассаның осы жерде екені белгілі болды. Иә, «сымсыз телефон» ешқашан істен шықпайды. Ибрагимов өздерін қарсы алған лейтенантқа сұраулы жүзбен қарады:

- Осында ма?

- Иә, - деп құптады да лейтенант бөлменің номерін атады.

- Осында, бірінші қабатта.

Ибрагимов ішке қарай аяңдады. Оқиға болған касса бөлмесі шағын ғана екен. Қабырғасы ақшыл жасылмен боялғанымен бір қолайсыздық сезіледі. Ибрагимов жан-жағын бағдарлады. Есікке қарама-қарсы қабырғада қап-қара болып кеткен, лақтырып жіберсе рахмет айтуға ылайық ескі стол тұр. Тар бөлмеде сейф ерекше көзге түседі. «Екі метрлік сандықша» деп бағалады оны тергеуші. Сейф сары түспен қалай болса солай сырлана салған. Темір «сандықша» мен ескі столдың ортасында ескі орындық тұр. Осы жиһаздардың өзі-ақ ойлану үшін бірталай азық болары сөзсіз. Қылмыскер қанша сақ болғанымен бәрібір ол есіктің тұтқасын ұстады, еденді басып жүрді, кассирді орындыққа байлады, сейфті ашты, одан ақшаны алды...

Сарапшылар әр шаршы сантиметр жерді тексеріп, суретке түсіріп алған соң, Ибрагимов милициядан келген жігіттерді бос тұрған көрші бөлмеге жинады.

- Алдын ала тергеудің басты бағытын анықтап алу қажет, - деп бастады ол. – Кімде қандай ұсыныс бар?

Милиция майоры Трофимов пен қалалық басқарманың бастығының орынбасары милиция капитаны Сайдашев бұл мәселе туралы ойланып та қойған екен. Тергеуші олардың ойларын құптады. Трофимов пен Сайдашев сол ойларын жүзеге асыруға аттанды.

Ғайнан болса, күні бұрын ойланғанындай куә ретінде Зинаида Комлева мен Ахат Нағымовтан жауап алды. Касса

бөлмесін қарап, куәлерден жауап алған соң әйгілі болған оқиға оның көз алдына шамамен мынадай болып елестеді.

4.

Тамыз айының жиырма алтыншы жұлдызы. Аспан ашық, күн сәулесін мол төгіп тұр. Жарық сәуле көтерілген сайын айнала бұрынғыдан да жарқырап көрініп, қаланың тастан салынған жаңа үйлері мен жасыл баулары мол нұрға малына түсті.

Бүгінгі сенбиде де еңбек ырғағы жалғасын тауып жатқан.

Сауда кеңсесінің үй сыпырушысы, ота бойлы, жұқалаң келген отыз алты жастағы Зина Комлева таңғы жетіге он минут қалғанда үйден шықты. Ол күнде осы уақытта шығатын. Жұмыс орны алыс емес – бес-алты минуттық қана жер. Келе салысымен әуелі еденді жуады, шкафтардың, столдардың шаңын сүртеді. Қызметкерлер келгенде бәрі де жарқырап, тап-таза болып, рет-ретімен өз орнында тұрады.

Сол күні Зина асықпай келе жатты. Кеше көңілді баурағандай жап-жарық болған жоқ еді. Жасыл желек пен гүлзарлардан келген хош иіс мұрынды қытықтап, Каманың самал желі бетті аймалайды. Осындай рахат дүниеден алшақтағысы келмеген келіншек асықпай жүріп, бес минуттық жолды он минутқа созды. Тіпті кеңсе алдына келген соң да тоқтап, рахаттана түсу үшін бір сәтке жүзін күн сәулесіне тосты. Содан соң ғана түкке зауқы жоқ адамдай құлыпты ашып, ішке кірді.

Кіргені сол – жүрегі тас төбесіне шықты! Шам жанып тұр, күнде жабық тұратын касса бөлмесінің есігі шалқасынан ашық жатыр. «О, жаңғалақ! Не туралы ойлады екен?» - деп жазғырған Зина кассаға қарай тұра ұмтылды. Касса бөлмесінің табалдырығын аттағаны сол, күтпеген көріністен төбесіне жай түскендей болды! Қорыққанынан құлап кетпес үшін босағаға сүйене қалды. Өз көзіне өзі сенер емсе, аяғы өз еркіне көнбей қалды.

Зина өзіне-өзі келіп, есін жиғанша директор да келді. Күндегісінше үстінде ақ көйлек, қырын пышақтай етіп өтектеген шалбар. Шығыңқы жақ сүйегі жымыған кезде одан сайын жалпая түсті. Бірақ Зинаны көрген кезде күреңітіп сала берді.

- Не болды? Науқастанып қалғаннан саумысың?

Комлева сонда ғана есін жиды. Бәрібір не болғанын түсіндіре алған жоқ, тек кассаның есігін көрсетіп:

- Ни – и – и – и – на ... – деп мінгірледі.

Ахат Нағымов – бұл жердің өз тумасы. Мензалинск маңында туып-өскен, Чалташқа алты жыл бұрын сауда институтын бітірген соң келген. Магазиннің бөлім меңгерушісінен қаладағы үлкен сауда ұйымының жетекшісіне дейін көтерілді. Әуелде ол туралы: «Өзіне сенген уақытымен тұрады, әтешке сенген ұйқтап қалады», - деген әзіл тараған болатын. Содан соң оған үйреніп кетті: енді қазір директор әтештің алғашқы шақыруымен жұмысқа келсе, оған ешкім таңданбайды.

Сол күні де қашанғысынша ерте келген болатын. Әдетте, көңілді жүретін Комлеваның қаққан қазықтай серейіп, боп-боз болып тұрғанын көргенде, директор не істерін білмей қалды.

- Нина? – деп қайталап, таңдана сұрады. – Оған не болған? – Касса бөлмесіне қарай абыржи ұмтылды.

Кіріп келгенде Нағымовтың үстінен біреу суық су құйып жібергендей болды. Столға қарсы орындықта аға кассирге ұқсайтын аяқ-қолы байлаулы біреу отыр. Беті күреңітіп кеткен. Иә, бұл коллективтегі құрмет тұтатын қызметкерлердің бірі, Нина Игнатюк еді. Оның ең алғаш сауда ұйымына қалай келгеніне дейін Нағымовтың есінде.

Оны директорға кадр бөлімінің бастығы ертіп келді:

- Міне, Игнатюк жолдас жұмысқа тұрғысы келеді.

- Иә, бізге қызметкерлер керек, - деді Нағымов, нақты жауап бермей, қызға сынай қарап. Содан соң оған сұрақ қоя бастады.

Ол әуелде Новороссийск қаласында, мектеп бітірген соң Сахалин облысында тұрған. Чалташқа жаңа ірі автокәсіпорын салынып жатқанын естіп келіпті. Егер жақсы орналасатын болса, сіңлісі де Кама бойына келуге қарсы емес көрінеді. Осының барлығы туралы Игнатюктің өзі айтты.

- А, еңбек кітапшаның бар шығар, - деп сұрады Нағымов.

Қыз үшін кадр бөлімінің бастығы:

- Бар, жолдас Нағымов, бар! – деп жауап беріп, директорға кітапшаны ұсынды.

Нағымов кітапшаның бетін асықпай парақтап, жазбаларды мұқият оқи бастады.

- Мұнда тек алғыс қана жазылған екен – бұл өте жақсы, - деді ол біресе кадр бөлімінің бастығына, біресе Нинаға қарап. – Жиырма сегіз жастасыз ғой, яғни. Оған қоса орта біліміңіз бар. Иә, мұндай адам бізге керек. Жарайды. Қабылдаймыз.

- Рахмет сізге! – деп жауап берді Нина директорға қарап, сүйкімді жымып қойды.

Нағымов кітапшаны кадр бөлімінің бастығына қайтарып беріп, Нина шығып кеткен соң:

- Жұмысқа кіріссін, бұйрық жазыңыз, әрине, бір айлық сынақ мерзімімен, - деді ол. – Оның жаңа келген адам, саудада тәжірибесі жоқ, салт басты екенін ұмытпауымыз керек. Бір адамды танып-білу үшін кемінде бір пұт тұз жеу керек екенін өзіңіз де жақсы білесіз. Жекелей іс ашыңыз толық материалдық жауапкершілік жөнінде шартқа отырыңыздар. Инструктаж, жатақхана – өз алдына. Түсінікті ме?

- Түсінікті, жолдас Нағымов.

Сөйтіп, Нина жұмысқа кірісті. Жұмысында еш кінәрат болған жоқ. Айлық сынақ мерзімді тамаша өткерді. Бес ай өтпей жатып Нина Игнатюк сауда кеңсесінің өз адамына айналып, аға кассирлікке жоғарыла-

тылды. Ал, міне бүгін мынадай оқиғаға душар болып отыр....

Нина директорды таныды. Күп болып ісіп кеткен басын бұрып, бірдеңе айтқысы келеді. Нағымов жанына келіп, оның басын көтерді. Кассирді орындыққа байлаған жіпті асыға-үсіге шеше бастады. Аузына тығындалған шүберекті жұлып алды. Нина жеңіл дем алды да, басын бір жағына қисайтып, көзін жұмды.

- Не болды? – деп сұрады Нағымов оның есін жинатпақ болып. Жолдас Игнатюк, не жағдай болды?

Кассир ісіп кеткен қабағын көтеруге тырысты.

- Дәрігер... – деп айтуға ғана шамасы келді де, қайтадан үнсіз қалды.

Директорда басқа шара қалған жоқ. «Милицияға, прокурорға хабарлау керек!» - деп ойлады да, телефонның құлағын көтерді.

5.

Комлева мен Нағымовтан жауап алып болған соң Ибрагимов директордың бастауымен бухгалтерияға кірді, мұнда сейфтен жоғалған ақшаны санап жатқан. Тергеуші амандасып та үлгерген жоқ, орынан қарсы көтерілген бас бухгалтер:

- 47 391 сом жетпейді, - деп хабарлама жасады. – Документтік ревизия актысын сонсоң береміз.

Мына хабарды естіген соң сауда директорының ұнжұрғысы одан сайын түсіп кетті. Ол жетекшілік ететін ұйымда ұқыптылық пен үнем әлі күнге дейін басты орында келе жатқан, ал енді кенет – қырық жеті мың! Бұл дегеніңіз бірнеше вагон товар ғой! Сағатша жұмыс істеп тұрған сауда процесі өз ырғағынан жаңылып қалатындай көрінді.

Ибрагимов өздеріне бөлінген бөлмеге келіп, стол жанына отырды да, әдеттегісінше асықпай әлде не туралы жаза бастады. Тергеушінің мұнша салқын қандылығына

таңданған директор бұрышқа барып отырды – оның жан-жүйесі отша күйіп бара жатыр еді.

Ибрагимов назарын басқа жаққа тегін аударған жоқ. Тергеуші заңның кейбір ережесі мен талабын түсіндіре кетуді қажет деп тапты. Алдында отырған директор Ибрагимовқа келешекте керек болады.

- Солай екені рас, - деп Нағымов өзіне тартты: - Мұндай іске кімнің қолы барды екен? Менің, тіпті, басыма сияр емес. Мұндайды өмірі көрсем бұйырмасын.

Алдыңғы қағаздармен танысып болғанша Ибрагимовтың құлағына жылаған бір дыбыс шалынды. Құлағын тікті. Рас, біреу бірдеңе айтып жылап жатыр.

Ибрагимов милиция капитаны Сайдашевті шақырды:

- Жылап отырған кім, Зейнолла? Әлде маған солай естіліп тұр ма?

- Кімі қалай?.. Кассир Игнатюк, - деп таңданды енді Сайдашев.

- Ол неге мұнда? – Ғайнан ішінен: «Жәбірленушіге жәрдем көрсету үшін шара қолданылмаған ғой!» - деп ойлады.

- Ақылдаспайыншы... – Капитан оған сұраулы жүзбен қарады. – «Жедел жәрдем» шақырғанбыз, бірақ ол алмады. Дәрігер алғашқы көмек көрсетіп, дәрі берді, кассирдің жағдайы жақсара бастады. Ауруханаға жөнелтуге кеңес берді. Медициналық анықтамасы мынау, - деп Сайдашев бір жапырақ қағаз ұсынды.

Анықтаманы Ибрагимов екі рет оқып шықты. Өзі біресе Сайдашевқа, біресе қағазға қарайды. Қанша оқығанмен сол бір жазу:

«Жиырма сегіз жастағы азаматша Игнатюк Нина Николаевна тексеруден өтті. Денесінің ашық жерлерінде: бетінде, мойнында, көзінің айналасында, қолы мен аяғында қанталаған жерлер байқалады. Бұл қатты соққының әсерінен болған белгілер. Шаршап-шалдыққан. Ауруханаға жатқызуды қажет етеді. Алғашқы медициналық жәрдем сол жерде көрсетілді. Қалалық жедел

жәрдем станциясының дәрігері Ғабдырахманов. 25 тамыз.
10 сағат 15 минут».

- Түсінікті, - деді іштей Ибрагимов, сөйтті де Сайдашевқа қарап: - Куәгерлер осында қалсын, капитан басқаларды сыртқа шығарыңыз. Игнатюкті ертіп келіңізші.

Сайдашев Игнатюкті қолтықтап ертіп кірді. Тергеуші кассирге орындық ұсынды:

- Отырыңыз. Мазалағанымызға кешірім өтінеміз, - деді ол аса мұқият болғысы келіп.

- Кассирдің сарғыш бұйра шашы дудыраған, көздері ісіп кеткен, тізесінің үстінде аса ұзақ уақыт жатқан қолдарының әр жері көгерген, ортан қолының ұштары сәл дірілдейді. Бетін тарамдаған көз жасы кеуіп қалыпты, жүйке ауруына ұшыраған адам сияқты ернінің жыбыр еткені сәл байқалып қалды.

- Мені ауруханаға неге жібермейсіздер? – Игнатюк қайтадан жылай бастады.

- Мен сізбен бірінші рет жүздесіп тұрмын, - деп бастады Ибрагимов мейірімді үнмен. Содан соң ғана барлық қызметін атап, өзін таныстырып өтті: - Тергеу маған жүктелді. Аға тергеуші...

- Маған жедел көмек қажет, - деп оның сөзін бөлді Игнатюк.

- Жарайды, қазір сізді ауруханаға жөнелтеміз. Оған дейін, Нина Николаевна, сіздің маған көмегіңіз қажет.

- Көмек? – Кассир кішкене ширай түсіп, қазандай басын аздап көтерді, Ғайнанға қарап, көзінің жасын сүртті. – Қандай көмек?

- Егер қандай адамдардың кассаға қашан, қай уақытта, қалай шабуыл жасағанын баяндап берсеңіз, сізге үлкен алғыс айтар едік.

- Мен милицияға айттым ғой! – Игнатюк Зейноллаға қарай басын изеді, капитан тергеушіге жауап алу протоколын ұсынды.

«Мына Сайдашев осының бәріне қай уақытта үлгерген?» - деп ойламақ болды Ибрагимов, бірақ осының

барлығын бір ғана куә және жапа шегуші Игнатюктің өз аузынан естігенше асықты. Мұндай әңгімеге аурухана жағдайы онша қолайлы бола қоймайтыны анық.

- Жақсы, Нина Николаевна, жақсы.

Тергеуші бұл жолы да оған реніш білдіріп, Игнатюкке қарсы келіп жатпады. Оның соңғы мінездемесінде: «Ибрагимов адамдармен жылы сөйлеседі, бөгде сұрақтармен куәлердің жүйкесін жұқартпайды. Адамдарға қатты қарауға қарсы. Өзін дос көңілмен ұстай біледі...» - деп жазылуы тегін емес еді. Әлде кассирге тергеушінің жұмсақ көзқарасы ма, әлде басқа бірдеңе әсер етті ме – ол сабасына түсе бастады. Мұндай өзгерісті тергеуші де байқамай қалған жоқ.

- Жарайды, Нина Николаевна, капитанға айтқаныңызға рахмет. Біз сізге сенеміз. Сіз тергеушінің орнында болып көріңізші. Егерде сіз менің орнымда болсаңыз неше адамды іздер едіңіз? Сізге шабуыл жасаған қарақшы нешеу?

- Есімде жоқ, - деп жауап берді кассир немқұрайды. – Менің сыртымнан келіп басымнан ұрған кезде есімнен танып қалдым...

- Ал Сіз еске сақтағаныңызды айтыңыз.

- Не есімде қалды? – Игнатюк сөзге тағы да немқұрайды араласты. Дегенмен бірте-бірте әңгімелесіп кетті. Осының барлығы протоколда көрініс тапты:

- «Чалташ қаласы. 1973 жылдың 25-інші тамызы. Прокуратураның аға тергеушісі Ибрагимов, ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары капитан Сайдашев, қосымша куәгерлер В.И. Мальшевтың, В.Г. Колчиннің және қалалық ішкі істер басқармасының техникалық сарапшысы Тихновтың қатысуымен РСФСР Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 191 және 183-статьяларының негізінде қалалық сауда кеңсесінің аға кассирі Нина Николаевна Игнатюктен кассаға қалай шабуыл жасалғанын айтып беруін және оның оқиға болған жерді көрсетуін өтіндік. Н.Н. Игнатюк келісімін берді.

Тергеу эксперименті және Н.Н. Игнатюктің әңгімесі «Конзас» кинокамерасымен 30 мм пленкаға түсіріліп, магнитофон таспасына жазылып алынды.

Н.Н. Игнатюкке және қосымша куәгерлерге заңда көрсетілген праволары түсіндірілді.

Күндізгі сағат он бірде протоколда көрсетілген адамдар сауда кеңсесінің касса бөлмесіне/оның адресі: Чалташ, Алмалы тау, №4үй/жиналды.

Игнатюк бөлмедегі заттардың орыны ауысқанын айтып, оларды бұрынғы қалпына келтіруге рұқсат сұрады. Екі перденің арасында екі сантиметрдей ашық қалдырып, терезенің пердесін жапты. Бөлмедегі шамды сөндіріп, дәліздің есігіне қарай беттеді. Столды есікке қарай жылжитты. Стол былай тұрғанда касса бөлмесінің есігі жартылай ғана ашылады. Орындықты сол жақ босағаға қойды. Столға бір орам материалы қалың касса қағазын және есепшот қойды. Екі картон қорапша және газет сұрап алды.

- Магазиндердің күндік түсімін екі бос қорапшаға салып отырамын, - деп әңгімесін бастады ол. – Бұған кірмей қалғанын целлофан қалтаға саламын да, газетпен орап қоямын. Түсім тек қағаз ақша ғана болатын. Олардың әр сомасын жеке-жеке бөлемін. Бәрін санаймын да – мұны бізде тізімге алу деп атайды – қандай ақша қанша екенін жазып отырамын.

Игнатюк шаршап қалған болуы керек – тоқтап, бір сәтке үнсіз қалды. Су сұрады.

- Содан соң? – деп тергеуші еске түсірді.

- Барлығын сейфке салып, жауып, бөлмеден шығып бара жатқанмын. Сол кезде шүйдемнен соққы тиді.

- Қорапшада қандай бумалар болды.

- Үш сомдық, бес сомдық, жиырма бес сомдықтар.

Ақша көп болғанымен, қорапшаларға сиып кетті.

- Ал, елу, жүз сомдық бүтін ақшалар болды ма?

- Әрине болды! Мен оларды целлофан қалтаға салғанмын.

Игнатюктің айтуынша бұл жұма күні, жиырма төртінші тамызда, кешкі сағат сегізде болған. Бұл мезгілде кеңседе ешкім болмайды. Осы жолы да солай дәлізде тыптыныш, есік сыртынан жабулы болатын. Касса бөлмесінің есігін бекітіп жатқан кезде, көше жақтан шуыл естіледі де, сол мезет есік ашылып, екі адам кіреді. Екеуі де орта бойлы. Олар Нинаның қолын қайырып, касса бөлмесіне алып кіреді де, резеңке биялай киген қолының қырымен мойнынан бір салады. Нина естен танып қалады. Есін жиған кезде ауызы мықтап тығындалған, аяқ-қолы байланған, бүкіл денесі оттай жанады, қозғалуға мүмкіндік жоқ – орындыққа байлап тастапты. Айқалайын десе, ауызы икемге келмейді. Түнімен солай отырып шығады. Ертеңіне оны Нағымов құтқарады. Игнатюк Н.Н. басқа ештеңе білмейді.

Протокол оқылды, дұрыс жазылған.

Қолдар: Ибрагимов, Сайдашев, Игнатюк, Малышев, Колчин, Тихонов.

- Мына жерге қол қойыңыздар, - Ибрагимов қосымша куәгерлерге және Игнатюкке тергеу мәліметін жария етпеу туралы тасқа басылған қолқат қағазын ұсынды. – Не көріп, не естігендеріңіз осы жерде қалатын болсын. Мен сіздерге егер жария еткен жағдайда РСФСР Қылмыстық кодексінің 184-статьясындағы жауапкершілік туралы айтып тұрмын. Егер сөз – күміс болса, үндемеу – алтын, жолдастар, - деп қорытындылады ол сөзін.

Ибрагимов қылмыс орнын қарап жүріп, Игнатюктен жауап алып және протокол жазып отырып, алда тұрған тергеу ісінің әр түрлі жолдарын, былайша айтқанда шатылған жіпті тарқатудың сан саласын ойлап шықты. Әрине, оның барлығы нақты және заң ғылымының бүкіл ұңғыл-шұңғылына сәйкес келіп тұрған жоқ еді. Бірақ соның әр түрлі, ала-құлалығына қарамастан әрқайсысы өзінше дұрыс, ақиқатқа тезірек жеткізетін жол сияқты көрінді. Дегенмен олар әлі де терең ойластыруды, мұқият

саралауды қажет ететін. Шатасқан жіптің қайсысына жармасу керек? Қай шетінен бастап «тарқату» керек?

6.

Қалалық ішкі істер басқармасында майор Трофимов бір өзіне «Қызыл бұрыш» сиқты кең бөлмені алған еді. Баяғының бай патшасындай жайғасқан. Мәссаған үндемес, деп ойлады Ғайнан өзінше. Иван Иванович болса дүниенің бәрін ұмытып, милиция сержантымен әңгіме құрып отыр. Өте қажет әңгіме болса керек, Ибрагимов келген соң да майор сөзін бөліп, жас сержантты алыс жібермей, әңгімені одан әрі жалғастыра берді. Әңгіме жалғаса түсті, андасанда Трофимовтың гүр ете түскен дауысы естіліп қалады.

Бөгет жасамауға тырысқан тергеуші жанындағы орындықтың біріне отырды.

- Біз қазір аяқтаймыз, Ғайнан Ибрагимұлы, - деп Трофимов байыппен басын изеді. – Сержант, сіз әзірше боссыз, біз әлі де көрісерміз, - деді де қағаздарды баяу жинап, папкаға сала бастады.

Сержант шығып кеткен соң майор орнынан тұрмастан тергеушіден:

- Ал, қуантарлық жаңалығың бар ма? – деп сұрады.

- Иә, Иван Иванович, жаңалық бар. Міне, ақылдасу үшін келіп тұрмын. – Тергеуші кеудешесі мен галстугын шешіп, орындықтың арқалығына ілді де, жейдесінің тамақ түймесін ағытты. – қапырық болып кетті ғой, мүмкін жанбыр жауатын шығар.

- Түз емеспіз ғой, еріп кетпеспіз... - Майор немқұрайды қолын сермеді. Әрине ол тергеушінің мүлде басқа нәрсе туралы сөз қозғайын деп тұрғанын түсінді. Шын мәнінде тергеуші өзінің орындығын жақындатыңқырап қойды.

- Иван Иванович, мұқият тыңда! Біз қателесіп кетпес үшін сен өз пікіріңді артынан айт.

- Тып-тыныш бөлмеде жарты сағат бойы тек тергеушінің ғана дауысы естіліп тұрды.

- Қателескен жоқсың, Ғайнан Ибрагимұлы, - деп оны қуаттады Трофимов өзіне тән сұсты түрмен. Сөйтті де дереу өзінің папкасынан бір парақ қағаз алып шығып, тергеушіге ұсынды: - Мә, оқып шық! Сержантпен дәл осы туралы әңгімелескем.

Ибрагимов тез көз жүгіртіп шықты.

«Қалалық ішкі істер басқармасының дивизион командиріне. Бірінші взводтың пост милиционерінен. Рапорт: 24-інші тамыз күні милиционер Даниленко екеуіміз алтыншы маршрутта келе жатып, жиырма үш сағат қырық бес минутта Алмалы тау тұрғын аймағындағы нан дүкенінің есігінің құлпы сынып жатқанын байқадық. Есік ашық екен. Бұл қылмыстың жасалуына күдікті адамды милицияға әкеліп, кезекшіге тапсырдық. Ол 1940 жылы туған Геннадий Федорович Матусов деген біреу. Қайда тұратыны, қайда жұмыс істейтіні белгісіз. Ол дүкеннің қарсысында мас болып жатқан жерінде ұсталды. Қалтасынан темір кілт, екі жұп резеңке биялай және жүз сомдықтан екі тұтас ақша табылды. Ақшаның номерлері: БЧ 6495043 және ЛК 9691635. Оятқан кезімізде тепкілеп, қарсылық көрсетті, ескертуді тыңдамады. Милиция сержанты Ильгам Загретдинов».

- Не кілт екен, Иван Иванович? - Аға тергеуші қағазды столға қойды.

- Барлық қулық, міне осында жатыр! – деп Трофимов өз құпиясына қанықтыра бастады. – Бұл сауда кеңсесінің сыртқы есігінің кілті болып шықты. Ал, мынау – жүргізілген тергеу экспериментінің протоколы. – Майор қағазды берді. – «Мағарыч» туралы ұмыта қоймаған шығарсың деп ойлаймын!..

- Ұмытпаймыз, Иван Иванович! – Ибрагимов қалжыңдағысы келіп тұрған кісі сияқты түр көрсетті. – Сенің жаңалығың – Волгаға құятын жылғалар сияқты екен! Мұнда бір байланыс бар, Иван Иванович. Резеңке биялай, кілт және екі жүз сом. Мұны тексеру қажет, жолдас майор! Мұқият тексеру қажет.

Сөйтіп, күтпеген жерден тергеудің басты бағыты айқындалғандай болды.

Паспорт столының мәліметіне қарағанда қалада фамилиясы «М» әрпімен басталатын мыңнан астам адам бар, бірақ олардың арасында Матусов болмай шықты. Яғни, күдікті Матусов бұл жерде паспорттың тіркетпей тұрған ғой? Ол мұнда қай уақытта келді екен? Қай жақтан және қандай мақсатпен келген?

Мұндай сұрақтарға жауап табу онша қиын нәрсе емес екені белгілі. Бірақ қылмысты ашуды қай жағынан бастау керек? Не туралы ойласа да Ибрагимов басқа жолдарды ұмытып, тек бір ғана Матусовқа барлық уақытын жоғалтқысы келмеді. Оның ойы оқиға болған жерге қайта-қайта орала берді. Сондықтан да ол Матусовты шақыртып, одан жауап алуға асыққан жоқ. Неге екені белгісіз барлық естігендерді бірін-бірі жоққа шығаратын ойларды орағытты: ол неліктен Трофимовтың идеясын ұстап алып, майордың «жылғасының» жағасында шырмалуға тиіс? Екінші бағытты қолға алғаны дұрыс емес пе? Жоқ, Трофимовтікі дұрыс! Ол мұндай істе ешқашан қателік жіберіп көрген емес. Қайта оның ақылды топшылаулары өте күрделі оқиғаларды шешуге көмектесетін. Яғни, Трофимовтың топшылауынан бас тартпау керек.

Ибрагимов тергеу жоспары бар қағазға «Матусов» деп белгілеп қойды. Әуелі «Бұл істі Сайдашевқа беру керек шығар», - деп ойлады да, ол ойынан тез қайтты. Әрине, ол капитанға сенбегендіктен емес, осының барлығын бір «електен» өткізіп алу қажет еді.

7.

Игнатюк аздап жайланды. Ибрагимовтың өзіне деген ықышасын сезген соң ол үміттен қарай бастады. Ғайнан оның: «Ал, тергеуші ағай, сөзінде тұрамысың?» - деген сұраулы көзқарасын дұрыс түсінген еді. Ол кенет өзінің жалпақ алақанымен орындықта отырған кішкентай Нина

Игнатюкті аркасынан сипағысы келіп кетті. «Алаң болма, қарындасым!» - деп жұбатқысы келді. Оған тергеу этикасы жол бермеді.

Қарауытқан көз ұрасының түбіндегі көгілдір жанары оның ойын оқығысы келгендей тергеушіден айырылмай қалды.

Галстугын және жейдесінің тар жағасын босатып, Файнан Сайдашевқа бұрылды:

- Жолдас капитан, машина дайын ба?

- Дайын тұр. Қайда барамыз?

- Ауруханаға. Нина Ивановнаны апарамыз

Өзіне айтқызбай-ақ, ауырсынып, Игнатюк орнынан тұрды да, ақырын-ақырын басып, есікке беттеді. Ибрагимов пен Сайдашев оның соңынан ілесті. Капитанның қолында оралған бірдеңе бар. Газет қағазының жыртылған жерінен жіптің ұшы салақтап тұр. «Міне, көмекші! – деп риза болды тергеуші жанында келе жатқан Зейноллаға қарап. – Мұндай көмекшімен жерде қалмайсың!»

Рас, сапарға шыққан кездерінде Файнанга милицияның іскер офицерлері жиі ұшырасады. Бірақ капитан олардан тек сырт пішінімен, дене құрылысымен ғана емес, ықтияттылығымен және сарқылмас жігерлілігімен дараланып тұрған болатын. Кама сыртындағы татар деревнясында туған Зейнолла Сайдашұлы Сайдашев сегізінші класты бітірген соң алты шақырым көрші селодағы мектептің тоғызыншы класына барды. Солдат гимнастеркасын шешпестен университетке емтихан тапсырды. Оқуын бітірген соң оны ішкі істер министрлігіне мамандығын жетілдіруге жіберген болатын. Екі жылдық дайындықтан өткен соң жиырма жеті жасар капитан Чалташқа тура тартты. Ол қылмысты істерді іздестіру бөлімінің инспекторы, аға инспекторы болды, қазір басқарма бастығының орынбасары, милицияның іздестіру қызметіне жетекшілік етеді.

Қала көшелері күн шұғыласына шомылып жатқандай. Скверлердегі жылт-жылт еткен күн сәулесі секіріп ойнап, толқында шоршып жүрген алтын шабақтар сияқты.

Игнатюк жүргізушінің қатарында, алдыңғы орында отыр. Мүмкін ол мынадай түннен аман қалғанына қуанбайтын да шығар. Машина іші тып-тыныш. Ибрагимов кейде көршісіне көз салып қояды. Ал, Сайдашев болса салмақты отыр. «Не туралы ойлап отыр екен?»

Аурухананың бас корпусының жанынан зыр етіп өткен «Волга» «Сот-медициналық сарап» деген жазуы бар есіктің алдына келіп тоқтады. Игнатюк тергеушіге жақтырмай қарады, бірақ ол бұған ештеңе түсіндіріп жатпады.

Сайдашевтың іскерлігі тағы да көрінді: барлық сарапшы орнында екен. Яғни, ол бұларға алдын ала ескертіп қойған. Жарайсың, Зейнолла!

- Танысып қойыңыздар, жолдастар – Нина Игнатюк, - Ибрагимов осылай деді де, аға сарапшыға ресми қағазды ұсынды.

- Біздің жарлығымызда сот-медициналық сарап өткізу көрсетілген, қойылатын сұрақтарға дейін нақтыланған. Енді сіздердің беделді сөздеріңіз керек.

- Нендей жағдай болды? – деп сұрады аға сарапшы, жолдаманы оқып шығып, столға қойған соң.

Ибрагимов болса отырған Игнатюктің жанына келді.

- Нина, сізге не болғанын дәрігерлерге түк қалдырмай айтып беріңіз, - оның дауысы бұрынғысынша құлаққа жағымды еді.

Тіктеліп отырды да, Игнатюк басын көтеріп, тергеушіге қарады. Оның көздері: «Маған тағы не істе дейсіздер?» - деп тұрғандай болды. Дегенмен, айтқысы келмесе де кассир дәрігерлерге болған оқиғаны айтып берді.

- Сіздердің бөлмеден уақытша шыға тұруларыңызға тура келеді, - деді аға сарапшы еркектерге бұрылып. – Отыз-қырық минуттай. – Содан соң сағатына қарады.

- Мұнда оқиғаға қатысты заттар бар, - шығып бара жатып капитан ораулы қағазды сарапшыға ұстатты: - Жіп, аузына тығылған шүберек.

Ибрагимов пен Сайдашев бөлмеге қайта оралғанда кіші сарапшы қолын жуып жатыр екен, аға сарапшы тексерудің қорытындысын жазуда еді. Жалғыз диванда Игнатюк отырған. Тергеуші кірген соң оны сыртқа шығарып жіберді. Есік жабылысымен Ғайнан аға сарапшының жанына жетіп келді:

- Денесінде дақ бар ма?

- Әрине, бар, - деп шын көңілмен жауап берді сарапшы. – Және қандай дақтар десеңізші!

- Ол қандай дақтар екен?

- Басында, бетінде, мойынында, кеудесінде және қолы мен аяқтарында жарақат, ісік бар. Бүкіл денесі көкпеңбек. Оң жақ қабырғасының бірі жарылып сынған сияқты. Бұл туралы дәл айту үшін рентген сәулесімен қарау керек.

- Ал, мойынын қарадыңыз ба? – тергеуші өз ойындағысын сұрады.

- Тіпті саусағының ұшына дейін қарадық. Соққының ізі өте көп.

- Ауызына тығындалған шүберек туралы не айтасыз?

- Ол сәтен шүберек пен жібек орамалдан тұрады. Ауызына қалай сыйды екен? Тұншығып қала жаздапты!

Сайдашев тергеушіге қарады, ол келіскен белгімен басын изеді.

- Игнатюк ауруханаға жатқызуымызды сұрайды, - деді Ибрагимов. – Сайдашев, қалай, ем қажет пе?

- Ем қажет, міндетті түрде емдеу керек, - деп нықтылады аға сарапшы.

- Біз өзіміздің қорытындымызда көрсеттік.

Ибрагимов капитанға жалт бұрылды:

- Естідің бе, Зейнолла Сайдашұлы?
- Естідім, Ғайнан Ибрагимұлы.
- Естісең ауруханаға орналастыр.
- Тергеушінің толқып тұрғаны анық байқалды,
өйткені сарап нәтижесі Инна Игнатюктің айтқанын растаған еді.

Мәселе қайта туындады. Бұларды қайта тексермейінше істі әділетті тергеу мүмкін емес. Игнатюк қылмыс туралы дұрыс айтып отыр. Яғни, оның өзі жәбір көруші.

Тергеушінің ойы қайтадан кассаны тонаған қылмыскерлерге оралды.

- Сенбіге қараған түнгі қылмыс шындап кірісуді қажет етеді. Бұл қағида біздің жұмыстағы басты бағытымыз болады деп есептеу керек, - деп қорытындылады Ибрагимов.

- Қылмыскерлердің мақсаты айқындалып келе жатқанға ұқсайды, - деді оны қостап Сайдашев. – Сенбі, жексенбі – демалыс күндері, ел үйінде отырмайды, яғни милиция да дем алады. Олардың ойынша тергеу жұмысы бірнеше сағатқа, тіпті тәуліктер бойы кешігуі мүмкін.

8.

Қылмыс жасалғанда милиция қашан тәртіп бұзушылардың ізіне түскенше көптеген ұйымдар мен азаматтарды мазалай беретін әдеті.

Чалташ милициясы тыныштала қалғандай болды. Әрине, бұл тек сырт қарағанға ғана солай еді.

- Үлкен қалада қылмысты ашу жұмысының аса қиын екендігіне қала прокурорында болған оперативтік мәжілісте Ибрагимовтың көзі тағы да жетті. Ғайнан прокурормен төрт жылдан бері таныс – Атабаев көп жылдық өмірлік тәжірибесі бар маман заң қызметкері.

- Оған прокурордың кабинеті де таныс еді – ең төрде айнадай жылтыраған екі қара стол тұратын. Ана қысқалауы көлденең қойылған. Жанында жұмсақ орындық. Ұзын стол бүкіл бөлмені алып тұрған сияқты.

Есіктің сол жағында да жалтыраған шифоньер. Жиырма шақты орындық бар. Бұрышта қызмет қағазы сақталатын темір шкаф. Бөлмеде жиһаз, тағы басқа жабдық көп болмаса да, осылардың барлығы ұнамды орналастырылып, мұқият жиналғандықтан мұнда жұмыс істеу жеңіл және жайлы еді.

Стол басындағы прокурордың бүгін өңі қашып отырған сияқты. Ықпалды көзқарасында бір алаңдаушылық байқалады.

Ибрагимов кірген кезде Атабаев қарсы түрегеліп, қолын қатты қысып сәлемдесті.

Әдетте сенбі күндері мұнда қала жаңалықтарын тыңдауға жиналысатын да, қажет болған жағдайда жедел шара қабылданатын. Содан соң үйлеріне түскі асқа тарасатын. Солай болғанмен де бұл сенбі прокуратура коллективі үшін мазалы болған жоқ. Қазір де Қазаннан келген аға тергеушімен бірге жүргізілетін шаралардың жоспары туралы ақылдасу қажет болатын.

- Бұрын Чалташта осыған ұқсас қылмыс болып па еді?

Отырғандарға ең бірінші осындай сұрақ берілді. Бұған жауап қылмыскерді қандай ортадан іздеу керектігін айқындайды. Сондықтан да қалада бұрын касса тонауға қатысқаны үшін жауапқа тартылған адам тұратын – тұрмайтынын анықтаудың маңызы зор еді.

- Жолдастар, қалалық сауда кеңсесіндегі кассаға шабуылға ұқсас оқиға бұрын біздің Чалташта тіркелген жоқ, - деп кесіп айтты Сайдашев.

Бұл жауап Ибрагимовты қанағаттандырмады:

- Басқа жерде осыған ұқсас қылмыс жасап, жазасын өтеген соң Чалташта оралған рецидивист жоқ па?

- Ондайлар жоқ шығар, - деп реніш білдірді Сайдашев, - өйткені пасторт столының дерегінде ондайлар жоқ.

- Егер ондайлар паспорттын тіркетусіз тұрып жатса ше? – Ибрагимовтың сұрағы мамандарды ойлантып тастады.

- Олай болуы да ықтимал нәрсе, - деп келісті Сайдашев. - Бірақ ондай істі көңілден таса қалдырмаймыз. Бұл туралы халық жасақшылары, үй басқармалары, милиция инспекторлары секертілген.

Милиция капитанының сөзін тыңдай отырып, тергеуші қойын кітапшасына бірденелерді түртіп алды. Чалташта бұрын осыған ұқсас қылмыстың болмағаны өте жақсы. Егер кассаны тонаған адам өзінің «қолтаңбасын» жасыра білетін маманданған ұры болса ше? Онда жіптің ұшы жуық арада қолға іліге қояды деп дәмеленбе. Өйткені осындай кейбір «маманның» білгірлігі мен ептілігі бұл мәселеде тергеушіден кем түспейді. Ондайлар өзінің «ізін» білгірлікпен жасырып, реті келгенше моп-момақан өмір сүреді. Дегенмен, кешегі қылмысты кездейсоқ адамның да жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда іздестіру ауқымы тіпті кеңейе түседі.

- Айта кетейін, Чалташқа күн сайын мыңдаған адам келіп-кетеді, - деп жалғастырды Ибрагимов. – Соның арасында күдікті адамның жоқтығына кім кепілдік бере алады?

- Әрине, мұны естен шығарып тастауға болмайды, - деп қостады Сайдашев. – Сондықтан да өзен портына, автовокзалға нұсқау берілді. Транспорт милициясымен қоян-қолтық жұмыс істеу үшін қылмысты істі іздестіру инспекцияларынан кезекшілер белгіледік. Халық жасақшылары да іске қанық.

- Көрші ауданның милициясына хабарланды ма? - деп сұрады Атабаев.

- Ия, хабарланды.

- Ал егер қылмыскер түнде жасырынып үлгерсе ше? – Прокурор Сайдашевқа қарады.

- Ол да мүмкін. Мұндай жағдайда іздестіру ісі қиындай түседі. Чалташқа тәулігіне жеті - сегіз мың адам

келіп-кетеді. Билет керек болса «Метеорға» да, автобуска да табылады.

Талқылау қыза түсті.

- Әрине қашқан адамға жылдамдық керек, - Ибрагимов әңгімеге қайта ден қойды. - Жылдамдық! Тергеу жұмысы оқиға болған жерден басталады - бұл туралы қылмысқа аяқ-қолымен бірдей маталған адам жақсы біледі. Яғни, қарақшыға ең қажеті - бұл жерден тезірек кетіп, ұрланған затты тезірек жасыру, әйтпесе біреуге өткізу. Жылдамдық! Меніңше, мұндай сұмның аэропорт арқылы ғана кетуі мүмкін.

- Дұрыс, - деді кенет бұған дейін қалғып отырған сияқты болған Трофимов. - Біз капитан Сайдашев екеуміз аэропортты тексердік. Ол ораулы қағазға қол қойды. - Мұнда бәрі де дұрыс екені белгілі нәрсе: билетте де, оның түбірінде де жолаушының фамилиясы жазылған. Сонымен қоса кассаның тоналған уақыты белгілі: жиырма төртінші тамыз күні, сағат жиырма мен жиырма бірдің арасы. Бұдан біздің сағат кешкі сегізден кейін жөнелтілетін рейстерге сатылған авиабилеттерді сүзіп қарап шығуымыз қажет деген сөз, - деп Трофимов қолдау іздеген адамдай Ибрагимовқа қарады. - Аэропортқа дейін жарты-ақ сағаттық жол. Сағат кешкі тоғыздан біз ұшып келгенге дейін Чалташтан он жеті самолет жөнелтілді. Бірі - Москваға, сегізі - Қазанға. Үшеуі Чистопольге, бесеуі Бұғылмаға. Барлығы бес жүз жиырма адам ұшқан! - Трофимов ораулы қағазды көрсетті.

- Бұл тізімнің ішінде көрші ауданның да жолаушылары бар екенін ұмытпау керек, - деп ескертті Ибрагимов.

- Оны да ескердік, Ғайнан Ибрагимұлы, - деп Сейдашев стол үстіне тағы да бір қағаз қойды: - Мұнда біздің тексеруге тиіс мерзім ішінде Чалташтан қызмет бабымен жолға шыққандардың тізімі - екі жүз сексеннен астам адам. Бүгін кімнің жұмысқа шықпай қалғанын да тексердік - олар жүзден астам.

Орыннан тұрған Ибрагимов Сайдашевтің жанына келді:

- Тексеріп үлгердіңіздер ме?

- Көпшілігінің пәтерінде жасақшылар мен милиция қызметкерлері болды.

- Маңызды бірдеңе бар ма?

- Әрине, бар. «Метеорға» бармақ болып шыққан он жеті адам самолет жолаушыларының тізімінде тұр. Ал, самолетпен ұшпақ болғандардың ішінде жиырма екі адам аэропорт тізімінде жоқ болып шықты. Олардың үйінен де, аэропорттан да таба алмадық.

- Қызмет бабымен жолға шыққан әрбір адам транспорт түрін өз қалауынша таңдауына және өзгертуіне еркі бар ғой, - деп ескертті Ибрагимов. - Дегенмен ерекше қауіпті қылмысты тергеу кезінде олардың неге өзгертенін, ол қандай жолаушы, кім екенін анықтау қажет. Бізде басқа жол жоқ. Тезірек тексеріңіздер.

- Біздің инспекторлар құрамы іс үстінде, - деп хабарлады Сайдашев. - Өзен портының екі жолаушысы самолетпен ұшыпты, оған керісінше аэрофлоттың екі адамы «Метеормен» жолға шыққан.

- Ибрагимов ойланып қалды: «Өте тамаша ақыл! Олардың транспортты өзгертуіне не ықпал етті екен?». Содан соң қайтадан Сайдашевқа қарады:

- Зейнолла, сен Трофимов жолдас екеуің мына тізімді тағы бір қарап шығындар. Меніңше, сенің идеяңнан қызықты бірдеңе шығатын түрі бар.

- Оның солай екені солай ғой, сөзге Трофимов араласты. - Бірақ ол мүмкін емес. Үш жүз сексен адам!

- Әрине, - деп келісті Ибрагимов, - бірақ қылмыскерді табуымыз қажет! «Жеті рет өлшеп бір рет кес» деген мақалды білесің ғой. Сондықтан сандыққа салып тастамай кесіңіздер, жолаушыларды алғашқы «електен» өткізіп көрейік. Ең бірінші, олардың ішінде бір кезде тергеуде болғандар, екіншіден – Алматы тау микроауданында

тұратындарды, үшіншіден сауда кеңсесінде қатысы барларды алып қарайық. Осы жеткілікті ме?

- Меніңше «електен» сауда кеңсесі орналасқан үйде тұратындарды да және олардың туған-туыстарын да өткізу керек сияқты, - деп ұсыныс жасады Сайдашев. - Мұның не үшін қажеттігін өздеріңіз білесіздер.

Ибрагимов пен Атабаев онымен келісті.

Кеңес ұзаққа созылды. Оның есесіне тергеу-ізвестіру жұмыстарының басты бағыты нақтылана түсті.

Сайдашев пен майор Трофимовтың іске құлшына кіріскені сондай, тізімді «електен өткізуге» бірден кірісті. Оларға Ибрагимов қосылды.

Барлық үш тізімді қарап болған соң Сайдашев қағаздан басын көтеріп, Ибрагимовқа қарай жылжыды:

- Мынаны қараңыз, Файнан Ибрагимұлы, бір фамилияға назар аудару керек болып тұр. Алмалы тауда тұрады, бір кезде сауда жүйесінде істеген, сенбі күні жұмысқа шықпапты.

Аға тергеуші бірден түсінді.

- Кім деген?

- Зайцев Степан Григорьевич.

- Кейбіреулер екі тізімде бар. Ал мынау болса үш тізімде бірдей жүр.

- Бұл кездейсоқтық па, жоқ па?

- Ойланып-толғануға тағы да азық табылды.

9.

Матусовты аға тергеушіге алып келді.

Оның қандай адам екенін бір көргеннен-ақ білуге болатын еді.

Дұрыс жолдан тайған кейбір адам торға түскен соң еңсесі түсіп қалады, Матусов болса ондайлардың қатарына жатпайтын. Аласа бойлы. Көптен қайшы тимеген шашы ұйысып қалған. Үстіне қыс түскенде кірсіз қалмайын дегендей, шаңның бәрін жинаған жасыл түсті лавсан кеудеше киген. Талайдан бері тазаланбаған. Астыңғы ерні

қалың болғандықтан, рабайсыз салбырап тұр, әрі Матусовтың тұрған тұрысының өзі адамды еріксіз сақтандырады. Бөлмеге кіріп келісімен Матусов ескі танысын кездестірген адамдай айдап келген күзетшіні артқа қалдырып, столға жылдам басып келді де, Ибрагимовке оң қолын ұсынды. Мұнда тергеуші де, күдікті адам да жоқ. Тек ескі достардың кездесуі ғана деп ойлап қалуға да болатын еді.

Әрине, Ибрагимов оның созған қолын алған жоқ. Ол тек Матусовқа барлай қарады да, орындықты тұсқап:

- Отырыңыз,- деді.

- Анау болса орындықты аяғымен салдырата столға жақындатты да, отыра қалып сөйлеп кетті:

- Сіздің не білгіңіз келеді, азамат бастық? Біз болсақ, Матусовтың нағыз өзі боламыз! Атым – Геннадий, әкем Федор болған. Соғыс басталған жылы мен тура бір жасқа толыппын. Мұны миыма жеткізген – шешкем, әрине ол кезде ақылдың ауылынан алыс едім! Туған жерім – ұлы Отанымыздың сүйікті астанасы! – Матусов бас бармағын көрсетті: - Міне, азамат бастық! Мен – москвалықпын! Әлі семьялы болып үлгергем жоқ, сондықтан да қадірлі қосағымнан ізбасарым да жоқ. Кейбіреулер сияқты алимент төлеуден қашып жүрген жан емеспін. Солай, бастық.

- Мен сізге бастық емеспін, Геннадий Федорович, - деп реніш білдірді оған Ибрагимов. Таныс болайық: прокуратураның аға тергеушісі Ғайнан Ибрагимұлы Ибрагимов.

Бірақ Матусовқа бұл да әсер етпеді, бұрынғысынша өз бетімен кетті.

- Азамат бастық, сіздің атыңыз бізше қалай болады?

Ибрагимов мына ақымақтау жанның сөзіне назар аударған жоқ – ол бұған істің мәнін түсіндірген жөн деп тапты.

- Біздіңше – теңге, ал сіздіңше – деньги, Геннадий Федорович, - ол да қалжындай жауап қайтарып, мұның

соңы немен тынар екен деген оймен. Сонда да нық жауап берді: - Біздіңше менің атым Ғайнан болады, әкемнің аты – Ибрагим. Адамның аты өзгермейді, өйткені ол ақша емес. Кісі есімінің бағасы жоқ, оны алтынға да сатып ала алмайсың!

- Сіз маған тұтас бір лекция оқып бердіңіз, азамат бастық! Бас иіп кешірім өтінемін! – Ақымақтана бас иген Матусов оған қайтадан қолын бермек бөлді. – Азамат бастық, артынан бір жаңылыс болмас үшін мені дұрыс түсінуіңізді өтінемін. Менің аты-жөнім былай тұрсын, тіпті жаным мен тәнім де баяғыда сайтанның сапалағына сатылып кеткен! Е-ей, астананың бульварында босқа өткен жылдарым мен бейкүнә жастық шағым-ай... - Матусов әдейі күрсіне дем алды. Дегенмен байқаусыз шығып кетуі де мүмкін.

Тергеуші бұдан өзінше қорытынды жасады: Матусов өстіп алдын ала алаңдатып, ең басты істен көңіл аудармақ қой. Сондықтан да «тізгінді» өз қолына алатын уақыт жетті.

- Иә, астанада туған жігіт, қайда істейсің?

Тергеушінің мысқылын Матусов әрине түсінді, бірақ ол сондайлық ештеңе болмағандай түр көрсетті:

- Азамат бастық, мен Чалташқа жұмыс іздеп келдім.

- Жұмысқа орналастыңыз ба?

Тергеуші сұрап та үлгерген жоқ, осы сұраққа бір апта бұрын дайындалып үлгерген адам сияқты, пулеметпен атқандай жауап бере бастады.

- Қайдан, бастық! Тіпті жақындатпайды да. Бұрынғы зэк дегендей, қауіпті адам дегендей.

Өмірде не болмайды! Тергеушінің қарсы алдында ақ адал адамдардың өміріне кесел келтіретін нағыз арамтамақтың бірі отыр еді.

- Қандай ақшаға күн көріп жатырсыз?

- Қайдағы ақша, азамат бастық! Қалтамның түбі тесілгелі қашан, - Матусов кішкене ойланды да, бұрынғы қарқынымен:

- Кейбір істермен айналысамын, - деді.
- Мысалы?
- Соңғы аптада нан магазинінде еңбектендім.
- Қандай жұмыс атқардыңыз?
- Анау-мынау. Тиеу-түсіру екені белгілі ғой. Бір сөзбен айтқанда, тегін олжа, бастық. – Матусов қолын үмітсіз кейіппен сермей салды.

- Төлем қалай болды?
- Еңбек – менен, тамақ – сатушылардан.
- Бар болған сол ма? – деді таңданған Ибрагимов.
- Өтірік айтқаным емес, бастық! Менен «көк мойынды» аяған жоқ. Төрт сом он екі тиын, - Матусов таңдайын тақ еткізді.

«Бойы аласа, бірақ мықты! Мұндай адамға Чалташта қалайша басқа жұмыс табылмады екен?» - деп ойлады тергеуші.

- Қалалық сауда кеңсесінде неше рет болдыңыз?
- Одан не іздеймін?
- Дегенмен де, қалалық сауда кеңсесінің қай жерде екенін білесіз бе?

- Тоқта, тоқта, азамат... – Матусов бір нәрсені есіне түсіргісі келді. – Бірде үшеуіміз жанынан өтіп бара жатқанда көргенім бар. Біз үшеу болғанбыз: магазин директоры, мен және жүргізуші. Онда мен ішіп алған болатынмын, дегенмен де бұл кеңсенің Алмалы тауда, бес қабатты тұрғын үйде орналасқаны есімде қалыпты.

Тергеуші мұндай хабарды күтпеген еді.

- Онда кімді білесіз?
- Ешкімді білмейтінмін, бастық, өкінішті. Өйткені, ертерек тұтқындадыңыздар, - Матусов қайтадан қалжыңдай бастады.

- Мысалы, Нина Игнатюкті?
- Сұлу ма, бастық? Жақындасып үлгермегеніме өкінемін!

- Сіздің паспортыңызда белгі жоқ. Чалташқа келгенге дейін қайда тұрдыңыз?

- Москвада бір айдай бос сандалдым.

- Кімнің үйінде болдыңыз?

- Шешекемдікінде.

- Москвада неге тіркелмедіңіз?

- Ой, бастық-ай, онда мен сияқтыларды ұнатпайды.

- Мұны қалай түсінеміз?

- Сізден несін жасырайын, бастық, бастаған екенмін, бәрін айтайын. Өйткені, бәрібір кейін, бүгін болмаса ертең өздеріңіз біліп аласыздар. Ал, сіздей сүйкімді бастыққа мұндай артық жұмыстың керегі не? Мен сияқты төрт рет сотталған адамға паспорттын тіркеуден аспандағы бұлт жуық...

- Не үшін сотталдыңыз?

- Күнәсіз жастық шағымда, бастық – мен қалтаға тамаша түсетінмін! Алмайтын да, бермейтін де – осындай үлкен істің асқан шебері едім.

- Ол көрініп тұр. Сіздіңше, қалтаға түсу – бұл ұрлық емес, кәсіп болды ғой?

- Сіз ғалым Ломброзо туралы естідіңіз бе, бастық! Әлде сіз Вышинскиді ғана білесіз бе? Сонымен, сол итальян, мүмкін сіз білетін де шығарсыз, бақытың жанғыр нан соғар, қылмыс тұқым қуалайды, туа пайда болады деп мәлімдеген ғой. Анығын айтқанда – ата-анасы кім болса, балалары да одан алыс кетпейді.

- Байқаймын, сіз теориямен жап-жақсы қаруланған екенсіз, тіпті өз мінез-құлқыңызды ақтағыңыз келеді. Оны-ңыздан ештеңе шыға қоймас, Матусов!

- Жоқ, азамат, бастық, сіз мені дұрыс түсінбедіңіз. Мен де сіздің айтқаныңызды айтқалы отыр едім. Барып тұрған ақымақ Ломброзо деген! Мысалға, мен қалай туа қылмыскер болмақпын? Менің ата-бабамның ішінде, тіпті тұқымымда қылмыскер болған ешкім жоқ. Менің тегім таза, бастық. Менің бергі ата-тегімді, қараңғы түннің қызығы арқасында мені жарық дүниеге әкелген кісілерді алатын болсақ, шешем бүкіл өмір бойы аяқ киім фабрикасында қарапайым жұмысшы, әке-жаным тіпті

есімде жоқ... Мюнхен сыраханасынан шыққан адамзаттың қас-жауы, қыли Адольфке қарсы соғыста көзі жоғалған.

- Әңгіменіз созылып кетті ғой. Мұндай тайғанақ жолға қалай түстіңіз?

- Мұныңыз, бастық, күрделі сұрақ, - столға шынтағын таянған Матусов ойланып қалды. – Шешекем кішкентай кезіңнен жалғыздыққа тап болдың деуші еді. Ол туралы айтып жеткізу қиынның-қиыны.

- Сіз Ломброзоны еске алдыңыз, ал мен көне Египтте тасқа қашалған бір нақылды есіңізге салғым келіп отыр. Тастағы бұл хат «Суға батқан кемеден шыққан адам» деп аталады.

Бұл нақылды Матусов өзінше түсінді. Қолға түсті деген осы! Оның құлағы жыбырлап, тергеушінің тура аузына енгісі келгендей, бұрынғыдан да бүкірейе түсті.

- Бұрынғы өткен адамдар: «Жағдайға қарай жауап бер, өйткені құрған тордан құтылу өз қолыңда!» деген екен, Матусов. Жетті ме санаңа?

Иығынан ауыр жүк түскендей Матусов жеңіл дем алды:

- Түсінікті, бастық! Университет бітірмесек те ептеп түсінігіміз бар ғой. Ондайға ақылымыз жетеді.

Ибрагимов іштей бірдеңе түйіп қалды.

Иә, Матусов жасыған екен, берілді! Қалжақбастың ролін ойнағысы келгенімен, жүйкесінің әбден жұқарғаны көрініп тұр. Енді ол әзірше кіріспе ғана болған сұрақтардан құтыла алмайды. Өйткені, оқиға туралы көп нәрсені анықтап, сұрап білу қажет болатын.

- Қызық екен. Отыз үш жылдан соң кәсібіңізді қалайша өзгерте қойдыңыз?

Матусов темекі түтіні әбден сарғайтқан тістерін көрсете күлген сияқты болды да, бет әлпеті қайтадан бұрынғы қалпына келді.

- Анықтап айтуыңызды өтінемін, азамат бастық! Бұлдыр сөйлейсіз.

- Жақсы. Сізді милиция патрулі ұстады ғой?

- Солай сияқты, мен мас болатынымын.

- Жиырма төртінші тамызда, түнгі он бір сағат қырық бес минутта ғой?

Бұл сұраққа Матусов онша мән берген жоқ:

- Солай-ақ болсын.

- Қалтаңызда мына кілт болды ғой? – Ибрагимов тартпадан кілт алып шықты. – Бұл кімнің кілті?

- Бірінші рет көріп тұрмын.

- Мынау да сіздің қалтаңыздан шықты ма? – Столдағы кілттің жанына резеңке биялай қойылды.

- Есімде ештеңе қалса бұйырмасын.

- Сіздің қалтаңыздан екі жүз сом табылды ма?

- Немене? Не деп отырсыз? – Матусовтың жүзінде кәдімгідей таңданыс пайда болды. – Қызық екен.

- Мына сіз қызық адамсыз. Қайталап айтамын: жүз сомдық екі қағаз ақша. – Тергеушінің оң қолында жап-жаңа қағаз ақшалар сықыр-сықыр етті.

Тұтқынның көзі жайнап сала берді де, ілезде өшті.

- Мұндай ақша, бастық, менің қазір түсіме де кірмейді. Мен есімнен адасқанша ішкем. Сатушылар қалайша осынша жомарт бола қалды? Олардың қайсысы ақшаны далаға шашып жүр екен?

Бұл сөздер Ибрагимов үшін бір шелек суық суды үстінен құйып жібергендей болды. Қылмысты жасап алып, одан ақталу үшін араққа жабатын адамдар хауіп төнген кезде басын құмға тыға қоятын африкан түйе құсы сияқты.

- Сіз заңды білесіз бе? – деп сұрады одан тергеуші.

- Заңды? Ол нені білдіретін нәрсе?

Тергеуші портфелінен Қылмыстық кодекс алып шықты.

- Мына заңдарды айтып отырмын. Мұнда мас күйінде қылмыс жасаған адам жауапкершіліктен және жазадан босатылмайды деп жазылған. Он екінші статья. Егер сенбесеңіз, өзіңіз оқып көруіңізге болады. Сегізінші бетте. - Ибрагимов заңдар жинағын Матусовқа ұсынды.

- Маған бұл кітаптың керегі қанша? Мен оны баяғыда оқығам. Яғни, А пункті маған бұрыннан таныс, - Матусов сап-сары тістерін көрсетіп тағы да ыржиды. - Мен сіздің сөзіңізге сене қойдым-ақ делік. Сонда осының барлығы қайдан шықты? Жалпы бар ғой, әлемнің барлық мәдениетті адамдары сияқты заңды мен де құрмет тұтамын. Прокурорды құрметтеймін. Колонияда отырған кезімде олар карцерден, жазықсыз жазадан сан рет құтқарған. Сондықтан да мен сізге сене аламын, - Матусов бірдеңе бүгіп қалды.

- Ал, енді кімге сенбейсіз?

- Ана протоколда жеке тінту жүргізілді дегенге! Магазин алдында мас боп жатқан жерімде тапса – таба берсін. Иттей боп жерде аунап жатқан шығармын. Сіз айтқандай тепкілеуім де, милицияға бағынбауым да, қарсылық білдіруім де мүмкін. Соның барлығына, азамат бастық, құрып қалғыр мастық кінәлі! Бірақ біліп қойыңыз: менің қалтамда мұндай ақша, кілт және биялай болған емес және болып көрген де емес. Менікі емес! - Матусов өзінен табылған заттардан таза бас тартты. Ибрагимов оның өзгере қалғанын байқады.

- Ілгегін жұлып алып, магазиннің есігін сындырған кім?

- Атып тастаңыз да өзіңіз білесіз, бірақ басқа ештеңе айта алмаймын.

- Егер сіз айтпасаңыз, онда оны куәлер, милиционерлер мен қосымша куәгерлер айтады.

- Милиционерлер мен жасанды куәлердікі әрқашанда дұрыс...

- Мен сіздерді беттестірейін.

Әрине, қазір куә болып отырған милиционерлер Даниленко мен Загретдинов, қосымша куәгерлер Абдулов пен Садықов беттестіру кезінде бұрынғы айтқандарын қайтадан қайталады. Сөйтіп, Матусовтың тергеушінің жорамалына қарсы келерліктей амалы жоқ еді. Кеуде-

шесінің оң қалтасынан тұрғын үйдің кілті табылды. Оған қоса бір жұп резеңке биялай мен екі жүз сом ақша шықты.

Оларды қалтасынан алып шыққанда біз де болғанбыз, - деп анықтай түсті қосымша куәгерлер. – Магазиннің есігін де бірге қарадық, сүймен темірмен сындырылған екен.

Милиция сержанты сынған есікті суретке түсіріп алыпты. Сурет тергеушінің қолында болатын, оны Матусовқа көрсетті.

- Иә, Матусов, көріп, естіп отырған шығарсыз?

- Естідім, азамат бастық. Мен не айта алам? Маған не істесеңіз де бөзіңіз біліңіз, бірақ мына сарыауыз балапан милиционерге ешқашан да сенбеймін. Сіз мұны түсінесіз бе? – Матусов ызалана бастады. – Осының барлығын милиция әдейі істеп отыр! Біреу істеді, енді оны біреудің есебінен орнын толтыру керек қой. Міне, сол кезде бұрынғы қылмыскер орайласа кетті. Мұны олар маған жаба салмақ, түсінесіз бе? Бұл кезде милиционерлер кезекшілікте болған, енді олардан ұрлыққа неге жол бердіңдер деп талап етеді. Ал, тура сол кезде топыраққа малынып мен жатыр екенмін. Сол-ақ екен олар боса да қылмыскер, осыны қайта тыға салайық деді. Әйтпесе нағыз ұрыны табу керек қой, азамат бастық. Бұл үшін кім жауап бермек? Сол милиционерлердің өздері жауап береді! Егер таба алмаса – сөгіс береді, не қызметін төмендетеді. Енді қараңыз, олар медаль, сыйлық алады, шенін жоғарылатады. Бұл өмірде ешкімнің де жаман болғысы келмейді ғой. Сөйтіп, ес-түссіз жатқан маскүнем милиционерлер үшін таптырмас олжа болады. Дереу, дырылдатып бөлімшеге сүйрей жөнелді! Осы кезде менің қалтама кілт, биялай мен ақшаны сала қойды. Тамаша! Қасқыр да тоқ, қой да аман. Мұның түк те қиындығы жоқ, бастық. Тек оны түсіну қажет.

- Міне, түсіну үшін де әңгімелесіп отырмыз ғой, Матусов, - деп жауап берді тергеуші. – Меніңше, сізге ертегіші болып туу керек еді, қиялыңыз арнасынан тым

асып жатады екен! Тек сіз бір ғана нәрсені ескермей отырсыз. Ол – сол магазинде тек сегіз сом он жеті тиынның ғана товары мен ақшасы жетпейді. Ал сіздің қалтаңыздан екі жүз сомдық екі бүтін ақша табылды. Сіздің мойындамауыңыздың еш жөні жоқ, Матусов.

Бұл сөздерді естіген айыпкер мойындаған кейіппен басын салбыратты.

10.

Ибрагимов су жаңа жеңіл машинамен жаңа микроауданға – Алмалы тауға келе жатты. Оны көп нәрсе мазалауда. Зайцев деген кім? Егер ол үш тізімде бірдей жүрген болса – қылмыстың бір ұшығы соған келіп тірелер ме екен? Солай бола ма? Зайцев он екінші үйде тұрады, ал тоналған касса төртінші үйде. Сол көшенің бойында үш үйден соң. Дегенмен бұл себеп те, сылтау да бола алмайды. Мұндай сәйкестік ғажайып қарқынмен өсіп келе жатқан қалада ұшыраса береді, мұнда ерекше ештеңе жоқ. Ол сенбі күні жұмысқа шықпаған екен. Солай-ақ болсын. Мұндай адамдар тізімде жүздеп кездеседі. «Жоқ, Ғайнан, сенің бұл күдігің ауызға алуға да тұрмайды!» - деп өзіне-өзі реніш білдірді. Дегенмен ол өзінің күдігінен қайтпады. Осы ой басынан шықпай қойды. Тергеудің барысында қандай да болмасын бір ой келе қалса, оны түбегейлі анықтап білмей тұрып, жолшыбай лақтыра салуға болмайды. Онда алған жолдың дұрыстығына көз жеткізу қиын. Шын мәнінде кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін қалай анықтайсың? Бұл жөнінде мүмкін Зайцев тұратын жерден бірдеңе анықтап білуге болар?

Алмалы таудағы он екінші үйдің басқалардан ешқандай ерекшелігі жоқ екен. Кірпіштен қаланған бес қабатты үй, мұнда да балконда гүл өсірілген, жанында балалар алаңшасы бар.

Машинадан түспей жатып-ақ Сайдашев үшінші қабаттағы аппақ перделі терезені көрсетті:

- Зайцевтің пәтері, Ғайнан Ибрагимұлы.

Тергеуші үйдің ішінде не бар екенін білгісі келген адамдай-ақ тесіле қарады. Жүргізушіге кішкене алыстау, жанындағы бұрышты айналып барып тоқтауын өтінді:

- Он екінші үйдің тұрғындары көрмесін.

Бүгін капитан Сайдашевті тану қиын – үстінде жазғы теннис жейдесі, қатырып өтектелген ақшыл шалбары бар. Олар алға қарай жылдам басып жөнелді.

- Әуелі аулашыға кірейік. - Өзінің жоспары туралы ол машина ішінде түсіндірген болатын. Ибрагимов жанында келе жатыр. Ештеңеде шаруасы жоқ, өз бетімен қыдырып жүрген адамдар сияқты қалыппен бірінші қабатқа бет алды. Есікті алпыс бестер шамасындағы қартаң адам ашты:

- Кел, бауырым Зейнолла!

Капитанның бұл жерде де баяғыдан бері өз адамындай болып кеткені көзге бірден түсті. Ол шалмен ашық сөйлесе бастады:

- Әзірше біз осында отыра тұрайық. Сіз Тахауиевтің, Зайцевтің және Спиридоновтың үйлеріне барып, үйінде ме екен, біліп келіңіз. Егер жоқ болса, қайда екен? Бір сылтау табыңыз. Әйтеуір оларды милицияның іздеп жүргенін білмесін.

- Түсінікті. Қазір болады, - шалдың дауысы көңілді шықты. – Олардан өзім де коридорды сыпырғаным үшін елу тиын алашақ едім. Күмістерін қағып келейін.

Ибрагимов шалдың артынан қарап, көлгір адам емес деп ойлады. Ауыздан шықпай жатып жағдайды түсінді, оған жол да таба қойды. Біздің милицияның осындай адамдарға арқа сүйеуі қажет. Тергеушінің бұлай елжірейтін жөні бар. Бұлар шын мәнінде еңбекқор адамдар.

Сайдашев та жарлықты тамаша берді. Қарт болса милицияға үшеуінің қайсысы қажет екенін де дұрыстап түсінген жоқ. Капитан үш семья туралы айтты ғой. Зайцевтің фамилиясын басқалармен тамаша орайластырады.

Аула сыпырушы тез оралды.

- Тахауиев ауылына кетіпті, - деп жауап берді ол. – Мензелин ауданына, Зайцевтің үйі жабық тұр. Спиридонов – балық аулауда.

- Әйелдері жоқ па екен?

- Спиридоновтікі үйінде екен, Тахауиевтің әйелі күйеуімен бірге кетіпті, ал Зайцевтікі – мектепте. Мұғалім.

Әрине, бұл мәліметтер Сайдашевқа жеткіліксіз болып көрінді. Ол бәрін тәптіштеп сұрай бастады.

- Балаларының қайда екенін білмейсіз бе?

- Неге білмеймін! Біз олармен анық доспыз! Міне олар, - деп аулашы терезені көрсетті.

Ибрагимов Сайдашевті түсіне қойды.

- Бір уақытта біз де доп қуалап едік, - деді капитан терезе алдына келіп, сөйтті де өзі далаға балаларға қызыға қарай бастады. Қарт басқалардан гөрі ұшқырлау, тырыған арық баланы көрсетті.

- Тамаша ойнайды екен! – Дәл осы минутта футбол добы толғандырып тұрғандай-ақ Зейнолла «артистігін» жалғастыра түсті. Он екі – он үштердегі баланы сұқ саусағымен көрсетіп қойып, аулашы түсіндіруге кірісті.

- Жоқ, ана қара шаштысы емес, ол – Шайхулиннің ұлы Равиль. Зайцевтің баласы – ана сарғыш шашты, қызыл тенниска киген. Оның да, әкесінің де аты – Степан.

- Рахмет, Николай Иванович. Сау болыңыз! – Капитан аулашының қолын қысты.

Сыртқа шығысымен Сайдашев өзгеріп сала берді. Ол тағы да еріккен адамның түріне көшті. Бұлай өзгеріп сала беруіне лайық кезең дәл келіп еді. Өйткені, көрші үйдің терезесінен шырқалған ән естілді.

- Терезенің алдында тал өседі,

Тереземді ашқанда жел еседі.

Бөгет болса, сол талды шауып таста,

Мен де анықтап көрейін күнде сені.

Осы әуенге салып ысқырған Зейнолла балаларға қарай аяңдады. Таяп келіп, сарғыш шашты баланы шақырды:

- Зайцевтердің қайда тұратынын білмейсің бе? – деп сұрады ол. Бала ауызын ашқанша болған жоқ, Зейнолла: - Степан Григорьевич, - деді нақтылап.

Бала да тапқырлар қатарына жатады екен, жауап іздеп сасқан жоқ:

- Мен соның ұлымын, - деді.

«Капитан сөйлесуді біледі, - деп ойлады Ибрагимов қанағаттанған сезіммен. – Қариямен әңгімелескен кезде де өңін өзгерткен жоқ. Ал баланың алдында, тіпті, бұлбұлша төгілдіріп жөнелді».

- Әкең үйде ме? – деді Зейнолла, ештеңе білмейтін адам сиқты бола қалып.

- Жоқ, кеше олар Қазанға ұшып кеткен.

- Қызық екен, маған неге айтпады? Кіммен бірге кетті?

- Қарындасыммен. Машаның аяғы ауырады, оған операция жасау керек.

- Қай уақытта ұшқанын білмейсің бе?

- Кешкілік мезгілде.

Зейнолла үнсіз ұзақ тұрды. Егер қайта-қайта мазалай берсе күдіктеніп қалуы мүмкін. Бірақ сұрау керек. Зейнолла мұнда да саспады.

- Кінәлі болып қалғанымды қарашы, Степа. Сенің әкеңді машинамен шығарып сала алмадым, - Зейнолла өкінішпен күрсіне сөйледі. – Жүгі бар, әрі ауру қызы бар! Әуреге түскен шығар қандай.

Үлкен адамның – әкесінің танысының мұнша қамығып тұрғанын көрген бала оның көңілін жайландыра бастады:

- Жүк дейтін, жүгі жоқ! Екеуінің бір ғана портфелі бар.

- Ол сайтан алғыр мені неге күте тұрмады?

- Самолетке асықты.

- Аэропортқа немен жетті.

- Зиганшин өз машинасымен апарып салды.

Балаға сездірмей Ибрагимов Сайдашевқа қарады.

Аға тергеуші бәрі анық болды, егер қажет болған жағдайда ол да әңгімеге араласуға дайын тұр еді.

Сайдашев сұрақты жалғастыра түсті.

- Зиганшиннің машинасы қандай еді?

- «Волга».

- Менде де «Волга» бар, бірақ аздап жөндеу қажет болып тұр, - деп капитан қайтадан күрсінді.

- Мүмкін Зиганшин көмектесер? – Ибрагимов ретін тауып сөзге араласты. Оның «артист» болып тұрғанын бала түгілі үлкеннің өзі аңғармас еді. Зейнолла оған күле жауап берді:

- Тура айттың! Мұны өзімен ақылдасу керек.

Кенеттен екеуінде жаңа жоспар пайда болды. Осы Зиганшиннің өзін «сипалап» көру қажет. Қандай адам? Жіптің бір ұшығы соған тірелмесе неғылсын?

- Тыңда, бауырым, Ибрагимов балаға таяп келді. – Зиганшин көршілерің қайда тұрады?

- Жүріңіз, көрсетейін, - бала оларды көшенің арғы бетіне ертіп шығып, бес қабатты үйдің жанында тұрған сары «Волганы» көрсетті. – Зиганшин ағайдың машинасы. Өздері мына подъезде тұрады. Екінші қабаттағы алтыншы пәтерде.

Бала жел ұшырып кеткендей жоқ болды. Тура ертегідегідей. Рахмет айтайын десе жанындағы бала жоқ.

Зиганшиннің машинасының ішінде бес-алты жастағы қыз бала ойнап отыр екен.

- Әкеңді шақырмайсың ба, қызым? – деді оған Ибрагимов. – Ол бізге өте қажет еді.

- Қазір, қазір! – Қыз бала машинадан шықты да, подъезге жүгіріп кіріп кетті. Артынша толық келген, кең жауырынды, отыз бес жастардағы, ұзын бойлы еркек көрінді.

- Шақырған кім? Мен Зиганшинмін, - деп ол өзін байсалды таныстырды.

Сәлемдескен соң келген кісілер Зайцевті іздеп жүргендіктерін айтты.

- Қайдан боласыздар? – деп сұрады жауап бермес бұрын. – Тұрғын үй кеңсесінен бе, әлде саудагерлерсіздер ме?

«Волга» иесі дәл бұлай ашық сөйлеседі деп ойлаудың өзі қиын еді. Өзі бір нақ сөйлегенді ұнататын адам екен. Бұл аулада доп ойнап жүрген әлгіндей кішкене бала емес. Егер оны сөйлетудің амалын дөп баспасаң, сөз қозғаудың қажеті жоқ. Зиганшиннің сөз мәнерінен соны аңғаруға болатын еді. Зейнолла әңгімеге араласуға асыққан жоқ. Ибрагимов оның себебін түсінді. Зейнолланы Чалташтың кез келген тұрғыны танып қоюы мүмкін! Бұл жерде оған елдің сенгіштігін пайдаланып, «әртисше» құбылып, қызыл тілді безей беруіне болмайды. Яғни, «сахнаға» Ибрагимовтың шығатын кезегі келді. Ал, Ғайнан, байқап көр енді!

- Істің мәнін бірден түсіндің, жігітім, - деп оған риза болғандай түр танытып, «рольге» кіріп кетті. – Дұрыс айтасың, мен сауда-саттықпен айналысатыным бар, жүлқынған арғымақтармен жұмыс істеймін. Көрші қаладанмын. Менің атымды сен сұрамай-ақ қой, мен айтпай-ақ қояйын.

- Ол түсінікті, май салған қорап сыртынан да көрініп тұрады, - деп күлді Зиганшин. – Степан Григорьевич бірінші сортты саудагер, әрі оның жігіттері де бір-біріне сай! – Кенет ол байыпты бола қалды. – Шаруаларыңызды айтыңыздар, жігіттер?

- Біз бір шаруамен кездесуге келісіп едік, - деп жауап берді оған Ибрагимов.

- А – а – а! – деп созылтып Зиганшин. – Ол қалада ғой.

- Қарашы өзін, қандай алдамыш, құдайсыз жан екен! – деді Ғайнан ренжи түсіп. – Ол күтуге уәде беріп еді ғой.

- Оның аяқ астынан жүріп кетуіне тура келді, - деп Зиганшин досын ақтай бастады. – Он бес жасар қызы, Маша аяғын жарақаттап алды. Кеше кешкілік өзім шығарып салдым.

- Чалташта дәрігер құрып қалып па? Міндетті түрде Қазанға бару керек ә?

- Мен де айттым, - деді Зиганшин Ибрагимовты қостап. – Тыңдамады. Шығарып сал деп көнбеді.

- Тоқта, тоқта! – Ибрагимов Сайдашевқа қарады. – Демалыс күндері қандай емхана жұмыс істемек? Біздің Зайцевтің бір жерде дастарқан басында достарымен бірге шалқып отырмасына кім кепіл.

Зиганшин бұған қарсылық білдірді:

- Қызық адам екенсіздер! Аэропортқа оны мен өзім шығарып салдым. Аэровокзалға үлкен сумка мен портфелін көтерісіп кіргіздім. Ұшатын уақытын да анық білемін: жиырма екі сағат қырық минут.

Ибрагимов «ашу шақырды»:

- Міне, келіп көр оған, шайтанның сапалағы, енді қара су татпай қайтатын болдық қой!

- Сол да сөз бе екен! Міне, біздікіне жүріңіздер, - Зиганшин оларды шын жүректен қиыла шақырды. – Қонақ болыңыздар. Алла беріп, сөзінде тұрса, кешке қарай өзі де келіп қалар.

Зейнолла әдейі сағатына қарады. Бұл кету керек деген белгі.

- Бек рахмет, қымбаттым, - деп жауап берді Ибрагимов жымыып. – Біздің өзіміз де жолға шығайық деп тұрмыз.

- Асықпаңыз, үлгереміз. Өзіңіз айтқандай, тұлпарым байлаулы тұр.

- Рахмет! Жолаушының ақысы жүрсе бітеді, - деді Ибрагимов оның кетпектей алақанын қысып.

Жолдары болмағанына ренжіген кейіппен олар көшеге қарай аяндады. Зиганшин машинасының жанында қалды.

- Иә, қандай қорытынды шығарамыз? – Сайдашев шыдамсыздана Ибрагимовтың шынтағына жанасты.

- «Асыққан шайтанның ісі» дейтін бала кезімде атам, - Ғайнан пікір алысудан осылай ретін тауып құтылды. –

Бұл туралы дәл қазір емес, Зейнолла Сайдашұлы, аэропортта, жолаушылардың тізімін тексеріп болған соң сөйлесеміз.

Қанша тексергенімен сол күні ұшқан бес жүз жолаушының ішінде Зайцевтің фамилиясы болмай шықты.

- Мүмкін, билетті Зиганшин сатып алған шығар?

Бірақ тізімде «Зиганшин» де болған жоқ.

- Ал, Зейнолла, енді қорытындыны өзің жаса, - деп ескертті Ибрагимов.

- Мен былай ойлаймын, Ғайнан Ибрагимұлы, Зайцевтің үш тізімде бірдей жүруі тегін емес! – Саусағын бүгіп санай бастады: Алмалы тауда тұрады, сауда жүйесінде істеген, сенбі күні жұмысқа шықпаған. Касса тоналған соң ұшқан. Ұлы әкесінің қолында тек қана портфель көрдім десе, Зиганшин оның қолында шаруашылық сумкасы болған деп дәлелдейді. Оның ұшқанын көрген адам бар, ал бірақ оның өзі де, қызы да жолаушылардың тізімінде жоқ. Самолетке билетсіз қалай мінбек. Яғни, билет басқа адамның атына алынған. Біз бұл жұмбақ жіптің күрмеуін шешпей қоймаймыз.

- Иә, көңіл аударарлық дерек, - деп келісті Ғайнан. – Ал, сеніңше оны қалай шешу керек?

Сұраққа Зейнолла сұрақпен жауап қайтарды:

- Мүмкін Зайцевтің үйіне бақылау қоярмыз?

- Ертерек емесе пе?- тергеуші шүбә келтірді.

- Қылмыскерге қашу үшін және заттар мен өзінің ізін жасыру үшін жылдамдық қажет деп дәлелдеген өзің емес пе едің! – деп капитан Сайдашев сөз таба қойды. – Ертерек бақыласақ – ертерек бірдеңе шығуы мүмкін. Сол арқылы бүкіл топты ашамыз. Біздің оған күдіктенгенімізге қорлана қоймас. Операцияны ешкімге сездірмейміз. Бізден басқа ешкім де білмей қалады. Егер күмәніміз анықталмаса, оның кінәсіздігі анықталады. Бұл да біздің қасиетті міндетімізге жатады. Егер де қылмысты жасаған солар болса, дереу бақылау қою қажет. Және ұзаққа созбау керек!

- Келістік. Тек ойынды қалай жүзеге асырмақсың?
Оның табанын жалтыратқалы қашан!

- Бүгін Трофимовпен, Хаernasовпен ақылдасам.
Содан соң ештеңеге алаң болмай-ақ Зайцевтің ізіне түсуді
қолға аламын. - Капитан тергеушіні қылмыскерлер тобын
және жоғалған ақшаны қалай іздестіремек жоспарымен
таныстырады.

- Ал, менің Матусовпен кездесуім керек еді, - деді
Ибрагимов. – Оның да бұл іске қатысы бары байқалады.

Кешке олар телефонмен сөйлеспек болып тарқасты.

Х Х Х

Матусовты тергеушіге тағы да әкелді. Бұл жолы ол
қаперіне ештеңе алмастан, стол жанына келіп, орындыққа
отырды. Қолын тізесінің үстіне салды.

- Сіздің тағы бірдеңе сұрағыңыз келді ме, азамат
бастық? – Өзінің сұрғылт көздерін ол Ибрагимовке тура
қадады.

- Сіз көңілді адам екенсіз, Матусов! Жаңа сұрақ деп
ойлайсыз ғой. Сіз әлі ескі сұраққа да жауап берген жоқсыз.

- Қандай сұрақтарға?

- Мысалға, магазиннің есігін неге бұздыңыз?

- Азамат бастық! Құдай біледі, ол менің ісім емес.
Мен өз мамандығым туралы айтып беріп едім ғой. Мен –
қалтаға түсудің шеберімін! Туғаннан емес, әрине, жастық
шағымнан.

- Сіз өз кәсібіңізді өзгертпепсіз! Қазір қалтаға түсу-
мен алысқа бара алмайсыз. Негізі, мұны сіз менен артық
білесіз.

- Шын екені рас. Қазір қалтаға түсушілерде бедел
қалған жоқ. Жаңа кәсіпке үйренгім келмей, сол өзімнің
алғашқы сүйіктіме деген сенімде қалдым, бастық. Мейлі
ұсақ ұры болсам да, мен бірақ ғасырлар бойы өз мүддемді
берік сақтаймын. Мейлі!

- Қалтаға түсушімін дейсіз. Оған қашан үйреніп
жүрсіз?

- Қаршадайымнан, бастық, қаршадайымнан. – Тергеушіде өзіне деген ынта пайда болғанын байқаған Матусов «қаптың аузын ағытты». – Дүниеде екі жексұрынды өмірі ұмытпаспын. Федор мен Ольганы. Байы мен қатыны. Олар көрші тұрған. Өздерінде бала болмады. Мені жиі шақырып, аузыма бірдеңе салатын. Бізде тамақ тапшы еді, оларда болса ақ май ағып жатады! Міне, солар тамақтандырып дәндетті. Соған әбден үйреніп алдым. Оларға мұным ұнады, әрине, Есімде қалғаны, Федор бір жерде түнгі күзетші болды, ал әйелі ешқайда жұмыс істемейді, үйде отырады. Жок, олар үйде тек отырмайтын, күндіз күні бойы бір жаққа қарасын батырады. Таңертең қолдарына дорба ұстап кетеді де, кешке кеш оралады. Дорба толы тамақ. Маған да бірдеңе тиетіні белгілі ғой, әрине. Қысқасын айтқанда, әндетіп өмір сүрдік. Екеуі де ішті, бірақ ешқашан да мас болмайтын, өз шамаларын білетін. Ал, мені тіпті «пұшығым» деп атады. Көкек айының соңына қарай ұмытылмас бір оқиға болды. Халық мерекеге дайындалып жатқаны есімде. Сол күні біз үшеуіміз вокзалға бардық. Онда аяқ басар жер болмайтындығы белгілі ғой. Билетке, әртүрлі киоскілердің алдында ұзыннан-ұзақ кезек. Федор мен Ольга бірдеңе байқастап жүрді де, содан соң мені қолымнан алып, баламен кезексіз алуыма болса да ештеңе етпес деп, кезектің біріне тұра қалды. «Баланы бастындар!» деп елмен ұрысысып жатыр. Ольга алға итермелей береді, итермелей береді. Бір кезде менің көзім Федорға түсті. Ол біреудің қалтасынан күмәжінегін суырып алды да, залдан шыға жөнелді. Бір-екі минуттан соң оны Ольга екеуіміз қуып жеттік. Кейіннен бұл туралы шешекеме айтпағаным өте қатты өкіндім. Бірақ мен кеш қалған едім. Ашықауыздардың қалтасына түсуге мен де дағдылана бастадым. Иттей болып үйренгенім соншалық, Ольга мен Федор мені жер-көкке сыйғызбай мақтайтын болды. Кейде қолға түсіп те қалатыным, сонда да көршілерімді сатпадым. Егер Федор тұзаққа ілінсе, ол да тек өзінен

басқа ешкімді білмейді. Бұл маған, қалтаға түсушіге, нағыз ғылым академиясы болды. Айтуға да тұрмайтын жеті жастамын ғой мен онда. Міне, солай, қымбатты бастық, мен – қалтаға түсетін ұрымын! Сондықтан да маған қайдағы бір магазинді жапсырмауыңызды өтінемін.

- Сіз де мені дұрыс түсініңіз, Матусов, мен сізге бірдеңе жапсыра салайын деп тұрғаным жоқ. Мен нақты істі айтып отырмын. Егер кінәлі болмасаңыз – дәлелдеңіз, қорғаныңыз.

Матусовтың көзінде үміт оты пайда болды. Тергеуші «қорғаныңыз» деп тамаша айтты!

- Бәрібір бұл жерде бір оңбағандық бүркемеленіп тұр, азамат бастық, - стол үстінде жатқан Қылмыстық кодекске Матусовтың өзі қол созды. – Менің быт-шыт мас болып жатқанымды біреу пайдаланған. Егер де маған сегіз сом он жеті тиын ұрлады деп жапсыру қажет болса, дүние күйіп кетсе де мойныма алайын! Бұдан маған 96-статьяның екінші тармағы қолданылады деген қорытынды шығады ғой, - деді ол заңды оқи отырып.

Тоқта, тоқта! Матусов 96-статьяға неге сонша жармаса қалды, кінәлі екенін неге бұлай тез мойнына ала қойды? Ибрагимов осы статьяда айтылғандарды ойында жаңғыртты.

«Жымқыру, алаяқтық жасау, ысырап ету жолымен немесе қызмет бабын пайдаланып мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлау – алты ай мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға немесе бір жылға дейін түзеу жұмыстарына жазаланады, болмаса әкімшілік жазаға тартылады». Бұл бірінші бөлімі. Ал, Матусовтың өзіне лайықтап, шап беріп ұстай алған тоқсан алтыншы статьяның екінші бөлімінде былай деді:

«Осы әрекетті бұрын мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті, әйтпесе азаматтардың меншік мүлкін ұрлаған адам қайталаса, ұрлық түріне қарамастан, шабуыл жасап тонау болса да – екі жылға дейінгі бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Матусов осы жолдарды оқыды да, кодексті жауып, ойланып қалды. Тергеуші әліптің артын бағуға бекінді.

Бөлмеде тыныштық орнады. Матусов қайтадан өзінің бұрынғы бейнесіне түсті де, қайтадан «қырсықтана» бастады. «Статья айқын, жаза белгілі, енді несіне уайымдаймын?» деп ойлады ол. Бірақ тергеуші оның бос арамтер ойын бөліп жіберді:

- Қыңыр адам екенсіз, Матусов! Статьяны таңдап алдым, енді қаптаған сұраққа жауап беруден оп-оңай құтылып кетемін деп ойлайсыз ба?

- Сіздің заңда, азамат бастық, еркін өмірден екі жылға дейін ғана аластау көрсетіліпті. Сіз мұның өзін сегіз сом үшін азсынып отырғаннан сауымысыз?

- Бұл – басқа мәселе! Кілт пен биялай сіздікі ғой. Рас па?

- Олардың менің қалтамнан табылғаны рас, - деп Матусов мұнымен де тез келісе кетті.

- Бұл кілтпен сауда кеңсесі ашылған, касса тоналған. Кассирдің айтуынша тонаушылардың қолында осындай ақ резеңке биялай болған. Бұл сізге түсінікті ме?

Матусов дір ете түсті. Дегенмен ештеңе түсінбеген сияқты болды. Ал, өзі кекете жауап берді:

- Түсінікті, қалайша түсінбеймін! Мұны да маған жапсырғыңыз келіп тұр ма? Чалташқа қанша ұрлық болып еді, соның барлығы әлі күнге дейін ашылмаған ба? Егер керек болса, оларды да мен мойныма алайын. Онда сізді мақтайды ғой. Міне, қандай тамаша, Ибрагимов бір дегенде-ақ барлық қылмысты түгел ашып берді! Жүз процент! Әрі айтуға тамаша, әрі мадақ естисіз. Қалай, ә? Бірақ, азамат бастық, сіз алдыңызда отырған адамды мисыз біреу деп қатты қателесесіз! Мен – оқ пен отты көргенмін. Ондай тамаша жоспарыңызға алдап іліктіре алмайсыз. Оған уәде беруге бармын!

- Көп сөйлеп кеттіңіз, Матусов. Шын мәнінде сенбейсіз бе?

- Енді сіздің бір сөзіңізге де сенбеймін! Неге сіз менен тек қана өзіңізге және бастығыңызға қажет жауапты естуге итермелеп отырсыз? Менің де өз құқым бар ғой.

- Мінекиіңіз! Өзіңіз танысыңыз, - деп тергеуші қылмыстық іс тігілген папканы Матусовқа қарай итерді.

Матусов тергеушінің тілегіне ден қойды. Алғашқы беттерді ыждағатпен оқыды да, папканы жапқан соң алақанының сыртымен бетінің терін сүртті.

- Иә, не, Матусов, көзіңіз жеттіме? – деп сұрады Ибрагимов.

- Шын айтыпсыз, бастық, қағаздан тау тұрғызуға болады, дәлелі де шалқар теңіз екен...

Басын көтерген Матусов тергеушіге бір түрлі мәнсіз назар салды. Бұл көзқарас: «Не істегілерің келсе, соны істендер!» - дегендей еді.

Айыпты адамнан немесе күдікті адамнан жауап алу - оңай іс емес. Былайша алғанда адамдардың және олардың көзқарасының қақтығысы сияқты нәрсе. Бұл жерде әділдік пен адамдық, шындық пен өтірік өмір үшін емес, өлім үшін тайталасқа түседі. Қазір тергеушінің алдында отырған күдікті Матусовты айғақты дәлелдер тығырыққа тіреп, бәрін амалсыз мойындауға мәжбүр етіп отыр. Дегенмен тергеушінің көздеген мақсаты бұл емес еді. Неге екені белгісіз оның жүйкесі жұқарып отырды және өзіне-өзі дән риза еді. Тергеу кезінде іс аяқталуға жақын деп қуана ойлағанмен басқаша болып шыға келуі жиі кездеседі. Тіпті, күткендегіден әлдеқайда ұлғайып, біреудің орнына сондай негіздегі бірнеше тергеу жолы пайда болады.

Қағаздарды ақтарып отырып, Ибрагимов Матусов туралы ойлады. Қызық адам! Төрт рет тұтқынға алынған, өмірінің он бір жылын түрмеде өткізген. Өзі айтқандай оқ пен от көрген. Яғни, не пәлені басынан өткізген. Матусов білімсіз де емес еді. Ол еңбекпен түзеу мекемелерінде кешкі мектепті бітірген, механиктер даярлайтын курста оқыған. Мұндай «не пәлені басынан өткізгендер» қылмыс

жасауды ойына алса, оған өте мұқият дайындалады. Бір қадам алға басарында екі рет бұрылып қарайды. Ізін жасырудың не түрлі құйтырқысын біледі. Өте ептілік пен олардың алғырлығы көпті көрген заң қызметкерінің өзін тұйыққа тірейді. Матусов та сондайдың бірі емес пе? Мұнда өзін-өзі қорғауға деген талпыныс неге жоқ?

- Геннадий Федорович, шынымен бәрі бір деп ойлайсыз ғой, - деді тергеуші қайта-қайта ерегісе ойланып-толғанып отырды да: - Сіздің деніңіз сау ма, соны айтыңызшы? – деп сұрады кенет.

- Құдайға шүкір! Әлде маған жан алғыш әзірейілдің өзінен хабар келіп қалды ма екен? He-he!.. – Мұндай қолайсыз жағдайдың өзінде Матусовтың қалжыңдауға ыркы жетіп тұр. Түк пайдасы жоқ бұл әрекетке кім итермелеп отыр екен? Болмаса ол «сасқан үйрек кейін сүңгиді» дегеннің кері ме, не ізін жасырудың амалы ма?

- Егер денеңіз сау болса, - тергеуші кенет орнынан атып тұрып, оған айқай салды: - оны сақтауға неге тырыспайсыз? Әзіл мен қалжыңның таусылар емес. Кінәні мойныңызға аласыз ба? Ә, қандай кінә екенін де білмейсіз ғой? Есіңізге түсіріңіз, айтыңыз, дауласыңыз. – өйткені сөз іске тігілмейді. Сіз адамсыз ғой! Байқаған шығарсыз, шыбын да желге қарсы ұша алды! Ал, сіз? Өзінің қарақан басын қорғай алмаған адам - адам ба?

Бұл не? Қалжыңның соңы шындыққа айналып кеткені ме? «Жуастан - жуан» шыққаны ма? Иә, «жылына бір рет тауық та этеш болып шақырады» дейді ғой.

Тергеушінің бұршақтай жаудырған ызалы сөзі оның миына электр тоғы соққандай болды да, бүкіл денесі шымырлап, еті бүртіктеніп кетті. Тергеуші оны ынжық адамсың деп намысына тиді. Шынында да, оның солай екені рас еді. Әй, қатыгез өмір ай?! Тергеушінің өзіне тесіле қараған отты көзіне көзі түйісіп қалған Матусов үндемей қалуға болмайтының түсінді.

- Маған енді не істеу керек, азамат бастық? Менің есімде ештеңе қалмайды, елекке құйған судай, бәрі ағып

нетеді. Оған қоса өзім де мас болдым, - ол басын төмен галбыратты.

- «Арақ ішкенің – ақылыңды ішкенің» деген сөз.

- Расында да, Матусов қалшылдап, дірілдей бастады.

Бұл бір көңілге түйерлік көрініс еді. Сол кезде оның түрі өте аянышты көрінді.

12

Ну орманға бойлап кірген сайын қураған ағаш пен шөмшектің көп болатындығы сияқты, тергеу процесінің барысында да шешуін қажет ететін түйіндер де көбейе түсті.

Капитан Сайдашевқа да сондай түйіннің бірін шешу – Зайцевті және оның маңайындағыларды зерттеу қажет еді. Оның Степан Григорьевичтің соңынан Қазанға, күдікке арқа сүйеніп, жүріп кетуіне болмайды ғой. Сондықтан Сайдашев ең бірінші Зайцевтің жұмыс орнанда болып, оның бас жұмысын қарады, фотосуретін алды. Оның таныстарынан астыртын жолдармен сұрап, әдет-қылығын, киіну мәнерін нақтылап біліп алды. Жол жүрер алдында Зайцевтің өмірбаянына капитан тағы да бір ой жүгіртіп шықты.

Степан Григорьевич Зайцев Воронежде туып-өскен, қазір ол отыз сегіз жаста. 1965 жылы Қазанға келіп, авиация техникумына түсіп, төртінші курсқа дейін оқыған. Техникумнан авиация институтына ауысқанымен, оны бітірмей, үшінші курстан кетіп қалған. Чалташта екінші жыл. Семьясы бар. Әйелі Вера – мұғалім, үшінші класқа сабақ береді. Қызы Маша он төрт жаста. Ұлы Степа әпкесінен 4 жас кіші. Чалташқа келген соң Зайцев еңбек студі сауда жүйесінде өнеркәсіптік магазинінде директор болып бастаған. Магазин өртеніп екі мың сом шығын болған соң оны қызметінен түсірген. Сол-ақ екен ол басқа қызметке ірі өндірістік бірлестіктегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқарма бастығының орынбасары болып ауысқан. Әлі күнге сонда еңбек етеді.

Қазіргі кезде Қазанда Гагарин көшесінде қайын енесі мен балдызы тұрады. Зайцевтің таныстары толып жатыр. Кісіге тез жұғысатын, көңіліне тоқығаны көп, тапқыр, әңгімешіл адам. Темекі шекпейді. Арақты сирек және шамалы ғана ішеді.

Мұндай «біліммен» не істей алатындығына Сайдашевтің күмәнданғанымен ештеңеге мойыған жоқ, өйткені іздеген адам табады.

Сулық туралы қазан аэропортына келгенде бірақ есіне алды. Әкетуге дайындап, орындықтың арқалығына іліп қойып еді, бәрібір ұмытып кетіпті. Мұнда жаңбыр селдете жауып тұр.

Сайдашекті астана милициясының қызметкерлері тура траптан қарсы алды. Бойына шақ сулық та әкелген. Тіпті бутерброд пен термосқа құйған кофе де ала келіпті. «Әріптесіміз таңғы ас ішпеген шығар» деп ойлаған ғой. Машина қалаға қарай зулап келе жатқанда Зейнолла жүрек жалғап та үлгерді. Қарсы алған екі инспектордың бірі бұған таныс емес еді. Жүргізушінің жанына жайғасқан ол өзін Коля деп таныстырды. Артқы орындықта өзімен қатар отырған қара шашты, мұртты және самай сақалы өскен екінші жігітті Сайдашев жақсы білетін. Милиция лейтенанты атағындағы Рашит майор Трофимовтың қарамағында істейтін. Иван Ивановичтің сөзімен айтқанда қылмысты іздестіру инспекторлары арасындағы болашағынан үміт күттіретіндердің бірі. Кофеден ұрттап қойып Зейнолла оларға Зайцев туралы не білгенін әңгімеледі, өзінің жоспарын сездірді. Сөйтсе, Казан милициясы да қол қусырып қарап отырмаған екен. Зайцев оқып, қызмет істеген техникумнан, институттан, ұйымдардан бас жұмысын алдырып, фотосуретін, басқа да сипаттайтын мәліметтер дайындаған. Әр қалада еңбек еткендеріне қарамастан милиция офицерлері бір-бірін оп-оңай түсінді. Рация арқылы министрлікпен байланысып, олардың келісімін алды.

- Онда Зайцевтің бұрынғы пәтеріне барудан бас-
тайық, - деп ұсыныс жасады Зейнолла.

- Біз – батылдарға ереміз! – Мұртты жігіт оған қарап
жымиды.

Күн жексенбі, сондықтан да офицерлер формасын
кимеген еді. Ал, іс күтіп тұрмайды ғой.

Инспектор Рашид машинада қалды. Сайдашев пен
инспектор Коля қажет есікті қақты. Асықпай ашылған
есіктің алдында алпысты алқымдаған егде әйел тұрды.

- Сәлеметсіздер ме, - деді амандыққа жауап беріп,
содан соң: - Кім боласыздар? – деп сұрады.

«Бұл Вераның шешесі болды ғой», - деп ойлады
Зейнолла. Бірақ ол үй иесіне:

- Шешей, біз Чалташтанбыз. Бізге Степан Гри-
горьевичке жолығу қажет еді, - деді соңғы сөзге мән бере.

Сөзінің әсерлі шыққаны сондай, күйеу баласын
жақсы білетін кісілерді ол үйге шақырды.

- Келіңіздер, төрлетіңіздер. Күйеу бала аз уақытқа
шығып кеткен, келіп те қалар.

- «Шақырғаннан қалма», - дейтін менің анам, - деп
Сайдашев ішке өтті, оның соңынан жас инспектор да кірді.
Бір бөлмелі пәтер, әрине, онша кең емес еді. Ас ішетін
бөлмеден кішкене бір қыз шықты. Оны көрген капитан
Зейнолла дауыстап:

- Мынау Степан Григорьевичтің қызы ғой – Маша!
– Оған қолын ұсынды: - Таныс болайық, қарындасым, мен
Сайдашевпін.

Әжесі ақ жарқын көңілмен күліп:

- Менің немерем! Машенька, - деді.

- Милицияға ешқашан назар аударып көрмеген
жасөспірім қыз, әрине, оны бұрын ешқашан көрген жоқ.
Зейнолла оның қолын қуана қысты.

- Сіздер, Маша, бізден гөрі епті екенсіздер. Бұрын
кетіп қалдыңыздар. Мүмкін «Метеормен» тайып тұр-
дыңыздар ма?

Қазіргі кезде Қазанда Гагарин көшесінде қайын енесі мен балдызы тұрады. Зайцевтің таныстары толып жатыр. Кісіге тез жұғысатын, көңіліне тоқығаны көп, тапқыр, әңгімешіл адам. Темекі шекпейді. Арақты сирек және шамалы ғана ішеді.

Мұндай «біліммен» не істей алатындығына Сайдашевтің күмәнданғанымен ештеңеге мойыған жоқ, өйткені іздеген адам табады.

Сулық туралы қазан аэропортына келгенде бірақ есіне алды. Әкетуге дайындап, орындықтың арқалығына іліп қойып еді, бәрібір ұмытып кетіпті. Мұнда жаңбыр селдете жауып тұр.

Сайдашекті астана милициясының қызметкерлері тура траптан қарсы алды. Бойына шақ сулық та әкелген. Тіпті бутерброд пен термосқа құйған кофе де ала келіпті. «Әріптесіміз таңғы ас ішпеген шығар» деп ойлаған ғой. Машина қалаға қарай зулап келе жатқанда Зейнолла жүрек жалғап та үлгерді. Қарсы алған екі инспектордың бірі бұған таныс емес еді. Жүргізушінің жанына жайғасқан ол өзін Коля деп таныстырды. Артқы орындықта өзімен қатар отырған қара шашты, мұртты және самай сақалы өскен екінші жігітті Сайдашев жақсы білетін. Милиция лейтенанты атағындағы Рашит майор Трофимовтың қарамағында істейтін. Иван Ивановичтің сөзімен айтқанда қылмысты іздестіру инспекторлары арасындағы болашағынан үміт күттіретіндердің бірі. Кофеден ұрттап қойып Зейнолла оларға Зайцев туралы не білгенін әңгімеледі, өзінің жоспарын сездірді. Сөйтсе, Қазан милициясы да қол қусырып қарап отырмаған екен. Зайцев оқып, қызмет істеген техникумнан, институттан, ұйымдардан бас жұмысын алдырып, фотосуретін, басқа да сипаттайтын мәліметтер дайындаған. Әр қалада еңбек еткендеріне қарамастан милиция офицерлері бір-бірін оп-оңай түсінді. Рация арқылы министрлікпен байланысып, олардың келісімін алды.

- Онда Зайцевтің бұрынғы пәтеріне барудан бастайық, - деп ұсыныс жасады Зейнолла.

- Біз – батылдарға ереміз! – Мұртты жігіт оған қарап жымыды.

Күн жексенбі, сондықтан да офицерлер формасын кимеген еді. Ал, іс күтіп тұрмайды ғой.

Инспектор Рашид машинада қалды. Сайдашев пен инспектор Коля қажет есікті қақты. Асықпай ашылған есіктің алдында алпысты алқымдаған егде әйел тұрды.

- Сәлеметсіздер ме, - деді амандыққа жауап беріп, содан соң: - Кім боласыздар? – деп сұрады.

«Бұл Вераның шешесі болды ғой», - деп ойлады Зейнолла. Бірақ ол үй иесіне:

- Шешей, біз Чалташтанбыз. Бізге Степан Григорьевичке жолығу қажет еді, - деді соңғы сөзге мән бере.

Сөзінің әсерлі шыққаны сондай, күйеу баласын жақсы білетін кісілерді ол үйге шақырды.

- Келіңіздер, төрлетіңіздер. Күйеу бала аз уақытқа шығып кеткен, келіп те қалар.

- «Шақырғаннан қалма», - дейтін менің анам, - деп Сайдашев ішке өтті, оның соңынан жас инспектор да кірді. Бір бөлмелі пәтер, әрине, онша кең емес еді. Ас ішетін бөлмеден кішкене бір қыз шықты. Оны көрген капитан Зейнолла дауыстап:

- Мынау Степан Григорьевичтің қызы ғой – Маша! – Оған қолын ұсынды: - Таныс болайық, қарындасым, мен Сайдашевпін.

Әжесі ақ жарқын көңілмен күліп:

- Менің немерем! Машенька, - деді.

- Милицияға ешқашан назар аударып көрмеген жасөспірім қыз, әрине, оны бұрын ешқашан көрген жоқ. Зейнолла оның қолын қуана қысты.

- Сіздер, Маша, бізден гөрі епті екенсіздер. Бұрын кетіп қалдыңыздар. Мүмкін «Метеормен» тайып тұрдыңыздар ма?

- Жоқ, біз кеше самолетпен ұшып келдік, - деп жауап берді қыз.

- Онда аэропортта неге көрінбедіңіздер? Кеше бізге билет кезегіне тұруға тура келді де, бәрібір билет жетпей қалды.

- Билетті бізге бір ағай әкелді, біз оны машинада күтіп отырдық.

- Сенің аяғың ауырды деп естідім ғой, жүктеріңді қалай көтердіңдер? Егер бірге ұшқанда, сөз жоқ өзім көмектесетін едім.

- Ондайлық ештеңе жоқ. Портфельді – папам, сумканы мен ұстадым.

Кенет капитан портфель мен шаруашылық сумкасы туралы Зиганшиннің айтқанын есіне түсірді. Сайтан алғыр сол портфель қазір қайда екен?

Зейнолла қобалжып отырғанын сезді. Онысын басу үшін қалтасынан сіріңке қорабын алып шығып, алақанына соға бастады. Темекі шеккісі келіп, бірақ рұқсат ете ме, соны білмей отыр.

- Тарта беріңіз! – деді мұны байқаған үй иесі. Темекішілердің жағдайын түсінем. Күйеуім де тартқан. «Темекі тартпасам, шыдай алмаймын» дейтін.

- Рахмет! – Темекісін тұтатып жатқан Сайдашевтің қолынан қорап байқаусызда жерге түсіп кетті. Көтермек болған кезде диванның астына қарай ұшып түсті. Өзінің «сірескен» қолына ренжіген Зейнолла сіріңке қорабын іздей бастады. Әрине, ол темекісін дәретхана бөлмесіне барып тартты. Содан соң ас бөлмесіне барып, рақаттана бір стақан су ішті. Еш жерде ешқандай портфель көрінген жоқ.

- Степан Григорьевич тым көп қыдырып кетті ғой, - капитан балконның жанына барып, шынылы есіктен сыртқа қарады. «Өзімен бірге алып кетті ма екен?» - деп ойлады. Зейнолла пәтерден тезірек жүгіріп шығып, қазандық жігіттерге Зайцевті өзінің жоспары бойынша

ізdestіруді тапсырғанша асықты. Бірақ белгісіз бір ішкі сезім оған асықпауға бұйырды.

- Жұмыстарыңыз асығыс болса, күтіңіздер, - деді мұны сезген үй иесі. – Ол таныс дәрігерлерге кеткен. Машеньканы емдеу керек қой. Ешқайда кете қоймас, келеді. Әзірше шай іше тұрыңыздар.

Сайдашев өзінің серіктерімен бірге әртүрлі уақ-түйек туралы сөйлесіп, Зайцевпен кездеспей кетуге болмайтындығын білдірді. Коля болса «аузына шайнап салып беретін» адам емес, ол жарты ауыз сөзден-ақ бәрін түсінеді.

- Бізге Степан Григорьевичпен жолықпай кетуге болмайды, - деді Коля күрсіне, түсінгендігін білдіріп. - Жұмысымыз бастан асып жатыр, бірақ енді қайтеміз.

Өзінің күрсінгенімен қажет болған сәттен-ақ үй иесін күмәндандырмай, тайып тұру мүмкіндігін дайындап қойды.

Ас бөлмесінен шыққан кемпір жазу столының тартпасын ашып, ақша алып шықты. Жүз сомдық бүтін ақшаны көргенде Соловьевтің шашы тік тұрды.

- Машенька, сенде ұсақ ақша жоқ па? – деп сұрады ол немересінен.

- Қазір, әже, қарайын. – Маша кішкене ғана радикулін сырт еткізіп ашып, қағаз ақшаларды сықырлата бастады. Соловьевтің көзіне елу сомдық қағаз ақшалар елестеді.

- Жоқ екен, әже.

- Мүмкін сіздер ұсатарсыздар? – Кемпір қонақтарға бұрылды.

Бүтін ақшадан көз айырмаған беті Сайдашев қалтасын ақтар бастады. Бірақ шыққан ақша жүз сомға толмады.

Жас инспекторда да мұнша ақша жоқ еді.

- Менде де тек ірі ақшалар, - деп күлді Сайдашев. – Жігіттер командировкаға тек ірі ақшамен ғана шығады.

- Біздің Степан да сөйтеді, - деп құптады кемпір. - Құдайға шүкір, табысы жаман емес. Зейнолланың үй иесін тыңдап отырғанымен ойы басқада: «Әжейде де жүз сомдық бүтін ақша! Матусовтың да қалтасынан жүз сомдық шықты. Бұл не, кездейсоқтық па, әлде мұнда бір байланыс бар ма?»

Ұзақ ойлануға уақыт тар, Зейнолла қалтасынан үш сомдық және бір сомдық алып, столға қойды:

- Әзірше мынау жетер, әжей.

Әжей үйдің жанындағы дүкенге барып келген соң сүт қатқан шай ішілді. Бірақ Степан Зайцев келмеді. Оның келмегеніне өкініп, инспекторлардың кетуіне тура келді.

- Егер қажет болса, тұрақтарыңызды айтып кетіңіздер. Степан өзі барсын, әйтпесе телефон соқсын, - деді әжей қоштасар сәтте.

- Алаң болмаңыз, Степан Григорьевичті де әуреге салмайық. Біз өзіміз-ақ табамыз, - деп жауап берді Сайдашев. - Сау болыңыз!

Инспектор Рашитті келіп қалар деп, капитан Зайцевтің енесінің үйін бақылауға қалдырды. Министрлікке телефон соғып, Гагарин көшесіне, Рашитке көмекке кісі жіберуін, аэропортты, темір жол вокзалын, өзен портын бақылауды өтінді.

Ағымдағы мәселелерді шешіп болған соң капитан:

- Кеттік, Коля, қоянды қуып жетейік! Ізі сайрап жатыр, бірақ өзі көрінбейді. Қайда жоғалып кетті екен? - деді

Шынында да әзі ап-анық еді. Милиция инспекторларының қолында оннан астам адрес бар. Степан Григорьевич болса олардың әрқайсысында қонып шығуына, қажет болса бірнеше апта тұрып та қалуына болады. Ауа райының ашылуын күтіп отырудың, яғни, Зайцевтің Чалташқа оралуын, немесе енесінің үйіне келуін күтудің еш мәні жоқ еді. Тіпті болмаса қалталарындағы адресстер бойынша іздеу керек.

Сол күні Сайдашевтің қарамағында министрліктен бір машина болатын. Капитан желмен жарыса жүйткітті дерсің! Бармаған жері жоқ!

Чернышевский көшесінде оған есікті орта жастағы бір адам шықты.

- Кешіріңіз, мен Чалташтан едім, - деп таныстырды өзін Сайдашев. – Степан Григорьевичті іздеп жүрмін.

Үй иесі оған таңданған жоқ, ол өйткені Зайцевті жақсы білетін. Бірақ ол бұл жолы танысына бас сұғып, құрмет көрсете алмады.

- Енесінің үйіне барған шығар, - деді ол, көмек көрсетуге тырысып.

- Рахмет, - Зейнолланың кері бұрылуына тура келді. Ол оның енесінің үйінде болғандығын айтуды қажет деп таппады. Енді Сайдашев – Зайцевтің жақын жолдасы. Сондай рольмен іздеу жұмысын жеңілдеткісі келді.

Тағы бір адреске келді, Зайцев мұнда да болмапты.

Үшінші адреске келгенде:

- Иә, Степан Григорьевичтің Қазанда екенін естідім. Енді қалай, біз онымен баяғыдан бері доспыз! Жоқ, өзі келген жоқ, телефон соқты. Қызымен екеуі дәрігерге келіпті. Уақыты тығыз екен – келесі жолы келетіндігін айтты, - деді.

Төртінші жерде:

- Жоқ, келген жоқ, - деген салқын жауап естіді.

«Мұнда оған ынтық болып отырған ешкім жоқ сияқты ғой» деп ойлады капитан.

Өмір деген қызық – әрбір үй бір кішкентай әлем сияқты. Өзінің тәртібі, өзінің ерекшелігі бар. Ал тәжірибелі із кесушіге бір қарағаны, бір ауыз сөзі жетіп жатыр, барлығы бірден көзге түседі.

13.

Капитан инспекормен бірге ақ қайыңға малынған аулаға кіргенде құлаққа ұрған танадай тыныштыққа бір сәт аялдады. Капитан сағатына қарады, жетіге жиырма

минут қалған екен. Күн батқанға дейін бір сағат екі минут бар. Бір күн сонымен өтті деген сөз. Ал, ешқандай нәтиже жоқ.

Капитан іздеген подъезге қарай аяғын жылдамдата басты. Есікке дейін келіп, қоңырау түймесін басты. Еш дыбыс білінбейді. «Әлде біз адресіміз шатыстырып алдық па?» - деп күмәнданған капитан ішкі қалтасынан блокнотын алып қарады. Зейнолланы қателіктен сақтандыру үшін Коля да адресіміз қайталады. Иә, тура келген екен. Капитан өзінің есте сақтау қабілетіне күмәнданбайды. Онсыз қылмысты іздестіру бөлімінде жұмыс істеуге бола ма! Қажет болған жағдайда ол осы подъезде кімдер тұратындығын да атап шыға алады. Егер біреу осы пәтер тұрғындары туралы сұрай қалса, оның иесі Илларион Зотович Головинді бірінші айтар еді. Биология ғылымдарының кандидаты, ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, отыз тоғыз жаста. Семьясында үш адам бар. Зайыбы Вера Семеновна тіс дәрігері, жалғыз қызы Катя алтыншы класқа көшкен. Головиндердің Зайцевтің таныстарының тізіміне қалай іліккенін капитан анық білмейді. Сонымен қоса министрлікте жасалған бұл тізімге Головиндердің кездейсоқ ілікпегеніне әбден сенімді. Машаны емдетуге байланысты Зайцевтің Головиндердікіне соғатындығы капитанның ойынан кетпеді.

Капитан қоңырау түймесіне қайта қол созды. Бұл жолы қаттырақ басқан болуы керек, тіпті саусағы ауырып кетті.

Бір кезде есік ашылды-ау. Орта бойлы еркек шығып, қатқыл үнмен:

- Сіздерге кім керек? – деп сұрады.
- Сәлеметсіз бе? – деді Сайдашев, үй иесіне қарсы жүріп. – Сіз Илларион Зотовсыз ғой! Сіз бізді, чалташтық қаңғыбастарды, кешіріңіз.

Үй иесі өзгеріп сала берді:

- Бүкіл қала болып көшіп жүрмісіздер! Тіпті жұмыс істеуге мұрша бермейсіздер, - деді достық көңілмен күліп. – Біреуін шығарып салып жатсаң, екіншісі есік қағады. Иә, мен Головин екенмін делік, қандай шаруамен келдіңіздер?

Егер бұл үйге басқа біреулер келгенде ғалымның сөзін дәрекілік деп ұғар еді. Бірақ капитан басқаша мән берді.

- Сіздің үйде Степан Григорьевичтің болғанын сезіп тұрмын, - деді қуана сөйлеген Зейнолла, жігерленіп.

Головин оған таңданған жоқ.

- Келді де, кетіп қалды ... – Үй иесі сағатына қарады.

- Тура жиырма жеті минут бұрын.

«Касса тоналғаннан бері екі тәулікке жуықтап қалды!» деп ойлады капитан. Бірақ үй иесіне басқаша сөйледі:

- Илларион Зотович, ол бізге өте қажет! Сол үшін әдейі келдік.

- Өтінемін, үйге кіріңіздер, - ғалым оларды шын пейілмен шақырды. – Ол екі сағаттан соң ораламын деп кетті.

«Чалташтық жігіттер» ішке кірген соң аяқ киімдерін табалдырық алдына шешіп, бөлмеге өтті. Үй иесі қонақжайлықпен жымиып, көгілдір қағаз жапсырылған қабырғаның жанындағы орындықтарды нұсқады. Жігіттер рахмет айтты да, барып жайғасты.

- Шылым шегесіздер ме? Жоқ. Өте жақсы. Мен де темекіні ұнатпаймын. Міне, газет-журнал оқи отырыңыздар, - деп, бұлар көптен күткен қонақтарындай-ақ көңілденген ғалым бір топ газет пен журналды алып шықты. – Келіңіздер, таныса отырайық. Кім боласыздар?

- Біз Чалташтанбыз. Мен – заң қызметкерімін, - деп таныстырды өзін капитан.

- Мәссаған! Менің қайнағам да заң қызметкері. Свердлов заң институтын бітірген. Тюмень облысында қызмет істегеніне сегізінші жыл болып барады. Аудандық ішкі істер бөлімінің бірінде бастық. Жуырда өтіп бара

жатып соқты, әдейі бұрылған екен. Милиция майоры болыпты.

Әңгіме қыза түсті.

- Жарайды, жігіттер, құр сөз ас болмас. Сіздер күні бойы жол жүріп, шаршаған боларсыздар? Деп сұрады қожайын. – Шай қояйын ба, әлде аздап шараптан көреміз бе? Егер ішкілеріңіз келсе, ұялмаңыздар, күштірегі де табылады. Мархабат. Мен де аздап дем алайын. Не істейміз, Зейнолла Сайдашұлы?

- Рахмет, Илларион Зотович. Құдай үшін, ештеңеге әуре болмаңыз, бізге ешнәрсеңің керегі жоқ. Үйренген адамдармыз!

- Капитан столдан бір журнал алып, парақтай бастады. – Өзіңіз білесіз ғой, жұмыс бабымен жолға шыққанша жүгіріс те, жүгіріс... Шаруадан шаруа...

- Әрине, түсінемін, неге түсінбейін. Сондай жолсапарлар өзімді де қажытып жүр.

- Сізді беймезгіл мазаладық қой деймін. Степа келісімен жолға шығамыз.

- Келеді, Степа – ұқыпты адам, - үй иесі мазасызданудың жөні жоқтығын байқатты.

- Ұқыпты дейсіз ә ... Ал егер жолшыбай бір ресторанға кіріп кетсе ше, Зейнолла көзін сығырайтып, таңдайын тақ еткізді. – Онда біздің сарғая күтуімізге тура келеді ғой.

- Сіздер оны білмейтін болып шықтыңыздар ғой, - деп іліп әкетті үй иесі, бұл кезде Зейнолланың ойына: «Құрыдық!» деген ой сап ете қалды. Бірақ үй иесі ештеңе болмағандай, өз ойын жалғастыра түсті. – Мен оны өзімнің бес саусағымдай білемін. Бір кезде ажырамас дос едік. «Буревестник» футбол командасында, мен университеттен, ол – авиация институтынан, нағыз нәтижелі ойыншылар болғанбыз. – Головин естелік айта бастады. – Ех, жас кезімізде біз қандай едік! Қанша футбол добын тоздырғанымызды біреу санаса ғой. Ол – орталықтан шығатын басты шабуылшының бірі болатын. Сондай епті,

алдампаз, жылпың! Оның қосымша аты – жарқанат. Мүмкін байқаған шығарсыздар, Степанның құлағы үлкен, кішкене қалқиыңқырап, ұштары жарқанаттың құлағындай сүйірлене түскен. Соның өзі студенттер үшін қалжыңдауға жетіп жатыр еді. Мүмкін оның ширақтығын да ескерген болар. Степа ойын алаңында ешкімге берілмейтін, оны ешкім қуып жете алмаушы еді. Негізі бар ғой, ол өзінің осы ерекшелігін әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ. Мұны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Мен қорғаушы болдым. Ол жылдары Қазанда «Буревестникті» білмейтін жан болмайтын. Екі жылдан соң Степа футболды тастап кетті. Сирек болғанмен де анда-санда кездесіп тұрамыз. Оған Қазанда көңілінен шығарлық жұмыс табылмады да, Чалташқа кетіп қалды. Сіздердің қалаларыңыз оған ұнаған болуы керек, әйтеуір тұрақтады ғой. Осыдан сегіз ай бұрын бір қоштасқан едік. Міне, тағы да мына сіздер сияқты, кенеттен жетіп келді. Амандаса салды да, бір жаққа жатты. Кетіп бара жатып: «Гуд бай, екі сағаттан соң күт!» - деді.

- Илларион Зотович, сіз қазір де, жас кезіңіздегідей, тамаша қорғаушы екенсіз. Сізбен досыңыз туралы сөйлесу өте хауіпті сияқты.

- Қорғаушы туралы, Зейнолла Сайдашұлы, сіз әсірелеп жібердіңіз. Сөз орайына қарай айта кетейін, Степанға ешқандай қорғаушының қажеті жоқ. Ол өте бірбеткей. Негізі бірбеткейлік кімде жоқ дейсіз! Степан өзгелерден артық болу үшін жанын беруге бар. Сән қуғанды ұнатады. Басы жақсы жұмыс істейді. Қолынан келмейтіні жоқ. Қазір ол Чалташта қалай жұмыс істеп жүр? Сондай шығар?

Сөйлесіп отырған адамның өзін мақұлдайтындығын байқаған ұй иесі Зейноллаға тіке сұрақ қойды. Анау болса өзін екі оттың ортасында қалғандай сезінді. Дегенмен де ол сұраққа мән бермей, жауапсыз қалдыруды жөн таппады:

- Адам үшін қандай айырма бар, Илларион Зотович. Чалташ не, Қазан не, бәрі бір емес пе?

- Солай екені рас, әрине.

- Сіз оның тек «беспен» оқыған деп мақтайсыз. Ал, Зайцев бізге авиация институтын тастап кеткенін айтып мақтанған.

- Міне, міне, сөз орайы жаңа келді, - Головин бұрынғыдан да жігерлене түсті. – Сонша екі жыл оқыған соң біздің футболшы жігітіміз сіресті де қалды. Тура текеше тіресіп алды деуге болады! Сөйтіп, оқуын тастап кетті. Содан соң бәрін тастады – институтты да, футболды да. Істемеген жері қалмады. Сондай білімді еді, бірақ спортқа оралған жоқ. Дегенмен өзі ұмытпайды, іштей толғанып, кездесіп қалсақ футбол туралы сөз қозғайтын. Өмірдің өзі солай ғой: қолда барда – қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң – өкінішті. Өткен іске енді не істей аларсың. Қай жерде не жоғалтып алғаныңды, қай жерде не тауып аларыңды білмейді екенсің дейтін Степа. Бірақ мұның барлығы бос пәлсапа ғой.

«Біз де сондай бос пәлсапамен бас қатырып жүрген жоқпыз ба?» - деген ой Зейнолланы оттай қарып өтті. Қол қусырып қарап отырғанмен іс біте ме! Бірдеңе істеу керек...

- А, Коля, сен шаршаған жоқсың ба? – деп үй иесі бір теріс қараған сәтте Зейнолла журнал парақтап отырған инспекторды өзіне назар аудартып, қожайынға естірте: - Степанның бір жерде сыра сыңғытып отырғанын ішім сезеді. Біз болсақ командировкамыздың санаулы сағаттарын текке өлтіріп отырмыз. Не істейміз, Коля?

Милиция лейтенанты бұл сұрақтың астарында не барын түсініп, не істеуді білмеген кісіше иығын қушитты.

Головин бұл жолы да әңгімеден сырт қалған жоқ:

- Степанды сыртынан ғайбаттамаңдар, жігіттер! Ол ішкенді ұнататын жігіт емес. - Өйткені оның мынадай қайырымды, ақкөңіл жігіттерді жібергісі келмей отыр еді,

сондықтан да ол бұларға көмектескісі келді: - Ол мұнда міндетті түрде келеді.

- Егер келсе – жақсы, - не істерін білмеген Зейнолла орнынан тұрды. – Егер онымен жолықпай кетсек, - деп капитан қолымен мойнын айналдыра қимыл жасады да, төбені көрсетті. – Басымызды алады.

Ғалымның жүзіне күлкі жүгірді.

- Келеді ол, сөзсіз келеді. Келмеуі мүмкін емес – мұнда оның қағаздары қалған.

Мына сөздер Зейноллаға серіппемен соққандай әсер етті:

- Портфелімен бе? – Капитан өзіне-өзі ие бола алмай қалғандай болды, тіпті дауысы да өзгеріп кетті.

- Иә, портфелімен, - деді пәтер иесі көзілдірігін түзетіп қойып. – Оған таңданатын не бар?

Капитан, жетер енді осы артист болғаның, үй иесі алдында құпияны ашатын уақыт жетті, әйтпесе істің шиі шығуы мүмкін.

- Қымбатты Илларион Зотович, мен заң қызметкерімін дедім ғой, милицияда қызмет етемін, капитан Сайдашевпін. Міне, менің куәлігім, - деп ол үй иесіне өзінің куәлігін көрсетті.

Жеке бас документінің қызыл тысына көз қадаған Головин бірден өзіне-өзі келді.

- Милициядан? Жарайды, жақсы! Яғни, менің милициям, менің қорғаушым. Негізі бар ғой, мен бірден сезгем.

Соңғы сөздерді үй иесі сондай бір қанағаттанғандық сезімін айтты. Бұл әңгіме кезінде өзара орнаған достық көпірін нығайта түседі.

- Илларион Зотович, бұл жерде егер сіздің милиция майоры болғанда, ол да бізді дұрыс түсінер еді. Өйткені, барлық жөнімен танысудың реті болмады. Илларион Зотович, сіздер – ғалымдар ғылыми эксперимент дұрыс болып шықса да, ешқашан асықпайсыздар ғой. Болжамды аксиомаға есептемейсіздер, дәлелденбеген қағиданы

ғылыми ашылымға жатқызбайсыздар. Әрбір ашылымға үлкен сақтықпен келесіздер. Біздің де жағдайымыз соған ұқсас. Солай ма, Илларион Зотович?

- Дұрыс, Зейнолла Сайдашұлы, сізбен танысқанымға қуаныштымын. Шын жүректен айтып тұрмын.

Мырс етіп күлген Зейнолла оған қолын ұсынды:

- Бесті әкеліңіз, жақсы сөз үшін қолыңызды қысайын!

- Рахмет, жігіттер! Сіздердің істеріңіз қандай еді? – деп сұрады қожайын мейірімді дауыспен.

- Біздің шаруамыз аса күрделі, Илларион Зотович. Кім келсе де, есікті сіз ашасыз. Бұл – бірінші. Телефон соққан адамға да сіз жауап бересіз. Біз туралы жақ ашпайсыз! Тіпті Зайцевке де! Бұл – екінші. Осы жерде біздің ресми тексеру жүргізуіміз керек, сондықтан да сізді аздап әуреге салуға тура келеді – бұл үшінші. Егер бізге телефоныңызды пайдалануға рұқсат етсеңіз, әзірше бізге осы да жеткілікті.

- Ресми іс солай талап ететін болса, мен оған қалай қарсы бола аламын, - үй иесі сыртқы есіктің сол жақ қабырға жағында тұрған шифонерге қарай иек қақты. – Портфельді соған қойған. Керек болса, алуларыңызға болады, - оның дауысы шынайы шықты. – Мен сіздерге сенемін.

- Илларион Зотович, біз екеуіміз де милиция офицерлеріміз, сондықтан да портфельді ол жерден алып шығуға, оны қосымша куәгерлерсіз тексеруге қақымыз жоқ. Ресми қаулы жазып болғанша инспектор бөгде екі адам шақырады, олар қосымша куәгерлер ретінде қатысатын болады, - деп серігіне иек қақты. – Портфельді сол кезде көрсетеміз. Қазір сарапшы-криминалист келеді. – Сайдашев телефонға келді де, қажетті номерді теріп, министрлікпен жалғасты. Екі-үш сөзбен жаңалықты түсіндірді.

Үй иесіне әлі де түсініксіздеу болды:

- Зейнолла Сайдашұлы, сонда барлық гәп осы портфельде болғаны ма?

- Иә, Илларион Зотович, әзірше дәл солай.

- Ал оның ішінде соншама не пәле бар? Жарылғыш зат па, әлде тағы бірдеңе ме?

- Оның ішінде одан да сұмдық бірдеңе болуы мүмкін.

- Ә, керемет-ай, ә! Бұл не болды екен.

- Әзірше оны айту қиын, Илларион Зотович.

Сарапшылар келген кезде қосымша куәгерлер де осында болатын.

- Шақырылған адамдардың бәрі жиналды, жолдас капитан, магнитофон қосылды, - деп хабарлады инспектор Коля, байқау протоколын жазуға дайындалып болып.

- Жақсы, - деді мұны байқаған Сайдашев, өзі іске кірісіп кетті. - Жолдас Головин, Зайцев тастап кеткен портфель қай жерде?

- Анау жерде, - деді үй иесі қолымен шифоньерді көрсетіп. - Алып шығайын ба?

- Рахмет, Илларион Зотович, - деп тоқтатты капитан оны.

- Асықпаңыз! Айтыңызшы, соңғы рет шифоньерді кім ашып-жапты?

- Зайцев ашқан, соның өзі қайта жапты.

- Одан кейін шифоньерге ешкім соқтыққан жоқ па?

- Жоқ, әрине.

- Жақсы, - деді капитан өзінің аспаптарын дайындап жатқан сарапшыға бұрылып: - Жолдас сарапшы, шифоньердің ішіндегі және сыртындағы саусақ дақтарын тексеріңіз. Егер тапсаңыз, фотосуретке түсіріңіз және жабысқақ қағазға көшіріп алыңыз.

Шифоньердегі саусақ дақтарын тексеріп болған соң сарапшылар портфельді қарауға кірісті. Бір кезде аға сарапшы сөйлеп кетті:

- Портфельде, оның қолдауында, белдігінде - барлығы бес жерде саусақ дақтары бар, бірақ олар айқын

емес, трассологиялық сарап үшін жарамсыз. Портфельдің темір құлыбында саусақ ұшының іздері қалған. Бұлар зерттеу жүргізуге жарамды болғандықтан, оларды жабысқақ қағазға көшіріп алдық.

- Рахмет! Енді портфельді ашыңыз, - деді сарапшыларға. – Биялай киюді ұмытпаңыздар!

Венгер портфелінің екі құлыбы да жабық екен. Бірақ бұл сарапшыларды тандандырған жоқ. Жас сарапшы кішкене шабаданнан бір топ кілт алып, аға сарапшыға берді. Ол портфельді ашқан кезде, Зейнолла жас балаша айқай салды:

- Міне, іздегеніміз қайдан шықты! - Портфельдің ішінде өздері қаншама уақыттан бері бүкіл қаладан іздеп жүрген мемлекет ақшасы жатыр еді. Ең үстінде жап-жасыл елу сомдықтар мен қызғылт жүз сомдықтары бар мөлдір целлофан қалта. Оның астында буылған әр түрлі ақшалар бар екі қорапша жатқан болатын. Тура Нина Игнатюктің айтқанындай.

Телефонның құлағы Зейнолланың қолына көшті:

- Зарьянов па?... Жолдас подполковник! Баяндап тұрған капитан Сайдашев. Ақшасы бар портфель табылды. Көмекке кісі, ал ақшаға кассир жіберіңіздер. Чалташқа телефон соғып, Ибраимовқа хабарлаңыздар...

Ақша табылған соң жұмыс қыза түсті.

Сасқалақтап, есі шығып кеткен үй иесіне капитан:

- Илларион Зотович, бізге шай демдемес пе екенсіз, - деді.

Келісе бас ізеген Головин ас бөлмеге кетті.

Ас бөлмесі де басқа бөлмелер сияқты кең, таза екен. Онда жып-жылтыр, айнадай стол, үш орындық, қабырға жақта шкаф пен тоңазытқыш – барлығы өз орынды-орындарында. Басы артық ештеңе жоқ, бір қылтанақ көрінбейді. Үй иесі шкафтан екі литрлік эмальданған шәйнек алып шығып, су толтырып, газ пешке қойды да, астын жақты. Головиннің өзі де от үстінде тұрғандай сезінуде. Шай қайнатып емес, оның өзін күйдіріп

жатқандай. Ол – Зайцевтің ескі досы. Он тоғыз жыл бұрын футболда танысқан. Бұрын ол Зайцевті футболшы және авиация институтының студенті ретінде білетін. Ал, бүгін ол туралы не біледі? Чалташта тұратындығын, бір үлкен тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бастығының орынбасары екендігін бе? Сөзшең, көп нәрсені білетін, қажыр-қайраты мол Зайцев әрбір кездескен сайын Головиндер үйіне көңілді әңгімелер минуттарын әкеліп, өзінен соң ілтипатты әсер қалдыратын. Ал, бүгінгі кездесу туралы не айтуға болады? Мұның үйіндегі сырға толы бұл не портфель болды екен? Оның ішінен шыққан ақша милиция үшін неліктен қопарғыш заттан да қауіпті болып тұр? Жүздеген танысы бола тұрып, Зайцев оны неге мұнда қалдырып кетті? Тоқта, тоқта мұндай ірі ақшаның тек ең жақын досына ғана сеніп қалдырасың ғой. Яғни, Зайцев оған сенген. Степанның бұдан да сенімді достары мен таныстары, туыстары бар ғой. Сенсін-ақ дейік. Сонда сенімді досынан сырды неге жасырған? Әлде қорықты ма? Неге қорықты? Осының артында бір жасырын сыр бар екені сөзсіз.

Милиция капитаны немқұрайды түрмен терезеден қарап тұр. Бірақ Головин бұлай ұзақ үнсіз тұра алмады, өйткені оның көкейіндегі алаңдатып тұрған ойлардан арылу керек еді.

- Зейнолла Сайдашевич, осының барлығын қалай түсінуге болады?

- Сіз ештеңе білгем жоқ дегіңіз келіп тұр ғой? Капитан бұрылып, үй иесіне тесіле қарады. – Мұндай байлықты ескертусіз қалдырып кету қиын шығар. Егер кенеттен Зайцев жетіп келіп, сіздің қолхатыңызды көрсетіп, ақшаны талап етсе ше?

- Қандай қолхат! Кірді де, сәлемдесті, өзі сол жақ жағын ұстап тұр. Тісім қақсап барады деді. Стоматологиялық емхананың адресін айтқаным сол-ақ, бірден тұра жөнелді. Жалт етті де, жоқ болды! «Екі сағаттан соң күт», - деді. Портфель шифоньерде қойған бетінде тұр.

- Не десеңіз де, нағыз дос бұлай істемейді.

- Олай деменіз, Зейнолла Сайдашұлы, адамның өмірінде әр түрлі сәттер бола береді, - Головин капитанмен келіспеді. – Мен болсам құдайдың күдіреті, Степан Григорьевичке бір хауіп төніп, сіздер оны содан қорғайын деп жүр екен деп қалдым.

- Ұрланған байлық екі есе хауіпті, Илларион Зотович. Оның үстіне қылмыскердің қолында болса!

- Қандай ол қылмыскер! Бос әуре ғой.

- Түсінікті, Илларион Зотович! Сіз өзіңіз кристалдай таза болған соң, басқалар туралы да тек жақсылық ойлауға әдеттенгенсіз ғой. – Головиннің теріс түсінігін сейілту үшін Сайдашев кассаның тоналғаны жайлы жалпылама айтып шықты. – Біздің өтінішімізді тыңдаңыз. Әзірше жолдастар ақшаны санап жатқанда сізге бұл туралы не белгілі екенін қағазға түсіріңіз. Сөздің іске тігілмейтінін өзіңіз де білесіз ғой. Куә ретінде сіздің әңгімеңіз қылмысты іске тіркелетін болады. – Сайдашев протокол бланкасын алып, Головинге ұсынды.

Үй иесі қалтасынан автоқаламын суырып, көрген-білгені туралы толық жазып шығу үшін ыңғайланып отырды.

Х Х Х

- Ақшаны есептеп болдық, - деді инспектор Коля стол үстіндегі үйіліп жатқан ақшаны нұсқап. – Қырық екі мың жүз тоқсан бір сом! Көрдiңiздер, санадыңыздар, ендi қол қойыңыздар.

Әрiптестерi протокол жазып жатқан кезде Зейнолла ойша санап үлгердi. Егер әрбiр ауданда, Чалташтағы сияқты, тек қырық жетi мың сом ұрланатын болса, онда бүкiл Татарстанда екi жүз алпыс екi мың сом жоғалады! Ал РСФСР бойынша есептесе үш жүз миллионнан асып кетедi. Ал, егер бүкiл елiмiз бойынша ше! Мемлекетке қаншама шығын! Окiнiшке қарай, мұндай жағдайда барлық пәленiң басшысы ақша деп тегiн айтылмаған ғой.

Еңбек адамы осыншама ақшаға ие болуы үшін жылдар бойы көмір қазып, шойын мен болат балқытуы, астық орып, мал өсіруі, қаншама тер төгуі қажет! Қоғамның халық арасындағы осындай азғындары үшін бір қарманып қалса жетіп жатыр. Ақылға сыймайтын нәрсе! Қалған 3200 сомды қайда жіберді екен? Бір тиыннан қалдырмай табу керек!

Министрлікке телефон шалып, капитан жұмыс нәтижесін қысқа ғана хабарлады, алдағы іс-қимылды ақылдасты.

Телефон құлағын орнына қойған соң Зейнолла қарауға және ақша санауға қатысқандарға рахмет айтып, алынған ақша мен заттарды қаттап, министрлікке жөнелтті. Ал қосымша куәгерлердің кішкене бөгеле тұруын өтінді.

- Көрдiңiз бе, Илларион Зотович, - Сайдашев Головиннiң жанына тақады. - Бiздiң Зайцев келгенше отыра тұруымызға тура келедi, - дедi сағатына қарап. - Қазiр кешкi сағат сегiзге сегiз минут бар. Яғни, оның келуiне тура жиырма бiр минут уақыт қалды. Сiз қарсы емессiз бе, Илларион Зотович?

Головин иығын қушитты да, ойын-шыны аралас:

- Бұған дейiн мен қонақты милициямен қарсы алып көрген жоқ едiм. Яғни, мұныңыз тұзақ қой. Тұзақ құрғыңыз келдi ғой. Керек болған екен, солай iстеу керек. Ғажап iс болды бұл.

Тоспа қоймақ болғанда Зейнолла мұндай портфельге мән бермеуi мүмкiн емес деген қарапайым логикаға сүйенген. Бұл пәтердiң уақытша тұрақ болатындығына ол шәк келтiрген жоқ. Сондықтан да ол бұдан да сенiмдi орын iздеп тапқан соң, Головинге қайта келдi. Уақытты белгiлеп кетуi тегiн емес. Осылай ойлаған Сайдашев қарулы тонауға қатысқан екi адам – Матусов пен Зайцев деп жорамал жасады. Соңғысы әлi бостандықта жүр. Халықта: «Ұсталмаған – ұры емес», - деген сөз бар. Ендi оны ұстау, қолға түсiру керек. Оның ең оңай, әрi бiрден-

бір жолы – тоспа қою. Отыр да күт – Зайцевтің өзі келіп қолға түседі. Әрі үй иесі де келісіп отыр.

- Рахмет, Илларион Зотович. Егер телефон соғатын болса, бұрын келіскеніміздей құлағын сіз көтересіз. Телефонға уақытша магнитофон жалғаймыз. – Капитан инспекторға жұмысқа кіріс деген белгімен иек қақты. Лейтенант таспаға дыбыс жазатын қондырғыны қас қағым сәтте жалғай қойды.

Сайдашев сөзін сабақтай түсті.

- Кім телефон соқса да, біз туралы жақ ашпайсыз! Тек министрліктен телефон соқса ғана, бізді шақырыңыз. Есікті де сіздің ашуыңызға тура келеді. Илларион Зотович, айтып тұрғандарым сізге түсінікті ме?

- Менің өзім де жаңа рольге үйреніп келе жатқан сияқтымын, - деп үй иесі көңілсіз күлді.

Кенеттен шыр ете қалған қоңыраудан Головин селк ете түсті де, телефонға жармасты.

- Иә, Степа, мен ғой.

Сайдашев мысықтай ептілікпен үй иесінің жанына жетіп келіп, магнитофонның түймесін ақырын баса қойды. Столдан қағаз алып, жазуға дайындалды.

- Тыңдап тұрмын, Степа. Жоқ, ешқандай өзгеріс жоқ.

Портфельді қалдырасың ба? Өзің біл. Ішінде бүлініп кететін ештеңе жоқ па еді? Иә, олай болса, тұра берсін. Ешкім соқтықпайды, оған алаң болма. Неше күнге? Екі-үш апта дейсің бе? Үш жыл болсын бәрібір.

Жанында тұрған капитан: «Қайдан телефон соғып тұр екен» деп жаза қойды да қожайынға көрсетті. Бірақ кеш еді. Бірдеңе сұрамақ тұрсын Головин өзінің әдеттегі «Гуд бай» дегенін де айта алмай қалды. Әңгіме қалай кенеттен басталса, солай кенет үзілді де қалды. Сасқалақтап қалған үй иесі телефон құлағын орнына қоя бергенде, оны капитан тоқтатты:

- Орнына қоймаңыз! – деді де трубканы столға ептеп жатқызып, микрофонды өшірді. Содан соң: - Қайдан

телефон соғыпты?.. Айтқан жоқ па?.. Көршілердің қайсысында телефон бар? – деп сұрады.

- Он екінші пәтерде.

- Телефонға соқтықпаңыздар! Мен келгенше! – Капитан жып-жылдам шығып кетті де, он екінші пәтерден министрлікке не болғанын хабарлады. Олар телефонның жанынан алыс кетпеуді тапсырды. Ол телефонның жанына отырып алып, шатысқан ойларын тарқата бастады.

Иә, Зайцев дәл уақытпен жүргенді ұнатады екен. Сақтанатын сияқты. Таяу күндерде Головиннің үйіне бас сұқпайтыны белгілі. Неге бұлай болды? Болмаса бір қателік жіберіп, уақытынан бұрын үркітіп алды ма? Әлде бұлар базардағыдай шулап жүргенде көптің ішіне араласып кетіп, ізін жасырғанын білмей қалды ма?

Тіпті министрліктегі подполковник Зарьяновтың өзі де не болғанын дұрыстап түсіндіре алмады.

- Сенің өтінішіңді орындадық, - деді ол: - Телефон-автоматтан сөйлесіпті. Аэропорт маңы болуы керек. Лейтенант Шаріпов телефон соқты, - Рашит туралы айтып тұрғанын капитан біле қойды. – Сіздердің бақылауға алған адамдарыңыз Гагарин көшесіне оралды. Бірақ қайын енесінің үйіне кірген жоқ. Подъездің алдында біраз жүрді де, бірдеңе ұмытқан адамдай кері бұрылды. Гагарин мен Декабристер көшесінің қиылысындағы аэрофлот кассасына кірді. Кестені оқыды, одан соң кассадан шығып, өтіп бара жатқан адамды тоқтатты да, сәлемдесті. Ескі танысын кездестірген болуы керек, әңгіме үш минутқа созылды. Чалташтағы сауда және Машаның ауырғаны туралы сөз болды. Зайцев дереу өзгеріп, көңілденіп сала берді. Қайын енесінің үйіне барғанның орнына алғашқы тоқтаған троллейбусқа отырды да, қала орталығына қарай кетті. Өтіп бара жатқан «Москвичті» тоқтатқан Шәріпов оның соңына түсті. Куйбышев алаңында оның троллейбустан түскенін көрді. Бірақ бұл машинадан шыққанша ананың қарасы батыпты. Бұл осыдан он үш минут бұрын болған оқиға. Лейтенантқа аэропортқа баруға бұйрық берілді.

Оның көмекшісі Гагарин көшесінде қалды. Түсінікті ме? Жаңа бұйрықты тыңда. Әзірше Головинмен байланысты үзе тұр. Біздің телефонды қалдыр. Егер қажет болса, көп кешіктірмей бес-жиырма минуттан соң лейтенант екеуің аэропортта болындар. Кездесу орны – ресторан. Машина саған таныс, ол мүйісте күтіп тұрады. Қалғанын әзірше айту қиын, Зейнолла Сайдашұлы. Ол мүмкін бір құдайдың өзіне ғана белгілі шығар. Егер қажет деп тапсаң машинадағы рация арқылы байланысуыңа болады.

- Қырсыққанда – қымыран іриді! – Он екінші пәтерден шыққан капитан Головиндікіне қайта кірді.

14.

Ескі аэропортқа келген соң Сайдашев пен оның серігі Коляны жіңішке дәліз арқылы кішкене бөлмеге ертіп кірді. Оларды министрліктің бөлім бастығы қарсы алды. Бұл екеуіне де таныс милиция полковнигі еді. Киімдерін киініп, қолдарын жуып үлгерген жоқ, ұршықтай үйірілген даяшы қыз оларға ас алып келді. Подполковник Зарьяновтың оны неге мұнша асықтырғанын Зейнолла сонда ғана түсінді. Ас үстінде полковник алда тұрған жоспарды белгілей отырып, істің анық-танығын сұрап білді. Бұл бүкіл республикадағы өте сирек және аса хауіпті қылмыс болды. Қарулы шабуылға қатысқан бандылар тобының барлық мүшесін түгел қолға түсіру керек. Бірін қалдырмай! Соған сәйкес басқаларды да табу үшін Зайцевтің соңынан білдірмей бақылауды жалғастыра беруге шешім қабылданды. Шай ішіле бастағанда біреу есікті қақты.

- Бұл маған! – Полковник ұшып тұрып есік ашты.

Ұзын бойлы, аэрофлот формасын киген жігіт екен. Полковникке әлде не деп сыбырлады да, қайтадан шығып кетті. Бұл милиция лейтенанты Сазонов еді.

- Шәріпов бәрібір ізге түсіпті, Зайцевтің соңынан жасырын бақылауда, - деді полковник, өзінің масаттанғанын жасыра алмай. – Негізінен тіркеу бөлімі мен

байланыс бөлімшесінің арасында айналсоқтап жүргенге ұқсайды. Егер қажет болса, билетті тіркеп, сіздерді жөнелту Сазоновқа жүктелген. Оны екінші қабаттан табасыздар, бөлменің номері...

- Түсінікті, - деді Зейнолла, орнынан тұра беріп.

- Шагын ескерту, Зейнолла Сайдашұлы, сіз өзіңіздің Чалташтан екендігіңізді ұмытпаңыз – субъект танып қойып жүрмесін. Аздап болса да сырт пішініңізді өзгерттіңіз, - полковник оған қағазға ораулы кішкене бірдеңе ұсынды да, табыс тілеп, кетіп қалды.

Даяшыға рахметтерін айтып, милиция қызметкерлері ресторанды бөлмесінен бір-бірлеп шығып кетті.

Тор көзді қалпақ, қоңыр шынылы көзілдірік Зейноллаға басқаша түр берді. Аэропорт үйін айналып келіп, Сайдашев қызмет есігі арқылы залға өтті. Байланыс бөлімшесінен екі конверт және қағаз сатып алды да, ұзынша келген биік столдың жанына тұрып «хат жазуға» кірісті. Үш сөз жазды да, «ойланып» біраз тұрып, халық толы залға мағынасыз түрмен көз тастады. Ол Коляны бірден байқады. Инспектор билет тіркейтін жердегі кезекте тұр. Алдындағы екі еркекпен қызу сөзге кіріскен. Шәріпов те оңтайлы орын тауыпты: буфеттің есігіне сүйеніп тұрып, дүниедегінің барлығын ұмытқан адамдай балмұздақ қажалауда. Коляның да, Рашиттің де көзі бір нүктеге қадалады – почтаға қарсы қабырға жақта Степан Зайцев тұр еді. Ол жолаушылар кезегін сабырмен қадағалауда.

Капитан Зайцевті Головинмен еріксіз салыстырды. Илларион Зотович орта бойлы, кең иықты. Оның жүзі жылы, жарқын. Қозғалысы сабырлы, бір қалыпты. Өзін әдепті ұстайды. Степан Григорьевич ұзын бойлы, жіңішке, белі қыздың беліндей киылған, иығы қушық. Жүзі бұлтты күндей тұнжыр. Алға қарай шығыңқы сүйір иегі түсін суыта, өңін қатайта түскен. Головиннің әрбір сөзінен маңындағыларға деген риясыз көңіл, қамқор көзқарас сезіледі. Зайцевте басқаларға бұл етпейтін бет-әлпет,

өзімшіл менмендік бар. Ғалымның киімі қарапайым, бірақ тап-таза, өзіне жарасымды, жұмысқа ыңғайлы. Зайцев болса соңғы үлгінің «иісі аңқып тұрған», ине-жіптен жаңа шыққан киім киген. Басқалардан өзгешелігі, Головин айтқандай, қалқанқұлақ еді. Мұны құлағына түсіп тұрған шашы да, тап-таза қырылған беті мен жағы да жасыра алмай тұр. Егер де капитан Степан Григорьевичтің отыз тоғыз жасты өткерген, екі баланың әкесі екенінен хабардар болмағанда, ол мына «Донжуан» жігітті жиырма жетідегі бозбала деп ойлайтын еді.

Репродуктордан жиырма бір сағат қырық минутта Чалташқа ұшатын самолетке билет тіркеудің басталғанын хабарласымен кезек қозғалысқа түсті.

Зайцев өзгеріп сала берді. Кішкентай шабадан-дипломатты ала салып, кезекке келді. Самолетке отыруға талон алып шыққандарды тоқтатып, бірдеңе сұрай бастады. Біраз айналсоқтаған соң, іздегенін тапты. Билетін тіркетіп алған бір жас жігіт өзін шығарып салып тұрған қыздың жанына келді де, оны бауырына қысты. Қыз болса: «Ең болмаса тағы бір күн қалсаң етті» - деп тынбай жалынып тұрған сияқты. Зайцев дереу олардың жандарына жетіп келді де:

- Көмектес, бауырым! – деп қалтасынан алып шыққан жиырма бес сомдықты ұзын шашты жігітке тыққылап, жалына бастады: - Билетінді сатшы! Артығын қайтармай-ақ қой. Шешем өлім халінде, шешем! – Сөйтті де сиқыршыдай ептілікпен дипломаттан бір жарты арақ алып шығып, қызға берді: - Менің анашымның тез сауығуы үшін ішіндер! – Олар естерін жиғанша, билетті және самолетке отыруға рұқсат үшін берілген талонды ала салып, шығатын есікке қарай тұра жүгірді. Қыз қуанғанынан жігіттің мойнына асыла кетті. Анау қолын бұлғады. Жүре сүйіскен қыз бен жігіт вокзалдан шығып кетті.

Жолы болғанына қуанған Зайцев жолаушылардың арасында адымдай басып келе жатқан Рашит Шәріповті байқаған жоқ.

Осыдан барлығын сырттай бақылап тұрған Зейнолла тіпті не істерін білмей сасқалақтап қалды.

«Бұл не? Жасырынудың амалы ма? Мұндай ақшамен Зайцевті билет сатып ала алмады деп кім айтады. Иә, ізін түлкіше жасырды. Міне, оның фамилиясы Чалташтан ұшқан жолаушылардың ішінде қалайша болмай шықты! Иә, Зайцевте қулық та, ептілік те, өзінше шеберлік те – барлығы да жеткілікті еді. Өзгеруді білетін адам. Дәл аумаған жарқанат! Тура қазір ұстап, жауап алса ғой! Өйтуге болмайды, сайтан алғыр!» - Капитан ызасын зорға басты. Сазоновты іздеуге асықты.

Сол минутта оның өзі жетіп келді.

- Самолетпен бірге ұшыңыз, - деп ескертті Сазонов, билет пен талонды беріп жатып. – Артқы орындықтардың біріне отырғаныңыз дұрыс. Коляға Шәріповті алмастыру бұйырылды, ол Зайцевке таяу барып отырды. Рашит осында қалды. Чалташта қарсы алу – полковниктің өз жұмысы.

- Ол түсінікті, - деп жауап берді капитан мазасызданып, - билетінен айырылып қалған ұзын шашты бақбақтан жауап алуды ұмытпаңыздар. Шөлмек пен жиырма бес сомдықтағы саусақ дағы да есте болсын.

- Жақсы, Зейнолла Сайдашұлы. Қажетті шара қолданылады, - Сазонов ұшуға дайындалып тұрған әріптесінің көңілін жайландыруға тырысты.

Аэропорт рациясы да үн қатып, жолаушыларды самолетке шақырды.

Күш-қуатын алдағы уақытта жерде болатын іске сақтағандай Зайцев самолетте байсалды ұшты. Бірақ ол Чалташқа келісімен қайтадан «жарқанатқа» айналды. Жолаушылар есін жиып, біртіндеп орындарынан тұрғанша, Зайцев барлығын басып-озып, алға ұмтылды.

Бүгін Зайцев дүниедегі ең бақытты адамның бірі сияқты. Ол өзінің көптен бергі арманын жүзеге асырды. Енді ол ерікті адам! Өзін ғана емес, сол үшін ол өзінің балаларын да құрбан етуге бар.

«Бір іс бітті, - деп ойлады Зайцев қанағат сезіммен. - Енді мен воронеждік кешегі жалаңаяқ бала емеспін. Өзім - би, өзім - қожа, ешкімге тәуелсізбін!» Осындай ой жетегінде келе жатып, аэропорт аялдамасына қалай жеткенінде байқамай қалды. Ол өзінше басқалар сияқты шұбатылған кезекте итерісіп, газ иісі ішін сасытқан автобусқа отыратын жан емес деп санады. Сөйтті де жеңіл машиналарды көзімен шарлай бастады. Бір кезде жасыл шамы жылтыраған жеке тұрған таксиді байқап қалды. Шонжарларға тән мәнермен оң жақ есігін ашты да, асықпай «Волганың» алдыңғы орындығына отырды.

- Чалташқа, орталық ауруханаға! - деп бұйырды жүргізушіге.

Бірақ неге екені белгісіз таксист асықпады.

- Тағы да үш адам мінгіземін. Бос қарап тұрғаным үшін қалтамнан төлейтін байлығым тасып бара жатқан жоқ, - деді жүргізуші ашық тұрған терезеден сыздықтата түкіріп.

Бірақ Зайцев ойлануға мұрсат бермей:

- Ешкімнің керегі жоқ! - деді де жиырма бес сомдықты суырып алып, таксистің қолына ұстатты. - Мә, ұста! Егер тезірек жеткізсең, тағы да беремін.

Қомақты ақшаны көрген жігіт жұмсара түсті:

- Рахмет, құрметтім! - Ол ақшаны әмиянына салды да, Шімірікпестен жағымпаздана қалды. - Яғни, Чалташқа, орталық ауруханаға ғой!

Жүгіріп келген жолаушыларға қарамастан ол «Волганы» түзу жолға салды. Жолаушы тіктеніп отырды. Бет әлпетінде бұрынғысынша менсінбеушілік айқын сезіліп тұрды.

- Сірә, біреу емделіп жатыр-ау шамасы? - деп сұрады жүргізуші одан қаймықпай.

- Анам, - деп жауап берді жолаушы, суық қалпын өзгертпестен.

- Онда түсінікті, - деді таксист оның алаңдаушылығын түсініп, жанашырлық білдірген болып.

Жолаушының сөзге зауқы жоқ екендігі көрініп тұрғанымен, жүргізушінің тілі қышып отырған сияқты. Немқұрайды түрмен сұрақтар қоя бастады:

- Есіміңіз кім болады?

- Михаил Евграфович, - деп жауап берді жолаушы, ептеп қана көзінің қиығымен қарап қойып. Сөйтті де мырс етті: - Салтыков-Шедрин туралы естіп пе едің? Соны есіңе алсаң болды, менің атымды ұмытпайсың.

- Ол, анау әлгі, патша кезінде генерал болған ба?

- Аһа-һа-һа! – Жолаушы өзін-өзі тежей алмай қарқылдап кеп күлді. – Қалайша оның бір де бір кітабын оқымадың?

- Менің оқуға мүмкіндігім болмады ғой, - деді күрсініп таксист. – Алты класс қана бітірдім. Жетім өстім. Көрінгеннің үйінде жүрдім. Содан соң басталды ғой. Сотталдым. Кәмелетке жетпеген заң бұзушылардың тәрбиелейтін колонияда болдым. Мына дөңгелекті ұстауға үйреткен қайырымды жандарға рахмет! Иә, сайран салған уақытымыз болған! Ондай іс қазіргі әумесерлердің түсіне де кірмейді!

- Ренжіме, бауырым, - жолаушы таксисті арқасынан қақты да, жүргізушінің таблодағы аты-жөнін оқып алып, оған:

- Атың әдемі екен – Мансұр! Торға не үшін түсіп жүрсің деп сұрады.

- Ақымақ болдым! Ауылдағы дүкенді тонадық. Тынышталғанын. Болды, енді, мүлде ұмытылды деп ойлағанбыз. Бір күні ауданнан милиция жетіп келді де, отырғызып қойды. Жарты жылдан соң қалай тапқанын әлі күнге дейін түсінбеймін.

Әңгімелесіп келе жатып, жолдан қалай өтіп кеткенін де байқамай қалды. Мансұр машинаны шиқылдатып барып тоқтатты.

- Михаил Евграфович, орталық аурухана дегеніміз осы. Мен не істейін?

- Не істейтініңді қайтып келген соң айтамын. Ал қазір күте тұр, тынық.

- Көп күтемін бе?

- Оны айту қиын.

Жолаушы қолына дипломатын алып, шынылы есікке кіріп кеткен кезде. Таксист машинасын аурухананың бұрышын айналдыра шегіндіріп барды да, рацияның құлағын көтеріп, сөйлесе бастады:

- Полковник Хаernasовпен жалғастырыңыз. Жолдас полковник, баяндап тұрған кіші лейтенант Шахинұров. Сіз де естідіңіз бе? Рахмет, жолдас полковник. Қосымша нұсқау бола ма? Жақсы.

Жолаушы отыз екі минуттан соң оралды. Қолында сол кішкентай чемодан жылт-жылт етеді. Машинаға жып-жылдам отыра берді де:

- Аэропортқа! – деп бұрқ етті.

- Чалташтағы ма? – деп сұрады таксист әдейі дауыстап.

- Енді қай жердегі болушы еді? – деді жолаушы ашулы түрмен. Оның көңіл күйінің көтерілмей отырғаны сезіліп тұрды.

- Біздің машиналарды тіпті Бұғылма мен Мензелинскиге дейін де қуалайтынын қайтерсіз. Онда да аэродромдар бар, - деп нақтылап қойды аңқау таксист.

- Бұғылма! Оның маған қажеті қанша! Менің Қазанға, ертең таңертең Москвада болуым керек. Түсінесің бе мұны, Мансұр! Москваға!

- Айн момент, Михаил Евграфович, - таксист жылдамдықты үдетті, бірақ неге екені белгісіз, машинасын тар көшемен айналмалы жолға қарай бұрды.

Аэропортқа келген соң жолаушы қайтадан жиырма бес сомдық шығарып, жүргізушіге ұсынды.

- Мансұр маған Қазанға билет әкеп бер, - талап ете айтты.

- Е – е, бауырым, мені жұмыссыз қалдырайын дедің ғой, ә? Бізге машинаны кездейсоқ қалдыруға әсте болмайды. Әсіресе - түн мезгілінде!

- Адыра қалсын мұндай тәртібің! - Ашуға булыққан жолаушы есікті сарт еткізіп жапты да: - Күте тұр! – деді тістене сөйлеп.

Орындықта жатқан дипломатты көрген таксист оған айқай салды:

- Білем, білім, - деді жолаушы немқұрайды, тіпті бұрылмастан. – Айтылды ма – күт!

Бұл жолы да рация дұрыс жұмыс істеген сияқты болды.

Таксист самолетке шығарып салған жолаушыны басқышқа жете бере кенеттен екі адам ұстап алды. Мына мықты жігіттер де, олардың артында аэропорт кезекшісімен бірге тұрған милиционер де, барлығы да таныс емес еді. Яғни, ешкім де қалжыңдап тұрған жоқ. Мұның кірпік ілмегеніне екі тәулік болған еді. Сондықтан да мас екен деп қалуы мүмкін ғой.

- Сіздің бұларыңыз не?! Мен мас емеспін! – Ол қарсылық көрсетіп, бөтен адамдардың құрсауынан құтылмаққа жанталасты.

- Мен – милиция капитаны Сайдашевпін! Сіз ұсталдыңыз!

- Неге? Не үшін? – Жолаушы бұрқан-тарқан бола түсті.

- Ұшу ережесін өрескел бұзғаныңыз үшін, - деп түсіндірді оған капитан сыпайылап қана. – Билетті кассаға соқпай, артық бағамен елдің қолынан алғаныңыз үшін.

- Қанша төлеу – менің өз еркім! Өз ақшама ұшып бара жатырмын! – Босанып шығу үшін жолаушы барлық күшімен жұлқынды, бірақ ештеңе шықпады.

- Қараңғыда көлеңкенді көре алмайсың, - деп жекірді капитан. - Чемоданды самолетке неге байқатпай алып бара жатырсыз? Оны неге арнаулы тексерістен өткізбедіңіз?

Жолаушы тісін шықыратты:

- Чемодан? Бұл менің дипломатым ба? - Ол чемоданды әртаман лақтырып тастамақ болып еді, Коля ұстай алды.

- Жарайды, Зайцев! - Милиция капитаны оның фамилиясын бірінші рет атады. - Авиабилеттің, чемоданның кімдікі екенін, Степан Григорьевич, тергеушіге айтарсыз.

Мұны естіген жолаушы сылқ етіп сабасына түсіп, күтіп тұрған қызыл жолақты машинаға ешқандай қарсылықсыз жайғасты.

Х Х Х

Аэропорттағы уәде бойынша әңгіме көп ұзамай жалғасын тапты, өйткені милиция қызметінің ерекшелігінің өзі осында болатын.

Кассаны тонау жөніндегі қылмысты істі тергеу кезінде тергеушінің де, милицияның да сан рет астыртын жұмыс істеуіне тура келеді. Қандай қылмыскер болсын ол өзінің жағасынан алғанша күтіп отырмайды. Ол көрінбейтін елеске айналып, із-түзсіз жоғалып кеткісі келіп тұрады. Ізін шиырлап, тергеуді шатыстыру үшін неше қилы әдістер қолданады. Қандай сұрақ - сондай жауап дегендей, тергеушілер де қарап отырмайды, көрінбейтін тұзағын құрып тастайды.

Күдікті адамды бақылау жөнінде майор Трофимов пен капитан Сайдашевке берілген тапсырма нәтижелі болды. Милицияның тындырымды жұмысының арқасында тергеуші Ибрагимовтың кабинетіндегі шқап, стол тартпасы және сейф күн сайын жаңа куәлардан жауап алған, беттестірген протоколдарға, тізімдерге, фото-документтерге, бас жұмысқа, ревизия және тексеру актілеріне, сот-бухгалтериясының, сот-трассологиясының,

сот-жазу қолтанбасының және басқа сарапшылардың қорытындысына, химиялық дәрі-дәрмекке, портфельге, сөмкелерге, чемодандарға, түсірілген киноленталарға, тағы сол сияқты жалпы жиынтығында нақты адамдардың қылмысқа қатысты екенін дәлелдейтін, тура бұлтартпай дәлелдейтін көптеген заттарға толып кетті.

Бұдан соң да тергеу бұрынғысынша бір сағатқа да баяулаған жоқ.

Міне, бүгін де капитан Сайдашев Қазанға барған кезекті сапардан соң тергеушіге чемоданмен, авиабилеттермен және Зайцевтің қалтасынан табылған ақшамен бірге сарапшының қорытындысын әкелді.

- Мә, Ғайнан, саған тағы бір түйін, тарқатып көр.

- Рахмет, Зейнолла! – Тергеуші оң қолын капитанның иығына салды. Сен болмағанда қайтер едім!

- Е-е, кәрі түлкі! Бізден оп-оңай құтылып кетемін деп ойлайсың, ә? - деп әзілдеді Зейнолла.

Ұйқысыз түндер мен қарбалас күндер артта қалған капитанның көңіл күйі көтеріңкі еді.

- Иә, солай! – Ибрагимов та күліп жіберді. – Сөзімнен ұсталдым. Келістік! Тамақ жібітерің болады. Дегенмен моншаны сенің жағуыңа тура келеді. Иван Ивановичке менің өтіне күтетінімді жеткізерсің. Есінде болсын, дәл бүгін жеткіз! – деп қоштасып тұрып, Сайдашевтің есіне тағы салды. Капитан сеңнің қозғалғанын, шешуші сағаттың соққанын іштей түсінді.

Сайдашевті шығарып салған соң тергеуші телефон соқты:

- Ұсталған Зайцевті әкеліңіздер! Шақырылған адамдар дайын отырсын.

Бір минут та өтпей Зайцевті алып кірді. Оның ызалы көздері тергеушіні тесіп барады. Ибрагимов өзін таныстырып, күдікті адамды магнитофон таспасына жазылатын жауап алу үшін шақырылғанын айтып, процессуалдық құқын түсіндірді. Одан соң протоколға қол қоюын өтінді. Зайцевтің қолға түскен кездегі буырқанған ашу-ызасы

басыла түсті. Сондықтан да негізгі мәселе бойынша әңгімеге көшу қиын емес еді.

Ибрагимов столдан ұсталған кезде Зайцевтан алынған авиа билетті суырды:

- Сізден алынды ма?
- Иә, менен алынды.
- Зиновьевтің билеті сізде қайдан жүр?
- Кассада билет болмады ма, қолдан алуға тура келді.
- Қаншаға алдыңыз?
- Белгіленген бағасына – сегіз сомаға.

Тергеуші түймешекті басып қалды да, Зиновьевті алдырып, оған:

- Сіз мына кісіні білесіз бе? - деп сұрақ қойды.
- Жоқ, білмеймін! Бір-ақ рет авиабилетті сатқан кезде көрдім. Жалынып-жалпайып сұрады.

- Қаншаға саттыңыз?

- Ол менің қолыма жиырма бес сомдықты ұстата салды да, жер жұтқандай жоқ болды. Ол ақша милицияда.

Куәнің шыға тұруын өтінді.

- Степан Григорьевич, тек шындықты ғана айтуыңыз керек.

- Ештеңе есімде жоқ, ұмытып қалдым.

- Аэрофлот заңын неге бұзасыз?

- Қызым Қазанда ауруханада жатыр, соған асықтым.

Тергеуші қоңыраудың түймешегіне қайта қол созды.

Зайцевтің қызын Қазаннан алдыртып, педагогтың қатысуымен жауап алынған болатын. Бұл жолы оны бір ғана сөз сұрау үшін шақыртты.

- Маша, сен ауруханда жаттың ба?

- Жо – о – оқ, - деді қыз созылта, біресе әкесіне, біресе тергеушіге түк түсінбеген түрмен қарап.

Зайцев атып тұрмақ болып еді, тергеуші қолын көтеріп, белгі берді.

Былай қарағанда онша қиындығы жоқ психологиялық тәсілді Ибрагимов өз тәжірибесі бойынша қолданды. Осының барлығы тергеудегі адамның күтпеген

жағдайға, күдіктінің тергеушіде әлі қосымша айғақтар бар екенін білмейтіндігіне есептелген.

- Бір билет үшін ғана семьямызды бұзбақсыз ғой... – деп мінгірледі Зайцев.

Қоңырау түймешегі қайта басылды. Есіктен анау, Қазан аэропортында билетінен айырылып қалған ұзын шашты жігіт кіріп келді.

Оны көрген Зайцев аздап өзгере түсті де, қайтадан өзіне-өзі келді.

- Сіз өз билетіңізді кімге саттыңыз?

- Мына сылқым менен жұлып әкеткен, - ұзын шашты Зайцевке өшіккен түрмен қарады.

- Қанша төледі?

- Жиырма бес сом, тағы бір жарты.

- Негізі, Зайцев, сіз сөзіңізден ұсталдыңыз – сіз бір ғана жағдай туралы айттыңыз.

Тергеуші тынбай шабуыл үстінде. Қосымша куәгерлерді шақырды.

- Мына чемодан кімдікі? – деп сұрады ол дипломатты стол үстіне қойып.

- Білмеймін, - деді Зайцев бет-ауызын тыжырып.

- Бұл мына сылқымның чемоданы! – Ол арақты соның ішінен алып берген, - деді ұзын шашты тістене сөйлеп.

- Келесі куә шақырылады.

- Михаил Евграфович! – Таксист Шахинуров ескі таныс жолаушысымен кездескенге қуанып қалған сияқты болды. – Бұл сіздің чемоданыңыз ғой, солай емес пе? Тамаша дипломат!

- Ауруханаға келгенде мына азаматтың қолында осы чемодан болған, - деп қостады аурухананың түнгі күзетшісі де.

- Чемоданның төрт жерінде сіздің саусағыңыздың таңбасы қалған екен, егер оған көз жеткізгіңіз келсе, мына айғақпен танысуыңызға болады, - тергеуші Зайцевке сот-

трассологиялық сараптың қорытындысы мен саусак бедерінің фотосуретін ұсынды.

- Осының барлығының керегі не? – Зайцев түгелінен үзілді-кесілді бас тартты. – Чемодан ұстаған адамды соттасын деген заң бар ма екен?

- Менің түсінуімше сіз чемоданның өзіңіздікі екенін мақұлдайсыз ғой. Ал оның ішінен шыққан бір шөлмек грузин коньягі кімдікі?

Зайцев орнынан ара шыққандай атып тұрды:

- Бұл – алдау! Не айтарыңызды біліп алыңыз! – Ашуға булығы бастады.

Зайцев сабасына түсе бастаған кезде Ибрагимов оң жақ жәшіктен мөр соғылып, расталған қағаздар алып шықты:

- Бұл Зайцев, сіздің назарыңызға салынатын сараптың ресми қорытындысы, коньягі бар шөлмекте де және тығынында да сіздің оң қолыңыздың саусак таңбаларының қалғанын растайды.

- Бос сөз! Осының барлығы жалған және алдау-арбау! – Зайцев өршелене сұрап, жұдырығын сілтей бастады: - Куә қане? Қайда деп сұрап тұрмын мен?

Тергеуші дәл осыны күткендей еді.

Көрініп тұрған, белгілі заттан гөрі, белгісіз жайды бастан өткеру оңай. Өзінің қауіптенуі қажет екенін күні бұрын білмесе де, мұндайда адам ең қолайсыз жағдайға әрқашан дайын болады. Егер қандай қауіп төніп тұрғанын білетін болса, онда ол одан сақтанудың жолын іздестіреді. Білместік оны басқа оқиғаларға итермелейді, ол келе жатқан қауіпті күні бұрын білгісі келеді, сол арқылы жағдайды бағдарлау мүмкіндігін жоғалтады.

Ол осылай істегісі келді ме, әлде жоқ па, бірақ Зайцев осыған тап болды.

- Куә бар, - деп Зайцевке қатаң жауап берген тергеуші түймешекті қаттырақ басты.

- Есік кең ашылып, Илларион Зотович Головин кірді. Әуелі ол тергеушімен, одан соң өзінің ескі досымен

сәлемдесті. Бұның бәрін жөнді түсінбеген Зайцев аң-таң болып көзін сұртті.

- Иә, Степа, тамыздың 26-сы күні болғансың, портфеліңді қалдырғансың, - деп жауап берді ғалым тергеушінің сұрағына.

- Шатастырдың кәрі тұқыл! Сен өткен жылды айтып тұрған шығарсың!

Бұл жолы Головин абдырап қалды.

Осыны күтіп отырғандай, тергеуші техникалық құрылғыны іске қосты.

- Сабыр етіңіз, Степан Григорьевич,- деді Ибрагимов, столдың тартпасын ашып жатып. – Қазір біз бәрін анықтаймыз. Кімнің нені шатыстырып отырғанын білеміз.

Бір-екі минуттан соң сытырлап тұрған магнитофон сөйлеп кетті. «Илья, бұл сен бе?» - деп сұрады бірі. «Иә, мен», - деп жауап берді екіншісі. «Менмін, Степан». «Өзгеріс бар ма? Портфельді әзірше сіздікіне қалдырамын. Жоқ, бүлінбейді. Екі-үші аптадан соң келіп, алып кетемін...»

- Илларион Зотович, сіз өз дауысыңызды таныдыңыз ба?

- Иә, таныдым, біз Степан екеуіміз телефонмен сөйлескенбіз.

- Қай жылы?

- Биыл. Тамыздың 26-сы күні.

Головин сөзін аяқтап болған жоқ, Зайцевтің өзін-өзі кінәлаған ащы даусы шықты:

- Еһ, ақымақ басым! Кімге сенгенмін. Айтпақшы, Ибрагимов, осындай ұсақ-түйекпен мені қинағанда қандай ләззат аласыз? Сіз барлығын да білесіз ғой! Осының барлығын білісімен неге бірден тұтқындамадыңыздар? – Зайцев өзін-өзі жерлеп, көзсіз сенімге берілгеніне өкіне бастады. – Мұндай қулықпен құрылған тұзақты менің ақымақ басым неге сезбеген?

Тергеуші бұл сөздерді қоштау керек деп тапты да:

- Степан Григорьевич, сараң сауысқанның сақтықты ұмытып, тұзаққа ілінетін әдеті. Жарқанат та сол сияқты, - деді.

Сараңдық туралы майдалап айтқанымен, ол денесін дір еткізіп, қайтадан сөйлеуге мәжбүр етті.

- Қалайша сатқындық болды екен?

«Матусов» деген сөз тергеушінің аузынан шығып кете жаздады, бірақ ол өзін-өзі тоқтатты. Егер сөз күміс болса, үндемеу – алтын ғой. Бірақ Головин куәлік еткеннен кейін Зайцевтің зығырданы қайнағаны сондай, тоқтаусыз сөйлеп кетті.

- Сатып жіберді ғой мені, салдақы! – Ол жиіркенішпен еденге түкірді.

Зайцевтің ренішті сөзі әйелге қатысты екен. Дегенмен бұл сөздердің барлығы, әсіресе соңғы сөзі тергеу үшін жаңалық емес болатын. Сонда да бұл сөз Ибрагимовты таң қалдырды.

15.

Аға кассир Нина Игнатюкті тергеуші Ибрагимов сенбі, яғни, тамыздың 25-інен кейін көрген жоқ. Жәбірленушіні ауруханаға жатқызу капитан Сайдашевқа тапсырылған болатын.

Капитан тапсырманы орындады. Өзі көп ұзамай Қазанға ұшып кеткендіктен аға кассирдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету майор Трофимов пен полковник Хаернасовқа жүктелген.

Ішкі интуиция итермелеп тұрғанымен, Ибрагимов Игнатюктен әлде не туралы күдіктенуге асыққан жоқ. Егер Нина қылмысқа қатысты болса, онда жіптің бір ұшығы бәрібір соған келіп тіреледі. Оның бостандықта жүруі септігін тигізуі мүмкін деп ойлады өзінше Ғайнан.

Дегенмен, Нина Игнатюк өзінен күдіктеніп жүргенін сезіп, алаңдау үстінде. Ол Сайдашев пен тергеуші Ибрагимов өзімен бұлай текке ұзақ сөйлескен жоқ деп ойлады. Солай болса да үмітсіз тек шайтан ғана дейді ғой.

Ол өзінің су жұқпай таза шығатындығына сенген еді. Оған қоса сарапшы-дәрігерлердің тексеруінен кейін де бостандықта қалдырды ғой. Айтқанын тыңдады – ауруханаға жатқызды. Бөлме күнгей жақта, ыңғайлы, екі-ақ кісіге арналған еді. Жанындағы Маша да жылы жүзді, қайырымды, жұмысшы әйел. Оны құрылыс басындағы көтергіш кранның темірі қағып кетіп, иығының бір сүйегі зақымданған екен. Ол жанына Нинаны жатқызғанда қандай қуанды десеңізші! Үйде дайындалған жеміс тосабын алдына қойып, шайға қандырды.

Игнатюк алғашқы түнді мазасыз өткізді. Ұйықтамады деуге болады. Бірақ бөлмеде сыр білдірген жоқ. Өуелі, жастыққа көміліп ап жылады. Содан соң көршісінен қағаз, қалам, конверт сұрап алып, анасына хат жазуға кірісті.

«Қымбатты анашым! – деп бастады ол. – Өзімнің соңғы хатымды Чалташтан жазып отырмын...»

Нина стол басында хат жазып отырған кезде милиция басқармасында Ибрагимов майор Трофимовпен сол туралы әңгіме қозғаған еді.

- Оның денсаулығына алаң болмаңыз, Ғайнан Ибрагимұлы, - деп нық сөйледі Трофимов. – Оны тәжірибелі дәрігерлер емдеуде. Тек мені бұл іске оның қатысы жоқ шығар деген ой мазалайды.

- Өмір болса көреміз, майор, - деп ескертті Ибрагимов. – Қазанға кеткен Сайдашевті күтейік. Айтпақшы, жаңалық хабар жоқ па?

- Министрліктен телефон соқты, оншақты адрес тауыпты, солар бойынша іздестіру жүргізуде.

- Өте жақсы. Капитан келгенше мен де бір жаңалық айтамын, - деп жауап берді Ибрагимов. - Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа. Біздің ақсақалдар солай дейді.

- Санкция да, амнистия да қолыңда ғой! Тек бұйырсаң болды!

- Міне, сондай адамға дүниенің ең қиыны, қымбаттым! Ең дұрыс бұйрық – уақытында берілген бұйрық.

- Түсінікті, - деді Трофимов. – Жеті рет өлшеп, бір-ақ рет кесу әдетің ғой! Солай емес пе?

- Дұрыс, Иван Иванович. Адамның ешқандай қатесін кешіруге болмайды. Егер бір ыдысты сындырсаң, жаңасын сатып алуға болады. Ал, адамның тағдырын ше?

Нина өзінің хатын конвертке салып, аузын жапты. Адресін жазған соң жастығының астына тыға салды. Ойланып біраз жатты да, қайтадан жылай бастады. «Егер мамам мұндай хат алса, жүрегі шыдамай кетер», - деп ойлады ол. Хатты конвертімен қоса жыртып да, коридордағы қоқыс салатын жәшікке лақтыра салды. Өзі жуынуға кетті.

Көп ұзамай Нинаның ұсақтап жыртылған хаты жиналып, бір тарақ қағазға желімденіп, Трофимовтың алдындағы столда жатты. Майор оны оқып шыққан соң тергеушіге жіберді. Ибрагимов әуелі көз жүгіртіп шықты да, содан соң талдап оқи бастады.

«Қымбатты мама! Сені кеше түсімде көрдім. Неге екенін білмеймін сен басыңа қара салы орапсың. Тіпті, есімде жоқ, сенде мұндай салы бар ма еді? Неге екенін білмеймін, менің көңіл-күйім нашар, бұл жерде көп тұрақтамайтын шығармын деп ойлаймын. Маңайымда шын досым жоқ – міне, барлық құпия осында. Менің жұмыс орным – өтірікшілердің, әйелқұмарлар мен маскүнемдердің ордасы. Қазір менің өзім де осындай шыңыраудың алдында тұрмын. Осы хатымда барлық туысқандармен хош айтысамын. Сау болыңдар, еске алып тұрарсыңдар».

Ибрагимов мына қыздың жүні неге жығылды екен деп ойлады. «Маңайымда бір де бір шын досым жоқ». Махаббат туралы айтып отыра ма, әлде басқа бірдеңені меңзей ме? Махаббат туралы ойлай берсін – ерік өзінде! Бірақ – «Маңайым толған алдампаздар мен өтірікшілер»...

дегені не? Игнатюк нені тұспалдап отыр? Сауда қызметкерлері туралы өсекті ме? Біз тергеп жатқан қылмысты ма? Тәжірибесіз деп те айтуға болмайды, он жетіден баяғыда асып кеткен. Қайткен күнде де ақ пен қараны ажырата алатын жаста ғой.

Нина Игнатюк бірде күндіз телефон соқты. Көп ұзамай ауруханаға бір жас әйел келді. Оның кім екені анықталды. Ол Лиза – балалар бақшасының тәрбиешісі, Нинаның жатақханадағы көршісі екен. Ілттипатты өтініш жасалып, Ибрагимовқа шақырылып, жауап алынды.

- Ия, Нина Игнатюк – менің жақын құрбым, - деді-Лиза. - Құрбылар не туралы әңгімелеспейді десеңізші! Сіздердің көп нәрсені білгілеріңіз келеді екен! – жиырма жеті жастағы әйел бірден ашылып сөйлеп кеткісі келмеді.

- Дегенмен, Нинамен не туралы сөйлестіңіздер? Бізге бұл оны қауіптен қорғауымыз үшін қажет.

Осылай сұрақ қойылған кезде Лиза ойланып қалды да:

- Бірдеңе болды ма? Оған қауіп төніп тұр ма? – деп сұрады.

- Бұл туралы кейін білерсіз. Ал қазір Нинаның сізді ауруханаға не үшін шақырғанын айтыңыз.

- Ақылдасу үшін шақырыпты. Кәрі қыздың тағдыры қандай болатындығы сіздерге құпия емес шығыр. Біз Нина екеуміз солардың санатындамыз. Мұны мойындағың келмегенімен бәрібір іштей сезіп тұрасың. Барлы-жоғы сол ғана. Ол тек зеріккен екен. Екеуміз де тағдырымызға ренжістік. Чалташқа өзінің бақытын табу үшін қаншама адам келді. Біз де махаббат туралы әңгімелестік. Ол бір еркекпен танысқан болатын. Ол бұған үйленбек болыпты. Оған өзі біресе қуанады, біресе ренжиді. Бейшара қыз-ай!

- Ал сіз ол еркекті білесіз бе?

- Неге білмейін! Олар біздің бөлмеде кездесіп жүретін. Оның фамилиясы – Зайцев, Степан Григорьевич. Арыстандай айбатты еркек, мен де ондай еркектен бас тартпас едім.

- Құдай-ау, ол үйлі-баранды адам ғой. - Тандана күрсінді Ибрагимов. - Өзінің әйелі бар.

- Бола берсін! Бүгін бар болса, ертең жоқ болады. Олар айырылыспақ. Бірақ бұл әзірше біздің ішкі құпиямыз.

- Нина сияқты сұлу қыз қалайша өзіне басқа адам таба алмады екен? – бұл істе ештеңе түсінбейтін адам сияқты болып, басын шайқады. - Біреуді әйелінен айырып, өзі тиіп алмақ па?

- Әдемілікпен базарға шыға алмайсың, жолдас тергеуші. Ал, негізінде Зайцев сияқты еркек далада шашылып жатқан жоқ. Жолда жатса, тауып алмаймыз ба. Нина да мен сияқты ойлайды.

- Соны айту үшін шақырып па екен?

- Өмірмен хош айтқысы келетінін айтты. Өмірдің еш қызығы жоқ, бәрі де жалықтырды дейді. «Ақымақсың» деп ұрыстым. Анасына хат жазып, қоштаспақ болыпты. Алдын – ала болжау қиын ғой, егер Степанға кездессең осының бәрін айтарсың деді.

- Степанға ма?

- Әрине. Ал сіз айттыңыз ба?

- Оған қалай айтам? Зайцев бір жаққа жүріп кетіпті. Алда-жалда Нинаны бірдеңе болса, құтқарыңыздар, ол өзін-өзі ұстай алмай қалып, қол жұмсауы мүмкін.

Жексенбі күні кешке қарай Игнатюкті жауап алу үшін дәрігердің кабинетіне шақырды. Бұған дейін Ибрагимов сатушылардан, инкассаторлардан, кеңсе қызметкерлерінен жауап алған болатын. Енді ең соңында Нинаға да кезек келді.

- Инкассаторға қанша ақша тапсырушы едіңіз?

- Мұны документтерден қарап білуіңізге болады, негізі әр күні әр түрлі, - деп Нина екіұшты жауап қайтарды.

- Түнге қарай кассада қанша ақша қалушы еді? – Ибрагимов мұның бәрін білетін, сонда да бұл туралы Игнатюктің өз аузынан естігісі келді

- Менің миым түк жұмыс істемей отыр. Тіпті кейде не айтып отырғанымда да ойламаймын. Әдетте кассада он-он бес мың сомнан артық ақша қалмайтын.

- Ал сенбіге қараған түні қырық жеті мың сомнан артық ақша қалдырыпсыз, - деп атап өтті тергеуші. - Тонаушының жолы болған екен!

Нина тергеушінің өзін ештеңеден күдіктеніп отырмағанына назар аударды. Өйткені ол «сіздердің жолдарыңыз болыпты» деген жоқ қой. Бірақ, Игнатюк тергеушінің әдісін түсінген жоқ.

Ибрагимов жұмыс бөлмесіне оралысымен телефон шырылдады.

- Ғайнан Ибрагимұлы, - Полковник Хаернасовтың жарқын шыққан даусы жақсы хабардың нышанын аңғартты. - Уақыт тауып, бізге кіріп шық. Дайын отырыңыздар, машина жібердім.

Ибрагимов қалалық ішкі істер басқармасына тақап қалғанда кассаның тоналған уақытына екі тәулік болған еді.

Хаернасов Трофимов екеуі оны көтеріңкі көңілмен қарсы алды.

- Құттықтаймыз, Ғайнан Ибрагимұлы! – деп құттықтады олар мұның қолын кезек-кезек қысып. Шын мәнінде Қазаннан жеткен хабар алған бағыттың дұрыстығын дәлелдейтін.

Ғайнан Ибрагимовтың милиция қызметкерлерімен бірге әтештің шақырғанын естіп, таңды да атырып, кешті де батырып жүргеніне талай күн. Сондықтан да Зайцевті қарсы алуға аэропортқа таксист ретінде милиция офицері Шахинуровты жіберу, егер келіп қалса деп. Аурухананың кезекші дәрігері мен Игнатюктің бөлмедегі көршісі Машаны ескертіп қою оның басшылығымен және келісімімен істелген болатын.

Тергеу ісі жаңа, бұлтартпас дәл айғақтармен толыға берді.

Нина Игнатюк жазылған соң онымен ашық әңгімелесілді.

Қосымша куәгерлерді шақырып алып, Ибрагимов Нинаға танитын – танымайтындығын білу үшін үш еркек көрсетті.

Нина олардың біріне көз тоқтата қарады да, жирене тістенді. Ия, столдың арғы жағында отырғай еркек өзінің мына түрімен әйелдерді баурай қоймайтын еді. Бет-аузын жүн басқан, киімі талайдан жуылмай кірлеп, иістеніп кеткен. Сол сияқты қолына-басына да талайдан сабын-су тимеген.

- Жоқ, бұл үшеуін де, әсіресе мына бейнені ешқашан көрген емеспін!

Ибрагимов екеуін шығарып жіберіп, Матусов «бейнені» алып қалды.

- Нина Николаевна, бір-біріңізді қорлауға болмайды! Бұл жерде сіздердің праволарыңыз бірдей.

О-о, бұл сөз Нинаны қалай қорлағанын білсеңіз! Бірақ өзінің қазіргі жағдайын түсінді, сондықтан да егесіп жатпады. Бәрібір Матусовтан теріс айналып отырды. Бұл мынадай жанды көргісі келмейтіндігін байқатқан түрі. Бірақ келісті әйелді көрген кезде ананың көңіл-күйі көтеріле түсті.

- Азамат бастық, мына бұлбұлмен бұрын таныспағаным қандай өкінішті, - Матусовтың көзі жайнап сала берді. – Бұл менің түрімді көре салысымен Камаринканы билей жөнелетін еді.

- Кездеспегенің үшін тағдырыңа рахмет айт, - деп ескертті тергеуші.

- Неге олай, бастық?

Тергеуші жауап берудің қажеті жоқ деи санады да, оны камераға алып кетуін өтінді.

Тағы да сол қосымша куәгерлердің көзінше Ибрагимов жастары шамаласы үш еркектің суретін столға жайын салды.

- Нина Николаевна, қараңыз, мұның қайсысын таныйсыз? Мүмкін көрген шығарсыз? – деді Игнатюкке қарап.

- Ешқайсысын көрген де жоқпын, кездескен де емеспін! – деп кесіп айтты Нина.

- Солай ма?... – деді сенімсіз түрде Ибрагимов, сөйтті де қоңыраудың түймесін басты.

Кабинетке Нинаның жатақханадағы көршісі Лиза кірді. Оны столға шақырып, сұрақ қайталаңды.

- Міне, мына адамды мен өте жақсы білемін, - деді Лиза, фотосуреттің бірін нұсқап. – Оның аты жай – Зайцев Степан Григорьевич, тұрғын үй басқармасының бастығы.

- Оны қайдан білесіз?

- Неге білмейін? Ол Нинаға келіп жүреді. Тіпті онымен бірге түнеп те қалған. Сан рет түнеген. – Лиза өзінің сөзінің дұрыстығын мақұлдатпақ болып Нинаға қарап еді, оны тергеуші тоқтатты.

- Рахмет, Лиза, әзірше шыға тұрыңыз.

Лиза есікті жабысымен Игнатюк ашуын жасыра алмай сөйлеп кетті:

Орталық аурухана дәрігерінің куәлігі Нинаның сөзін теріске шығарды.

- Мынаны көргем, - деді дәрігер әйел үшеуінің ішінен Зайцевтің фотосын ерекше, саусағымен нұқып. – Тамыздың 26-сы күні мен кезекшілікте болғанда ол дипломаты бар, ауруханаға келген. Науқас Игнатюкпен кездесуге рұхсат сұраған, ақша бермек болды. Әрине, мен бас тарттым. Өйткені, Хаернасов ескерткен болатын. Сондықтан қуғаным жоқ – шыдадым. Емдеу орнына түн ішінде бөтен адамды кіргізу – қалжыңдайтын іс емес! Документін тексеріп, журналға жазып қойдым. Зайцев Степан Григорьевич, инженер, солай ғой деймін, әйтеуір маған солай деді. Келушілерді тіркейтін журналды тексеруіңізге болады.

- Кешіріңіз, мен ешқандай Зайцевті білмеймін, - деп Нина дәрігердің сөзін бөлді.

- Білесің,

- Білесің, Нина, бұл адамды білгенде де қандай білесің! – деді Нинамен бөлмеде бірге жатқан Маша қаймықпай-ақ оның бетіне тура қарап. – Жексенбі күнгі оқиға әлі күнге есімде. Сол еркек кіріп келді. Мен тіпті сасқалақтап қалдым. Әуелі олар жарықта сыбырласып отырды. Содан соң жарықты өшіріп, бірдеңе істеді, сыбырласты, аһлап-уһлесті. Тұп-тура жарты сағат бойы! Не істемеді дейсіздер! «Степушка-Степушка», «Нинуся-Нинуся» десіп. Тіфу. Ұятсыз жүзіқаралар! Содан соң коньяк ішуге отырды. Онда не болмады дейсіздер!..

- Қандай коньяк болғанын байқаған жоқсыз ба? – деп сұрады Ибрагимов, тап бір бүкіл әлем тағдыры дәл соған байланыстыдай-ақ.

- Байқадым! Бес жұлдызды грузин коньягі.

- Мынау емес пе? – тергеуші темір жәшіктен аузы ашылған коньяк шөлмегін алып шығып, столға қойды.

- Дәл сол! – деді Маша. – Тауысып ішпек болып еді, мен қарсы болдым, айтам деп қорқыттым.

- Не деп отырсың, Маша? Мұның өтірік қой! – деп айқайлады Нина.

- Неге өтірік?! – деді Ибрагимов оның мәнеріне салып, сөйтті де столдың тартпасынан бірдеңе алып шықты. – Міне, тінту протоколы! Осының барлығы Зайцевтің чемоданынан табылды! Мынау сараптың нәтижесі. Фотосуреттер! Мінеки, танысыңыз!

Мына айғақтарды көрген Машаның ойына бірдеңе түсті.

- Сен, Нина, менің аузыма қақпақ бола алмайсың! Егер аузың барса – айтшы кәне, ол еркек саған ақша тастаған жоқ па?

- Қандай ақша? – Тергеуші орнынан атып тұрды.

- Оны өзі біледі. Сол Степушка берген ақша, - деп қайталады Маша.

Ибрагимов телефон арқылы Трофимовпен жалғасып, жанында қосымша куэгер ретінде екі бөтен әйелі бар

милицияда істейтін қызметкер әйелді шақырды. Оларға Нина Игнатюктің бойын тінту тапсырылды. Тергеушінің өзі жанындағы қосымша куәгер еркектермен бірге бұл кезде бөлмеден шығып кеткен еді.

Қайта оралғанда офицер әйел Ибрагимовқа: «Төс-тартқышының ішінен таптық», - деп жүз сомдыктан он сегіз қағаз ақша және протокол ұсынды.

- Бұл не ақша, Игнатюк? - деп сұрады тергеуші стол үстінде имелештеніп жатқан ақшаларды көрсетіп.

- Сахалиннен алып келгенмін, - деп жауап берді Нина бұрынғысынша шімірікпестен.

- Онда неге тықтыңыз?

- Одан басқа жерге де тығуыма болады. Өз билігім өзімде! Қайда тыққым келсе - сонда тығамын.

Милиция офицерін, қосымша куәгерлерді шығарып жіберген соң Ибрагимов:

- Тұтқынды әкеліңдер! - деп жарлық берді.

Келісім бойынша Степан Зайцевті майор Трофимов алып кірді.

- Игнатюк, мына адамды танысыз ба? - деп сұрады Ибрагимов, күрт ауысқан декорацияны пайдаланғысы келіп.

Нина тілінен айырылған адамдай үнсіз қалды. Бөлмедегі тыныштық оның еңсесін езіп бара жатты. Ол еріксіз есін жиып алды:

- Бірінші рет көріп тұмын.

- Ал сіз ше, Зайцев?

Степан тұқырайған басын көтерді. Оның боп-боз болып кеткен жұқа еріні жымиғандай болды. Осы сәтте ол лайықты қарсыласынан жауырыны жерге тие жығылып, әлі өзіне-өзі келе алмаған палуан сияқты еді. Нинаға тіке қарауға батылы жетпеген Зайцев, іштей қатты таңданып тұрғандай. Оған көмектескісі келгендей болып, тергеуші оның қайда отырғанын есіне алды.

- Зайцев, сіз мына адамды танысыз ба?

- Иә, танымын, - деп жауап берді ол ақыр аяғында, өлімсіреген ұнмен. – Бұл – Нина Игнатюк.

Қыздың көзі қарауытып кеткендей болды – бәрі де бітті. Бірақ оның:

- Су беріңіздер, - деп сұрауға қуаты жетті.

Кенеттен пайда болған іштей күйзеліс қатты шаршатқан болуы керек, ол бұдан соң да аз-кем үнсіз отырып қалды. Негізі оның түрі қызғылттанып, әдеміленіп сала берді. Ибрагимов ұсынған стақанды қолына алды. Тергеуші оның сүйріктей салалы саусақтарына назар аударды. Оймақтай сүйкімді аузын стақанның шетіне тигізіп, сынаптай жылтыраған мөлдір суды аз-аздан жұта бастады. «Сайтанның сұлуын-ай!» деп ойлады Ибрагимов одан көз алмастан. Бірақ орынсыз оянған сезімге ерік бермей, тергеуді жалғастыру қажет болатын.

- Ал сіз, Игнатюк, есіңізге түсірген жоқсыз ба?

- Мынаны қара, тілінің тиегін ағытты ғой, қорқақ бейшара! Мен мұны нағыз еркек деп ойлап жүрсем! – Нина басын кекжиге қалды. – Алтын дегенім жез екен ғой! Тот басқан жез! Тіфу, пішпе!

Кейбір әйелдер табиғатынан жаман сөз айтуға әуес болады. Мұнысымен ол өзін еркектермен теңдеспін деп ойлайды. Ал шын мәнінде өзінің әйелдік нәзіктігінен айырылады. Әйелдердің көпшілігінің ұрыс-керіске бармайтындығы бұлай істеу олардың қолынан келмейтіндігінде емес, өйткені оларға әйелдің басты әсемдігі – ары мен нәзіктік әрқашан қымбат. Сондықтан да мынадай әсем әйелдің аузынан анадай өрескел сөз естігеніне ол таңданған жоқ. Мұндай жұмыста қандай адаммен кез болмайсың!

Осы сәтте қылмыс жасағандығы жөнінде күдік туғызып отырған Степан Зайцев пен Нина Игнатюк екеуінің де «Ұрының қолы ұзын болса, тергеушінің қолы одан да ұзын» деген мақалдың растығына көзі анық жеткен еді. Олар қассаны тонағандықтарын еріксіз мойындарына алды. Былай қарағанда Нина ештеңе

ойламай, болған оқиғаға толғанбай отырған сияқты, ал Зайцев керісінше жасады. Екі тәулік бойы жарқанат құсап жасырынып жүргеніне қарамастан қолға түскен екенсің – жасырмай айт деген қағидаға арқа сүйеуге бет бұрыпты. Сондықтан да ол тілінің тиегін ағытқан еді.

Ибрагимовтың тек қана мәңгі айырылмас махаббаттарына ант беріскен жандардың бір-біріне бұлай жауыға қарауы таңдандырған еді. Кассаны бірлесе тонаған адамдар енді бір-біріне ит пен мысықтай қарайды.

16.

Степан нық басып кірді. Тұтқынға алынғанына күйінетін сияқты емес. Көзқарасы батыл, өзін зиялы адамдарша ұстауға тырысады. Бірақ қазіргі тағдыры биік таудың басынан домалап келе жатқан үлкен жартаc сияқты. Оны ешқашан тоқтата да, екпінін баяулата да алмайсың! Зайцев көрсеткен орынға отырған соң, тергеуші Матусовтан:

- Сіз мына адамды білесіз бе?- деп сұрады.

Матусовтың онсыз да аласа маңдайы қатпарланып, одан сайын тарыла түскендей болды, қазір оны біреу алдап жіберейін, жарға жығайын деп тұрғандай көзінде абайлап қарау, үрей оты жылт ете қалды.

- Бұл пендені білмеймін, азамат бастық! Мұндай бозжігітті бірінші рет көру құрметіне ие болып отырмын. Қара өзінің сәнденуін, жексұрын!

- Ал сіз не айтасыз? – деп Ибрагимов жалт бұрылып Зайцевтан сұрады.

Степан мырс ете түсті, содан соң Матусовқа қарады да, жанарын Ибрагимовқа аударды:

- Бір жерде көрген сияқтымын, азамат бастық. Бірақ дәл қай жер екені есімде жоқ. Бұлдыр бір елес сияқты.

- Жақсылап, ойланыңыз, - тергеуші столдың тартпасынан кілт, одан соң ақша алып шығып, столға қойды. Бұлар Матусовтың қалтасынан табылған жүз сомдықтар еді. Зайцев таңырқай дауыстады:

- Э – эврика! Бұл дүкен жанындағы маскүнем ғой! Есімде, есімде, қалай есімде болмасын. Кеудешесі де таныс.

Матусов суық суға түсіп кеткендей болды. Ол тергеушіге қарап:

- Егер бұл жерде болмағанда ғой мен мұның тұмсығын бұзатын едім. Мұндай бетсізден құтқара көріңіз, бастық! Мен мұны тіпті білмеймін де, ол болса маған жабыса түседі,- деді.

- Міне, қазір біз мұны анықтаймыз, - деп жауап берді Ибрагимов. – Матусов камераға барыңыз, керек болса шақырып аламыз. Мұндай жағдайда не істерін білмеген Матусов артына қарай-қарай бөлмеден шықты.

- Ал, Зайцев, айта беріңіз, оны қайдан білесіз?

- Оның касса тонауға ешқандай қатысы жоқ.

- Ал бизнес ше? – Ибрагимов жәшіктен резеңке биялай алып шығып, ақшаның жанына тастады.

- Е, мынау ма? Бұлар жай жол-жөнекей эксперимент қой! - Зайцев жымимақ болды. – Ол нағыз қызу дер шағында қолға түсіп қалды. Эврика!

- Айта беріңіз! – Ибрагимов орнына қайта отырып, магнитофонның жұмысын тексерді.

- Егер рұқсат етсеңіз, мен ішімдегінің бәрін ептеп сыртқа шығарайын ...

- Әлбетте, ол сіздің өз еркіңіздегі шаруа, - тергеуші оны ыңғайлы орынға отырғызып, қағаз бен қалам берді. Майор Трофимов магнитофонның жанына жайғасты.

Магнитофон таспасы екі сағат бойы айналды.

«Мен әріден бастайын. Мен 1965 жылдан Қазанда тұрып, техникумда, институтта оқыдым. Ол үшін өкінбеймін. Бірақ соңғы кезге дейін жақсы үйге қолым жеткен жоқ. Өз семьяммен тіпті пәтер деп айтуға да келмейтін бір бөлмеде тұрдым. Сегіз шаршы метр, үш бөлмелі пәтердің үштен бірі. Үлкен бөлмеде енем тұрды. Оның ересек ұлы Валерий ішкілікті ұнататын, бірге тұрған мерзім ішінде оның сау жүрген күнін көргем жоқ. Үйге

оралысымен әкеден құлатып, ыдыс-аяқты сындырып, бәрін қаусатып-үгітіп, үйдің ішінің астан-кестенін шығарады. Оған ақыл айту қабырғаны бұршақпен атқылағанмен бірдей.

Үшінші бөлмеде мінезі Валерийден асып түспесе, кем түспейтін Надежда Куклова тұрды. Ол кісі бір отырғанда бір литр арақ іше алады дейтін. Қысқасын айтқанда көрші екі бөлмеде күнде сауық, күнде той, бізде қайғы-қасырет. Ол кезде мен студентпін, маған формула жаттау керек болса, көрші бөлмеде орындықтар аспанға ұшып, балағат сөзден қабырға діріл қағып, сынған шынының сылдыры естіліп тұрушы еді. Мына жақ бөлмеде «Камаринканы» билеп жатады. Керең болғыр құлағым соның бәрін естіді. Ұлым туды. Мұндай бейбастыққа шыдамым әбден таусылып бітті де, алпыс тоғызыншы жылы әйелім өзі істеп жүрген мектептің директорына үй беруін сұрап өтініш жазды. Директор: «Егер еріңіз пәтермен қамтамасыз ете алмайтын жерде істейтін болса ғана көмек көрсете аламыз», - деп шарт қойды.

Аспандағы айды әперемін деген директордың уәдесі бойынша мен жұмысымды тастадым. Тұрғын үй қоры жоқ мекемеде жұмыс іздедім. Сауда жүйесі сондай болып шықты. Базаның біріне директордың орынбасары етіп қабылдады. Көп кешікпей сауда министрлігінде магазин директорын даярлайтын курс ашылды да, мені сонда жіберді. Үш айда курсты бітірдім. Магазин директорының орынбасары етіп тағайындады. Бәрі де жақсы, тек пәтер мәселесі бұрынғысынша қалды. Қысылып-қымтырылған тар жер, мастардың төбелесі, ұрыс-керіс, былапыт сөз жалғаса берді. Осының барлығын балаларым – өсіп келе жатқан қызым мен ұлым естімесін, көрмесін деп істемегенім жоқ! Ақыр аяғында әйеліммен ақылдасып, ірі құрылыс басталған осы жаққа тайып тұрдық. Чалташқа қоныс тебуді ойладық. Сауда жүйесінде пәтер беруге уәде

етті. Міне, біз осылай келдік мұнда. Достарым мен жолдастарым алыста қалды.

Негізі мен оптимист адаммын, ел арасында жүргенді ұнатамын. Ең аяғы шыбынға да жазығым жоқ, ешкімге қол көтерген емеспін. Өйткені мен бәрін түсінемін. Жазда орманға бардық, саңырауқұлақ, жидек теріп, өзенге шомылдық, құстар әнін тыңдадық. Осының барлығы менің жан-дүниеме адам айтқысыз ләззат құйды. Мақтанғаным емес, сонда да айтайын – бұл өмірде менің өз орным бар, өйткені күн нұрына бөлендім. Өзімнің адам болып жаралғанымға қуандым. Жоқ, мен сәнмен тігілген киімнің құлы емеспін. Бірақ мен өтектелмеген шалбар немесе жейде кимеймін. Ол үшін маған басқалар қалай қарайды – ол жағын ойлағам да жоқ. Әркімнің өз көзі мен құлағы бар – қалай көру, қалай есту – өз еркі. Ол үшін менің жаным күйзелмейді! Менде ішімді жегідей жеген бір ғана арман болды. Ол – қайткенде де пәтер алу. Үй алу мен үшін адамзат бақытының шыңы сияқты болып көрінді. Жұмыстан соң әйелім мен балаларым күтіп отырған, ешқандай мас көршілері, былапыт сөз, ұрыскеріс және төбелес жоқ үйіме келсем деген тәтті арманда шек болмайтын. Көп жыл бойы осындай атмосферадан әбден жаппау шектендіктен өзімнің шаршап-шалдыққан жан-жүйеме, азаптан жүйкесі жұқарған семьяма тыныш тұрақ іздей бастадым.

Чалташта әуелі бір ағайдың пәтерін жалдадық. Ол – қожайын, біз оның «бейшара туысқаны» болдық. Бұл 1971 жылдың көктемі еді.

Сауда ұйымында мені қуана қарсы алды. Документтермен танысқан соң құрылыстағы сауда жүйесі директорының орынбасары етіп сайлады. Қуанышымда шек болған жоқ, әрине. Уәде берді, пәтер болады деген үмітімді үзгем жоқ. Сауда жүйесін екіге бөлген кезде мені соның біріне директор етіп сайлады. Онда 1972 жылға дейін еңбек еттім. Бақытсыздық деген аяқ астында. Магазиндердің бірінде өрт шықты. Жүгіріп келіп, өртті

сөндірдім. Товарды сақтап қалу үшін қолымнан келгенін істедім. Бәрібір мені жұмыстан қуып шықты. Дегенмен ұзақ күйзелгенім жоқ. Май айында үйдің ордерін алдым. Пәтерім бар! Мен арманымға жеттім! Үйім болғандықтан қайда істесем де бәрібір – мен бақытты, риза едім. Саудадан кеткен соң құрылыс-монтаж басқармасына бардым. Бір айдан соң тұрғын үй-коммунальдық басқармасы бастығының орынбасары қызметіне ауыстым.

Бұл 1973 жылдың шілде айы болатын.

Сауда жүйесінің директоры Нағымовпен төрт жылдай бұрын танысқам. Содан бегі уақыт ішінде, құдайға шүкір, арамыздан қара мысық өтіп көрген жоқ. Бір-бірімізбен тамырлық қарым-қатынастамыз. Әуелде бірге істедік, ол – бірінші, мен – екінші сауда ұйымында директор болдық. Өрттен соң мен қызметімнен босатылғаныммен біздің достығымызға нұқсан келген жоқ. Мен оның кеңсесінде жиі болатынмын. Онда маған барлығы таныс еді – бөлім меңгерушілерімен де, товароведтермен де, бухгалтерлермен де дос болдым. Ол кезде Нина Игнатюк онда әлі жұмыс істемейтін.

Бірінші рет мен оны қалалық сауданың қоймасында кездестірдім. Онда оның қайда, кім болып істейтінін білмейтін едім. Жетпіс үштің шілдесінде кеңседе болғанымда Нинаның аға кассир болып істейтінін білдім. Көп кешікпей қайда тұратыны да белгілі болды. Бірде түскі асқа келе жатқанмын, жатақхананың төртінші қабатындағы ашық тұрған терезеден бұрыннан таныс Лизаны көрдім. Ол маған қуана қол бұлғады. Уақытым жеткілікті болғандықтан кірдім.

- Мұнда не істеп жүрсің, Лиза? – деп сұрадым одан.

- Мен осында тұрамын. Нина екеуіміз, - деді ол.

Нина сол Игнатюк болып шықты. Біраз күннен соң мен олардың бірге жүргенін көрдім. Екеуін үйлеріне шығарып салдым.

Бір жолы шығарып салғанымда Лиза үйіне кетіп қалды да, Нина екеуіміз онаша қалдық.

- Жағдай қалай, Нина? – деп сұрадым.
- Жақсы, бірақ басқа жұмысқа ауысқым келеді, өтініш жазып қойдым.
- Құпия болмаса қайда ауысатыныңды айтарсың?
- Төртінші дүкенге, бөлім меңгерушісі болып.
- Ахат Нағымұлы рұхсат етті ме?
- Әзірше ештеңе жоқ.
- Асықпа, Нина, - деп кеңес бердім мен. – Кешке қарай мүмкіндігің болса, біздің тұрғын үй басқармасына кіріп шық.

Ол сүйкімді жымыды да, келуге уәде берді.

Сол күнгі кеште мен онымен касса туралы кеңеспек едім. Сондықтан да оған бұрынғы жұмысынан кетпеуге кеңес бердім.

Ол келгенше күні бойы әртүрлі ойларға баттым. Нинаға мұндай ұсынысты қалай айту керек? Егер ол бас тартар болса, райдан қайтатын жол бар ма? Иә, онда қалжыңға сүйей салармын. Егер Нина келіссе ше, онда әрі қарай не істеу керек? Онда онымен махаббат ойнап, жылы теңізге барып қайту үшін жаман болмас еді.

Қатты ойландым. Мүмкіндігі бар барлық айла-тәсілді түгел миымнан өткіздім. Ол қарсылық білдірсе, оған да дайын едім. Ол неге қарсы болсын деген бір ішкі дауыс естілді. Ол да адам ғой, ол да өмірді бір-ақ рет сүреді. Дәл осы мәселе жағынан «жақындауды» дұрыс деп таптым. Бұл өзіме психологиялық әдіс болатын. Мұндай айлаға сұлу қыз көне қояр ма екен? Сол кезде менде тек осындай гана ой болды, ал ұстайды-ау, жазалайды-ау деген ой басыма да келген жоқ.

Мен қызметкерлер кеткен соң, келіскен уақытымызға он минут қалғанда тұрғын үй басқармасында болдым. Көп ұзамай Нина да келді.

- Иә, айта бер құпияңды, - деп ұсыныс жасады ол маған жымия қарап. Сірә, менің ойымдағыдан мүлде бейхабар болуы керек.

Мен әңгімені әріден бастадым. Әуелі мына қыздың өмірге деген көзқарасын білу керек болды. Біз махаббат, қызғаныш, іштарлық, құрбылар арасындағы бақталастық жайлы әңгімелестік, сөз болмағай жай қалған жоқ. Менің бетім оттай жанғанын сезіп отырмын. Бірақ Нина оны көрген жоқ. Қаракөлеңке болатын, жарықты әдейі жақпадым. Олай да, былай да тоқтаусыз сөйледім. Сұңқылдаттым-ай келіп, әрине. Сонымен қоймай қай жерде туғанын, қай жерде жұмыс істегенін білуге тырысамын. Өзінің болашағы туралы не ойлайды? Ол ең бірінші махаббат туралы естігісі келген еді. Бірақ мен ондай сөз айтуға асықпадым. Сонда ол мүлде зерігіп кетті. Кассадан ақша тонау туралы сөз болған кезде ол:

- Жо-жоқ! Мен мұны істей алмаймын! – деп кесіп айтты.

Меніңше, Нина батыл әйел. Оның әуелдегі бас тартуы тек менің еркекке тән бейқамдығымның салдарынан деп ұқтым. Өзімнің қателігімді түсініп, алдағы уақытта да махаббатқа бөлеп, пейішке апаратындығыма сендірмек болдым. Егер осы айтқанымды істесең – жер бетіндегі ең бақытты әйел сен боласың дедім.

- Күмәнданба, Ниноля! – деп сендірдім оны құшақтап. – Бір-ақ күнде қағып кетеміз, содан соң мен - сендікпін, сен – мендіксің!

Мұндай уәденің аузымнан қалай шығып кеткенін өзім де байқамай қалыппын. Бірақ мұның барлығы нысанаға дөп тиген екен, ол илігіп сала берді. Сол кезде ол менің қандай құздан итергелі тұрғанымды түсінген де жақ. Мен болсам осы сәтте оған алтыннан тау тұрғызуға даяр едім. Тек бас тартпаса болғаны! Ақшаға деген мұндай құмарлықтың қайдан пайда болғанын өзім де білмеймін.

Біз осылай қауышып, сүйісіп ұзақ отырдық. Әйелге сол да жетіп жатыр – Нина мақұлдай бастады! Кассаны алу туралы менің ойыма ол қарсы емес екенін түсіндім. Инкассаторлардың қашан келетінін сұрадым. Игнатюк жұмыс аяқталар шақтағы дәл уақытын айтты.

- Кассада қанша қалады?

- Он мың, он бес мыңдай, қажет болса одан да көп қалдыруға болады.

Бәрін анықтап болған соң ұялмай-ақ тікесінен-тіке:

- Міне, екеуіміз енді ең бай адамдар боламыз. Тек осының барлығын бірден тұтастай қалай алуға болады, соны ойламаппын ғой, - дедім.

Ол бірден жауап берген жоқ. Бұл жерде айтып жатудың да артық екенін түсіндім. Кейде адам өзінің келісімін үндемей-ақ білдіре алады ғой. Мұны түсінуіме құшағымдағы Нинаның бір күрсінгенінің өзі жетіп жатыр еді.

- Мұны қай уақытта істеу ыңғайлы, - деп сұрадым.

- Ең ыңғайлы уақыт – кешкі бес жарымнан алтыға дейін, - деп жауап берді ол.

Біз осылай келіскен едік. Қоштасарда Нина менің қолымды үнсіз қысты.

Тамыз айының жиырмасы, дүйсенбі. Тура келіскен уақытта сауда кеңсесіне кірдім. Бірақ сәті болмады. Дәлізде бейтаныс төрт адам кезікті. Оған қоса үй сыпырушы бөлмелерді жинап жүр екен. Нина кассада отырды, бірақ мен кірген жоқпын. Директордың кабинетіне өтіп кеттім. Ол жабық екен. Бейсенбі күні касса орналасқан үйдің алдына барып серуендедім. Білдірмес үшін әдейі итімді ерте шықтым. Ұзақ жүрдім. Касса бөлмесінің шамы ұзақ уақыт бойы жанып тұрды. Шам тек тоғыздың кезінде ғана сөнді. Мен Нина шығатын подъезге таядым. Жан-жағына қарап қойып, Нина да көрінді. Жатақханаға қарай жүрді. Мен соңынан ілестім. Біраз жер жүрген соң қарсы алдынан шықтым. Шығарып салдым. Қараңғы мезгіл болатын. Ешкімнің көруі мүмкін емес. Не туралы әңгімелескеніміз қазір есімде жоқ. Менің басымда анау дәлізде ешкім болмайтын қай кез екен деген ой ғана болатын. Қай уақытта бару қажет?

Жатақхананың алдында қоштасып, бір-бірімізге қайырлы түн тілеп тұрған сәтте Нина елеусіз ғана:

- Бүгін қырық мың сом қалды, - дей салды.

Менің көзім атыздай болды – қырық мың! Ғажап!

- Тоқта, қарындас, - деп қайтадан шақырып алдым. –

Жүр, бір айналып шығайық.

Мен оған жоспарды өзгертуге тура келетінін айттым:

- Былай болсын: кешкі сағат оннан кейін мен саған «шабуыл» жасаймын, - мен оның көз алдында сауда кеңсесі дәлізінің құлыбын ашатын кілтті айналдыра бастадым.

Игнатюк менің ойымды түсіне қойды.

- Байқа, артық ақша қалдырып жүрме! – деп ескерткенім әлі есімде. Айтуын айтқаныммен: «Ақша артық болушы ма еді», - деп ойлап тұрмын. – Сол да жетер. Тек өзенге ау тастап, балықсыз бос алып шығып жүрмейік.

- Алаң болма, Степушка. Алла берсе балықсыз қалмайсың. Қайырлы түн! – Нина сөзді көп созбай жатақханаға қарай бет алды.

Ертеңіне, 24-інші тамыз – жұма болатын – қызым жылап оянды. Машаның аяғы аурыпты. Сол кезде менің ойым кешегі әңгімеге оралды. Менің қызымның ауырғанын сол мақсатқа пайдалануға нық бекіндім. Бұл өте қолайлы жағдай еді. Оны Қазанға апарамын, ауруханаға орналастырамын, ал жолшыбай кассаны алып, ақшаны Қазанға апарып, сенімді жерге тығамын. Мұның барлығын Нинаға хабарламай-ақ қоямын. Ал үй ішіндегілер мен көршілер үшін бұл өте сенімді себеп болды. Машаны дәрігерге апарамын! Міне, сылтау дайын!

Жолға күндізден дайындалдым. Зиганшинмен сөйлесіп, аэропортқа апарып салуын өтіндім. Ол жақсы адам, қарсы болған жоқ. Транспорт мәселесі де өте оңай шешілді.

Нинамен кездесуге дайындалдым. Үш үзік жіп, екі қол-орамал дайындадым – мұның бәрі керек болатын.

Бүкіл күнді күдіктенумен өткіздім. Кеш батпай қойды. Белгісіз бірдеңе жаныма батып, хауіптену

сезімімен араласып, күні бойы соңымнан қалмай қойды. Сағат сегіздің кезінде Зиганшиндердікіне кірдім. Есікті әйелі ашты. Өзі гаражда, «Волгасын» ретке келтіріп жатыр екен.

Үйге келіп, телевизордан «Көктемнің он жеті қасқағымы» фильмінің он екінші сериясын көрдік. Міне, батылдық қайда! Қандай тартымды романтика!

Кинодан соң, кешкі сегіз жарымның кезінде қызыма жинал дедім. Нина көрсін деп, үйді айналып өттім де, касса тұрған үйге беттедім. Касса бөлмесінде шам жанып тұр. Келіскеніміздей терезенің пердесінің арасынан жіңішке саңылау қалдырыпты. Одан Нинаны көрейін деп күтіп тұрдым. Ол маған қарады да тез киін шегініп кетті. Мен өзімді тау қопаратындай сезініп, подъезге кірдім. Нина дәліздің есігін ашық қалдырған екен, менің кілтімнің қажеті болмай қалды. Кассаға тура тарттым. Жаяу жарыста барлық жолдан бірінші өтіп, мәреге бірінші жетуге тырысқан адамдай жүрегім дүрсілдей жөнелді. Кенет етім қызып, маңдайым терлеп қоя берді. Бұл қорыққаннан емес, іштей буырқанып, жан-дүниенің алып-ұшуынан еді...

17.

Тергеуді телефон қоңырауы бөліп кетті. Зайцевті кабинеттен уақытша шығара тұруға тура келді.

Сөйлесіп болған соң Ибрагимов телефон құлағын орнына ілді де, есіне бірдеңе түскендей майор Трофимовқа үн қатты:

- Тыңдашы, Иван Иванович, біз Матусовты Камаға апарсақ қайтеді? Күн жып-жылы, қолына сабын берейік, жуынсын. Әйтпесе, одан қыздар сырт айнала бастапты.

Мұндай күтпеген ұсыныстан майор сөз таба алмай қалғандай болды:

- Мен кейде әзілді түсінбей жүрмін ғой деймін. Сені ұқпай қалдым.

- Мен мұны шын айтып отырмын, жолдас майор. Өлгінде Нина Игнатюк одан теріс бұрылып отырды. Лас шошқа дейді.

- Бұл жаңалық емес қой. Қылмыскердің бір-біріне тіл тигізе беретін әдеті.

- Оның солай екені – солай, әрине, - деді де тергеуші Трофимовқа жақындап келді. – Көресіз бе, Иван Иванович, Матусов бұл қылмысқа қатыспаған. Мұны Зайцев дәлелдеді. Олай болса, ол бостандыққа шығуы керек. Бұл туралы қаулы дайын. Бірақ қайда шығарамыз? Оған жұмыс керек. Оны ешқайда алмайды. Мүмкін сен көмектесерсің. Біреулермен сөйлесіп көр. Оған дейін үстібасын ретке келтірейік.

- Енді түсіндім. Оны қазір-ақ ұйымдастырып жібереміз, Ғайнан Ибрагимұлы. Ал енді оны өзенге конвоймен жібереміз бе?

- Оның қажеті не? Одан да біз былай істейік – оған үш сағат уақыт берейік. Прокуратураның тергеушісі саған жуынсын деп айтты де. Ол тек прокуратураның өкіліне ғана сенеді, - Ибрагимов күлді. – Дегенмен де сенің милицияң бақыласын. Оны бостандықпен бір сынап көрейік.

Трофимов шығып кетісімен көп ұзамай телефон қайта шылдырлады.

- Иә, бұл мен. Не? Матусов маған сұранып тұр ма? – Ибрагимовтың жүзі кенет байсалды тартты да, іле-шала күлуіне тура келді. – Жарайды, түсінікті. Өзін жалғыз жіберіндер.

Есіктен Матусов кіріп келді. Қатты ашудан көзі ұшқын шашып тұр:

- Азамат прокурор, - деді ол бұл жолы атау түрін өзгертіп, - мен сізге айттым ғой милиция тек қана арандатудың жолын іздейді. Қараңызшы, олардың маған не айтқанын! Сен, Матусов дейді, бар да Кама өзеніне шомылып шық, денсаулыққа жақсы, әрі кірің кетеді дейді. Ал содан кейін олар мені қашқын деп жазғырмақ қой.

Яғни, маған тағы бір статьяның ұшын қылтитып тұр деген сөз. Жоқ, мен ондай оңбағандыққа бара алмаймын!

- Геннадий Федорович, сенің мұнда екпіндей кіргенің маған ұнап тұр, деді оған Ибрагимов. – Бақытыңа орай, сен өз басың үшін күресе бастадың.

Өзіне деген көзқарастың өзгергенін Матусов бірден байқады. Өйткені, тергеуші оған «сен» деп сөйлеген еді. Яғни, милиция да оның құқы мен заңын бұзуға тиіс емес.

- Күреспесе болмайды, азамат прокурор!

- Мен – прокуратураның тергеушісімін, - деп түзетті оны Ибрагимов – Саған қалай, Камага барып, құлаштай жүзу ұнай ма? Милиция рұхсат еткен екен, мүмкіндікті пайдалану керек. Міне, сол жаққа барып келген соң ашық әңгіме құрамыз. Келістік пе?

- Сіз айтқан екенсіз, келісеміз, әрине, - деп қуана жауап берді Матусов. – Мен болсам, маған қарсы бірдеңе ойластырып жатыр екен деп қалдым.

- Қой, сен ондайды, Матусов. Бар, бар, Каманың суына түсіп салқындап кел.

Бөлмеден шыға берген Матусов: «Не би болайын, не құл болайын», - деді де кезекші милиционерге:

- Маған машина әкеліндер! – деп айқай салды.

- Матусовтың қалай өзгеріп сала бергенін көрген Ибрагимов: «Мына адамның бойындағы осынша қажыр-қайраттың текке кетіп жатқаны-ай! Егер ол өзінің күш-жігерін қажетті іске жұмсаса ғой, халыққа қаншама пайда әкелер еді!» - деп ойлады.

Х Х Х

Еріксіз үзілген іс қайта басталды. Трофимов өз орнына жайғасты. Зайцевті кіргізді. Тергеуші магнитофонның түймесін басты да, сөзін жалғасын деп Зайцевке басын изеді.

«... Кассаға кірдім. Нина сейфті ашты. Бөлмедегі шам сөндірілгенімен терезеден көшенің жарығы түсіп тұрған еді. Бәрі айқын көрінеді. Сейфтен екі ораулы зат

алып шығып, ол маған ұсынды. Мен оларды сөмкеме салдым.

- Қанша? – деп сұрадым мен шыдамсызданып.

- Қырық жеті мың, - деп сыбырлады құлағыма Нина.

– Алла берсе біздікі болады.

Міне, ақша! Кенет бойымды үрей билегені сондай, ақшаны орнына қоймақ та болдым. Сол сәтте-ақ мұндай сатқындық ойдан айнып қалдым. Бастаған істі аяқсыз қалдыру еркекке лайық емес қой! Ақша салынған сөмкені столға қойдым да:

- Қолыңды артыңа қарай ұста, байлап тастайын, - дедім қатқыл үнмен.

Ол келісті. Қолын артына қайырып байлап жатып:

- Мұнша көп керегі жоқ еді, Нинуся, - де қайталай бердім.

- Өткелге келген екенсің, су боламын деп қорықпа, Степанушка.

Бұл сөз менің жанды жеріме тиіп кетті. Ол мені қорқақ деп есептейді екен! Егер мынау әйел мынадай батыл болғанда, мен одан неге кем қалуым керек! Ол мені қайрай түсу үшін әдейі айтқан болуы керек. Сөйтсем, оның бойында тойымсыздық пайда болған екен. Бірақ сол сәтте менде оны түсінерлік жағдай жоқ еді. Ол сонда өзіне тиесілі бөлік қомақты болады деп ойласа керек.

Нина дұрыс айтады, өткелден өтпек болған екенмін, артым былғанады деп қорқудың қажеті не! Мен ызалана кірісіп, Нинаның қолын орындыққа байладым да, аузына шүберек тығып тастадым. Шүберек олқы сияқты болып көрінген соң өзімнің жібек орамалымды қоса тықтым.

Келіскеніміздей бетінен ұра бастадым. Тіпті қолым батып кетсе керек, өйткені оның ашқоздігін білдірген сөздері жыныма тиген еді.

Өз қолыммен жанын көзіне көрсете соққылады да, касса болмесінің есігін ақырын жауып шығып кеттім. Ұзын дәлізбен келе жатқанымда ішкі дауыс: «Кейін қайт, бәрін орнына апарып қой!» дегендей болды. Алған

нәрсені, оның үстіне мынадай байлықты оңайлықпен орнына қоя салатын адам мен бе екем! Сірә, мені толғандырған жай осының оп-оңай орындала қойғаны болуы керек. Бұл жақсылық емес деп ойлады. Іле-шала жүйкемді тежеп, өзімді-өзім қолға алдым.

Құлыпты жапқан кездегі кілттің сыртылы мені дір еткізді. Тап бір пистолеттен атып жібергендей болды. Жасырына қалдым. Маңай тып-тыныш. Елтеп сыртқа шықтым. Онда да тып-тыныш екендігіне таң қалдым. Бетімді самал жел аймалады. Бетімдегі терді сұрттім. Сағатыма қарасам – барлығы бес-ақ минут өтіпті! Ал маған осы уақытта бес тәулік өткендей болып көрінген еді.

Ізімнен адастыру үшін үйге басқа жақпен келмек болдым. Жаңа салынып жатқан үй құрылысы алаңын кесіп өтіп, нан дүкенінің жанынан бір-ақ шықтым. Қарасам – не көрді дейсіздер ғой, бір маскүнем бүкіл алқапты басына көтере қорылдап жатыр. Сол кезде резеңке биялайды, касса бөлмесінің кілтін соның қалтасына сала қою туралы тамаша ой келе қалды. Кетіп бара жатып, кенет тағы бір ой келді, милицияны соның соңына салып қою үшін ақша тастау керек қой! Сондықтан жүз сомдықтың екеуін қалтасына тықтым.

Осының бәрінен соң ғана мүлде байыз тапқандай болдым. Үйге күндегіше жұмыстан қайтқан адам сияқты болып келдім. Шын мәнінде бұл өзінді-өзің алдау екен. Құр сағым сияқты.

Үйге келген соң сөмкедегіні сары портфельге ауыстырып салдым. Киім ауыстырдым. Сол сәтте Зиганшин есік қақты:

- Егер жүретін болсаң – машина дайын.

Сөйтіп, ол өзінің «Волгасымен» аэропортқа лезде жеткізіп салды. Жолшыбай үнсіз отырдық. Менің шаруам өз басыма жетерлік еді. Өйткені қызым ауру ғой. Ал Зиганшин болса рульде отыр, жолға жіті қарауы керек. Қаладан шыға бере милицияның машинасын көрдік. Сол кезде жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Бірақ олар бізді әуреге

салған жоқ, қауіптен өттік. Маған қайта жан кірді. Сағат он бірлердің кезінде біз самолётте болдық. Қысқасын айтқанда, он екі жарымның кезінде такси бізді Гагарин көшесіне жеткізді. Оған он сом ұстаттым. Міне, қандай өмір еді! Ақша деген адамды өзгертіп сала береді екен:

- Артығының керегің жоқ, - дей салдым машинадан шыға бере.

Сөйтіп, мен өзіме сенбіге қараған түні – жиырма бесінші тамызда – айғақты солай жасадым. Сол күні менің барлық бір күнгі өмірім әр минутына дейін есептеліп, елдің көз алдында өтті. Темірдей мықты айғақ! Мен қассаны алған, үйге оралған, маскүнемнің қалтасына биялай мен ақша салу үшін дүкен алдына тоқтаған уақыттардың барлығын есептеп шығардым. Барлығына сегіз-ақ минут уақыт кетіпті! Менің осыншама бай адамға айналуым үшін осынша ғана уақыт жеткен! «Бұл ақшаны қайда тығу керек?» деген ой сол мезеттен бастап миымды тесе бастады.

Енемнің үйінде қалған таңды ұйқысыз өткіздім. Елдің бәрі ұйықтаған соң балконда тұрған ақша салулы портфельді әкеліп, көзге түсе бермес үшін ванна бөлмесіндегі сөреге апарып қойдым. Бес мың екі жүз сомды қалтама салып алдым. Ақшаның көп болғаны қандай жақсы! Бүкіл өмірімді осылай сүрсе ғой!

Сенбі күні таңертең енем мен қызыма ақшаны содан алып бердім. Олар ірі ақшаны көргенде қатты таң қалды. Қалалық транспорт жүре бастаған кезде туысқандарыма кеттім. Бірақ олар үйінде болмады. Көршідегі әйел:

- Кеше кешкілік саяжайға кеткен, бүгін келмейтін шығар, - деді.

Күтіп тұруға уақыт жоқ. Таныстарымды іздей бастадым. Айғақ керек еді! Қызымды ауруханаға орналастыру қажет. Жұмыс жеткілікті! Ең бастысы – сары портфель. Оны қайда тықсам екен? Машаның жайы оңай болды, оны бір танысым өз мойнына алды. Туысқандарымның саяжайына келгенде түс болған еді. Қуана

қарсы алды. Туысқанның келуіне арнап сабантой өткізді. Содан қалай жатып, қалай ұйықтап қалғанымды білмей қалыппын. Оянсам, жексенбі күнінің түсіне тармасыпты. Түскі асты іше салдым да, қала сыртына жүретін поезға отырып, Қазанға тарттым. Жүрегім өреки бастады. Ақшаны алған кездегі алып-ұшып, қалықтатып әкеткен сезім су сепкендей басылды. Ішімді бір күдік тырнап барады. «Бәрібір табады! Табады!»

Сондай жүнжіген бетімде келдім де, Головиндікіне тарттым. Портфельді сонда қалдырдым. Содан соң қызым қалған енемнің үйіне келмек болдым.

Самолетке билет алайын деп Гагарин мен Декабристер көшесінің қиылысындағы қалалық аэрофлот агенттігінің филиалына кірген кезде Чалташта сауда жүйесінде бірге істеген ескі танысымды кезіктірдім. Бір-бірімізбен сәлемдестік. Ол бірдеңені сезген сияқты.

- Ауырып қалғаннан сауымысың, Степан Григорьевич, түрің өзгеріп кетіпті ғой, - деді.

- Иә, қызымды әкеліп едім, ауырып қалды, - деп түсіндірдім мен. – Ал оз халің қалай?

Әңгімелесіп, екі кошеден өттік. Ол маған кассаның тоналғаны туралы айтты. Аға кассир орталық ауруханада олім халінде жатыр екен. Содан соң сыр тарта сөйлеп:

- Бұл тәжірибелі бандиттің ісі сиқты деп ойлаймыз. Ештеңе етпес, бәрін де ұстайды ғой. Біреуін қолға түсіріп үлгеріпті. Матусов оның фамилиясы. Оңбаған, төрт рет отырып шыққан корінеді. Қалтасынан резеңке биялай, ақша, кілт алыпты! Міне, біздің милиция! Еркімен жіберіп қойған жоқ! Бүгін болмаса да ертең қалғанын қолға түсіретіні айдан анық, - деді.

Бұл сөздер денемді дір еткізді. Барлығын айқын біліп отырғанын, маған кезек келетінін сездім. Бірақ босаңсуға хақым жоқ еді. Сөйтіп, мен Чалташқа жол тарттым. Ондағы ойым - Нинаны сыр білдірме деп үгіттеу! Бұдан арғы менің қалай жүріп-тұрғаным өздеріңізге айдан анық.

- Зайцев, сізді касса тонауға итермелеген не? Мұқтаждық па?

- Мұқтаждық емес, мені бұған итермелеген жоқшылық та емес, азамат тергеуші. Үйде бәрі бар, әйеліміз екеуіміздің де жалақымыз жақсы. Пәтер жөніндегі арманым орындалды. Ақшаға деген құмарлық сезімнің қай күні туындағанын да білмеймін. Меніңше, көптен бері мықты да, батыл қимыл жасамағандығымнан болуы керек. Осымен ғана, менің қылығым тек осымен ғана байланысты болуы керек деп түсінемін.

- Бірақ мұжық басқалармен теңесемін деп өз үйін өртепті дейді ғой. Мүмкін мұндай қылықты мен түсіндіре алармын? - деп сұрады Ибрагимов. Бұл сөзден Зайцев дір ете түсті де, қалпына келді.

- Тыңдайық, сіздің көзәйнегіңіздің ар жағынан қалай көрінеді екен, - деп аянышты түрде жымыды Зайцев. – Қызық шығар.

- Дүкендегі өртті еске алайықшы, - деп бастады сөзін тергеуші Зайцевке қарап. – Сіз сонда өрт сөндірдіңіз ғой, ал мүмкін сіздің өзіңіз жаққан боларсыз? Ізіңізді жасырдыңыз! Онда сіз оп-оңай құтылдыңыз.

- Мұның барлығы жалған! – деп жауап берді даусында діріл бар Зайцев. – Ол жағдайды тексергенде иненің жасуындай жер қалған жақ болатын.

- Сабыр етіңіз, міне сізге сондағы жағдай бойынша статья тағайындайын деп отырғаным жоқ! Протокол жүргізіп отырмағанымды да көріп отырсыз. Мен тек сіздің құлқыныңызға қатысты назар аударғым келіп отыр. Ол жолы өрт жалыны шарпымағандықтан сіз бұл жолы тіпті батылданып кеттіңіз Өзіңіз айтқандай ерлік әрекетке лайықты орын сауда жүйесі деп ойлаған екенсіз. Кассадан! Жоқ, Нина Игнатюкті сіз кездейсоқ кездестірген жоқсыз. Сіз басынан дік-дік басып, жиделібайсынға қарай бөгетсіз жоғары өрлей беруге болатын адамдарды әрқашан іздестірумен болдыңыз.

- Бұл – жала! – деді Зайцев айқайлап. – Сіздің сөзіңіз қисынды болғанымен, еш дәлелі жоқ.

- Онда айтыңызшы, сіз қыздың қасиетті сезіміне, махаббат сезіміне неге ойран салуға бекіндіңіз?

- Біз бұл туралы сөйлескеміз жоқ.

- Сіздің сөзіңіз қағазға басқаша жазылған. Мен – сендік, сен – мендіксің. Бұдан артық қартайып бара жатқан қызға қандай уәде бермек едіңіз?

- Бұл жай айтыла салған сөз.

- Дегенмен, сіз сол сөздің көмегімен оны қылмыс жасауға мәжбүр еттіңіз ғой. Нағыз алаяқ карташылар сияқты көзірді ашып тастадыңыз емес пе! Мұнымен сіз Игнатюктің соңғы үмітінен, бақытқа деген үмітінен айырдыңыз. Осы бет-перде ақшаға ие болу үшін жасалды ғой! Мұндай адамның қолынан бәрі келеді!

- Азамат тергеуші, меніңше, мұның қылмысқа еш қатысы жоқ.

- Мен де қылмыстың өзі туралы емес, қылмыскердің рухани бет-бейнесі туралы айтып отырмын. Бізге ол ешкімге қажетсіз, жан-дүниесі таяз адам сияқты.

- Мені басқалардың пікірі қызықтырған емес. Ешқашан қызықтырмайды да.

- Өкінішті! Ақылды болуға ұмтылып жүрген адам жай бір қарақшы болып шықты. Оның осындай құлдырауының себебін ақылға салғысы, қорытынды шығарғысы келмейтіндігі өкінішті, - Ибрагимов стол жанына қайта отырды. – Жауап алуды жалғастырамыз. Кассаның тоналғанын сіздің туыстарыңыз бен жақындарыңыз біле ме?

- Оларға бұл не үшін қажет? Бұл туралы әйелімнің білмегенін қалар едім. Оның жүрегі ауырады, азамат тергеуші. Онда менің екі балам жетім қалады ғой. Оларға мұны басқаша хабарлау керек.

- Оны көрерміз, - деді Ибрагимов. – Ұрланған ақшаның қаншасын жұмсап үлгердіңіз?

- Жүз сомнан аспайды. Басқасы қолдарыңызда.

Сөйтіп, өзінің қарулы шабуыл жасағаны, өзінің кінәлі екенін Зайцев толық мойнына алды. Мұнымен ол кейін шегінбес үшін артында қалған көпірдің көзін жойғандай болды.

Ибрагимов оған протоколға қол қойғызып алда да, қылмысты іс папкасына салып қойды.

- Тергеу жөніндегі ісіңіз, Зайцев, таяу күндерде аяқталып, одан соң сотқа жіберіледі. Істегі материалмен таныстыру үшін тағы да шақырамын. – Ибрагимов түймешекті басып қалып, конвойды шақырды. Тұтқынды камераға алып кетті.

Х Х Х

Телефон соққан соң тергеуші көп күткен жоқ:

- Сіз мені шақырдыңыз ба, азамат бастық! – деп Матусов есіктен кіре бере, босағадан айқай салды.

Коңіл күйі тамаша. Мүлде өзгеріп кеткен! Жуынып-таранған, алтын теңгедей жарқырап тұр.

- Иә, шақырдым, - деді Ибрагимов оған орындықты нұсқап. – Ал, Каманың су қалай екен? Жылы ма?

Матусовтың екі езуі екі құлағына жетті.

- Егер жер бетінде жұмақ болса, азамат бастық, ол тура сол жерде екен. Бір кесек сабын жетпей қалып, денемді құммен ысқылауға тура келді.

- Міне, жарайсың, Геннадий Федорович! Оның есесіне адамға ұқсап қалдың. Негізі бар ғой, дененің кірін кез келген уақытта жуып кетіруге болады, ал жан-дүниені... Оны қалай істейміз, Матусов?

- Сіз не туралы айтып отырсыз? - Матусов елең ете қалды.

- Жан-дүниені айтамын, Матусов. Ескі әуеніңе қайта басамысың?

- Енді қайдағы ескі әуен! – Матусов сасқалақтап көзін жыпылықтатты. – Сіз мені қалай болғанда да отырғызып қоясыз ғой...

- Жоқ, Матусов, таппадың. Бостандыққа жібереміз! Тек тағы біреудің тұзағына түсіп қаласың ба деп қорқамын.

- Ибрагимов оған ненің қалай болғанын бастан аяқ түсіндіріп берді. Анау болса басында байыппен тыңдап отырған еді, бір кезде шешімді түрмен орнынан атып тұрды:

- Егер жұмысқа алса, мен осылай жүрер ме едім! Яғни, комсомолдық құрылыс мен сияқтыларға құйрығын ғана көрсететін болды ғой. Егер адам сияқты жұмысқа орналасып алсам, қалай істеу керектігін көрсетер едім. Бұрынғы қалтаға түсуші ұрының сөзімен ант етемін!

Неге екені белгісіз Ибрагимов осындай сөзді, Матусовтың басқалар қатарлы еңбек етуге деген тілегін, өз аузынан естігісі келіп, асыға күтіп отырған еді. Жұмысқа тұруға деген жолдаманы өзі сұрасын деп ойлаған.

- Сенің болашақ жұмыс орның туралы, Геннадий Федорович, өзің ұнатпайтын милиция баяғыда-ақ ойластырып қойған. Міне, саған жолдама! Ертең сағат тура сегізде сені құрылыс басқармасында күтіп отырады. Тек байқа, кешігіп қалып жүрме! Өмір кешігіп жүргендерді кешірмейді.

1978 ж.



Михаил ПРИШВИН,

орыс жазушысы

АРҚАРЛАР

«Табиғат жыршысы» атанған орыстың атақты жазушысы Михаил ПРИШВИН өткен ғасырдың басында қазақ даласын аралап, Сарыарқаны басып өткен сапарында Қарқаралыда болған екен. Сол кездерді суреттейтін жазбаларының арасынан «Арқарлар» деген әңгімесін ықшамдап аударған едім.

I

Қорқынышты сот

Бұл Ертісте болған еді. Мен жер аударылғандар тиелген пароходтың күлімсі исі мұңкіген жертөлесінен палубаға шықтым. Жүз сомымның жартысы да қалған жоқ, ал мен жер аударылғандар туралы ештеңе жаза алмадым. Бұлар бақытсыз, адам аярылық жандар еді. Мен бұлар туралы емес, жер аударушы шенеуніктердің жүріс-тұрысы туралы жазу керек екендігін түсіндім. Ол үшін жергілікті жерде ұзақ зерттеу қажет. Даланың аса қызық суреті аз-аздап өзіне көңіл аударта бастады. Мен болсам ара-арасында өзіммен бірге ала шыққан жалғыз кітап – Семеновтың жағрафиясын қарап қоямын. Көп ұзамай одан Қарқаралының жанындағы далалық тауларда арқар болатындығын оқыдым. Жер ауғандарды тастау керек, авансы бар болсын, арқарлармен айналысу керек деген ерекше бір құштарлық бойымды биледі.

Бұл кезде пароход Павлодар қаласының пристанына тақап қалған болатын. Тоқтаған кезде палубаға қатып киінген еврей жігіті шықты. Ол менің жаныма отырды да, менің қайда баратынымды сұрады.

- Өзіңіз қайда барасыз? – деп оның сөзін бөліп, қарсы сұрақ қойдым.

- Мен, – деді ол. – Семейге үйленуге бара жатырмын.

- Бәсе, киінуіңіз солай, ал қайдан келесіз?

- Қарқаралыдан.

Мен жанданып кетіп:

- Онда арқарлар бар ма? – деп сұрадым.

- Кішкене әртаман, Қызылтау тауында көп, отарымен жүреді.

- Атса ғой, шіркін... – дедім мен.

Сол кезде жас жігіт мені Қарқаралыға, оның туған ағасы Лазарь Исайчқа баруымды үгіттей бастады. Ол жеміс-жидек суларын шығаратын фабрикант, ең бастысы – ет сатады. Оның таныстары толып жатыр, ат та табады.

- Лазарь Исайч мылтық та табады... Ал, ат па? Әне, аттар. Жолсерік болып жүре беріңіз....

Аорон Исайчтан хат жаздырып алдым да, арзан ақыға арбаға орналасып, Ертістен алты жүз шақырымдағы қайдағы бір жеміс-жидек суларын шығаратын фабрикант Лазарь Исайчка арқарлар үшін жал тартым.

Осы батыл әрекетім үшін кейін марапатқа ие болдым. «Қара Арбат» атты менің далалық шығармам газетке күн тәртібіндегі мәселені жазудан босатты. Бірақ мен арқарларға жасаған аңшылығымды бұл Қара Арбат туралы аңызда жазған жоқ едім. Оған қоса мынадай қиын мақсат – ешқандай қаражатсыз, тіпті мылтықсыз-ақ арқар ату – сібірлік таулы даланың өмірімен жақсы танысуға мүмкіндік берді.

Қарқаралыдағы Лазарь Исайчка келгенде еврейлердің илеуіне тап болғандай күй кештім. Ертеңіне мені жауап алуға шақырды. Бастық – мені, мен – оны балағаттадым. Содан менің жеке басым анықталғанша

Қарқаралыдан ешқайда кетпеуге қолхат беріп тындым.

Екі-үш апта өтіп кетті. Әбден ішім пысып, мені паналатқан үйдің бір бұрышында отырғанмын. (Бұл жерде автор еврейлердің «Қорқынышты сот» деп аталатын дәстүрлі рәсімі туралы әңгімелейді. – *Ауд.*) Кенет городской кіріп келді де, мені уезд бастығына тез келсін деп шақырып жатқандығын хабарлады.

Мен Жағрафия қоғамының мүшесі болатынмын. Мүшелердің тізімі әрбір губерния калаеында болады. Лазарь Исайч Семейге бір жол тауып, губернаторға өз адамын жіберіп алған. Содан бір орман күзетшісі арқылы уезд бастығын «тышқыртқан» ғой.

Еврейлер тік тұрып қоштаса бастады. Олардың ойынша мені не қамап қояды, не кейін жөнелтеді. Бұл кезде губернатордың қағазы келгенін ешкім білмейтін.

Уезд бастығы өз үйіне шақырғанмен Лазарь Исайчтан кеткемін жоқ. Соған қарап олар мені бұрынғыдан да жақын тарта бастады. Бұл мен үшін дұрыс та болды. Арқарға ол менімен бірге шығуға бел байлады. Біз казак винтовкасын, бытыралы екі мылтық таптық. Біздің экспедицияға Гамбург зоологиялық бағын аңмен қамтамасыз еткен Сібірдегі Верещагинаға жол көрсеткен, атақты аңшы Қали мерген қосылды. Бұдан соң экспедицияға уездік съездің хатшысы, далалықтар арасында ықпалды Дмитрий Иванович қосылды. Кедей қазақ Тоқымет өзінің түйесімен біздің соңымыздан киіз үй мен азық-түлік алып жүрді. Қазақтардың почтасы «ұзын құлақ» деп аталады. Уезд съезі хатшысының, петербургтік жазушының және жеміс-жидек шырынын шығаратын фабрикант сияқты маңызды адамдардың жолға шыққанын бірінен-бірі ауылдан-ауылға іліп әкетіп, радио хабарынан да асқан жылдамдықпен ілезде таратты. Аңшылықты ұнататын бай қазақтар келіп қосыла бастады. Қосалқы аттар әкеп берді, бүркіттер мен басқа да аңшылық құстары пайда болды. Қойдың етін сирек жейтін болдық, көбіне құлын сойылды. Егер біз ішкен қымызды бір жерге

жинаса – кішігірім көл бөлар еді.

II

Тоқымет пен құрлар

Менің жеке саяхатым аңшылық экспедициясына айналды. Материалдар қойын кітапшама күйылып жатты. Әлі күнге дейін оларды пайдалана алар емеспін. Тек арқарға аңшылыққа шығардағы екі-үш сәтті ғана осы жерде әңгімелеп бермекпін, бірақ аяқ жағын созып аламын ба деп қорқамын. Бір күні түнімен қымыз ішкен біздің адамдар ұйықтап жатты. Біз таңертең ерте Тоқымет екеуміз далада шай ішіп отырдық. Қарасам – біздің ұзақ-қарғалар сияқты қап-қара құстар жол бойында қаптап жүр. Бажайлап, олардың құрлар екенін біліп, өте қатты таң болдым. «Дала табиғатына байланысты олар өздерінің әдеттерін өзгерткен екен, – деп ойлады. – мүмкін жаяулап барсақ, атуға жақындатар». Сол оймен қолыма бытыралы нашар мылтықты алдым да, оларға қарай Тоқымет екеуміз дауыстай сөйлеп, жол бойымен жақындай бастадық. Құстар мойындарын соза бастаған кезде жақындамастан атып жібердім. Барлығы ұшып кетті, тек қанатынан жараланған бір әтеші ғана жан-тәнімен жүгіре жөнелді. Сол кезде оны қуып берген Тоқымет жетіп алды да, бауыздап тастады. Мен оған жақындаған кезде шөп арасынан тығылып қалған бір әтеш ұша жөнеліп еді – қағып түсірдім. Тұяқ серіпкен жоқ. Тоқымет оған жүгірген жоқ, бұл құс оған керек емес. Мұсылман заңы бойынша қан шығарылмаған жануарды жеуге болмайды. Бауыздалған құсты Тоқыметке бердім де, атып түсірілгенін өзім алдым.

Қуанып кеткен Тоқымет маған мақалдап:

- Ауа мен су көптікі, аңшы олжасы бөліскендікі, – деді.

Оның айтуына қарағанда барлық құрлар бүкіл тауға тарап, бізде қайыңның бұтағына қонып алатыны сияқты үшкір тастарға қонақтайды екен. Бірақ жолшыбай тұзды,

қалың қау өскен көл болғандықтан олар осы жерде күте тұрып, біраздан соң қайтадан жол бойына жүгіріп шығады. Біз сонда бардық. Ескі мылтық жиі-жиі атылды. Тоқымет болса жүгіріп барып, бауыздап тастайды. Құстың көпшілігі соған бұйырды. Біраздан соң демалуға тасқа отырған сәтте ол:

- Жақсы мылтық па, өте жақсы ма? – деді.

- Нашар атылады, – дедім мен.

Ол басын шайқады да:

- Құдай береді, – деді.

Өзімше мұны: "Мылтық нашар атылғанмен Құдайдың өзі жібереді», деп аудардым.

Мен келіскенімді білдіріп, басымды изедім. Ол қуанып кетті:

- Алыс пен жақынды – жортқан біледі, ащы мен тәттіні – татқан біледі.

Тоқыметтің бастан кешкендерін естіп алғам. Ол жатақ екен. Яғни, жұттан жалғыз түйесімен ғана қалған, ең кедей қазақ. Мұндай адам көшіп-қонып жүре алмайды. Ол енді жер өңдеумен айналысуы қажет. Сондықтан мен де дала ырғағымен былай дедім:

- Кім көп жыл жарқын көшіп жүрсе – ол өмірді жалпағынан басқан, ал кім қиыншылыққа тап болып, жермен айналысса – ол өмірге терең бойлаған.

Жатақ бетіме таңдана қарады:

- Мұндай жақсы мақалды қайдан білесің?

Мен оған:

- Алыс пен жақынды – жортқан біледі, ащы мен тәттіні – татқан біледі, – деп жауап бердім.

- Мерген, – деді Тоқымет.

Бұл оның тамаша атқыш дегені.

III

Ветр Иваныч және дуадақтар

Уезд съезінің хатшысы Дмитрий Иванович ақкөңіл, өзі аса толық адам. Қырда көпке мәлім, қазақтар оны Ветр

Иваныч деп атайды. Ол ешбір ауылдың қымызынан ауыз тимей өтпейді, оған өз жанындағы қазына шарабын қосады. Оның өзінің аты мен арбасы бар. Ішіп алғанда ол қызметін тастап, арбаға мініп алып, ауылдан ауылды аралап жүре берсем деп армандайды, қонақты бәрі құрметтеп күтеді. Сөйтіп өмір бойы қыдырып, аң аулап жүре беруге болады.

- Дуадақ атса ғой, – дедім мен. – Аңшылықтың бұл түрімен таныс емеспін.

- Ол оңай, – деп жауап берді Ветр Иваныч. – Қырға шықсаң болды, бірден ағамыз.

Айтқандайын-ақ дуадақтар көп ұзамай-ақ көрінді. Ветр Иванычтың арбасына ауысып мініп, атты мен айдадым. Ол қолында мылтық, арбадан секіріп түсер сәтті күтіп отыр. Есебіміз белгілі: арбамен айнала жүріп таяп келеміз, мылтық оғы жететін жерге келгенде Ветр Иваныч секіріп түседі, ал дуадақтар болса жүріп бара жатқан арбаға қарайды. Бірақ анадай денемен Ветр Иванычтың жерге секіріп түсуі оңай емес еді. Оған биік тас керек болатын. Бір кезде үлкен қойтасты байқадым да, бірте-бірте жақындап, Ветр Иванычты түсірдім де, әрі қарай кете бердім. Сол кезде дуадақтарға қарағанда танданғаннан төбе шашым тік тұрды. Тасқа орналасқан Ветр Иваныч жаңағы арбада отырған кейпінен де зорайып кеткен сияқты. Ал бүкіл дуадақтар арбаға емес, Ветр Иванычка көз тігіпті.

Дуадақтар жылдам жүгіре жөнелді де, ұша бастады. Олардың соңынан аталған оқтардың ешқайсысы дарыған жоқ. Мен қайта оралдым. Ветр Иваныч құтысынан құйып алын, тартып жіберді.

IV

Арқарлар

Көгілдір таулар осы кең далада көшіп жүрген алыптардың шатырына ұқсайды. Біз арқар ататын жердің аты Қызылтау.

Алыстан ол да көк болып көрінген, бірақ таяп келгенімізде сарғыш тарта бастаған бұталармен көмкерілген қара тау болып шықты. Бижан алқабында сылдыр қаққан жылғаға тап болдық. Тоқыметтің қарсы болғанына қарамастан киіз үйді осы жерге тігуді ұйғардық.

- Шөк, шөк! – деп Тоқымет түйелерді шөгерді.

Түйелер тізелерін бүгіп, шөкті. Әуелі киіз үйдің негізі – шаңырақ шешілді. Оған уықтар қадалып, киіз жабылды. Жоғары жағында, төбеде түгін шығатын үлкен тесік өзінен-өзі пайда болды.

Түн ортасында ауырсынып ояндым. Қарасам – барлығы тырдай жалаңаштанып алып от басында отыр. Қолдарында бір-бір пышақ, денелерін шұқылауда. Қағылған шегенің бастары сияқты қап-қара нүктелер менің денемде де пайда болыпты. Тоқыметтің жылға бойына қонуға болмайды дегені дұрыс екен. Көшкен кезде бұл жерге қой отары тоқтапты. Ондай жерлерде қой кенесі қайтсе қалады. Денеміздегі кенені тазартып болған соң қойдың майынан шырағдан жасадық та, киіз үйді соның жарығымен басқа жерге көшірдік. Кененің шаққан жері ауыртып, көпке дейін ұйқы бермеді. Көзіміз ілінгені сол еді:

- Айда, Ветр Иваныч, тұр арқар атамыз! – деп Қалидың қайта-қайта қайталаған дауысы естілді.

Қали өте епті, ширақ жігіт екен. Мен оның айтқандарына сенемін. Бірде ол Верещагинаға жабайы қабанды тірідей ұстап беріпті. Қабанның үстіне ат қып мініп алады да, құлағынан ұстап алып, бірталай жерге барғанда бұрап соғады.

Біз киініп алып шай ішіп отырмыз. Қали болса:

- Айда, Ветр Иваныч, тұр арқар атамыз! – деген сөзді бірнеше рет қайталады.

Қалидың мазасыздануы орынды. Өйткені, арқарлар өте ерте, күн шыққанша таудан төмен түсіп, жайылып, су ішеді де, күн қыздыра бастағанда қайтадан көтеріледі.

Аңшылыққа уақыт өте аз... Шықтан із кесу керек, тау басынан төменде жайылып жүрген арқарларды бағдарлау керек.

Ветр Иваныч өзін тамаша аңшымын деп есептейді. Арқар атуға жалғыз баратындығын сан рет айтты. Мойнына қомақты құтыны іліп алып, әрине оның ішіндегі су емес, атын тасқа жақындатып әкелді де, ерге салмақтана қонжиды. Біздің соңымыздан маңғаз полковник кейпінде ұзақ еріп жүрді. Басына арқар түстес немесе күзгі бүрген сияқты сарғыш қалпақ киіп алыпты. Ол осы аңшылыққа ұзақ дайдалған болатын. Сондықтан да барлығын елеп-екшеп қойған. Тек бір нәрсені ғана ойламапты. Көп жыл ішкен қымыздың салдарынан қарнының тым салақтап кеткендігін, тау-тасқа өрмелеген кезде ердің алдыңғы қасы қарнына кіретіндігін ескермепті.

Қали болса мұндай аңшыдан шамасы келгенше алыстай түсуге асығуда. Сондықтан да ол қиындау жолдармен бастап келеді. Құлап кетпес үшін аттың жалынан мықтап ұстап алғанмын. Бір кезде төмен қарасам, Ветр Иваныч бір жаққа қарай жаяу кетіп барады.

- Ветр Иваныч арқарларды үркітетін болды, – деп күледі Қали.

Атпен көтерілу мүмкін болмаған кезде оларды сол жерге тастап, әрі қарай жаяу кеттік. Аттар ешқайда кетпейді, сол жерде жайылып тұрады. Тау жотасына шыққан соң біз жатып алып кең алқапқа, сай-салаға көз жібереміз. Бұл жерден арқар ма, әлде сарғыш бұталар ма, айыру өте қиын. Қалидың өзі бір жерді көрсетіп, арқар ма, әлде тас па деп сұрайды. Дүрбі қажет, бірақ ол жоқ. Меніңше, басын төмен салып, шөп жұлып жеп тұрған арқарлар...

Оларға қарай жақындап келу үшін жер жағдайын жақсылап бағдарлап алу керек. Әйтпесе ештеңе таппайсың, тіпті адасып қалуың мүмкін. Қали көзбен бағдарлап отыр, мен қағазға сызбасын жасадым. Осы кезде жанымыздан бүркіт қалықтап өтті, көп ұзамай қызыл түлкі

тұмсығын қылтита оның соңынан ұзақ қарап тұрды.

Алтай мен Тарбағатайдың күзгі мөлдір ауасы сияқты ғып-тыныш. Бұл жерді бұрын адам аяғы баспауы да мүмкін. Анау бір жерде өлген жануардың қурап қалған бас сүйегі ағарандайды... Ал ана жазық алқапта, қара гастардың ар жағында бірдеңелер қозғалды. Біз санай бастадық.... Тоғыз екен. Төмен түсіп келеміз.

- Құлжасы бар! – деп сыбырлады Қали.

Құлжа – арқардың еркегі. Көкпекқұлжа дегені бар. Ол үш жасары. Ал ең үлкен тандаулысы – ақтамақ.

Біз ең алғаш байқағанымыз – қыр басында біреуі тұр. Ол неге төмен түспейді? Қалидың ойынша ол күзетшісі, сондықтан ойға қарай түспейді.

Бізге асығу керек. Қаладағылар таңғы шайға отыратын мезетте арқарлар тауға қайта кетеріледі. Олар сергек ұйқтайды. Ол кезде жақындау мүмкін емес. Егер ұйықтап кетсе, күзетшісі мүйізімен оятып жібереді.

Төмен қарай жүз қадамдай жүрген соң менің сызған карта жарамсыз болып шықты. Таулар мен сайларды мүлде танымай қалдым. Егер мен жалғыз қалсам, онда арқар түгілі өзіміздің аттарымыздың қай жерде екенін таба алмай қалатын едім. Қалидың мысықша басқан ізімен, қиядан төмен түсіп келе жатырмын. Кейде ұсақ тастар домалай жөнелгенде Қали тоқтаиды да, маған қарап сұқ саусағын ерніне апарды.

Қалидың екі тастың арасынан қалай өтіп кеткенін байқамай қалдым. Менің өзім де өттім. Көз алдымда арқарлар табыны пайда болды. Қали болса қия тастың жиегіне жетіп қалыпты. Егер ол тастан шыға келсе – арқарлар көреді де, үркіп кетеді. Сыбырлауға – алыс, айқайлауға – қауіпті. Мен кішкентай тасты Қалидың арқасына лақтырдым да, оны өзіме шақырдым.

Бір топ арқар бізден жүз елу қадамдай жерде. Мүйізі шаңырақтай иілген нән құлжа тіпті тақау. Мен ату білемін. Мұндай қашықтықта казак винтовкасымен өкпе тұстан көздеу керек.

Бірақ ата алмадым. Қарауылым қозғала берді. Қалидың атқанын дұрыс көрдім. Қара таудың қойнауындағы сап-сары болып жатқан әсем табиғатқа әсерлене көз тіктім. Ал ол болса, маған қарап күтіп отыр. Өзі атқысы келмейді, бірталай арқардың обалына қалған екен. Мен еріксіз винтовканы тасқа жатқызып, өкпе тұстан көздедім де, шүріппені басып қалдым...

Барлығы тым-тырақай болды. Бірақ бір сәттен соң бізден үш жүз қадамдай жердегі жартасқа тізбектеле тұра қалды. Қали соларға қарай мылтық атты. Ал мен атқан құлжа болса, арқарларға қарай емес, бізге қарай жүгіріп келеді. Оны тағы да атып жібердім. Менің оғым қара жерді бұрқ еткізді. Арқар, болса біз тұрған жартастың төменгі жағына келіп құлады. Ал анау көп арқар, Қалидың атқан мылтығынан соң тау басына қарай өрмелеп барып, тағы да тізбектеліп тұра қалған еді. Біреуі төмендегі орнында қалыпты. Аспанға қарата тағы бір аттым. Арқарлар көзден ғайып болды.

Бәрі де көрген түс сияқты.



Виктор КАРАМАЗОВ,
беларусь жазушысы

ҚАЛАДАН КЕЛГЕН ЖІГІТТЕР

Шақырайған күннің жер бетін қуырғанына бірнеше күн, аспанда бір түйір бұлт жоқ, ал жел үп етсе – шөл даладай ыстық соғып, не тыныс алдырмайды, не тыныш таптырмайды. Жайылым әзірше жаман емес, кей жерлердің ғана аздап сарғыш тартқаны болмаса, биыл қыс қарлы болды, көктем кеш шықты, қар суы шабындық алқапта ұзақ тұрды, онымен қоса жып-жылы болып буланып, үш күн бойы жаңбыр құйып тұрып алды. Өткен көктемде шөп ақ жаңбырдың астында шабылғандықтан барлық шөп пішендемеге салынып, жылтыр қағазбен жабуға тура келген. Биыл сол пішендемеге риза, бұған қоса шөмелелер үйілді. Әйткенмен де, жаңбыр қажет. Мысалы, астық толысты, оған құрғақшылық қауіпті емес, ал жаздық егіс, зығыр қыза бастады дейік, картопты да құмдаққа жайып кептіруге болады. Жаңбыр керек.

Стёпка осылайша барлығы үшін, бүкіл ел үшін әріден ойлағанымен, бала-шағасы жоқ, ата-анасына жас жігітке сол картоп пен астықтың қанша қажеті бар? Ол шалбарының балағын түріп алып, жалаң аяғын суға дейін салбыратып қойып, тізесінде жүгені бар, өзен жағасында отыр, қолында балықшы жібі сабақталған ине – иірілген тарамысты қайдан алсын – өзенге, алқапқа, орманға көз салып қояды, олар қандай айқын, рахат, күн сәулесі көзді қарықтырады, сол кезде ол назарын жүгенге аударып, ұлтандай сірі болып қалған қайысқа инесін шаншып, бас бармағының тырнағымен итерді.

Степан арт жағындағы тайыншалардың құрғақ қырылды, ауыр тынысын естіп отыр. Таңертең ерте, күн

мұнша қуырмай тұрған кезде олар барлығы бірге, жаппай жайылған еді. Енді көбіне бір орында тұрып алып, жіп-жіңішке, кішкене шашақты құйрықтарымен бөгелек пен сонаны жасқап қойып, бүйірлерімен және мойындарымен бір-біріне үйкелеседі, үлкен есті сиырларша жағадағы жұмсақ құмдауыт жерге иіріліп, тұяғымен өз үстеріне топырақ шашысады, бақташының өздерін қалқанның астына көлеңкеге айдауын күтеді.

- Иә, сумұрындар, неге жиналдындар? – деп Степан жүгенін сылдыратып орнынан тұрды.

- Суға түскілерің келмей ме? Тайыншаларға жүгенін сермеді, олар еріне басып, тарай бастады.

- Сіздерге, мырзалар, тік жар ұнамай ма? Жарайды, онда әртаман, жайдақ жерге барайық.

Ол жағалаумен жайылымға қарай, кейде сүрініп кетіп, пыс-пыс етіп, тайыншаларды есіне де алмай келе жатыр, өйткені олардың соңынан қалмайтынын біледі. Тап бір бұл оларды емес, олар мұны бағып жүрген сияқты.

Екі жүгеннің әр жері қиылып тұр, оны тікпесе болмайды, әйтеуір жоқтан жақсы. Атсыз қиын, бөгелек пен сәйгел шыққан кезде дем алуға мұрша болмайды. Атты басқарма береді, таңдағаныңды ал дейді, бірақ не жүген, не ер тоқым беруге уәде етпейді, уәде етуге ат басы жүген жетпейді, аттың өзі де онша көп емес, Ат әкелуге Цырля кетті, ол өзенді кешіп өтті де, жылқы табынын іздеп орманға кірді.

Жүгенді иығына салып алған Степан ойға шомды. Цырля, Дич және өзі Минскіден қалай келіп, қалай бақташы болып жалданғанын еске түсірді. Заводпен есеп айырысып шыққан Степан «Метростройға» жер асты жұмысына ауыспақ, сондықтан да оның күзге дейін де мал бағуына болады: Дичті қыдырымпаздығы үшін қуған, көңіліне жағымды жұмысты әлі тапқан жоқ, ал Цырля болса бұрынғысынша заводта істеп жатыр, велосипедтің рулін иеді, қазір заңды демалысында жүр. Жастарға қандай демалыс болсын? Жыл сайын демалыстарында

жалданады. Биылғы жазда алысқа барып, ақшаларын жолға шығын еткісі келмеді. Степан өзіне Неманға шақырған, бірақ Дич пен Цырля жеңді, олар бір деревнядан болатын, сөйтіп өз жақтарына Сожға кетті. Шынын айтқанда Дич өз колхозына келгісі келмеген еді, өйткені ол қаланың таза жұмысына қызығып, деревнядан астанаға қашып кетті, ақ «джинсы» шалбар киіп, қара көзілдірік тақты, енді міне колхозға табыс табу үшін қайтып келіпті, бақташыға дейін жеткенін қара деп күлкі етуі мүмкін ғой ауылдастарының. Жоқ, Дич бұлай істей алмайды. Оларды көрші колхозда өз туғандарындай қарсы алды. Бірден бір табын – үш жүз бұзау-тайынша берді. Үш сменамен, екі адаммен кезектесіп бағу үшін тағы үш бақташы бермек болды. Жалақы әрқайсысына үш жүз сомнан және оған қосымша салмақ үшін тағы төленбек. Жігіттер өз шарттарын қойды: жергілікті бақташылардан бас тартты, үшеуі бағады, ал жалақы алты адам үшін төленеді. Басқарма келісті, өйткені оның адамы жетіспейтін. Ол табынды беріп тұрып:

- Біздің жұмысымыздан жиренбей, қорықпай астанадан келгендерің маған ұнайды, - деді.

Басқарма бұлардың қаладаи екендігін баса айтқанда бақташы бола алатындығына онша сеніңкіремей отырған сияқты көрініп, Цырля:

- Біз деревняданбыз. Қазір қалада болғанымызбен негізі деревнядан шыққанбыз, - деп қосып қойды.

Басқармаға бұл сөз де ұнады:

- Яғни, шабындық пен егістік жайын біліп өскен балалар болдыңдар ғой. Жер жайын білесіндер, малды жақсы көресіндер және қала мәдениетін де бойларыңа сіңірдіңдер. Өткенімізге қараңдаршы – адам кім болған? Маймыл болған. Ал келешекте кім болмақ? Қала мен деревняда айырмашылық болмайды, яғни қала адамы деревня адамымен теңеседі деген сөз. Мына сендер сияқты. - Қарт басқарма пәлсапаны ұнататын.

- Мә, саған, жемтік болғыр сабалақ!

Бұл табынның арғы шетінде бақырып, бишікті шыпылдатып жүрген Дич. Үшеуара бір бишік, оның өзін жұмсақ сымнан өздері жасап алған, колхозда бишік жоқ. Әр түрлі машиналар мен тракторлар толып тұр, ал бишік жоқ. Шыны айтқанда Степанға бишіктің қажеті шамалы, бірақ жасы Степаннан үлкен, Цырлямен жасты болғанымен – отыздан асса да – Дич әлі жас бала сияқты қолынан тастамай шыпылдатып жүргені. Бишікті қолынан тастамай күні бойы табыннан бөлініп, бақташының көзін ала бере қалынға немесе бұтаның арасына кіріп кетуге дайын тұратын сабалақ сары тайыншамен ұрысысады да жүреді.

- Өне, Цырля ат әкеле жатыр! – деп айқай салып, Дич салют бергендей бишікті қайтадан шыпылдатты.

Тайыншалар одан жан-жаққа қашады, Степан болса оны іштей кінәлайды; «Мұның не, Дич? Кешке дейін бишікпен ойнайсың? Тапқан ермегің...»

Цырля әлі алыста, ол Сожды енді ғана кешіп өтіп, алмадай ақ теңбілдері бар биік атты жетектеп келеді. Оның өзі де, аты да қамыстан көрінбей кетіп, аттың басы қылтияды, содан соң жыраға құлағандай жоқ болады да, шөптер мен гүлдердің үстіне қайтадан қалқып көтеріледі, әуелі ат, одан соң кіп-кішкене болып – томардай домаланып – Цырля дөңестен көрінеді. Аттың боз бүйірі, арқасы, жалы терлегендіктен күнге жылт-жылт етеді, Цырляның ковбойлардыкі сияқты жиегі қайырылған сары сабан қалпағы да күнге шағылысады. Цырляның алдында жіпке байланған қара иттің жүгіріп келе жатқанын да байқады Степан. Дич пен Цырляға деген ызадан бір орында қалшыып қалған Степан иттен көзін алар емес. Цырляның итті Дичке ертіп келе жатқанын және оны не үшін әкеле жатқанын жақсы біледі.

Ат пен ит жетектеген Цырля Степанға жақындады, Степан не дер екен, қалай қарсы алар екен деп күтіп келе жатқаны белгілі болып тұрса да мұның бетіне қарамайды.

Сол кезде Дич жетіп келді.

- Сені жіберуге болады екен! – деді Дич үсті-басы малмандай, отыра қалып сілкінгенде суы жан-жаққа шашыраған итке рахаттана қарап.

- Мұны қай жерден ұстап алдың?

- Мұндай бұралқы толып жүр.

Дич Цырляның қолындағы жіпті алып, итті өзіне қарай тартты. Анау болса төрт тағандап тартынды, жіп қикындыра түсті. Дич еңкейіп, итті мойнынан алып көтеріңкіреді, содан соң жерге жаныштады. Ит болса Дичтен қорқып, жұлқынуда.

Степан мұндай қорлық көрсетуге шыдамайды, ол жүгенді лақтыра салды да, Дичке жетіп келіп, қолындағы жіпті жұлқылады:

- Бермеймін! Бермеймін мұны!

Дич қарқ-қарқ күлді, бірақ итті босатпады.

- Ақырын, Степка, біз мұны шығын етпейміз. Айтқанға көнетін жақсы ит екен. Бұл бізге керек – мал күзететін болады.

- Өтірік соқпа!

- Өтірік емес, Степа. Шын айтам.

Керіске Цырля араласты:

- Шынында да, Дич, керегі жоқ, осы ақымақтығымыз да жетер. Жібере сал.

- Мә, ал. Шарбаққа апарып байла, сүйек сал, бізге үйренсін. Көмекшіміз болады.

Степан жіпті қолына алып жай тапты. Өзін Цырля қолдаған соң Дичтің енді итке соқтықпайтынына сенді – екі адамға қарсы шықпайды.

Цырля жерде жатқан жүгенді көтеріп, Степанның қалай тіккенін қарап, тартып көрді де, ештеңе айтқан жоқ, сірә Степанның ісіне риза болған болуы керек, апарып атты жүгендеді. Ат болса барлық мініс көлігі сияқты жуас екен. Бөгелек пен сона көзіне, тұмсығына үймелеп жатсам да, жүгендеп жатқанда да, басын бір қозғалтпай, құлағын да жымитпай, жабысқан шабынды жасқап, жер тарпып қояды.

- Ал, ауыздық ше?

- Маған ауыздықтың қажеті жоқ, менде мынау бар, - деп Цырля аяғын көтеріп, өкшесінде шығып тұрған шегені көрсетті.

Дия Цырляның ойлап тапқанына масаттанып қалды, ал Степан не істерін, не дерін білмей тұр, бірдеңе айтуға да, боқтап жіберуге де үлгермей қалды, бұл кезде Цырля атқа мініп алып, бүйірінен темір өкшемен тебініп қалып еді, бір минут қана бұрын салмақты, көнімпаз жылқы алма тектес ақшыл теңбіл басқан жон арқасы мен қос бүйірін, бүкіл денесін дір еткізді де, бір пысқырып, жасыл алқап үстімен бар екпінімен шаба жөнелді.

- Ақымақ, атты жаралайды-ау, - деді Дич Цырляның ойлап тапқанына масаттанбағандай үнмен, Степанға шегенің қалпағындай шегір көзімен салқын қарап. Бұл көздерден Дичтің қуланып, атты өтірік аяған болып тұрғанын – көңілінде зәредей де аяушылықтың жоқ екенін, бұл өзінің мазақ еткені екенін Степан біліп тұр. Бұлардың ішіндегі жасы үлкені, әмір жүргізуге құмар ол Степаннан қаймығады – күші де, билігі де жоқ, бірақ жуас болғанымен Степанның өзіне ғана тән әділетсіздікке деген жиіркеніші көкірек түбінде берік сақталған, ол ойламаған жерден бұрқ ете түсуі мүмкін.

- Ал, сумұрындар, қашаға барындар, - деп Степан тап бір Дичті елемей, көрмей тұрғандай болып, қашарларға сөйлеп, жанындағыны бүйірінен түртіп тұрған кішкене ғана сүзеген тайыншаны қолын сермеп жасқап, өзі соған қарай жылжыды, шын мәніндегі ойы Дичтен аулағырақ кету.

- Күн ыстық, аяқ басқылары келмейді...

Дичь тағы да бірдеңе деп миңгірледі, бірақ Степан суға төнген жарды жағалап, асықпай басып кетіп барады. Дич болса Степанның өзімен сөйлескісі келмегеніне ызаланып, бишікті шыпылдатып, қашарларға айқай салып, қуалай бастады. Мүмкін болар ат пен итті қарап тұрғанда

табынның арғы басы бытырап кеткен шығар? Онда жиналатын болды.

Степанның алдына түсіп алған ит аяндап келеді. Оның су болған қара жүнінен бу шығады – күн ыстық, жүні қолма-қол кебуге, ит қызғылт тілін салақтатып, ауыр дем алады, айналаға баяғыдан үйреншікті болғандай-ақ қарайды; шоқиып отыра қалды; Степан да тоқтады; тап бір ей адамзат, сен мені қайда әкеле жатырсың, мойнымнан неге байлап ұстадың, бұдан саған не түсті деген сияқты көзбен мүләйімси қарай қалыпты. Степан иттің мұңлы көзқарасын байқаған соң мына жіп дәл өзінің мойнына байланған сияқты бір жиреніш сезім пайда болды да, отыра қалып, жіпті шеше бастады. Тас шиі етіп байлап тастаған Цырляға лағнет айтуда. Тіпті тырнағын да қанатып алды, сонда да жіпті иттің мойнынан шешті. Таңырқалық бір жайт – ит еркіндікті сезініп, көңілденгенімен шоқиып отырып алып жөткірінді, Степанның бетіне қарады, ешқайда қашпады.

- Немене? Кет, қане, аман-сауыңда...

Табын Сождың жағасына дейін қоршалған қашаға кірді, жайдақ жағалауда тайыншалардың суға келуіне оңай. Бишігін дінгекке іле салған Дич жаппа астында көгалда жатыр. Ол Степанды көлге барып ауды қарап келуге жұмсады, мүмкін бір балық іліккен шығар. Ал Степан болса теріс қарап, қоршауға сүйеніп, тайыншаларға қарап тұрып Дичпен және Цырлямен өзін тағдырдың қандай мақсатпен қосқанын ойлауда. Олар Минскідегі велосипед зауытында бірге істеді, бірақ Степан бұларға, әсіресе Дичке шын пейілмен жақындаса алмады. Цырляға сенуге болады, ал Дич болса тек тамағын жыртып, бұйыруды ғана біледі, барлық тірі жанды – адамды болсын, итті болсын мазақ еткісі келеді де тұрады... Оған еш нәрсені айтып түсіндіре алмайсың, басына ештеңе кірмейді, өйткені ол тас қабырға сияқты, өз алған бетінен қайтпайды. Міне, ол жатып-жатып, бір

мезгілде біреу үстінен ыстық су құйып жібергендей атып тұрды да:

- Степка! Төбет қайда? – деп баж ете түсті.

- Мен оны бағып жүр деймісің? – деп Дичке қарамай әдейі байыппен жауап берді Степан.

- Егер босатып жіберген болсаң, өзің ұстап әкелесің!

Тайыншалар қоршаудың жанына жиналып алып дымқыл тұмсығын Степанға созады, оған жасқанбай бағдарлай қарайды. Бұл болса оларға қолын созып, кезек-кезек бастарынан сипап, кекілдерін тарақтады, мойындарындағы томпақты – мал дәрігерінің қалай болса солай салған инесінің орнын – сипады. Тайыншалар жақсы жайылымда еркін жүргендіктен семіріп келеді, дегенмен жайылғанның орнына безектей беретін кейбір арықтары да бар.

Дич Степанға таяп келді. Жанындағы қадаға сүйеніп тұрды да жаңағыдай емес, көңіл жықпас жұмсақ үнмен:

- Иә, оны қайда тығып қойдың? – деп сұрады.

- Босатып жібердім. Өзін керек қылғандарға барсын. Әрі сенің де қолың қанға боялмайды.

- Менің қолымды ойлаған екенсің ғой? Әлде өз арыңның тазалығын ойладың ба? Степка, мен оқыған адаммын, менің мал дәрігерлік дипломым бар. Және қолымды қарашы! – деп Дич Степанға күректей жалпақ алақанын көрсетеді. – Менің тұңғыш басқармам, қазір де осында көрші колхозда тұратын Ван Ваныч мені ытғый: «Сені жақсы көретін себебім, Лысятов, сен малды жылдам пішесің, сенің қолың соған лайық, алақаныңа қабанның болсын, бұқаның болсын кез-келген «шаруашылық» жарасып тұрады,» - деп мақтайтын. Маэстро! Міне-солай, - маэстро!

- Мен оны бұрын да естігем.

Дич қарқылдап күліп, Степан құсап тайыншаларға қолын созып еді, анау болса басын әрі бұрып әкетті.

- Ештеңе етпес, Степа. Мен сені әлі үйретемін... Әуелі мұны қалай істейтіндігіне көзің қанығады, сонан соң...

- Жоқ Дич, мені үйрете алмайсың. Және де аптығыңды бас. Әуелі ана мойнындағы тайыншадан құтылып ал. Бұл жердің адамы ақымақ емес. Басқарма бәрін біледі.

- Ол нені біледі? – деп Дич атып тұрды.

- Ана, кеше итті қан қылғаныңды, өзің айтқандай төбеттің «шаруашылығын» қалай кесіп алғаныңды. Ойлап таппайтыны жоқ.

- Сен көп нәрседен құр қалдың, сол циркті көрмедің ғой. Сен сол кезде қайда жытып кеттің?.. Яғни, басқарма дейсің, ә? Ит туралы біліп қойды дейсің, ә? Оны кім жеткізе қойды екен? Мүмкін сен айтқан шығарсың – деп Дич кенет тісін ақситты.

- Мен осы жерден, жайылымнан ешқайда бармаймын.

- Мүмкін, онда Цырля шығар?.. Біліп қойған ғой, албасты...

- Қанға боялған иттің тайыншаның тамағына жармасқаны туралы да біліп қойыпты. Не көмгенінді де біледі.

- Өтірік соқпа. Бұл туралы ол білмейді және ешқашан білуі мүмкін емес. Оны сенің де білмегенің жөн. Ит туралы не айтсаң да өзің біл, ал тайынша туралы бір елі аузына екі елі қақпақ қой. Неге үндемейсің?

- Е – е, Дич! Сен неге мұндай қатыгез болдың екен? Сен деревняда соларды – ит пен сиырды көріп, көзің қанық болып өстің ғой.

- Сенің қалада тұрғаныңа екі-ақ жыл болды, ал мен болсам көптен қалалықпын. Қалада тайынша да, сиыр да жоқ, иттің бәрі бөтен, менікі емес. Итке тамақ беріп, тайыншаны тұмсығынан сыйпау керек екенін ұмытқалы қашан.

- Дегенмен ұмытпапсың...

- «Шаруашылығын» кесуді ме? Ұмытқам жоқ.

Дич қоршауға етпетінен жатып алып тап бір емес, бірнеше жұтқыншағы бар адамдай қарқылдады.

- Саған не болды? Оның несі күлкі?

- Әкемнің бір күні үйге қонақ ертіп келгені есіме түсті. Самогон құйған шөлмекті столға қойды да, тіске басар бірдеңе іздеді. Олай іздеді, бұлай іздеді – үйдің іші жылан жалағандай. Бір кезде пышақты ала салып, қораға ұмтылды. Бар байлығымыз – жалғыз қабан болатын. Әкем оны бұрышқа алып ұрды да, қоң етінен бір бөлек кесіп алды. Бір кезде жүгіріп шешем келді – әкем мұжықтармен бірге қып-қызыл мас, ал қабан болса қансырап жатыр.

- Ал, сен өзіңнің мұндай қатыгездігіңді қаладан көресің... Жоқ, сен өмір бойы сондайсың... әкең сияқты.

- Сен менің әкеме соқтықпа! Одан да басқарманың қашар туралы қайдан білетінін айт.

Степан қоршаудың ар жағынан жақын келген тайыншалардың пластмасса номерлері бекітілген құлақтарын ұстап, қасыды, қашардың қалғығандай рахаттана көзін жұмғанына жымия қарайды. Сол кезде Цырляны байқап қалды, Цырля көлге барып, орманнан бері шығып келе жатыр еді. Мүмкін ау тартып, балық әкеле жатқан шығар? Степан Цырлядан көзін алмайды, Дичке ештеңе айтқан жоқ, бірақ Дичтің өзі көрді де, Цырляға үнсіз қарап қалды.

Таяп келген Цырля аттың тоқ бүйірімен жерге сыпырынып түсті. Аттың мойны мен бүйірі су-су, Цырляның үсті-басы да су, Терлеген.

- Сәндене басып жүріп алдың ғой, - деп Дич бұрқ етті.

Атты қызыл талдың көлеңкесін байлаған Цырля жаппаның астына құлай кетті де, аяқ-қолын жайып жіберіп жата қалды. Оған Дич таяп келгенде ғана Цырля атып тұрды:

- Басқарма барлық балықты алып қойды!

- Ауды да тауып алды ма?

- Мен екі шортанды, қара балықты, тағы басқаларын таңдап алып жатыр едім, ол «газикпен» жетіп келді. Балыққа, ауға қарап тұрып, тайыншалар туралы сұрады.

- Тайыншалар туралы? – деп Дич сақтана елең етті..

- Тірілері туралы да, өлгені туралы да сұрады.

- Өлгені туралы не деді?

- Қай жерге көмдіңдер дейді.

- Ал, сен не дедің?

- Ешқандай көмілген қашар туралы білмеймін дедім.

Мен ондай ештеңені көргенім жоқ. Ал төбет туралы білесің б деп сұрады. Төбет туралы білемін дедім. Онда қашар туралы ештеңе білмейтін болдың ғой? Жоқ. Олай болса, ертең зоотехник келгенше малды қоршаудан босатпаңдар, ол өзі келіп шығарады деді.

- Бұл неге? Мүмкін ол кейін біз үшін ақша алайын деп жүрген шығар?

- Санамақ қой. Номерлерін жазып алады.

- Бәрі түсінікті! Тек бір ғаиа нәрсе түсініксіз, Цырля, басқарма мұны қайдан біліп қойды?

- Маңайда адам аз ба? Мүмкін Сожда болған балықшылар ана төбеттің қашарға қалай ұмтылғанын көрген шығар. Біз оларды байқағамыз жоқ, оларға қарауға да мұршамыз болмады, ал олар бізді көрді.

Дич Цырляның жанында ренішті, әлдене қауіп күткен кейіппен, қорқынышты бірдеңені қатты ойланып отыр. Степан болса - аттың жанында. Айнала қарап, сипап қояды. Цырля келмей тұрғанда ол атты болдыртып әкелер ме екен, өкшесіндегі шегемен жарақаттап тастар ма екен деп қиналған еді, енді атты бүйірінен сипап көріп көңілі жай тапты, өйткені көрініп тұрған ештеңе жоқ еді. Цырляның жанына келді де, төне тұрып, бәтеңкесінің өкшесіне шеге бар ма деп қарай бастады. Шеге көрінбеді. Қалайша өзі біліп, жұлып тастады екен!?

- Иә, не, Степан, бәйге қалай екен? – деп сұрады Цырля Степанның неге алаңдағанын түсініп.

- Шегең қайда?

- Жоғалтып алдым – деп Цырляның жүзінде байсалды, кінәсіз күлкі пайда болды.

Сен оны жоғалтып алған жоқсың ғой, деп ойлады Степан, аттың бүйіріне қадаған кезінде ата кеп жөнеліп, тым ширақ шабандозды лақтырып кете жаздағанынан қорықтың ғой қандай. Жайылымның бір жерінде жылұп тастаған шығарсың. Өйткені, сен Цырля Дич емессің. Ол болса – алған бетінен қайтпайды, жарылып кетсең де өз дегенін істемей тынбайды. Дич – бір пәлекет, оның үстіне жыртқыш. Оған мұндай бүркеншік ат беруі тегін емес – қай жағынан болсын жабайы. Ал, сенің жан дүниенің мен арың әлі өз орнында екені көрініп тұр.

- Түскі асқа не жейміз? – деп сұрады Дич. – Шіркін балық сорпасы болар ма еді... Жарайды, Цырля, балықты басқармаға бергеніңе мен қарсы емеспін. Мүмкін қашар жайын қазбаламас та, жо-жоқ олар есептеп шығара салады. Есептен аз шығарып жүр дейсің бе?

- Сол балық үшін рахмет айтып қоя салады деп ойлайсың ба? – деді Степан Дичтің бетіне де қарамай.

- Сен оған араласпа, - деп оның бетінен ала түсті Дич.

- Бар, сен одан да картоп тазала, ішетін бірдеңе дайында.

Әлде сен дайын ас көздеп отырмысың?

Степанның өзі де картоп тазаламақ болып отырған, ол ешқашан дайын асқа аузын тосып көрген жан емес, енді кекесінді сөз естіген соң Дичке бағынғысы келмей қалды.

- Тайыншаны бекер көмдік, - деп қынжылды Цырля.

- Төс етінен, не қоң етінен кесіп алу керек еді.

Палауды етке басатын.

Дич қайтадан ашу шақырды:

- Бір торпақпен басты ауырттыңдар ғой...

Тіпті дірілдеп кетті. Сол кезде Степан да ашуға басып, оның шамына тие түсті:

- Мұндай тайынша қанша тұрады екен?

- Бес жүз болатын шығар, - деп шамалады Цырля.

- Табысымыз сонымен кетеді десеңші.

- Үшеуге бөлеміз ғой.

- Не үшін үшеуге бөлінбек? – деп Степан реніш білдірді.

Дич ала көзбен ата қарады, мүмкін сес көрсеткісі келген шығар, бірақ одан ығатын Степан емес, оның бірбеткейлігі өзінен кем түспейтіндігін біле тұра Дич мәз болып, мазақ ете:

- Жылама. Сенің қалтаңа әлі ешкім қол сұққан жоқ, - деді.

Олар үнсіз қалды. Степан шошалаға барды да, шелек алып шығып, өзенге ас пісіретін су әкелуге кетті, өйткені оның кезегі болатын. Су әкеліп, кастрюльге құйды да картоп салынған жәшіктің ішін ақтара бастады. Екі кішкене картоп аршып болған кезде алыстан секендеп келе жатқан бір қарайғанды байқады, жарлық құс – қарға немесе ұзақ еияқты, қанаттары жалп-жалп етеді. Бір кішкенеден соң мұның ешқандай да құс емес, Цырля ертіп келген төбет екені Степанның санасына жеті. Секендеп, үлкен қара құлақтары жалпылдап келеді. Ол ап-ауыр бірдеңені сүйреп келе жатыр. Дич пен Цырля байқап қалмасын деп Степан үнсіз бақылауда. Бірақ Дич көріп қалды. Шөп үстінен тұрып, итті үркітіп алмас үшін ақырын ғана бұқпантайлап таяй берді, ұстап алмақшы.

Сол кезде Цырля тап бір иттің иесі құсап:

- Байлаудан сен босатып жібердің бе? – деп қытығына тиді.

Қарсы алдында тұрған Дичті көрген ит тоқтай қалып, абайлап қарап тұр. Ол бұдан қауіптеніп қалыпты, жасқанады, Дич болса иттің жақындамасын біліп, жерде жатқан қазыққа жармасты... Тиген болуы керек, өйткені төбет қатты қаңқылдап, үш аяқтап секіріп, далаға қарай зыта жөнелді.

- Сен не үшін оның аяғын сындырдың? – деп сұрады Цырля ызалана, итті аяп, Дич жаппаның астына оралған кезде.

- Дич үнсіз. Содан соң күректі алып, төбет кеткен жаққа – орманға қарай ұмтылды.

- Нағыз хайуан! – деді Цырля оның артынан қарап отырып.

- Ал сен оған қызмет етесің, - деп бұрқ етті Степан.

Цырля абдырап Степанға бір қарады да, жаңа ғана итайналсоқтаған қызыл талға қарай барды.

- Немене? – деп сұрады Степан.

- Тайыншаның сирағы.

Степан отты маздатып, Дич кеткен жақты қарап отырып, оның бірдеңе қазып жатқанын көрді: мүмкін тайыншаны тереңірек көміп жатқан шығар, топырағын жауып жатыр. Тапқан жұмысын.

Қайтып оралған соң Дич күрегің қоршауға сүйей салды да, түйежапыраққа оралған бірденені жерге тастап, оттың жанына келді, үн қатпастан отқа, пісіп қалған асқа ұзақ уақыт қарап отырды. Шаршаған, ашыққан көзқарас. Түскі асқа нан жетер ме екен деп ойлады Степан, қант да бітіп қалды.

- Деревняға барып, азық-түлік әкелі керек, - деді ол.

- Цырля, сен мен үшін баға тұрарсың, мен барып келейін. Әрі әкелген атыңды байқайын. Біздің шіріген жүгенге лайық па екен.

- Атпен мен барамын, - деп бұрқ етті Дич.

- Менің деревняға баруым керек.

Дауласқым келмеді. Әсіресе, қазір әркім әр жаққа тартып тұрған кезде. Ақша табуға қалай тату-тәтті келген еді! Соның барлығы қайда кеткен? Соның барлығы бір ит үшін, Дич үшін болды. Ол өзін көрсеткісі келді. Бір мал дәрігері шықты ғой... Дич кастрюльдің жанында төрт тағандап тұрып алған, қасықпен көбігін қалқуда. Тамақ пісуге тақау, бірақ Степанның ештеңе ішкісі келмей қалды. Оттан алыстап, жаппаның астына, көлеңкеге, Цырляның қатарына барып отырды да: Дичтің баратыны жақсы болды, өзім Цырлямен қаламын деп ойлады.

Кенет Дич жүгенді алды да, алыста өзеннің жанында жайылып жүрген атқа қарай кетті.

- Қайда барасың? – деп сұрады Степан. - Қазір тамақ ішеміз.

- Өздерің іше беріндер. Сендерге көбірек қалсын.

Ол атты жүгендеп, мініп алып, ақырын аяңмен қашадан шығып, биік шөптің тасасынан біресе көрініп, біресе жоғалып, көгілдір сәулелі қиырға қарай бұлдырап барып, көрінбей кетті. Степан соңынан қарап тұрып аштан-аш кеткен Дичті қатты аяғандықтан қуып жетіп тамақтандырғысы келді.

- Мүмкін оның деревняда қызы бар шығар, - дей салды Цырля самарқау ғана.

Оның бұл жорамалы Степанды көңілдендіре түсті, дегенмен ол Дичті орнынан қозғап, деревняға қарай сүйрей жөнелген «қыз» емес, бір үрей екендігін, ол үрейдің кешегі ит пен қашардан пайда болғандығын сезіп тұрды...

Түн. Тап бір найзағай алдындағыдай тылсым тыныштық. Алдыңғы түнде түнімен шақылдаған шәукілдектер де үнсіз. Қоршау жақтан да еш дыбыс естілмейді, күні бойы ыстықтан қалжыраған тайыншалар да ұйқыда. Жаппа астында да сондай тылсым тыныштық орнаған. Цырля тыныш ұйықтайды, түні бойы бір рет «қор» етіп, не ұйқысырап көрген емес. Тек Дич қана бір алқапты басына көтере, аң мен құсқа үн қоса қорылдап, ештеңені елең қылмайды. Бүгін олай емес. Бүгін ол жоқ - деревняға кеткеннен әлі оралған жоқ. Бір қасық құймақтай әппақ ай тас төбеге келіп, аспан астына жарық шашып – жар бетін нұрға бөлеп тұр.; түн ортасынан әлдеқашан ауғанымен Степан әлі ұйықтаған жоқ, бүкіл әлемде ұйқысыз жатқан жалғыз өзі ғана болуы да мүмкін – айналаға құлағын тігуде. Түннің тыныш болғаны қандай жақсы, мұндай түнде тырс еткен дыбыс пен тынышқанның жорғалағаны да естіледі. Бірақ Степан қанша күтсе де еш дыбыс естілмеді; ештеңе болмады: Дичы әлі жоқ еді. Күні

бойы Дичке деген ашу-ыза зығырданын қайнатқан, енді көңілінде басқа бір, ауыр ой орнаған – Дичті аяп жатыр. Егер ол жандарыңда бүкіл даланы басына көтере қорылдап жатса мұндай ауыр ой басына келмейін еді. Енді, міне, түні бойы қайда кетті деп аландауда. Түн ішінде не ойға келмейді. Шын мәнінде ол бір қыз тауып алған шығар? Әлде өзінің деревнясына туысқандарына кетті ме? Олар осыдан он шақырымдай жердегі көрші колхозда тұрады. Дичтің шешілмеген тағы бір жұмбағы бар. Кеше кешкілік тайыншаларды айдап келіп, қоршауға қамау кезінде Степан Дич қойып кеткен күректің жанында шыбынның үймелеп жатқанын көрген. Келіп түйежапырақтың арасын ашып еді, оның ішінде Дич әкелген сары қашардың құлағы бар екен, тірі малдың құлағындай, тіпті номері де - екі үштік – анық көрінеді. Колхоздың барлық тайыншасына пластмасса номер салынған. Степан көміп тастамақ болған еді, бірақ Цырля «Дич керек болған соң әкелді», ол іздейді деп көмдірмеді. Оған бұл құлақ не үшін керек болды екен? Құлақтың ана қашардыкі екендігі түсінікті... Бірақ Дичке қажеті не? Осының барлығы басына оралып, ұйқы берер емес. Степан жамылғысын серпіп тастап, басын көтеріп отырды да, күндізгідей жарық, алыстаған сайын жыртылған жердей қап-қара болып жатқан теп-тегіс алқапқа, Сож ирелендей ағатын ай астындағы қиырға тесіле қарады. Сождың ар жағында орман, орманның ар жағында бір жерде Дич жүр. Осы жер бетінің тыныштығы мен құпиясының үстіне аспан астының тыныштығы мен құпиясы төніп тұр. Толық ай нұр шашуда. Оның жарығымен кәрі қызыл тал, тайыншалардың жон арқасы жылтырап көрінеді. Отырып алып барлығы өз орнында ма екен деп тексеріп шыққан адам сияқты Степан қайтадан орнына жатып, үстін шөппен жамылып, ұйқым келетін шығар деген сеніммен көзін жұмды.

Тек таң алдында ғана көзі ілінген ол кеш оянды. Дүр сілкініп, басын көтерді, көзін жыпылықтатып, әрбір сабақта жылтырап тұрған шық тамшысымен көзін сұртті

де, ұйқысы ашылған соң қарсы алдында жайылымда жүрген алмадай теңбілдері бар шұбар атты көрді. Ал жігіттер қайда? Жанында ешкім жоқ. Степан орнынан тұрып, үстінің шөбін қақты, сол кезде қашаның жанында тұрған адамдарды байқады: ұзынтұра, тарамыс Дич қара көзілдірік киіп алған, сабан шляпалы, доп-домалақ Цырля және үстінде плащы, аяғында етігі бар танымайтын тағы біреу тұр. Олар қоршауға кіретін қақпаның екі жағына тұрып алып, қашарларды бір-бірлеп шығарып жатыр. Ана плащ пен етік киген кісі қойын кітапшасына қарындашпен әлдебір белгілер соғуда. Бұл басқарма жібермек болған зоотехник еді, ол тайыншаларды түгендеп, номерін жазып тұр. Степан «джинсы» шалбарын сұға салып, иығына орамалын ілді де, Сожға кетті. Жолшыбай қашаның жанында аялдап, зоотехникпен сзлемдесті – оны бірінші рет көруі – шарбаққа таяп келіп шығар ауызда итерісіп тұрған қашарлар қарады. Әлділері жанындағыларды кие-жара алға ұмтылуда, Ал әлсіздері алдамдар арасында да болатын сияқты шетке шығып қалып, ақырын ғана өз кезегін күтуде. Бұларды Степан төзімпаздығы үшін емсе, тыныштығы, нашарлығы үшін ұнатады. Кенет ол тайыншалардың арасынан мүйізді бір нәнін байқады. Түртүсі жағынан басқалардан өзгешелігі жоқ ол да қара ала, бірақ мүйізі үлкен, имек, желіні де өсіп қалған. Бөтен табынға тап болғандай дір-дір етеді.

Дич шарбақтың арасынан кіріп кетті де, алға ұмтылған тайыншаларға айқайлай бастады:

- Бұл не деген хаюандар!? Бір-бірін таптап кететін түрі бар ғой.

- Ондай болған. Дәл осы жерде, - деп зоотехник, кітапшасына жазып қоюды ұмытпай, сөйлеп тұр. – Бірде жаңбыр жауған еді, тізеден саз болды. Сонда екеуін таптады да кетті.

- Қане, нашарларға жол беріңдер!

Дич мүйіздіні жасқап қалып еді, ол ұсақ тайыншаларды ығыстырып барып, зоотехниктің жанымен

сыртқа ытқып шықты. Степан оның ақшыл құлағындағы қара пластмасса номерді – екі үштікті – байқап қалды, өз көзіне өзі сенер емес: шынымен сол номер ме екен? Ол қалайша мына мүйіздінің құлағында жүр? Ол өзі қайдан пайда болған?

Соңғы тайынша қоршаудан шықты. Зоотехник кітапшадағы жазбаларын жып-жылдам жүгірте қарап шықты да риза болып күлді.

- Барлық үш жүзі де түгел екен. ⁴

- Міне, солай? – деп кесіп айтты Дич, зоотехникке көзін ызалана бақырайтып. – Ал, сіздер ше? Біз туралы не ойладыңыздар? Бір тайыншаны шығын етіпті, малдың тірідей терісін сыпырып жатыр деп бүкіл колхозды шулаттыңыздар.

- Бүкіл колхозға кім шулатқанын білмейміз, біз міне, тексердік. Қаңқу сөз рас болмай шықты. Кешіріңіздер, - деп зоотехник ыстықтап емес, қысылғанынан терлеп кеткен қып-қызыл үлкен қасқа мандайын сұртті.

Дич дән риза болып, масайрап тұр.

- Иә, енді әрине «кешіріңіз» дейсіз. Ал басқарма ше? Ол ана жақта жиналыс шақырып жатқан шығар. Сіздер жедел талқыға салуға құмарсыздар ғой, - деп Дич «шабуылды» жалғастыра түсті.

- Жиналыс шақырып қайтсын, - деп зоотехник басқарма үшін, өзі үшін, бүкіл колхоз үшін ақтала бастады. – Тайыншалар түгел ғой. Енді жиналыс шақырып керегі не?

- Иә, түгел? Бізді мына жұмыс орнымызда, осы далада кім тамақтандырады? Ет жоқ, сүт жоқ, нанның өзі кейде болмай қалады. Біз мал бағамыз ба, әлде дүкен кезіп кетеміз бе? Жұмысқа келгенде қалалықтар қайдасындар деп шыға келеді, ал ас берерде ұмытып кетеді. Бұдан кейін көмекке келіп көр...


Дич зоотехникті тағы біраз алқымға алды. Ал Степан оларға қарап тұрып: «Мұның қалай, өзің үлкен адамсың, соған тап бір өзің кінәлідей-ақ неге шегіншектей бересің?

Неден қаймығасың? Бұл өңешін жыртып, езеурей беруге шебер. Деревнядан қандай бір шалдың қашарын ұрлап алып келді екен, енді мұнда батыр болып тұр. Жымысқы көзін мұрнының үстіне қондырған қара шынының артына жасырып алып, елдің барлығын алдап соқтым деп тұр ғой,» - деп ойлады.

Степан теріс айналып, өзенге беттеді. Жағаға келіп отырды. Суға түскісі келмей қалды. Жүрегіндегі барлық ізгілікті Дич өшіріп тастағандай, жігері құм болды. Степан енді не істерін білмей отыр, олар қалай бір жайлауда бірге тұрмақ? Бұрынғыша тұра бермек па? Жоқ, ол мүмкін емес. Енді не істеу керек?

Келесі күнгі күнде Дич бүкіл алқапты басына көтере қорылдап, оның жанында Цырля ақырын пысылдап ұйықтап жатқанда, аспандағы ай өткен түндегідей сәуле шашып тұрған кезде Степан дыбысын білдірмей тұрды да, «джинсы» шалбарын киіп, иығына ескі кеудешесін ілді де, Цырля ит жетектеп келген жіпті қолына ұстап, қаша жаққа барды. Мүйізді бөтен қашар тап бір мұны күткендей шығар ауызда тұр еді. Бұл оның мүйізіне жіпті ілді де, мықтап байлап, қашадан алып шықты. Жатырқап, жүрмей тартына ма деп ойлаған еді, өйткен жоқ, жетегіне көніп, соңынан ере жөнелді.

Сождың биік жағалауымен Степан мүйізді тайыншаны жетектеп келеді, мөп-мөлдір су бетіндегі олардың көлеңкесі де жайылым бітіп, қара орман басталатын жаққа қарай бет алған. Қара орманның ар жағында қашардың мекені бар.



Остап ВИШНЯ
(1889 - 1956)

ОСЫНДАЙ БІР КЕЗДЕСУЛЕР МЕН МӘСЛИХАТТАР

Украинаның классик жазушыларының бірі. Оны бүгінгі украин юмористері мен сатириктері өздеріне ұстаз, үлгі-өнеге тұтады.

I.

Осындай бір кәдімгі бөлме, таза, жып-жинақы.
Кешқұрым.

Сол жып-жинақы бөлменің иесі, менің мәслихаттасым, республиканың еңбек сіңірмеген артискасы Оксана Платоновна Недопереғарайдың да үні сондай мұңлы:

- Лысенко атындағы институтты бітіргенім есімде.
- Көп болды ма? – деп сұраймын.
- Иә, отыз жыл бұрын...
- Әлі, есіңізде ғой?!
- Енді қалай?! Әрине есімде...
- Сіз ұмытпайды екенсіз...
- А, сіз қалжыңдайсыз ғой! Бітірдім, яғни...

Институттағы өте қаблетті студенткалардың бірі болып саналдым, былайша айтқанда, үлкен үміт күттірдім... диплом тапсырғанда институт директоры менімен коштасып тұрып: «Еңбек етіңіз, қол жеткенге марқай маңыз! Сізден нағыз артистка шығады! Сізде қабілет бар..» -деген еді. Мен болсам алғысымды айттым да қуаныш пен үміттен қанат бітіп, өнерге қызмет етуге ұша жөнелдім.

– Қай жағыңызда қуаныштың, қай жағыңызда үміттің қанаты болды?

- Бәрібір емес. пе?! Әрі қарай тыңдаңыз.
- Тыңдап отырмын, —деймін мен —айтпа беріңіз...
- Міне, сөйтіп, мен Украинның бее ұлы адамының

бірінің атындағы драма театрында еңбек ете бастадым. Қандай пьесада ойнамадым десеңізші! Мен Страцкийдің, Карпенко-Карыйдың, Леся Украинканың, Кориейчуктың және Кочерганың ньесаларында ойнағаным жоқ. Ақыр аяғында мен классикалық драматургия пьесаларында, орыс драматургтері пьесаларының еш қайсыеында ойнамадым! Аһ, менің калай ойиамағанымды білесіз бе?! Маруся Богуславканы осылай «таң қалдыра» ойнамау оңай ғой деп ойлайсыз ба? Сіз оңай дейсіз ғой?!.

– Тінтен ойнамай қою, – дедім мен. – Оңай! Ал «таң қалдыра» ойнамай қою, менің ойымша өте қиын!

– Ал, мен болсам оны отыз жыл бойы «таң қалдыра» ойнағам жоқ! .

– Яғни, сіз, – дедім мен, – ұлы артистка емессіз ғой!

– Мәселе еонда! Енді қазір мен еңбек сіңірген атаққа ұсынылғанымға өте қуаныштымын...

– Республиканың артисткаеы болмасаңыз да ма? – деп сөзін боліп кеттім.

– Ә, сіз қалжындай бересіз ғой.

– Сізді шын жүректен құттықтаймын, – дедім мен.

2.

Театрдағы спектакльге бір еркек пен бір әйел жылдам басып келе жатыр. Бірі театрдың артисі де, бірі артисткаеы.

– Сәлеметсіздер ме? —деймін мен.

– Ә, еәлеметсіз бе!—деп жауап береді олар.

– Қайда асығып барасыздар?

– Спектакльге! Калып барамыз...

– Кешіріңіз, біз жүгірейік.

– Бүгін ойнайсыздар ма?

– Ойнағанда қандай.

- Бүгін не ойнайсыздар?
- «Алпыс алты».
- ??
- Кейде ғана «алты қағаз» болмаса, жиырма жылдан бері «алпыс алты» ойнап келеміз.
- Табыстарыңыз мол шығар, - деп сұрадым.
- Әр қилы,
- Онда – табыс тілеймін!

3.

Стол басында көңілсіз бір азамат отыр.

Қарасам: мемлекеттік драма, т. б. және т. б. театрлардың таныс артиеі.

– Сіз мына жарық дүниеге неге мұңлы көзбен қарап отырсыз? – деп сұрадым.

– Жәй..., – деді ол. – Жан дүнием әлде неден құлазын отыр...

– Сіз спектакльге бүгін неге бармадыңыз? Бүгін ойнамаушы ма сдіңіз? Боссыз ба?

– Мен отыз жыл ішінде бір-ақ рет ойнадым.

– Бір-ақ рет?! Қандай пьесада ?

– Барабаншы ауырып қалғанда оркестрдің барабанында!

– Қалай екен?!

– Тамаша! Ешқандай дайындықсыз шықтым да әйгілі суфлердің дәл алдында тұрдым !

– Жарайды, – дедім мен. – Талант әрқашан талант!

* * *

Осындай бір кездесулер. Осындай бір қызықты мәслихаттар...



Эллен НИЙТ,
эстон жазушысы

ПИЛЛЕ-РИЙН

/Өңгime/

Пилле-Рийн кішкентай қыз. Оның папасы мен мамасы бар. Дұрысырақ айтсақ – кішкентай Пилле-Рийн папасы мен мамасынікі. Пилле-Рийи болса қуыршақ Анне мен резеңке итке ие. Резеңке иттің ішіндегі ауаны шығарып жіберуге болады. Онда ит құлап қалады. Оны үрлеп, ауа жіберіп, тұрғызып қойған кездегі аты – Понту. Ішінде ауа жоқта аты да жоқ.

Оның есесіне Пилле-Рийннің екі аты бар - Пилле және Рийн. Өйткені, ол туғанда қызын мамасы – Пилле, ал папаеы – Рийи деп атамақ болған. Ақыры екеуі Пилле-Рийн деп атауға келіскен.

Сөйтіп, ол Пилле-Рийн болып қалған.

Қыста ол Таллинде тұрады да, жазды деревнядағы Юули тәтесінің қолында өткізеді.

Алғашқы таң

Пилле-Рийн көзін ашып алғанда әуелде қайда екенін түсіне алмай ұзақ жатты. Ақшыл жасыл түсті қабырғалы бөлмені танымады. Терезенің алдында тек ертегіде ғана болатын үлкен қайың орындық тұр. Тек ол ергежейлілердікіндей құйтымдай ғана емес. Оның үш аюдікі, әсіресе, анау ең үлкенінікі болуы әбден мүмкін. Орындықта ұлпа шашы ұйысқан, көйлексіз қуыршақ Анне отыр. Соған карағанда бұл ертегі болуы мүмкін емес. Егер ертегі болса, Анненің үстінде қызғылт түсті жаңа көйлегі болуы керек қой.

Осылардың барлығы кенет ғайып болып кетпес

үшін Пилле-Рийн басын еппен бұрып төмен қарады. Төсектің алдында еденде жататын мамасының сұр кілемшесі көрінбейді. Оның орнында терезеден түскен күн сәулесі үлкен сары жолақ болып жатыр. Ол баяу жылжып, түрлі-түсті сәуле шашады және оның кішкене жарық толқындары жарысып ойнайды.

Терезе де оның өзінікі емес. Ол кішкене кішілеу, жаппалары ашық тұрғандықтан, перделері желмен желбірейді. Терезе алдында қоңыр вазада алтын басты сары гүлдер тұр.

Сонда ғана Пилле-Рийннің ойына түсті. Ол деревняда еді. Кеше Юули тәтейді қарсы алуға барғанда осы алтын басты гүлдерді жайылымнан өзі терген болатын.

Олар кеше деревняға келгенде Пилле-Рийн сиырды алғаш рет жақыннан көрді. Егер көңілі соққанда қолымен сипап байқауына да болушы еді. Сонсоң ол аулада қуыршақ Анненің койлегін жуды да, суды жерге төге салды. Мұнда суды жерге төккені үшін ешкім ұрыспайды.

Пилле-Рийн төсектен атып тұрды да, орындықтағы Аннені жұлып алып, төсегіне қайыра жатты. Еден өте салқын екен. Тек күн сәулесі түскен жер ғана жылылау. Көрпенің астына кірген Пилле-Рийн:

- Мама, мен ояндым! Мама, сен білесің бе, біз деревнядамыз! – деп айқай салды.

Лийза

Пилле-Рийн ас бөлмеге барды да, нан жеп, сүт ішті. Содан соң шөп қорадан темір тырманы алып, бір түп бұтаның түбін тырмалай бастады. Пийле-Рийн бүгін жалғыз, осы үйдің қожасы өзі. Ал, үй иесі бос қарап отырмаса керек. Юули тәтей болса құс фермасынан сағат үште ғана оралады.

Тырмалаған жерге Пилле-Рийн өзінше тұқым сепкен болды. Тұқым өсіп шыққан болды. Оны бұл түптеген болды. Сол-ақ екен ол бұл ойынан тез жалығып

қалды.

Бір кезде ол жайылым арқылы келе жатқан біреуді көрді. Қызыл көйлек киген. Қолында сарғыш бірдеңе бар.

Қыз бала! Бұрын көрмеген қыз!..

Міне, ол Юули тәтейдің қақпасына келіп жетті. Бірақ қақпаны ашып жатқан жоқ, жып-жылдам үстінен бірақ секіріп түсті.

- Кешіріңіз, сіз Юули тәтейге келдіңіз бе? - деп сурады Пилле-Рийн батылданып.

- Мамам Юули тәтейден қарызға алған жұмыртқаны беріп жіберді, - деді де әлгі қыз себетті қолына қайта алды. – Ол кісі қашан келеді екен? – Сөйтті де, екі беті ду етіп қызарып шыға келді.

- Күте тұрыңыз, - деді Пилле-Рийн. – Юули тәтей сағат үште келеді.

- Қаладан келеді дегені сенбісің? – деді қыз. - Маған «сен» де. Мені әлі ешкім «сіз» демейді.

- Ал, сен нешедесің?

- Сегіздемін. Менің атым - Лийза.

Оның үстінде қызыл гүлді түсі оңа бастаған көйлек бар еді. Жалаңаяқ болатын.

- Мен бестемін, - деді Пилле-Рийн. – Мамам маған да жалаңаяқ жүруге рұқсат берді.

- Тек Лоха орманында жалаңаяқ жүруге болмайды. Онда жыландар бар.

- Ол қайда? – деп сурады Пилле-Рийн.

- Ол ма, ол біздің Аралдың ар жағында.

- Қандай арал ол? Бұл жерде де Таллиндегідей теңіз бар ма? – деп таңданды Пилле-Рийн.

Қыз күліп жіберді. Беті тағы да қызарып шыға келді.

- Ол теңіздегі арал емес. Сондай бір хутор бар.

- Ал, неге олай атаған?

- Оны білмеймін, - деді Лийза, - папам айтады біз жазық алаңның ортасындағы арал сияқтымыз дейді.

- Сен ылғи да осында тұрасың ба?

- Иә, әрине. Қыста мектепке барамын.

Пилле-Рийн қуанып кетті.

- Кел, мектеп ойнайық...

Олар ойынға енді кіріскенде Юули тәтей де келді. Ол Лийзаны алыстан-ақ байқаған болатын.

- А, Лийза, амансың ба? Сені мамаң жіберді ме?

- Сәлеметсіз бе? - деді Лийза, тағы да оның бетінің қызарып кеткені сондай, шашы бұрынғыдан да ақ болып көрінді.

- Мамаң ертең фермаға келсін, - деді Юули тәтей. – Бүгін жаңа балапандар шықты.

- Балапандар? Ол қалай? Олар қайдан шығады? - деп сұрады түкке түсінбеген Пилле-Рийн.

- Машина шығарады, - деп жауап берді Юули тәтей. - Оны әлі өзіңе де көрсетемін.

- Ертең сен де кел фермаға. Сонда көресің. Содан соң мектеп ойнаймыз.

- Бүгін барайық, - деді Пилле-Рийн. – Тәтей, мен Лийзамен барайыншы.

- Маған бүгін қияр түптеуге бару керек.

- Қай жерде түптейсің? Нағыз қияр ма?...

- Әрине, нағыз өзі. Мен колхоздың қиярын түптеуге көмектесемін, - деді де Лийза тез қоштасып, жүгіре жөнелді.

Пилле-Рийн болса қақпаға шығып алып, бұталар арасында көйлегі ағараңдап кетіп бара жатқан Лийзаға ұзақ қарап отырды.

- Юули тәтей, - деді ол, - қияр түптеуге неше жаетан бастап шығуға болады?

- Енді... Қалай дееем екен?.. Бес жаетан деуге де болады..

Түс әлетінде

Пилле-Рийн Юули тәтейдің қақпасына шығып отырды да, Лоха орманы жақтан келетін табынды ұзақ күтті. Ол жақтан жайылымнан қайтқан сиырлардың алдын кәрі Кирьяк бастап келе жатады. Оның әрқашан адцыңца келе жататын және қандай шарбақ болмасын тұмсығын бір сұқпай өтпейтін әдеті. Бір уыс шөпті жұлып әкетеді де, шайнандап кетіп бара жатады. Лийза оны ең озат сиыр дейді. Ол күн сайын жиырма бес литр сүт береді. Сондықтан да оның тұмсығын қайда тықса да еркі бар.

Міне, Лоха жақтан табын көрінді. Сиырлар қақпаға жақын келді. Олардың жалпақ, қара-ала жондарына Пилле-Рийн жоғарыдан қарап біраз отырды. Табынның соңында Лийза келеді. Қолында ұзын шыбығы бар. Пилле-Рийн қақпадан түсті де, шыбық алып, Лийзамен қатарласты. Лийза Пилле-Рийннің өзін күтіп отырғанын білді. Тіпті амандасқан жоқ. Олар қатар келе жатып, қолдарындағы шыбықтарын сермеп, айқайлап қояды:

- Қайда барады-ей!

- Байқа!...

- Қане, тура тарт!...

- Мә,саған!...

Сиырларды қамайтын шарбақ көрінген кезде кәрі Кирьяк жүгіре жөнелді. Оған басқалары қосылды. Сірә, олардың тезірек суатқа жетіп, шөл қандырғылары келген болар. Қыздар да жүгіре жөнелісті. Олар шарбақтан кіргенде Лийзаның мамасын және тағы бірнеше сауыншыны көрді.

Сауыншы Мари тәтей Пилле-Рийнге бәріен де қатты ұнады. Өйткені, ол бәрінен жас және өте көңілді еді. Мари тәтей тоғаннан су алып құбырға құйды. Құбырдан су ұзын астауларға ақты.

Сиырларды еауа бастағанда да Лийза мен Пилле-Рийн кеткен жоқ. Мари тәтей кәрі Кирьякты сауар кезде Лийзаға да сауып көруге берді. Емшектен сыздықтап шыққан сүт шелекке күрп-күрп құйылып, көпіре түседі. Лийза үлкендерше сауды.

Содан соң Мари тәтей Пилле-Рийнге де сауып көруге рұхсат етті. Пилле-Рийн орындыққа отырды. Кенет оның таңданғаны сондай – сиырдың емшектері өте жұмсақ екен. Мұның ойлағанындай емшектердің ішінде сүйек жоқ болып шықты. Сүт аға бастады. Бірақ, неге екені белгісіз – жеңіне шашырап, одан барып жерге төгілді.

Бір кезде дұрысталды-ау, әйтеуір...

Лийзаның мамасы мен Мари тәтей Пилле-Рийннің қалай сауғанын қарап тұрған болатын. Олар егер бір-екі жыл жаттықса, бұлар нағыз сауыншы болып шығады, деп мақтасты.

Кешкілік

Кешкілік сары гүлдердің жапыраңшалары жасыл қауашаққа жасырынды. Ал, алма ағашы қаннен қаперсіз. Өйткені, ол гүлдеп біткен. Оның есесіне жапырақтардың, арасында кішкентай алмалар көріне бастапты. Пилле-Рийн ол алмаларға ұзақ қарады. Тіпті кейбіреулерін тістеп те көрген болатын. Алма ағашы болса тапал, бұтақтары тарбиып өскен еді.

Мамасы еары гүлдер қауашағын жапқанда Пилле-Рийн де ұйқыға жатуы керек дейді. Әйтпесе үлкендерін жеп қояды деп алмалардың өспей тұрып алуы мүмкін. Папасы болса, әлі жетілмеген алмаларды жесе, олардың бұдан да үлкен болып өскісі келіп, асқазанға барған соң айқайлап, басқаларды көмекке шақыруы мүмкін дейді.

Қазір күн бұрынғыға қарағанда аздап ерте бата бастады. Бау-бақшаларда, бөлмелерде ерте қараңғы болады. Сонда да үлкендер тамыз – береке айы дейді.

Папасы Пилле Рийнді төсекке жатқызып, оған көзін жұмдырып:

«Юули тәтей сиырын сауып келгенше түс көретін бол», - деп шығып кетті. Онымен мамасы да қоса шықты.

Пилле-Рийн жалғыз қалды. Аулада аяқ дыбысы білінді. Есік сықырлады. Мамасы мен папасының терезе алдынан өткенін білді. Папасы алма ағашын ұстаған сияқты болды. Сонан соң тыныштық орнады. Тек сағаттың тықылы ғана естіліп тұрды. Пилле-Рийн куршак Аннені бауырына қатты қысып:

- Сен ақылың аз, қорқақсың. Жын-шайтан деген атымен жоқ қой. Сен оған сенесің, - деп ақыл айтты.

Кішкене отырды да:

- Бөтен иттер де мұнда кіре алмайды. Папамның есікті жауып кеткенін естідің ғой, - деді тағы.

Қабырғадағы сағат бұрынғыдан да қатты соға түсті. Жүректің дүрсіліндей.

Пилле-Рийн Анненің құлағына аузын таяды:

- Ұйықта, сонда алмалар тез өседі.

Кенет үйді ішінде бірдене сықырлағандай болды. Пилле-Рийннің зәресі кетті. Бірақ ештеңе болған жоқ. Сағат «Бомм!» деп соқты да, бұрынғысынша тықылдай берді.

Пилле-Рийн:

- Сен текке қорықтың. Жарты сағатты соққаны ғой. Енді жарты сағаттан соң тағы соғады, - деп жұбатты Аннені.

Пилле-Рийн төсегінде басын көтеріп отырды. Ол қабырғада қозғалып тұрған ақ-ала таңбаларды байқады. Дереу көрпесін қымтаныңқырап алды да:

- Сен қорықпа. Бұл ай сәулесі. Ол алма ағашының жапырақтары арасынан түсіп тұр. Ал, қабырғада секіріп жүрген көлеңке, - деді Аннеге.

Терезе алдында алма ағашы тұр. Оның алмалары да ағараңдайды. Әлі алакөлеңке-болатын.

- Тыңдағың келе ме, мен саған алманың қалай өсетіні жайлы айтып берейін? Оны тек түнде ғана көруге болады, - деп қуыршақты қолтығынан алды да, төсегінен тұрып, аяғының ұшымен терезеге таяп келді.

- Бұл жерден қарау ыңғайлы еді. Аздап жарық та. Шынының ар жағында алма ағашының бұтағы тербеледі. Онда екі кішкене жеміс ілініп тұр.

Пилле-Рийн Аннені терезенің алдына жайғастырды да, өзі терезеге таяу тұрған столдың үстіне шығып отырып, көйлегінің етегімен аяғын қымтап қойды.

Ол терезеге мұрнын тірей қарап, алма ағашын ұзақ қызықтады. Екі алманың бірі әлі кішкентай, әлі піспесе керек, ал екіншісі - үлкендеу. Пилле-Рийннің жұдырығындай. Оның «шекесі» қызара бастапты.

Кенет Пилле-Рийн шошып кетіп, мұрнын шыныдан тартып алды. Қызғылт тартқан алманың сабағанда үлкен жылтырауық қоңыз отыр. Пилле-Рийн Аннені қолтығанан алды да:

- Ана қоңызды көрдің бе? Ол ештеңе жамандық істемейді. Және де ол шынының ар жағында. Қарашы, өзі қандай үлкен. Міне, сол – ана алманы сабағанан үрлейтін. Тек қана мұрныңды шыныға таяма. Мұрынды шыныға тигізген жақсы болмайды.

Ал, үлкен қоңыз сол орнында алмаға жабысқан беті, бұтамен қоса тербеліп, ай сәулесіне шағылысып отыра берді.

Пилле-Рийн Аннеге:

- Мен сені жылатпаймын. Ертегілер елінде әрбір алманы үрлеп толтыратын өзінің осындай қоңызы болады.

Жүр, ұйықтайық. Әйтпесе, ана қоңыз бізден үркіп ұшып кетеді де, алма өспей қалады.

- Пилле»Рийн столдан түсіп үлгерген жоқ, есік алданда Юули тәтейдің шелегі сылдырлады. Артынша есік сықырлады. Юули тәтеймен бірге үйге балауса шөптің иісі қоса кірді. Ол Пилле-Рийнді құшақтағанда оның қолдарынан жаңа сауған сүттің жылымшы иісі аңқып тұр еді. Неге екені белгісіз, Пилле-Рийн жылап жіберді.

Содан ол төсегіне қайта жатқанда, маңайда бұрынғысынша тыныштық орнады. Сағат та тоқтап қалғандай, тықылы естілмейді.

Пилле-Рийн мүмкін ұйқтап қалған болар, мүмкін өңінде ме, әлде түсінде ме, әйтеуір ол әлгі үлкен қоңыздың алманы көтеріп ұшып кеткенін көрді, оның ызыңымен қоса Юули тәтейдің мысығын сүт ішуге шақырған дауысы естілді...



Алексей МУРЗАШЕВ,

мары жазушысы

ТУҒАН ЖЕР ҚҰДІРЕТІ (Әңгіме)

Лайсаңнан соң әлі кенпеген дала жолымен таяққа сүйенген бір қарт келе жатыр. Басына әбден тозған қалпақ киген, аяғында – қонышы тіреегін соққан резеңке етік, мақталы күртешенің жағасынан бір кезде көгілдір болған, енді күнге күйіп кеткен және қырқылған бөкебайдың ұштары шығып тұр. Оны самал жел дамылсыз желбіретеді. Мұның өзі діріл қағып, жұлқынып, қартты далаға, көктемгі алқапқа сүйреген өзінің жан-дүннееі сияқты.

Қарияны Эшкий деп атайды. Мұндай қарбалас шақта ол үйде отыра алмайды: егіс алқабына келе жатыр, таныс жерлерді байқайды, күздік бидайды, жыртылған жерді, екпе шөпті көреді. Міне, үш көктем бойы ол өз ауласынан әрі ешқайда баспаған екен. Оның бір кездегі базарлы үйі араның тастап кеткен ұясындай қаңырап, тыныш бола қалды және енді оған қорқынышты да, тірі жан қалмағандай көрінді. Мұның өзі шалды одан сайын жабырқата түсті.

Не болды, оны ескі әдетінсн тайдырған қандай жағдай еді? Ол қазір ешкімге жоламайлы. Бүгіннің өзінде кемірі: бар да бар, үйде отыруың жетті, деп болмаған соң алқапқа шыққан болатын...

Қарт бұрынғыдай емее, аяғын байқап, сенімсіз басып келеді. Тап бір соққы тигендей, ұнжұрғасы түсіп, тіпті жүрісі бұзылып кетінті. Артынан біреу еріп, көз алмай қарап келе жатқан сияқты бола

береді...

Жерден топырақты икемсіз қалай алғанын, алақанында үгіп, иіскелеп, ол топырақты саусақтарының жауап арасынан қалай суыл-дата төккенін байқау қиын емес. Байқап, көріп болған соң ол тағы да жүріп кетеді. Қушиған денесі бұрынғысынша желмен желбіреген бөкебайының соңынан алға ұмтылады.

Иә, оның ұнжырғасын түсіріп кеткен осыдан үш жыл бұрынғы есеп беру-сайлау жиналысы еді. Президиумға ұсынылған кандидатураның арасында әдеттегідей Эшкийдің де фамилиясы болған. Тізім бойынша дауыс беруге бұрын ешкім қарсы болмайтын. Бұл жолы кенет Эсай Виктов орнынан тұрды.

— Біз осы неге жыл сайын бір адамды құрметті столға қайта-қайта отырғыза береміз? Біздің колхозда солардан басқа ешкім жұмыс істемейтін болғаны ма?

— Неге біз бір адамды қайта-қайта ұсынады екенбіз? — деп колхоз председателі тізімге бірінші рет іліккен бірнеше адамның атын атады.

— Жоқ, мен Эшкийді айтамын. Уракаевты. Әйтеуір, менің білетінім — тап бір бастық сияқты сахна төрінде ылғи сол отырады.

Эсай масайрап, қолдаушылар табылады деген үмітпен залда отырғандарға қарады. Бірақ ешкім үндеген жоқ. Тек председатель тұрып былай деді:

— Бізде сондай дәстүр бар ғой: кім жақсы еңбек етсе — соған құрмет, президиумда да сол отырады.

Жиналыс өз ретімен жүре берді де, Эсайдың әлгі сөзін есінде сақтаған ешкім болмады.

Міне, сыйлық беріле бастады, тағы бірінші болып Эшкийдің фамилиясы аталды. Бірақ оны Виктов бөліп кетті. Ол орнынан атып тұрды да, нық басып сахнаға беттеді. Отырғандар дабырласып, сыбырласып кетті.

Ал, ол трибунаның жанына барып тоқтап, халыққа қарады да:

– Бұл қалай? Әрқашан Эшкий. Онсыз біз өмір сүре алмайтын еняқтымыз. Міне, керек болса – сыйлықты да бірінші сол алады!.. – деп бастады.

Председатель Эсайды қойғызып, жарыссөздің тоқтатылғанын ескертейін деп еді, залдан біреу:

– Сөйлесін, – деп айқай салды.

– Сөйлеймін, – деді өзін қолдағанын арқа тұтқан Виктов маңғазданып, нағыз шешендерше қолын алға созып жіберді. – Немене, бізде одан басқа лайықты адам жоқ па? Егер мен болсам, оған ешқандай сыйлық бермес едім. Ұлдарының барлығын, түсінесіздер ме, қалаға жіберіп отыр... Ал, егінді кім салады? Малды кім бағады? Ал оған — сыйлық. Осы да дұрыс па?

– Ұятың қайда, Виктов, сиптеп жұтып алғансың ғой, сөзді қой. Әйтпесе, тіпті залдан шығасың, – деп председатель оны тыныштандырғысы келді. Бірақ, тағы да дауыстар естіле бастады:

– Сөйлесін.

– Виктов дұрыс айтады.

Бұл Эсайды тіпті желіктіре түсті.

– Иә, егер оның колхозға жаны ашыға, ұлдарын жібермес еді ғой, ең болмаса біреуін алып қалар еді. Аяғына топырақ, қолына малдың қиы жұғады деп, балаларын аяп, барлығын қалаға орналастырды. Оның жер үшін басы ауырмайды. Дұрыс па осы айтқаным?

– Жарайсын, Виктов!

– Дұрыс емес. Эшкийдің өзі қолынан келгенін аянбайды.

– Жоқ, дұрыс. Бұл қалаға қашу деген не сән болған өзі?

Ал, Виктов жасқанған жоқ.

– Сыйлықты, жаңағы костюмді Илинбаевқа

бергенде ғой, мен шын жүректен қол соғатын едім. Оның төрт ұлы колхозда жұмыста. Өзі де қарап отырмайды. Колхоз байлығын күзетеді. Таяуда немересі комбайншы болады, қазір СПТУ-да оқып жүр. Дұрыс айтамын ба?

– Дәл төбесінен түетің.

– Илинбаевқа да сыйлық беру керек!

Виктов президиумға бұрылып, қолын шешімді түрде бір сілтеді де:

– Міне, солай, председатель, – деп өзінің орынына қарай бет алды.

Барлығы бір сәтке тып-тыныш бола қалды. Көпшілігі Виктовтың айтқанымен келісті. Өйткені шаруалардың бұрыннан келе жатқан даналық сөзін олар жақсы біледі: балалардың жерді сүйіп, бағалай білуі үшін кәсіпті бірте-бірте бойына сіңіре үйретіп, жұмысқа жас кезінен төселдіру қажет. Кейбіреулер ұялғаннан басын көтермей отырған Эшкийге бірдеңе айтар деген үмітпен қаран қояды. Барлығы президиумда отырғандар не айтар екен, председатель не дер екен деп күтті. Ол орнынан тұрып, Эшкийге қарады. Оған қазір оңай болып отырмағанын түсініп. Өз ойымен өзі келіскендей басын изеді де:

– Виктов дұрыс айтты, бізге адамдар керек және кім көрінген емес, өзіміздің деревнямыздың адамдары керек. Бірақ бір нәрсені екіншімен шатастыруға болмайды. Уракаевқа біз сыйлықты адал еңбегі үшін беріп отырмыз. Көктемгі егісте ол сапа жөніндегі инспектор болды. Сондықтан, астықтың бітік шығуына оның да қосқан үлесі бар. Күндіз де, түнде де егіс даласында болды. Кейбіреулерден жерді қайта жыртуды талеп етті. Егін орғанда да жаман жұмыс істеген жоқ. Міне, сол үшін біз оған сыйлық беріп отырмыз, – деді.

Халық сонда председательдің айтқанын жөн деп білген еді. Эшкийдің қалай жұмыс істегенін

бәрі көзімен көрген. Содан соң бұл оқиға мүлдем ұмытылып кеткен болатын. Дегенмен, содан бері қарттан маза кетті. Бұл туралы ойына алған сайын Виктовтың сөзінің дұрыстығына көзі жете түсті.

Ол көп ойлайтын болды, елдің көзіне көрінбей қойды. Үйде қабырғаға ілінген рамкадағы фотосуреттердің алдына келіп, ұлдарының бейнесіне үнсіз ұзақ қаран тұратынды шығарды.

Кемпірі Саскай да әр нәреені қазбалап, мазалауды қойды. Ол бәрін білетін еді. Бір күні бәрібір шыдамады, жанына келіп не болғанын сұраған еді.

Шалы оған бірден жауап берген жоқ. Аулаға қарайтын терезенің алдындағы өзінің сүйікті орнына жайғасып, үнсіз қалды. Біраздан соң ғана барын:

– Былай, шешесі, бүкіл өмірімізде ғой біз еңбегімізді жерге жұмсадық, бидай өсірдік. Енді қартайып отырмыз. Жерде еңбек ете алмаймыз. Ал, біздің балаларымыз болса, біздің не істегенімізді, қайратымызды қайда жұмсағанымызды білгісі де келмейді... Біз ешқайсысын орнымызға қалдыра алмадық... – деп шалдың дауысы дірілден кетті де, кілт үзілді.

Саскай жанына келді де, оның әлі де күсі кетпеген, бірақ жеңіл-желіл, тарамыс қолына алақанын салып үн қатты.

– Қойшы, сол ма? Біздікі болмаса да көршілердің балалары қалды ғой. Есіңе алшы, қалайша сен оларға көмектеспедің, үйретпедің? Біздің балалар болмаса осы жер жетімсіреп қалар дейсің бе?

– Көршінікінің жөні бөлек, ал өзіміздікі... – Эшкий орнынан тұрып, фотосуреттер ілінген рамкаға дейін барды да, терезенің алдына қайтадан келіп отырды. – Үндемейсің, ә? Солай. – Терезеден алысқа қарап үнсіз отырды да, бір кезде:

– Петрді шақыру керек. Қайтсын... – деді.

– Не деп отырсың, әкесі-ау? Оған газы, ыстық суы бар пәтер бермекші. Келмейді ол. Егер келгісі келсе, әскерден оралған кезде қалатын еді ғой. Оған жаңа машина береміз, көмектеееміз депті...

– Ал, бұл не, үй емес пе? – Эшкий үйдің ішін көзімен шолып шықты. – Қаланың үйінен несі кем? Газ бар, суды тура ае үйге тартып алуға болады, монша да бар.... Баеқалар оралып жатыр ғой... Елдің көзіне көрінуден қалдық.

– Қойшы, еол Виктов айта береді, ойыңа да алма оны, – деп, Саекай баеқа жақтан келуді ойлады. – Сен оған жыртқан жерін екі қайта жыртқыздың, артық жұмсалған жанар май үшін ақша ұетаттын, сол үшін өшігіп жүр. Ашумен айтылған сөз. Өзіңе-өзің кел, жүрегінді босқа ауыртпа.

– Виктов туралы сен қайдан білесің? – Эшкий кемпіріне бұрылды. – Онда неге үндемедің, үндемей жүріп-жүріп енді неге сайран кеттің?

– Өзің айтасың ғой ден ойлап едім. Мен ертеңіне-ақ бәрін естігемін, білсең оеындағы көйлек киген «радиолар» жаман жұмыс істемейді... Виктовтың өзі жөні түзу жан болса екен. Қолына алған ісінің барлығы керісінше болып шығады.

– Қандай адам болса, ондай адам болсын – айтқаны дұрыс. Тек ол мені өте кеш сынға алды. Онысын бұдан да ертерек айтуы керек еді...

Эшкий айтқанын істеді. Қалаға әлі берік орнығып болмаған сияқты көрінген кіші ұлы Петрге хат жазды. Шынына келгенде байқақтап, ештеңені тікелей айтнай, алыстан орағытып жазды.

Петр көп күттірген жоқ. Алғашқы жекеенбіде-ақ отбасымен үйіліп-төгіліп жетін келді. Бірақ шал күткендегідей әңгіме болмады. Ұлы деревняға оралу туралы шешімді ештеңе айтқан жоқ. Ештеңеге уәде бермеген беті қайтып кетті.

Сол әңгімеден сон алғашқы кезде қария ұлынан хат күтіп жүрді. Хаттар келіп жатты. Ол әрбір хатты қалтыраған қолымен ашып, таные жазуға жылдам көз жүгіртіп өтін, көңілеіз ойды желпіндіретін ештеңе тапнай жүрді. Ұлының аэроклуб жанындағы ұшқыштар курсына жазылғаны, одан соң ұшқыштар даярлайтын училищеге түскені жайлы хабар шалды әбден қынжылтты. Бұдан соң ол хат күтуді де қойды. Почта тасушының алдынан да шықпайтын және келген хат болса кемпірінен кейін оқитын болды.

Уақыт өтіп жатты. Петр болса жазда да келмеді, тек уақытының аздығын, қазір ұшудан тәжірибсден өтін жүргенін жазды да қойды. Ене, жастар деревняны ғана емес, әкесі мен шешесін де ұмыта бастаған сияқты ғой! Қарт мүлде уайымға бсрілді. Аулаға шығыи, бақшаны аралап жүрін алады да, өзі отырғызған ағаштарға, өз қолымен салған қора-қонсыға, ауладағы малына, еккен жүйегіне тек өзінен басқа ешкімге мәлімсіз жабырқау сезіммен қарап қояды. Егіе алқабына баруды да қойды, кеңесге де бас сұқпайды, денсаулығын сылтау етіп еш нәрсеге араласнайды. Міне, үйге аздан жөндеу жүргізу керек болып тұреа да көрмгенсиді.

Бүгін оны кемпірі үйден өйтіп-бүйтін зорға дсгенде шығарды. Көктем келген осындай сәтте тырысын отырған жөн бс – терезенің жанындағы үйреншікті орнынан қуды. Мүмкін, дала желі шалды желніндіреп, сейілтер?

Міне, ол өзіне таныс жерлермен келе жатыр, жан-жағына асықнай қарайды. Мұнда оған әрбір төбешік, әрбір жыра өткен күнді, оның бір кезде дені сау, күші мығым жан болғанын, жер жыртыи, егін салғанын, астық орып бастырған – шаруа бейнетін санап бола ма, еоның барлығын атқарғандығын есіне салады. Бұл жердің әрбір сүйеміне тамған тер бар. Атасы да, әкесі де, оның өзі де барлық қуатын жерге

жүмеады. Ал, ұлдары болса мынау. Оның ойы тағы да ескі арнаға ойысты...

Қария төбешіктен котерілгенде кең, жасыл алқапқа жиналған елді, ақ полиэтилен қаптардың үйіндіеін, ұзын сырыққа ілінген қарала «шұлықшаны», алқанқа қадалған жалаушаларды көріп, бәрін түсінді. Самолет келмек қой. Кеше председател радиодан сөйлен, күздік бидайды самолетпен қоректендіреміз деген. Жылдамырақ басқанын озі де байқамай қалған Эшкий кенет тоқтай қалып: «Неге асығамын? Қайда асығамын? Халық мені көрс салысымен баяғы жиналысты тағы да есіне алар...» – деп ойлады. Бәрібір ақырын аяндай берді, жаңа техниканы көргісі келді.

Мұндай оқиға, біздің колхозға самолет ұшып келуі бұрын-соңды болын на еді?

– О-о, біздің Эшкий атай келе жатыр! – деп мұны байқаған самолет қонатын алаңның бастығы алыстан дауыстап қарсы жүгірді. – Келгенің жақсы болды. Әйтнесе, осы сл мүлде ауру деп жүр. Самолетті, оның қалай жұмыс істейтінін көресің.

– Жақсы, ұлым. Қара бидайға нәр берудің нағыз дер шағы. Самолет – жақсы машинна ғой, бәрін шапшаң іетейді және қазір заман басқа, біздің кезіміздегідей емес, ұшқыр заман., – деп Эшки мұндай жылы қарсы алуға рнза болып, көңілдене сөйледі.

Осы кезде барлығы шуылдап, қозғалысын кетті. «Ұшып келеді, ұшып келеді» – деген дауыстар естілді. Көпшіліктің толқуы Эшкийге де әсер етті. Ол да кекжие қарап, жанарымен самолетті іздей бастады. Міне, сарыала самолет, тура соларға қарай, көз алдарында бірте-бірте зорайып, келіп қалыпты. Баатарынан айнала сырғн ұшын төмендеи, тез арада дөңгелектері жасыл түкті жерге тиді. Жүгіріңкіреп барды да бұрылын, әк пен шөн үстіне салынған ақ

сызыққа жақындады. Барлығы самолетке қарай тұра ұмтылды, олардың соңынан Эшкий де қозғалды. Қалақтары тағы бір-екі айналды да тоқтады. Есік ашылып, ұшқыш киіміндегі жігіт көрінді.

– Петр!

– Бәлі, мынау біздің Петр ғой! – деп біриеше дауыс қатар шықты.

«Бұл қай Петр? – ден ойлады қария. Кенет оның басына келе қалды: – Бәлі, бұл менің... біздің ұл ғой...» Эшкийдің буын-буыны дірілдеп, жүрегі тамағына тығылғандай, әжім қаптаған бетімен сорғалаған кез жасын елеместен ұшқышты жабыла құшақтап, оған бірдеңе айтып жатқандарға қаран тұрып қалды.

Қалың тобырдың ортаеында тұрған әкесін Петр де көріп, бұза-жарын жанына келді де, қапсыра құшақтады. Ол бірдене деді, әлде не сұрады, бірақ әкесі жауан берген жоқ. Тұрған беті ұлына да, халыққа да, самолетке де қараған жоқ, солардың ар жағындағы қиыр алысқа, сан түрге енін, бірде қарайған, бірде жасыл тартып, бірде сарғайған өзінің жастайынан туын өскен далаеына көз салып тұр еді.

– Рахмет, ұлым, – деді ол бір кезде ұлына қаран. – Сені шақырған мына туған жер ғой, туған жер шақырған...

ОЛАС (Әңгіме)

Күзгі аңшылық маусымы ашылған күн. Мектеп директоры Андрей Шамаев екеуіміз әсем Ақ өзенінің бір сағасы Таныптың жағасын таңертеңнен бері кезіп жүрміз. Екеуіміз де белшемізден суға малшындық. Бізден бір адым қалмай, жанымызда Андрей Шамаевичтің иті Олас келе жатыр. Оның да үсті су-еу.

Менің белдігіме бір үйрек ілінді, ал Шамаевта әзірше ештеңе жоқ. Енді Қарш көліне бұрылды. Көлге таяи қалғанда бір топ үйрек аспанға көтеріліп еді, мылтық даусы естілді де, оның бірі қанатын далпылдатып, тоңқалаң асып барып, қалың қаудың ортасына құлап түсті. Сол екен бұтаның арасынан қолында мылтығы бар қара күртелі біреу шыға келді. Біреулердің суға шауып салған қалуенін аңшы етігімен таптай басқан ол үйректің құлаған жағына қарай тұра жүгірді. Бөтен адамды көрген біздің Олас алға ұмтылды да, арсылдап үрді. Аңшы бұрылын, иткс жақтырмай қарады. Бірақ ол екеуімізді таныды да, кездескенімізге қуанған кісінің кейпін танытып, бізге қарай жүрді.

– О-о, Андрей Шамаевич. Міне, қызық! – деді өзінің қуанышын білдіргісі келген аңшы алыстан гүжілдей сөйлеп.

Ол біздің мектептің мұғалімі Аклиев еді. Оның белінде үш үйрек ілінген, арқасына асқан дорбасында да бірдеңе жыбырлайды. «Осындай ашкөзге табиғатты сеніп тапсырып көр – барлығын өз үйіне тасысын...», – деген ой келді маған.

Аклиев біздің мектепке биыл ғана келген еді. Дене шынықтыру сабағын жүргізеді. Төртбақ келген, орта бойлы еркек. Дөңгелек беті май жаққандай үнемі жылтырап тұрады, көгілдір көзі бірдеңені тінтіп, тіміскілеп тыным таппайды. Орта мектепте оқып жүрген кезінен бастап спортты сүйетіндігін алғаш танысқан күні айтқан-ды. Әсіресе, қысқа қашықтыққа жүгіруден жоғары нәтижеге ие болған. Кезінде, тіпті, республика чемпионы да болған. Айтысына қарағанда педагогика институтының сырттай бөлімінде оқиды.

Осы бір өзіне-өзі дән риза жанның күлімдеген жүзін көрген сәтте басқа бір жақ сүйегі шыққан, арық адамның бет әлпеті менің көз алдыма келеді. Дәлірек айтқанда Аклиевке тура қарама-қарсы бейне. Ол – біздің математик Чепайкин.

Оның мұрнының жұқалығы сондай – кейде маған ол мүлде кеуіп қалған, шымшымақ түгілі кесіп алсаң да қан шықпайтын сияқты көрінеді. Ал көздері қашан да сұсты, кейде жанарын қадай қалғанда, еріксіз дір ете түсесің. Осындай жаратылысының алшақтығына қарамастан, маған олар егіз қозыдай ұқсас және әрқашан қоян-қолтық жүруге тырысатын сияқты болып көрінеді.

– Андрей Шамаевич, менің осы мектепке келгеніме бір ай болса да, сіздің кәнігі аңшы екеніңізді жаңа біліп тұрмын, – деп Аклиев қасақана сыпайы сөйлеп, таяп келді де, кенет ақырын ғана:

– Андрей Шамаевич, қоржыныңыз қонтарғайлау екен. Жолыңыз болмады ма? – деп сұрады.

– Бүгін үйректердің көңілі түспей тұр, – деді бұл. – Тығылып қалыпты...

– Мүмкін солай шығар, дегенмен құр қол қайтуға болмайды, бүгін маусымның алғаш ашылуы – біздің мерекеміз ғой. Менің ойымша, бәрімізді де үй-ішіміз мол олжамен күтіп отыр. Әйеліңе не айтасың? Балаларыңа не көрсетесің? Оларға бірдеңе әкеп берсең, қуанышқа батады. Ал, сіздің де күтіп отырған адамыңыз бар... – Соңғы сөздер аса бір жұмсақ, аянышты сезіммен, біздің директордың жолы болмағанына қиналған, оған шын жүректен тілектес адамның даусындай естілді. Содан соң ғана Аклиев маған қарай бұрылды.

– Аһ, қандай тамашасын қолға түсіргенсіз. Бір килодан артық болатын шығар, – дегенді іштарлықпен айтты. Мен оған ештеңе дегем жоқ.

– Андрей Шамаевич, былай болсын, – деп пысықси қалды ол, – бүгін үш үйрек және де балықтар маған артықтау болып қалды. Көлге бұранда тастағам, міне енді балығын тартып алайын деп жатырмын. Бір үйректі сізге беруіме болады. Керек десеңіз екеуін де аямаймын.

– Рахмет ниетіңе, айтқаның да болады, Пектағын Аклиевич. Үйрегіңді алмаймын. Мұның дұрыс емес...

Бірақ Аклиев алған бетінен қайтқан жоқ, ең үлкен үйректі ағытып алды да, мектеп директорына ұсынды:

– Алыңыз, Андрей Шамаевич, алыңыз. Қазір мен – сізге, келесі жолы сіз – маған, бітті. Аңшылардың заңы бойынша... Жаңа тағы да бір үйрек шөп арасына құлап түсіп еді. Сіздердің иттеріңіздің көмегімен оны қазір-ақ тауып аламыз...

Андрей Шамаевич Оласқа үйректі іздеуге бұйрық берді. Ол осыны күтіп тұрғандай лезде-ақ бұта арасына кіріп, көрінбей кетті. Біраздан соң аузында тістеген үйрегі бар Олас иесінің жанына келді де, тапқанын алдына тастады.

– Қандай ақылды! Қалай тез тауып алды! – Аклиевтің көзі жайнап кетті. – Андрей Шамаевич ең болмаса осыны алыңыз. Шын жүректен ұсынылған затты алмау дұрыс емес. Бүгін екі норма орындадым деп тұрмын ғой. Екі адамға тура болады. Әйтпесе, мені браконьер деп қалуы мүмкін ғой. Көзіме түссе... қолым өзінен-өзі көтеріліп, өзімді-өзім ұстай алмай қаламын.

– Жарайды, бұл жолы сенің айтқаның болсын – алайын, бірақ қарызымды бәрібір, қайтарамын.

– Олас! Олас, кел мұнда, кел! Ой, жарайсың сен, Олас! Тамаша, ақылды, – деп Аклиев қайтадан Оласты мақтауға кірісті. Іле-шала арқасындағы қапшығын түсіріп, ішінен төрт жүз грамдай салмақ тартатын балық алып шығып, итке тастады. – Мә, Олас, жей ғой, же!

Олас болса иесіне қарады, жеген жоқ. Шамаев қалтасынан бір шағым қант алып, итке берді, содан соң ғана балықты жеуге талап етті. Аклиев Оластың жанына келіп, арқасынан сипамақ болған еді, бірақ, ол ырылдап, шегініп кетті.

– Оу, Олас, мұның не? – деп біздің жаңа серігіміз ренжіген дауыспен міңгірледі. – Жарайды, әзірше бөтенсі бер, бәрібір кейін сенің иеңмен аңға бірге шығатын боламыз да, сол кезде біз міндетті түрде достасамыз...

Андрей Шамаевич, мынадай ақылды итті қайдан таптыңыз?

– Құдайдың өзі берді ғой, – деп күлді анау. – Бір танысым сыйлаған еді, жақсы тұқым дейді ғой. Егер дұрыс тәрбиелесе аңға шыққанда тамаша қолғабыс жасайды. Біз Оласпен жаман жұмыс істеген жоқпыз ғой деп ойлаймын. Ол – ақылды ит.

– Суда қалай?

– Бұйырсаң болды, бәрін орындайды.

– Тамаша ит! Эһ, менде де осындай бір ит болса ғой...

– Қараңғы түсіп барады, қайтатын уақыт болды, – дедім мен оларға.

Аяғымызға қияқ оратылып, тұрағымызға қарай беттедік.

* * *

Осыдан кейін Аклиевтің Оласпен достасуға барынша тырысқанын байқап жүрдім. Итті көрген сайын қызыға қарайды. Ал, ит болса неге екені белгісіз, оған жоламай қашқақтайды, егер оның таяғысы келсе, ырылдап, маңайлатпайды.

Қысқа қарай мектепке ат сатып алынды. Бір апта өтпей жатып мұғалімдер арасында Олас пен аттың қызғылықты достығы туралы әңгіме тарады. Көп ұзамай маған аудан орталығына бару керек болды да, оны өз көзіммен көрудің сәті түсті.

Күндегіден ерте тұрып, мектепке бет алдым. Ат тұрған қораға қарай біреудің келе жатқанын сезген болуы керек, есіктің астынан шыққан Олас үре бастады.

– Олас, Олас, танымадың ба?

Сол-ақ екен ит маған қарай ұмтылды да, бірнеше метр қалғанда тоқтай қалып, кінәлі кейіппен алдыңғы аяқтарымен жер бауырлап жатып, басын жерге салды да, құйрығымен жерді қуана сабалап, аяғымның астына дейін еңбектеп келді. Мен отыра қалдым да, басынан сипадым.

Шананы ауланың ортасына алып шықпақ болып, тәртені ұстаған кезде,

Олас қыңсылап жүгіріп барды да есіктің астындағы өзінің тесігінен ішке кіріп кетті. Оның артынша қораны ашқанымда пысқырынған ат маған қарсы келе жатыр екен. Олас болса, қыңсылап біздің қасымыздан шықпайды: біресе аспанға секіреді, аттың тұмсығынан түртеді, біресе қосаяқтап менің кеудеме қарғиды. Мен атты суарып, шанаға жеккенімше Олас аласұрып, секірумен, қуана қыңсылаумен, айнала жүгірумен болды. Қақпаны ашқан кезімде оқтай атылып, мектеп ауласына, одан көшеге шықты да, жолдың ортасына барып, бізді күтіп отыра қалды. Ат та еліріп келеді. Делбені қолыма алуым мұң екен, ол да бізді күтіп отырған итке қарай жұлқи тарта жөнелді.

Бүкіл жол бойы Олас пен ат бір-бірімен ойнап келе жатқан сияқты. Ит кенет алға қарай алысқа жүгіріп кетеді де, жолдың ортасына тоқтап, отыра қалып, бізді күтеді. Оған дейін он-он бес қадамдай қалған кезде атқа тұра ұмтылады да, тоқтамастан келіп тұмсығына қарай секіріп, не тұмсығын, не шекесін жалап етеді. Атпен қатарласып кішкене жүгірген соң, қайтадан озып кетеді де, артына қарап қойып, бірте-бірте ұзай береді.

Ал мен оларға қарап отырып: «Бұл қалай: өздерінің тілі де жоқ, өздері әр түрлі жануарлар, бір-бірімен қалай достасқан! Бір-бірін түсінуді қалай үйренген!» – деп ойлап келемін. Оларға сүйсіне қарап отырып жүрегім қуана дүрсілдейді, ал көңілімде сүйінішті де жарқын ойлар бірінен соң бірі туындай түседі.

Дегенмен көп ұзамай бұл жануарлардың достығы біреулерге ұнамайтындығы мәлім болды. Бір күні мұғалімдер бөлмесінде балалардың шығармасын тексеріп отырғам. Чепайкин кірді. Бұл жолы ол бұрынғысынан да сопиып, түнере түскен сияқты. Жаныма таяп келді де, ақырын сыбырлады:

– Біздің директор өзінің итіне мектептің аты үшін сатып алынған ұннан береді екен...

Мынаны естігенде, кенет менің тынысым тарылып, жүрегімнің қатты-қатты қаққанын сезіндім, шекем солқылдап кетті. Жалт бұрылып Чепайкиннің көзіне тіке қарадым. Оның бозғылт, буалдыр көздері менің қарағанымға шыдамай сығырая түсіп, наразы түрмен бұрылып кетті. Кішкене өзіме-өзім келген соң:

– Сіз не дедіңіз? – деп сұрадым.

– Директор өзінің итін мектептің ұнымен тамақтандырады, – деді ол бұрынғысынан қаттырақ, дауысын тісінің арасынан шығарып.

– Соны айтуға аузыңыз қалай барып тұр? Олас мектептің ұнын жемейді! Тек Олас пен ат достасқан, ал сіз...

– Айтасың ғой, айта түс, – деп шиқылдады Чепайкин. – Бір астаудан қазынаның ұнымен тамақтандырса достаспағанда қайтеді...

– Ох-хо-хо, – деп басымды ызалана шайқап, дәптерлерді жинап алдым да, мұғалімдер бөлмесінен шығып кеттім.

Класқа келіп, дәптерлерді тексеріп отырмын, ал Чепайкиннің жыландай ысылдаған сыбыры құлағымнан кетпейді. Жоқ, ол сыбыр емес, ызалы қуаныш еді. Бұл оның жағымсыз қылығы үшін Андрей Шамаевичтен жиі алатын ескертулерінің қарымтасын қайтарар сәттің келуінің қуанышы еді. Чепайкин балалармен жақын қарым-қатынас жасай білмеді, оның сабағы өте салқын, көңілсіз өтеді, бүкіл класты қорқытып ұстауға тырысады. Барлығын емтиханмен, бағамен және мектеп бітіргенде берілетін мінездемемен қорқытады, сол үшін мектеп директоры, мұғалімдер тарапынан сынға жиі ілігеді.

Көктемге қарай Андрей Шамаевич қатты науқастанып, ұзақ уақыт ауруханаға жатып қалды. Оның орнына оқу жылының аяғына дейін Чепайкиннің мектеп директоры болып сайлануын біздің көпшілігіміз күтпеген

едік. «Жаңа сыпырғыш таза сыпырады» дегендей, ол өзінің міндетін тыраштана атқарып, біздің үстімізден қарайтын бастық екенін көрсете бастады. Керек пе, жоқ па, оның ісі ме, әлде басқаныкі ме, әйтеуір барлық уақыт-түйекке араласа кетеді. Оның қандай да болмасын бір бұйрық шығармаған күні қалмады. Не ойлап шығармады десеңізші! Кейбір мұғалімдер оның ойланбай берген жарлығын орындаудан бас тартты, сол үшін ескертулер мен сөгістердің астында қалды.

Мұны ол ерекше құлшыныспен, кішкентай ғана сылтау мен себепті қалт жібермей орындады. Көп ұзамай менің де кезегім келді.

Бір күні мектепке ертерек келгенмін. Мұғалімдер бөлмесінде ешкім жоқ екен. Сабақта қолданылатын көрнекі құралдарды қарап отырмын. Есік ашылды да, Чепайкин жылмаң етіп кіріп келді. Менің бетіме барлай қарап, сәлеміме ізетпен жауап берді де, бұйрықтар мен жарлықтар ілу үшін өзі арнайы жасатқан тақтаға қарай өтті. Оған бір парақ қағазды іліп, маған қарай салтанатпен бұрылды да, ізетпен және дауысына мән бере былай деді:

– Жаңа бұйрықпен танысуыңызды өтінемін, Сізден.

Тақтаға таяп келдім де көз жүгірттім. «Мектептің ұның итке жегізудің алдын-алу үшін, – деп жазылған онда, – бұрынғы директор Шамаевтың итін мектептің ауласына кіргізбеуге бұйырамын. Сонымен қоса, балаларды иттің қауып алуы мүмкін екендігін ескеріп, оны мектептің маңына мүлде таятпауға бұйырамын. Бұл бұйрықты орындауды техникалық қызметкерлер мен мұғалімдерге жүктеймін».

Мен шыдай алмай қарқылдап күліп жібердім.

– Не үшін күлгеніңізді білуге болмас па екен? – деп зәрлене сұрады Чепайкин.

– Мұны жазған адамның ақымақтығынан хабар беретін бұйрық екен, – деп шыдай алмай тағы да күлдім. – Мұндай ой басыңызға қалай келді?

– Тікелей бастығыңызға, оның үстіне қызмет бабындағы міндетін орындау кезінде тіл тигізгеніңіз үшін сізге сөгіс жариялаймын! – қап-қара болып түтігіп, айқайға басқан Чепайкин сумкасынан қалың дәптер алып шығып, сол жерде жаза бастады.

– Жазыңыз, керек десеңіз жүз бұйрық жазыңыз! – дедім де мұғалімдер бөлмесінен шығып кеттім.

Сабақтан соң балаларды үйлеріне босаттым да, дәптер қарауға отырғам. Тіл мамандарында дәптердің көп жиналып қалатын әдеті. Мұғалімдер де үйлеріне қайтқан.

Жақсы жазылған жұмыстарға қуанасын, нашарларына ренжіп отырғанымда, кенет дәлізде жүгірген адамның аяқ дыбысы естілді. «Үлкен адамның жүгірісі сияқты ғой», – деп ойлап, терезеге қарадым.

Аяғы-аяғына жұқпай Аклиевтің жүгіріп бара жатқанын көргенде менің таңдануымда шек қалған жоқ. Оның қолындағы оқу гранатасының снаряд-макетін байқап қалдым.

«Мүмкін мына темірмен Оласқа кетіп бара жатқан шығар? – деген үрейлі ой келді. – Өлтіреді ғой!» Іштей мазасызданып, терезені қатты-қатты қақтым. Аклиев тіпті бұрылып қараған да жоқ. Аулаға қарай тұра ұмтылып, тек дәлізге ғана шығып үлгергенімде Оластың аянышты және үрейлі қыңсылаған даусы естілді. «Қалайша үлгермедім, қалайша..», – жүрегім қатты қысып кетті. Іле шала шарбақтың түбінде жербауырлап жылжыған Оласты көрдім. Алдыңғы аяқтарын басып, тұрғысы келеді, бірақ тұра алмайды. Мені көре салысымен алдыңғы екі аяғымен жылдамырақ тырмысып, тақтайлардың арасындағы тесікке басын сұғуға бірнеше рет талпынды.

– Олас, Олас, қорықпа... Бұл мен ғой, Олас..., – барымша еркелете сөйлеуге тырыстым. Жас толған көзімен маған қараған ит қатты ауырғандықтан болар, қыңсылап, табандарын жалауға тырысады, еркіне көнбеген артқы аяқтарына таңдана қарайды.

Оласты аяғандықтан жүрегім ауырды. Қалтыраған қолыммен басынан сипап, не болғанын білгім келіп денесін ұстап көремін.

– Жауыз! Дәл беломыртқадан тигізгенін қарашы. Омыртқасын үзіп жіберген болуы керек, – деп сыбырлап отырмын. Оның гранаты иттің шарбақтан секіре берген кезінде дәл арқадан тиген болуы керек. Міне, сол граната әне жатыр. Бізаланғаным сондай – алдым да атқорадан асыра құлаштай лақтырдым.

Осы кезде мұғалімдер бөлмесінің терезесінен қарап тұрған Чепайкиннің бет-бейнесін байқап қалдым. Ол маған бірдеңе деп айқайлап, жұдырығын түйді, терезенің жақтауын қойғыштады.

Мен Оласты қолыма алып, қақпаны теуіп аштым да, мектептің жанындағы үйге қарай беттедім. Шамаевтың әйелі маған қарсы жүгіріп шықты.

– Мерттірген ғой, мерттірген, – деп ол аяушылықпен, мұңая былдырлап сөйлеп келеді. – Оласты қуа бастағанын Андрей біледі, тіпті байлап қой деген. Оны қалай ұстап отырарсың. Сол атқа баруға неге сонша құштар болдың екен, Олас... Эх, Олас, Олас, саған олар не істеген? – өзін-өзі ұстай алмай әйелдің көзінен жас шығып кетті.

– Мұны енді жылы орынға жатқызу керек, – дедім мен.

– Моншаға апарайық, кеше ғана жаққам. Тоңатын болса – түнге қарай үйге кіргізермін... Әзірше үйде кішкентайымыз еңбектеп жүр.

Шамаевтың әйелі Оласқа тамақ, астына төсеніш әкелуге кетті.

Итті жылы моншаның ішіне жатқызып, жанында кішкене отырдым да, бойымды уайым билеп, үйге қарай аяңдадым. Көңілімде ащы өкініш, бұлыңғыр бірдеңе.

* * *

Ертеңіне күндегіден терек тұрып, Шамаевтың үйіне беттедім. Байқаймын, моншаның есігі жартылай ашық тұр екен. Олас кешегі жатқызған жерімде жоқ болып шықты. Айналаны түгел қарадық – еш жерден таппадық. «Мүмкін жорғалап атқа кетіп қалған шығар», – деген ой келіп, мектептің ауласына бұрылдым.

Атқораның есігін аштым да, таңданғанымнан қозғала алмай тұрып қалдым: аттың алдында Оластың елі денесі жатыр еді. Оған төне қарап, басын салбыратып ат тұр.

Ол жалт қарады да ызалана тісін ақситып, зәрлене жер тарпып, маған қарай беттеді. Мен кейін шегініп, есікті тез жаба қойдым.

Оластың денесін тек атты жемдеп, суарып жүрген мектеп сыпыратын әйел ғана алып шықты. Олас менің қолымда, мектептің ауласымен аяңдап келемін. Айналама балалар жиналып қалды. Әрқайсысының итке не болғанын білгісі келеді. Мен оларға ештеңе айта алмадым.

Қақпаға жеткенімде, шымыр денелі, төртпақ келген, бетінен майы тамған, өзіне-өзі дән риза Аклиевті көрдім. Ол мектептің қақпасына таяп қалған еді. Олас екеуімізге балалардың шалқасынан ашқан қақпаның дәл ортасына келіп тоқтадым. Топырлаған балаларды, қолымда көтерген иті бар мені көрген және менің тесіле қараған жанарыма көзі түскен Аклиев еріксіз кейін шегінді.



Юрий СКВОРЦОВ,
чуваш жазушысы

БІЗҚҰЙРЫҚ ҮЙРЕК – ҮЙ ҚҰСЫ **(Әңгіме)**

Бізқұйрық әсем құс емес еді. Құйрығы селдір, тура қыл елек сияқты, әрі үнемі шошандап тұрады. Бояуы да ашық емес – қара-қошқыл бірдеңе, жуылмаған сатпаққа ұқсайды. Соған қарамастан оның бір досы болды...

Наурыздың сырғымалы күндерінің бірінде Бізқұйрық өзінің тұрақты баспанасы – атқорадан шығып, қар үстінде жалғыз аяғымен біраз тұрудан тайсалған жоқ. Бірақ суық оның батылдығын тез қайтарды – көп ұзамай екі аяғын бауырына басып, тұмсығын қанатының астына тығып, отыра қалды. Құйрығы әдеттегідей шошаң-шошаң еткен сайын атқорада жабысқан сабан мен шөп қиқымдары ұшып түседі. Осылай көңілі жай тапқан Бізқұйрық кірмейтін тесігі жоқ тауықтардың қылығын қызыға бақылай бастады. Міне, олардың бірнешеуі ағашқа қонақтағандай, сиырдың арқасына қайғасып алып, Бізқұйрық сияқты емес – аяқтары жылы жерде, ештеңеден алаңсыз қалғып отыр. Олар сиырдың үстінде ұйықтайтын болуы керек, өйткені таңертең қорадан сиырғы «мініп» шыққанын Бізқұйрық сан рет көрген. Иә, не десең де, сенімді «көлік». Олар өзінің осындай жағдайын мақтан етеді, тек үй иесі әйел Бізқұйрыққа жем алып шыққанда ғана илігеді. Оларда ұят жоқ, мұның тұмсығының астындағы ең дәмдісіне жармасатыны бар. Бізқұйрық тістелеп, қорқытпақ болады, оған қайда, олар көп, бірін қуса, екіншісі мына жақтан ала қашады да, әртаман жүгіріп барып, жұтады-ай, жұтады – тіпті қақалмайды. Бізқұйрық тамаққа қайта ұмтылады, содан сиырдың бірі

келіп, астауға жып-жылтырсуық тұмсығын тыққанша қалған-құтқанды теріп жейді. Оны тістемек тұрсын, тіпті ренжуға де Бізқұйрықтың батылы жетпейді. Сиырмен таласпай-ақ, астаудан аулаққа кетеді де, қардан бір асап – шөл басқан соң қайтадан бұрынғы қалпынша тұра береді. Міне, бүгін де ол аздап жүрек жалғады, оның досы Ақтұмсық та аш емес, тоқ та емес қалпында мұның қасына ілесті. Не істесін – кім озбыр және күшті, соныкі дұрыс...

Бізқұйрық қақпаның жиегіне, кәрі талдың бұтақтарына ұзақтай тізіліп, жансыз қуыршақтай қозғалмай отырған торғайларға қарады. Олардың көптігі сондай, тіпті бұтақ қап-қара болып көрінеді. Бір ғажабы: ұзақтардың барлығы бірдей желге қарап – басын оң түстікке, құйрығын сол түстікке қаратып отыр...

Кенет қалай қалғып кеткенін Бізқұйрықтың өзі де байқамай қалды. Тіпті ол бір тәтті түс те көрді. Кенет мылтықтың дауысындай тарсылдан барылдап оянып, атып тұрды. Қорқыныштан ес жиғанда Бізқұйрық бұл тек үй өбесінен ұшып шыққан көгершін екенін көрді. Өзіне-өзі келіп, қайтадан қалғығанда сол түсті қайтадан көрді...

Айнала орманды, қамысты, балық оты өскен үлкен көл екен. Онда алтын аққудай күн сәулесі шомылуда... Су бетінде жиренішті ызындап масалар ұшуда.

Бізқұйрық өңінде мұндай көлді өмірі көрген емес. Иә, онда өмір дейтін өмір де жоқ! Ол жарық дүниеге барлы-жоғы өткен жылы ғана осындай бір деревняда, дәл осындай бір үйде – ағаш төсек астындағы тал шыбықтан тоқылған себеттің ішінде келді. Бірде тоқыма ұядан еденге құлап түсіп, әрі қорқынышты, әрі ауырсынғаннан есін көпке дейін жия алмағанын Бізқұйрық әлі ұмытқан жоқ. Сонсоң жаны қыл ұшына келіп, қорқудың не екенін, әсіресе, өткен күзде, олардың үйректер тобы күн сайын көз алдында азая бастаған шақта тағы бір рет басынан өткеруге тура келді. Иесі екеуі ғана қалғанша оның сіңлілері мен бауырларын белгісіз бір жаққа апарып тастап жүрді. Бұларды да жақсылық күтіп тұрған жоқ еді.

Күндердің күнінде иесі екі үйректі де қапқа салып, бастарын сыртқа шығарып байлап, арбаның үстіне тастады да, бір жаққа ала жөнелді. Арбаның соңында аяғын керанау басып, байлаулы сиыр келеді. Ал бұлардың жанында, арбадағы қапқа салынған сырғыш торай өжеттене шыңғырады. Қаптың аузы мықтап байланғандықтан, оған онша қолайлы емес сияқты. Торай ұмтылып, босанып шықпаққа жанталасады. Ақырында ол қабымен қоса арбадан аунап түсіп, шыңғырғаны сондай, Бізқұйрықтың зәресі кетіп, тіпті қауырсындары үрпиіп кетті.

Ақырында олар белгісіз бір дәмді иіс шыққан биік даулдың жанына келіп тоқтады. Байқауынша жылқыға бұл иіс жақпайтын болуы керек, ат үркіп, осқырып, пысқырынды. Бірақ иесі оныбаратын жағына қарай жүруге күштеп көндірді...

Мұның бәрінің не екенін Бізқұйрық артынан түсінді. Сөйтсе, оларды базарға әкелген екен. Иесі оны киімінен шаң мен ұнның иісі шыққан бөтен адамға сатып жіберді. Ол адам Бізқұйрықты бөтен және танымайтын еркек үйрек отырған себетке салды да, бетін қаппен жауып, осында, міне мына атқораға алып келді. Тек осында келген соң Бізқұйрық атқораның қабырғасындағы кішкене терезеден түскен әлсіз жарықта өзінің серіктесіне барлай қарай бастады. Ол аздап ірілеу, ептеп бұдан биік, бояуы да қара қоңырлау. Ал оның басы тұп-тура қасқа бас адамдікіндей, көгілдір түспен жылтырайды. Беті ақ, бауыры ақшыл, ал жемсауы және екі қанатының ұшы қою жасыл жібектей құлпырады. Тұмсығында ақ таңба көрінеді. Сондықтан үй иелері оны Ақтұмсық деп атады. Ақтұмсықтың өзінен әдемі екендігін мойындау Бізқұйрыққа лғнай бола қойған жоқ. Дегенмен ол Бізқұйрыққа бірден ұнады. Шын мәнінде оның сықырлаған дауысы аздап ызасын келтірді. Ақтұмсық та Бізқұйрықты достықпен қабылдады. Бір сөзбен айтқанда көңілдерінен шыққан таныстықтан соң олар қатарласа отырды. Ұйықтағанда да олар бастарын

бұрып, алтындай жылт-жылт еткен жанарларымен бір-біріне қарап қояды. Олар араздаспай және бір-бірін ренжітпей, бір ыдыстан тамақ ішіп жүрді.

Дегенмен, осыдан үш күн бұрын олардың арасында алғашқы араздық басталды. Қыс бойы қамқор болып, тыптыныш жүрген Ақтұмсық кенет сүйкене келіп отырды да, Бізқұйрыққа бұрын-соңды естімеген әлде не туралы жылдам-жылдам айта бастады. Ол құмарлана ұзақ сөйледі. Мұның өзі Бізқұйрықтың жемсауын рахаттандыра қысып өтіп, бұлдыр тұмандай басын айналдырды. Өміріндегі осындай бір бақытты сәтте кенет Ақтұмсық мұны шекесінен шоқып алды. Бізқұйрық ештеңе ойланбастан өзін-өзі қорғау әдетімен жауап берді – ол да Ақтұмсықты көзден ауырта түртіп өтті... Анау көзін ауырсына жыпылықтатып, төбелескор құрбысына ренішпен теріс айналды. Келесі күні де Ақтұмсық онымен қатарласа отырмады, Бізқұйрықпен бір ыдыстан тамақ ішпеді. Ол жүні үрпий, ауырған көзін мамығына тығып, оқшау отырды. Бұрышқа барып, жеке ұйықтады.

Бізқұйрықтың күн сайын жылына түскен көктем күнінің шуағына маужырап, қалғып отырған шағында ойламаған жерден жанына Ақтұмсық жетіп келді. Ол үш күн бұрынғыдай қызулана айқайлап, тіпті одан да қызулы және сондағыдан да түсініксіз сөйлей бастады. Соған қарап үш күн бұрын Бізқұйрықтың көзін ауырта шоқып алған жоқ, тек бетінен наздана өпкен еді деп ойлауға боларлық. Бізқұйрықтың басы қайтадан айналып, белгісіз бір бақыттың әсерінен кеудесінде әлсіз сәуле ойнады...

Олар әлде не туралы әңгімелесіп, атқораға кіріп кетті. Таңертең де аулаға қатарласа шықты.

Күн нұрын көңілдегідей төгіп тұр. Тіпті тоңғақ тауықтардың өзі сиыр «көліктерін» тастап, аулада жүгіріп жүр. Үй төбесінің жиегіндегі мұз сүңгілер өткір пышақпен қиып жібергендей құлап түседі. Бір сөзбен айтқанда көктемнің көңілді, шуақты күні еді. Бізқұйрық пен Ақтұмсықтың көңіл күйлері де сондай. Ауланы айнала

жүгіріп өтті де, олар қар суынан іркіліп қалған қақ жанына тоқтап, бір-біріне су шаша қанаттарын қағып, тұмсықтарын тақылдатысты. Олардың маңында ұйректердің қимылына еліктеп, ұйпаланған торғайлар да әлекке түсіп жатты.

Келесі күні бұрынғыдан да әсем және жылы болды да, мұндай күндер бір-біріне жалғасып, тізбектеле берді. Көп ұзамай көктемнің алғашқы әні – орманда қыстап қалған көк құстың шықылығы естілді. Нағыз көктем енді келді. Көктеммен бірге Бізқұйрықтың да көңілі мәлімсіз, бірақ толқымалы да, қуанышты сезімге толды. Күндердің күнінде олар Ақтұмсық пен екеуі әдеттегіше сыртқа шыққанда бұл сезімнің оны толқытқаны сондай, Бізқұйрықты қуаныш қана емес, қорқыныш пен үрей де биледі. Ол шыдамсыздана шалғынға жүгіріп барды да, ақырында белгісіз бір қатерден қорғаныш іздегендей табалдырықтың астына кіріп кетті. Еш жерден баспана таппай қайтадан сыртқа жүгіріп шығып, Ақтұмсыққа барды да, ақыл сұрап кеңесті. Анау қақ суын алаңсыз шалпылдатқан беті бұған: «Өзің шеш, өзің шеш...» - деп немқұрайды міңгірледі. Содан Бізқұйрық теңселе баса көшені жылдам кесіп өтіп, бөтен атқораға кіріп кетті. Табиғаттың күшіне қарсы тұруға шамасы жетпей, үй иесі шашып алған бір шөкім сабанның үстіне отыра кетіп еді, көп ұзамай астында жұп-жұмыр бірдеңе жатқанын сезді... Жүрегі рахаттана шымшып, Бізқұйрықтың бір сәтке көзі ілініп кетті. Міне, ол астына тұмсығын еппен тығып, баға жетпес жүгін бір байқап көрді де, орнынан тұрып, оны сабанмен, мамықпен, өзінің қанатының астынан жұлып алған қауырсынмен бүркей жапты. Ұяның үстінде біраз тұрды да, одан ептеп түсіп, құпиямды біреу-міреу байқап қалған жоқ па екен дегендей, жан-жағына барлай қарады. Маңай жазық болатын. Көңілі жайлана рахаттанған ол кездейсоқ қатерге ұшырап қалмайын деп, олай-бұлай қарап қойып, сыртқа беттеді. Ал, жөппелдемеде салынған

ұяда, сирек бүркеменің астында ақшыл жасыл жұмыртқа қалған еді.

Бізқұйрық өзінің шексіз қуанышын досына жеткізуге асықты. Ол Ақтұмсықты сол орнында, бұрынғысынша қак суына шомылып жатқан жерінде тапты. Оның құлағына үйіп-төге бірдеңелерді қызулана ұзақ айтқан Бізқұйрық мойынын бірнеше рет созып, бірнеше рет қайта тартып алды, басын атқора жаққа бұрып, Ақтұмсықты шақырды. Ақырында ол құрбысының не айтпақ болғанын түсінсе керек, теңселе басып, соңынан ерді. Бізқұйрық болса, желқайықтай есіп келеді. Атқораға дейін жүгіріп келді де, сабан шашылған жалғызаяқ жолдың үстіне тұра қалып, жан-жағына қарады. Күмәнді ештеңе байқалмаған соң табалдырықтың астына ұмтылды, бірақ іле-шала қайта жүгіріп шығып, мазасыздана барылдап, соқпақпен ерсілік-қарсылы жүре бастады. Содан соң қарауылшының үйшігін айналып өтті де, қайтадан барылдап, соқпаққа қайта оралды. Сабан шашылған бұрынғы орынға жетіп тоқтады да, жол жиегінде жатқан қарға барып отырды. Ақтұмсық оның маңында тұрып-тұрып, жанына қатарласа келіп жайғасты. Олар осылай ұзақ отырды, тіпті қалғып та кетті. Бірінші болып Ақтұмсық оянды. Ол барылдап, әуелі оң қанатын қомдап, сол аяғын созды, содан соң оң аяғын созып, екі қанатын жайып жіберді де, башпайымен тұрып, қанаттарын қатты-қатты қақты. Досының ісін Бізқұйрық та қайталады. Оның қанаттарын өзеурей қаққаны сондай, тіпті жерден көтеріліп, көз көрмес қиырға ұшып кетердей көрінді. Міне құстар жайланды да, атқораны айналып өтуге беттеді. Бұларды биіктен көріп отырған үй төбесіндегі ұзақ бар даусымен қарқылдап, өзіне-өзі риза кейіппен тұмсығын сабанға сүртті де, ұшып кетті. Егер Бізқұйрық оның соңынан қарағанда құстың тырнағынан ақшыл-жасыл бірдеңенің жерге қарай жеп-жеңіл домалап түскенін көретіні сөзсіз еді. Бұл Бізқұйрықтың алғашқы жұмыртқасының қабығы болатын.

Бәрібір Бізқұйрық атқораға тағы келді. Бұл жолы ол төңкерілген шананың астына жұмыртқалады. Жаңа ұядан шыққаны сол еді, барылдауықты бағанадан бақылап тұрған атшы шананың астына еңкейді де, әлі жып-жылы жұмыртқаны қалтасына салып алып, Бізқұйрыққа көз де салмастан адымдай басып жүріп кетті. Бұдан соң Бізқұйрық біреудің ескі қорасына барып жұмыртқалап жүрді. Бірақ бұл келген сайын ұя бос тұратын. Көп ұзамай ол жұмыртқасын кімнің ұрлап жүргенін білді. Бір күні Бізқұйрық ұядан түсіп үлгергенше болған жоқ, егеуқұйрықтан аз-ақ үлкен бір жіп-жіңішке және ұзынша келген аң бұған тура жетіп келді де, сүйір тұмсығын астына тығып жіберді. Бізқұйрық зәресі қалмай барқ етті де, алды-артына қарамай тұра қашты.

Қазір ол қай жерге қанша жұмыртқа салғанын ұмытып та қалды. Иесі оған ашуланып, тәулік бойы қорадан шығармай, жауып қоятын болды. Бізқұйрық қамауда да жұмыртқалады. Сөйтіп жүргенде балапан басатын кез де келіп қалды. Бізқұйрық болса, соңғы рет жұмыртқалаған соң қожайыны себетімен қоса үйге кіргізгенше орнынан тұрған жоқ. Мұнда әкелген соң Бізқұйрықтың астына тағы бірнеше жұмыртқа салды. Сөйтіп, бұл оларды шыдамлыдықпен басуға кірісті.

Бізқұйрық екі, кейде үш тәулік бойы орнынан тұрмайтын. Тамағы құрғап, ыстыққа шыдамаған шақтарда ғана ол аулаға асыға жүгіріп шығып, үй иесі әйелінің дайындап қойған ұнтақ қиқымдарын асап-асап, тамағына тығылғанда су құйылған астауға ұмтылады. Тек осы жерде өзіне-өзі келеді де, шөлін еркін басар-баспастан өзін-өзі асықтыра, шыдамсыздана барылдап, қайтадан үйге жүгіреді. Кейде иесі тамақ пен суды ұяның жанына әкеліп қояды да, бұл апта бойы орнынан тұрмайды.

Жып-жылы, шуақты күндердің бірінде Бізқұйрық дүниенің бәрін бі сәтке ұмытып, қанатын қақты да, дуалдан ұшып өтіп, тоғанға қарай ұмтылды. Жалпақ

табанымен есіп, су бетінде шанадай сырғып келе жатқанда есі кіргендей болды. Сол кезде ол Ақтұмсықты көрді... Сондағы шаттықта, аһылау мен уһілеуде, мейірлене қаңқылдау мен барылдауда шек болсайшы! Олар мойындарын созысып, бір-бірімен тұмсықтарын түйістіріп, алаңсыз қауқылдасты. Содан соң біресе бірге, біресе кезектесе сүңги бастады. Сөйтіп, Бізқұйрық өзінің ұясының суып қалғанын жарты сағаттай уақыт өткенде, тіпті одан да көптен соң барып есіне алды. Жағаға жанталаса жүзіпшығып, алаңғасарлығы үшін өзін-өзі жазғырғандай жиі-жиі мазасыздана барылдап, үйге қарай жүгірді.

Мүмкін, өзінің сол бір тоғанға барған қырсық күнінің есесін қайтарды ма – үш күн бойы ұядан тұрмады. Бізқұйрық өте қатты жүдеп кетті. Денесі күйіп-жанды – суға шомылған соң ауырып қалған жоқ па екен? Ал жұмыртқасы оттай ысып, бауырынкүйдіріп барады. Тіпті шыдамаған кезінде ол ұясында екі аяғынкезек-кезек көтеріп тұрады, немесе олар қатты қызып кетпес үшін тұмсығымен аударыстырып қояды.

Міне, көптен күткен, көңіл толқытатын күн де келді... Бізқұйрық жұмыртқаның ішіндегі ақырын тырсылды естіді. Сол күні иесінің үй толы қонақ шақырмасы бар ма!.. Аяқ дыбысы басылып, стол басы тарқағанда Бізқұйрық қанша тындағанымен жұмыртқаның жартысынан астамынан күткен дыбысты ести алмады. Оның есесіне бізқұйрықты қуанышқа кенелтіп, төрт балапан бірден жарып шықты. Бірақ оның қуанышы ұзаққа бармады – енесінің езіп тастауынан қорқып, кішкентай мамық домалақтарды иесі басқа себетке салып қойды.

Бізқұйрық суып қалған жұмыртқаларды төрт күн басқанымен, еш нәтиже шықпады, ол ақыры үмітпен күткен тырылды ести алмады. Тек иесі себеттегі барлық жұмыртқаны алып қойған соң ғана ұядан тұрды.

- Иә, қонақтар тәуір-ақ билеген екен, үйректің балапандары содан өліп қалған болуы керек, - деп екі жұмыртқаны жарып, ішінде өліп қалған балапандарды көрген иесі қамыға сөйледі. Бізқұйрық жұмыртқаны көрінген жерге сала берген соң иесінің жалғыз қамап қойғандығы да әсер еткен болуы керек, қалған жұмыртқаларды шел басып кетіпті.

- Ал, Бізқұйрық үшін осы төрт шөкімдей мамықтың өзі үлкен бақыт болды. Оларды қанатының астынан бір минут та шығармай, күндіз-түні тырп етпей отыруға бар. Жұдырықтай үйректер сүтке үгітілген нан қиқымы бар табақты шалағай тықылдатқанын бір көзімен қарап масаттанса, екінші көзімен мамықтарына қауіпті ештеңе жоқ па деп, маңайды шолумен болады. Тіпті иесінің өзі келіп су құйып, жем шашқан кезде де «жауына» ашулана пысылдайды. Ал, көзінің қарашығындай балапандарына тақамақ болған мысықтың сазайын қалай тартқызғанын көрсеңіз! Сол күннен бастап мысық үйге кіре алмай, ауыздағы табалдырықта отартын болды. Бірақ сәтін күтіп, жасыл көздерін есі кірмеген шөжелерден аудармай бақылайтын. Ол Бізқұйрықтың да, оның сары уыз балапандарының да қажеті жоқ, бған бәрі бір сияқты немқұрайды түр көрсетіп, балапандардың бірі бұған қарай талтандай басқан кезде де бұл тіпті өзін өзі күштеп, есінеп те қойды. Дегенмен ол Бізқұйрықтан қорқатын. Бізқұйрықтың ештеңе ішкісі де, жегісі де келмеді – тұңғыш рет ана болудан артық бақыт жоқ еді.

Бірнеше күннен соң иесі Бізқұйрықты шөжелерімен қоса аулаға шығарды. Өзінің шағын әулетін көргенде Ақтұмсықтың қуанғаны сондай, Бізқұйрықты айнала билей жөнелді. Әрине, ол ес-тұсы қалмай, құлағанша билей жөнелген жоқ, чуваш қыздары сияқты аяғын сүйрете басып, құрбысын байыппен айналып өтті. Содан соң бір орында екі аяғына салмағын кезек салып тұра қалып, Бізқұйрық пен балапандарына мойынын мейірлене иді... Осы сәтте Ақтұмсық өзінің еркін «әртістігімен» - аяқ

тебісімен, биімен, қимылымен сахнада дауысы қарлығып қалып, өзін-өзі ақтамақшы болған эстрада әншісіне ұқсап кетті...

Ақтұмсықпен кездескеніне Бізқұйрық та қатты қуанды. Міне, екеуі қуаныштарын қосыла айтысып, бір-біріне мойындарын созысып, балапандарына мейрлене төге барылдасып, қандай да болмасын қырсық пен шабуылдан қорғауға дайын еді. Ақтұмсық тіпті иесіне жүгіріп келіп, ысылдап өзінің қандай батыл және ержүрек екенін көрсетіп те берді. Одан соң қоршаудың жанында секектеп жүрген кінәсіз торғайды қорқытты. Тобына оралып, өз тілінде бәрі орнында, еш қауіп жоқ екенін хабарлап, Бізқұйрық екеуі шөжелерін жаңа көктеген шырынды, жұмсақ, тез тойдыратын жасыл шөпті жұлып жеуге үйрете бастады. Ақылсыз балапандар екі аяғын жерге тіреп алып, жасыл жапырақтарды бар күшімен тістеп тартады да, кенет үзіліп кеткенде жұмсақ құйрықтарымен отыра қалады. Кейде шалқасынан түседі де, тұрмақ болып, бұлқынады-ай келіп.

Бірнеше күннен кейін Бізқұйрық пен Ақтұмсық балапандарын деревня сыртындағы орманның жанындағы тоғанға алып барды. Бізқұйрықтың әмір еткені сол еді, балапандар қорықпай суға секіріп-секіріп кетті. Күн тымық, жып-жылы, тоған бетінде ұсақ-ұсақ толқын бұйраланып көрінеді. Дегенмен, Бізқұйрық пен Ақтұмсық сақтық жасап, шөжелеріне тоғанның ортасына таман жүзуге рұқсат етпеді. Оларды жағаға қарай қайырып жүргені де сондықтан болуы керек. Өздері су бетіндедір-дір еткен құйрықтарын ғана қалдырып, тамақ іздеп кезек-кезек сұңғиді. Анда-санда кездесіп қалған тірі жәндік болса, асыға-үсіге балапандарының аузына тығындайды. Бақаның кішкене баласын ұсатп алса, балапандардың кішкене аузына сыймайды да, ата-аналарының өздері еріксізден жұта салады. Оған сүйсінбейді де. Кешке қарай ауа тымықтанып, жылына түсті де, су бетінде қара маса қаптап кетті. Осы кезде балапандар да істке кірісті – төмен

ұшып жүрген масаны қағып алу оларға қиынға түскен жоқ. Тек мойынды созып, аузын дер кезінде аша қойса болғаны. Әрине, тек жылдамырақ қозғалу қажет, сонда аш қалмайсың.

Бір кезде Бізқұйрық әмірлі үнмен балапандарын жанына шақырды. Сөйтсе, ол жаңа сабақ – сүңгу сабағын үйретпек екен. Өзіне назарын аударып барылдады да, суға сүңгіп кетті. Ал, Ақтұмсыққа балапандардың қалай сүңгітінін бақылау тапсырылған болуы керек. Олар икемсіз, қызық сүңгиді де, Ақтұмсық болса олардың шалағайлығына қарқ-қарқ күліп барылдаған сияқты.

Үйге қас қарайғанда ғана оралды. Ең алдында Бізқұйрық, оның артында сары мойындарын тырыса сқзған төрт балапан, шерудің соңын ала Ақтұмсық келе жатыр. Қай-қайсы қатарды бұхса, әкесі: «Қайда барасың?» - деп қатаң айқайлап қояды. Балапан болса, жолдың жиегіндегіні жеуге бола ма, жоқ па, біле алмай қатарға қайта қосылады. Олар аулаға дейін осылай маңыздана басып, өзіне-өзі риза көңілмен, тойынып оралды. Әрқайсының жемсауында жұп-жұмыр бір-бір жұмыртқа жатқандай.

Бізқұйрық пен Ақтұмсықтың шағын отбасы осылай тұрып жатты. Оларға қырсық үйірілген кездері де болды. Бірде ұзақ пен сауысқан, кейде тіпті жыртқыш құстар қанатын суылдатып балапандардың үстінен жанай ұшып жүрді. Бірақ үйректер олардан онша қауіптенген жоқ. Ауаны гүрілдей жаңғыртып, жасыл алқап пен деревняның үстінен зулай ұшып өтетін алып құс әлдеқайда қорқынышты көрінді. Оның ауқымды көлеңкесі жер демей, тау демей, батпақ демей, үй демей соңынан ілесе зулап өтеді. Сол кезде балапандар ешқандай шақырусыз-ақ анасының қанатының астына жасырынады. Бізқұйрық пен Ақтұмсықтың өздері болса, тек бір соққыдан жасқанған сияқты мойындарын іштеріне тыға қояды. Тек

деревнядағы балалар ғана қорқығышты кұстан үрейленбейді. Олар соңынан жүгіріп: «Самолет! Самолет!...» - деп көңілдене айқайлайды.

Бұлардың күнделкті тіршілігін үй иесінің кірмейтін тесігі жоқ торайы мазалап, әуреге түсірді. Одан Ақтұмсықтың өзі де қорқады. Ол тұмсығын кекжитіп алып, аузын барынша ашады да, ызалана ысқырып, бірте-бірте шегіне береді. Кейде торай бұларға көңіл де аудармай өтіп бара жатқанда соңынан тұра ұмтылады да, оны қуып жібергендей сыңаймен оралып, жеңгеніне панданып: «Міне, мен қандаймын, келіп көрсін, өлтіре тістеп алайын, - дегендей түрмен Бізқұйрықпен ұзақ кикүласады. – Анау да қашып құтылды».

Бақытты үйректер бәрібір қайғыға тап болды. Күн сайын өскен балапандардың төртеуі бірдей Бізқұйрықтың қанатының астына сыймай қалды. Оларды көрші бақшаға не айдап барғанын кім білсін. Шын мәнінде олар қоршаудағы кірген тесіктен аман-есен қайта шыққан сияқты еді. Бірақ жандарындағы балапандардың бірі жоқ екендігін байқады. Ол қоршаудың арғы жағында қалып қойған екен. Шығатын тесік іздеп, қоршауды бойлай өршелене безілдеп, шикылдап жүр. Балапандарын қай тесіктен алып шыққанын ұмытқан ата-енесі қоршаудың екінші жағында оған қалай көмектесерін білмей зыр жүгірді. Олар балапанның еңіреген дауысына шыдай алмай, сасқанынан қоршаудың түбіне жата қалысты. Осы кезде бақшаның үстінен бір үлкен құс ұшып өтіп еді, балапанның шыңғырғаны сондай – Ақтұмсық шыдай алмады – шарбақтан ұшып өтпек болып, орнынан атып тұрды. Дегенмен өз күшін есептемеген екен – қоршаудың жоғарғы жағына соғылды да, лақтырған тастай домаланып, мойыны шарбақтың жарығына ілінді де қалды... Ақтұмсық жұлқынған сайын мойынын тақтайдың жарығы қыса түсті. Жұлқынып-жұлқынып, ақырында... тыныш тапты. Тұмсығы ашылып, денесі салбырады да қалды...

- Бізге үйрек құтаймады, - деп өкінді кешке қарай иелері, - Атаүйректің өзімі шарбақтан келді... Балапанды қаршыға алып кеткен болуы керек... Енді үйрек асырамаймыз, бәрібір құтаймайды...

Бізқұйрық үш балапанымен күзге де жетті. Балапандардың қанаттары қатып, үлкен үйрек болды. Әсіресе, біреуі оны қуанышқа бөледі. Ол Ақтұмсықтан аумайтын еді. Сондай ақ басты, ірі, тіпті дауысы да аздап қарлығыңқылығы болмаса, аумаған әкесі дерсің.

Бір таңретеңгі суықта иесі Бізқұйрықты екі балапанымен аулаға шығарып жіберді. Содан соң ол сүйікті балапанын қайтып көрмеді. Бұдан кейін көп ұзамай оның басқа балапандары да жоқ болып кетті. Таңертең олар тоғанға бірге барған еді, үйге қайтатын уақыт болған кезде Бізқұйрық әумесер балаларын таба алмай қалды. Қанша шақырса да олар келмеді. Соқпаққа түсті де, балапандар бұрын кетіп қалған шығар деген сенімді үмітпен жалғыз өзі домалаңдай жөнелді. Бірақ балапандар үйде де болмады. Олар ертеңіне де, үшінші күні де келмеді. Иелері құстарды іздеп табанынан таусылды да, екі балапанын сақтай алмаған қандай құс деп Бізқұйрықты жазғырды.

Бізқұйрықты сағыныш мүлде баурады. Оның тоғанға да барғысы келмеді – далада да, аулада да көлшік деген жеткілікті, қалай малшыласа да жарайды, тек шірінді қоймалжыңды аузымен сорып, мұрнынан шығаруға ерінбесе болғаны. Тамақ деген мол, жауыннан қалған қақ суында ұсақ жәндіктен көп нәрсе жоқ. Шынан айтқанда қарынның қамын ойлаудан, үйге уақытында қайтудан басқа оған жарық дүниеде істейтін іс те қалған жоқ. Бізқұйрық енді еш қуаныш көрмеді де, еш жұбаныш күтпеді де...

Дегенмен, салқын түсісімен Бізқұйрықта бір алаңдаушылық пайда болды. Оның бір жаққа ұшқысы,

жүгіргісі, қимылдағысы келді. Бірақ қайда барарын өзі де білмеді.

Бір күні кешке қарай Бізқұйрықтың шомылып жүрген тоғанына бір топ жабайы үйрек келіп қонды. Олар Бізқұйрықтан кішілеу, күнге күйген, мойындары ұзын және қимылдары өте ширақ. Олардың жанарлары өткір және қызыға жылт-жылт етеді. Үйректер бір минут та қимылсыз тұра алмайтын сияқты және олар Бізқұйрық сияқты теңселе қимылдамайды, сеніммен, жеңіл және серпінді қозғалады. Олар шуылдай топырлап, Бізқұйрықты қоршап алды да, барлығы бірдей қатты дауыстап, шын көңілмен сөйлей бастады. Бізқұйрық мұндай сөзшең үйректерді бұрын-соңды көрген де, естіген де жоқ еді... Ешқашан сезінбеген бақыттан басы айналып кетті... «Сен мұнда, тап бір қанатсыз кесерткі сияқты, тақыр жерде неғып жүрсің? Бізбен бірге мына суықтан алысқа, дәмді балығы көп, үлкен көлдері жасыл тартқан, шырынды қамыс пен балық оты қаптаған батпақты жалы жаққа неге ұшпайсың?.. Ол ертегідей ел аса алыс емес, барлы-жоғы Волганың етегінде, жаңа теңіздің жағалауында... Мұнда сонша не жоғалттың? Артыңа қарайлайтындай не бар?» деп елірген құрбылары бірінің сөзін бірі іліп әкетті.

«Оған бізге ілесу қайда?! – деп ренжіді үйректердің бірі. – Бұл барылдауық үй құсы ғой, ұшуды ұмытқалы қашан. Мұның бойындағы қанның қызуы да баяғыда басылған...»

«Ол қалай сонда? – деп қарсылық білдірді тағы бірі. – Бұл біздің нағыз туысымыз! Сен неге мұнша жер болып, тағдырға мойынсынғансың? Қалайша сен өзінді көрдей қараңғы жерде ұстап жүрсің? Ойлан – жарық дүниеде еркін де, әсем, басқа өмір бар... Оны тек ыстық сезімді, жүректілер ғана иемдене алады... Олар теңіздер мен мұхиттарды кесіп өтеді, ұшып келе жатып оттай жанады, қаза да болады... Бірақ олар өз бақытын ұшудан, еркіндіктен, қайсарлықтан табады...»

Барлығы да сөйледі. Ұзақ-ұзақ және қызулана, қас қарайып, аспан төрінде алғашқы жұлдыздар көрінгенше сөйледі. Барлығы бірдей дүр сілкініп, аспанға көтерілді – олар сол жұлдыздарға қарай жол тартқан еді.

Үйректер бірге, әсем ұшып барады. Қанаттарының бір мезгілде қағылған дыбысының өзі ерекше әуенге кұйылып, Бізқұйрықтың барлық бітім-болмысын шыдамсыздыққа, көзсіз ерлік пен батылдыққа баурады.

Ол екінші күні де алаңдауды қоймады. Қайта алаңдауы бұрынғыдан арта түсті, жанына батып, өжеттене берді. Бізқұйрық өзін қоярға жер таппады. Ол тіпті талпынып көріп еді, өзеннен зорға дегенде ұшып өтті. Жемжеп, ұйқы қйықтауды да ұмытты. Өзеннің бойында қалғып, минут сайын сұңқылдай барылдайтын болды. Егер бұрын бірқалыпты, алаңсыз барылдайтын болса, енді қазір әртүрлі әуенмен қиқулауды шығарды. Бір демде жеті рет шығарған үні ішкі сезімінің сырын айна қатесіз бейнелейтін сияқты. Бұрын-соңды сезбеген соны сыздау мен орны толмас мұңын Бізқұйрық екінші барылдауымен білдірді. Бұл оның жеті түрлі монологының ең шарықтау шегі болатын.

Бұдан соң даусы да, сезімі де төмендей берді, соңғы үні алыстан жаңғырыққандай, тап бір түпсіз шыңыраудан шыққан ауыр ыңқыл сияқты дыбыс болып естілді. Ал тұтастай алғанда бұл дыбыс аспанға деген арынды талпыныстан, шексіз қиырға деген аңсаудан, содан барып осының барлығы үй барылдауығы Бізқұйрықтың қолынан келмейтіндігінен туған мұң екендігін байқатады. Сөйтіп, ол күнделікті өмірге деген ынтасын жоғалтып, ас пен суды ұмытып, үздіксіз әбігерге түсті, барылдады, ұшып-қонды. Ал қас қарайған шақта аспанда тағы да үшбұрыштана тізілген жабайы үйректер көрінгенде олар Бізқұйрыққа мазақтай қарап бара жатқан сияқты болды. Төмен ұшқандықтары сондай, қанаттарымен қағып кете жаздады.

Сол кезде Бізқұйрық та шыдай алмай кетті... Ол жауап ретінде бар күшімен барылдады да, тап бір: «Мен

сендермен біргемін! Мені де бірге ала кетіндер!» дегендей болды. Сөйтті де жерден көтеріліп, топ үйректің соңынан ілесе ұша жөнелді. Олар болса мұның ерлігіне аң-таң болып, тоқтаңқырап, бұған қарай төмендеп келді де, жерге үйренген құрбыларын қоршап алды. «Ұш, ұш! Сен де ұша аласың!» деп Бізқұйрықты желпіндіріп қойды да, қайтадан ұшбұрыштана қатарласа бастады. Бізқұйрыққа да қатардан орын берді. Бірақ ол біресе тізбектен шығып кетіп, біресе сәндерін бұзып құлдырай жөнеліп, қатарда ұша алмады, тіпті кенет алға ұмтылып, жетекшімен қатарласып та қалады. Ол болса, қысқа дыбыс шығарып, ебетейсіз шошақайды кекеткендей болады да, ұшуын напшандата түседі. Бізқұйрық болса, көп ұзамай топтың соңында қалды.

Шоқ орманның үстімен ұшып бара жатқанда бұларға тағы бір қос үйрек келіп қосылды. Олар да Бізқұйрықпен қатарласа ұшып келеді. Кенет жаңа жолсеріктердің өз балалары екенін таныған Бізқұйрық қанатын қағудан жаңылып, жерге домалап түсе жаздады. Қалайша бірден танымай қалды екен?! Өйткені, қозғалыстары да, дауыстары да, тіпті демалыстары да – бәрі-бәрі жанына өте жақын... Сонымен қоса ол бұларды сырт пішіндерінен-ақ, анау сызықтардан және тек анаға тән сезіммен ғана байқалатын белгілерінен мыңның ішінен болса да танып алар еді... Балапандар да аналарын танып, шын жүректен үн қатты.

Бізқұйрықтың қуанышында шек жоқ. Оның өз балаларын жерде емес, мына кең аспан төсінде, ержүрек тұқымдастардың арасында ұшып келе жатып тауып алуы тіпті қуанта түсті... Тегі мына еркін құстар барлық уақытын ұшуда өткізетіндіктен де тәкаппар болатын шығар. Иә, аздап қорқынышты болғанымен ұшу деген қандай әсем! Ұшу жан-дүниеде менмендік, ержүректік сезімін оятады!

Бізқұйрық ұшып келе жатып қуанышпен барылдап қояды және ол ержүрек құрбыларының жауабын да толқу

сезіммен түсіне бастаған еді. Топ күзгі суықтан дірілдеген алыстағы жұлдызға қарай ұшып келеді. Жұлдыз бір сәт болса да көзден таса болмай, қалың бұлт арасынан топқа жол көрсетіп, жылтырай түседі.

Міне, Бізқұйрық қала бастады. Шын мәнінде барлыжоғы жарты шақырымнан аз-ақ астам ұшты ғой. Бар күшін жинап, соңғы үйректен қалып қоймауға тырысып, анасының соңын ала екі баласы да ұшып келеді. Оман үстінен кең алқапқа ұшып өтті. Әрбір метр сайын үй құстары төмендей берді, төмендей берді. Бізқұйрық денесінің ауырлығын сезіне түсті. Иә, ол өзінің жабайы құрбыларына қарағанда жуандау еді. Көп ұзамай ол жабайы үйректермен ертегідегідей елге ұшпақ болған арманының жүзеге аспайтындығын әбден түсінді... Жасыл алқаптан ұшып бара жатқанда Бізқұйрық өзіне әбден таныс жерді – деревняны, тоғанды, диірменді көрді... Мүмкін ол осы жерде туған шығар? «Келіндер, осында қалайық!» деп ұсыныс жасады ол балаларына.

Содан соң бірінші болып төмендей бастады. Балалары соңынан ерді. Бірақ оның бірі қайтадан аспанға шарықтап, жабайы үйректер тобын қуа жөнелді. Оның соңынан екіншісі де ұмтыла түсті де, ойынан тез қайтып, анасының жанына оралды...

Бізқұйрық деревняның кең көшесіне келіп қонды. Оның жүрегі, үй барылдауығының жүрегі – бар күшін жұмсағандықтан, оның үстіне бақыт пен күйініш сезімі қосарланғандықтан, тарсылдай соғып, кеудесінен шығып кетердей болып көрінді. Біраз ұшқандықтан бақытқа кенелсе, екінші жағынан оның ұзақ болмағандығынан күйінішке батты. Ол көк аспанға ынтыға қарады, бірақ үйректер тобын да, олардың соңынан ұшып кеткен балапанын да көре алмады. Екінші балапан үйеңке ағашының үстінен айналып өтіп, анасының жанына келіп қона бастады. Міне, сол кезде ойламаған оқиға болды. Әбден шаршаған ол өзін-өзі билей алмай, ұшқан беті электр сымына келіп соғылды. Сымдар бір-біріне тиіп,

ұшқын шашырады... Үйректің балапаны жерге лақтырған тастай домалап түсті... Оның өлусіреген көзінде көгілдір аспан, электр ұшқынының жарқылы соңғы рет шағылыса жылт етті де, мәңгілікке өшіп қалды...

Бізқұйрық балапанының оянуын ұзақ күтті... Содан соң оның тірілмейтінін түсінген болар, одан алыстап, көшенің ортасына қарай барды да, жан-жағына ойсыз көз салып біраз отырды. Оны ерекше бір селқостық пен алаңсыз тыныштықтың баурағаны сондай, тоғанға қарай домалаңдай жөнелді. Енді ол өзіне жаңа дос іздемек еді...

Қарағанды қаласының тұрғыны. Баспасөз салаларында қызмет атқарған. Әзіл-сықақ жазумен айналысады. Жазғандары кезінде «Литературная газета», «Советский спорт», «Комсомольская жизнь», «Шмель», «Простор», «Заря», «Ленинская смена» сияқты газеттер мен журналдарда жарық көрген. Николай Воронкиннің мен аударған бұл әзіл әңгімесі «Жалын» журналында басылған.

«МЕН БАСҚАДАН КЕММІН БЕ?...»

Жұмысқа келдім. Сағат тоғызды көрсетіп тұр – бөлмеде жан жоқ. Тоғыз жарымға дейін күттім. Ешкім келмеді.

Зеріге бастадым. Бірдеңемен айналысу керек деп ойладым.

«Аздап жұмыс істеп көрсем бе екен?»

Отырдым да жұмысымды тындырып тастадым. Қарасам – кеше бір аптаға жоспарлаған ісімді қырық минутта бітіріппін.

Он бірге он бес минут қалды. Әлі ешкім жоқ.

Қайтадан зерігіп кеттім.

Кружкинаның жұмысын, одан соң Дружкинаның жұмысын бітіріп тастадым.

Ешкім келмеді.

Врушкинаның, одан соң Рвушкинаның жұмысын бітірдім.

Олар түс болғанда бірақ келді. Көңілді, бәрі мәз. Қолдарында оралған, қорапқа салынған бірденелері бар.

- Тоқсанның соңы ғой, - дейді. – Қолға тие бермейтін заттар түсіп жатыр. Тура есің ауып, құлайсың!

Содан соң олар жүгіріп түскі асқа кетті. Маған рахмет те айтқан жоқ!

Төртке қарай бір-ақ оралды. Стол басында отырған мені көріп, көздері бақырайып кетті.

- Сен неғып отырсың? Айлық әкелді ғой!

Кассада бәрімізге жүз сомнан санап беріп жатыр. Кружкинаға – жүз, Дружкинаға – жүз. Врушкина мен Рвушкинаға да – жүз-жүзден. Маған да – тура жүз сом. Бір тиын артығы жоқ!

Жоқ, бұлай істеуге болмайды деген шешімге келдім. Қайдағы біреу үшін тегін жұмыс істеп, мен олардан кеммін бе?!

Келесі айда тек өз жұмысымды ғана атқардым. Үш норма орындадым! Құрбыларым өз нормасын да орындамады.

Еңбекақы алуға келдік. Бәрімізге жүз сомнан тиді. Кружкинаға – жүз, Дружкинаға – жүз. Врушкина мен Рвушкинаға да – жүз-жүзден. Маған да – тура жүз сом. Бір тиын артығы жоқ!

Жоқ, бұлай істеуге болмайды деген шешімге келдім. Не үшін жанталасам? Мен олардан кеммін бе?

Келесі айда жұмысқа бас сұққам жоқ. Үйде аяғымды айқастырып алып, төбеге қарап, тырп етпей жатып алдым.

Айлық беретін күні телефон соғады:

- Ақшанды неге келіп алмайсың?

- Мен еңбек ақы тапқам жоқ, - деп жауап бердім.

Бір ай бойы өз бетіммен жүрдім...

- Сөзді қой, - дейді маған. – Кел де, табысыңды алып кет.

- Келмеймін, - деймін мен. – Маған ақшаның керегі жоқ, үй ішіміздің табысы да жаман емес.

Телефонның құлағын қойып үлгергемін жоқ, тобымен жетіп келіпті.

- Жетер қалжыңың, - деп күледі. – Бүгін бірінші сәуір емес қой.

- Содан соң қолыма жүз сомды ұстата берді.

Байқаймын: Кружканаға – жүз, Дружканаға – жүз. Врушка мен Рвушканаға да – жүз-жүзден тиіпті. Маған да – тура жүз сом. Бір тиын артығы жоқ!..

Дегенмен ұжым жақсы ғой! Ынтымақ деген осындай-ақ болсын. Мұндай жерде жұмыс істеуге болады.

ӘДІЛ МЕРГЕН ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Кезінде біздің облыстың Ботаника бағында қызмет атқарған, кейін Барнауыл университетінің доценті болған А.Н.Куприянов өлке табиғаты туралы тамаша туындыларымен мәлім еді. Оның бір кітабы «Менің өлкем – Сарыарқа» («Мой край – Сары-Арка», ОПО «Полиграфия», Караганда, 1995 г.) деп аталады. Туған өлкенің әсем табиғаты, ондағы өсімдіктер дүниесі туралы сыр шерткен осы кітаптан шағын бір ертегіні оқырманға ұсынғанды жөн көрдім.

Зәкәрия қарттың тотыққан жалпақ бетін әжім басқан. Күн сайын ол тері төсенішін сүйретіп келіп, біздің оттың басына жайғасып отырады. Содан соң әңгімесін:

- Тауды неге шарлай бересіңдер? Қасқыр жеп кетсе қайтесіңдер? Шөп теріп, қағаздың арасына жинап жүргендерің не? Керек болса, немеремді жіберейін, бір арбасын апарып берсін, - бастау күндегі әдеті.

Күннің батқанына бірталай болған. Оттың жарығы айналаға дөңгелене сәуле тсіріп, түн түнегін кері серпіп тұр. Таудың ұшар бастары кешкі аспан астында айқын байқалып, қыр арқадағы биік-биік ағаштар сорайып көрінеді. Соларға көз салып отырған ақсақал:

- Сендер таудың, орман-тоғай, өзен-судың қалай пайда болғанын білесің дер ме? – деп қулана сұрап қояды.

- Білеміз, - деймін мен. – Вулкандардың атқылауынан пайда болған. Кейіннен желдің әсері тиген.

- Е, е, е, оныңды мен түсінемін ғой. Одан да мен айтып берейін, - дейді ақсақал.

Сөйтеді де, қолына домдырасын алып, шертіп-шертіп жіберіп, қоңыр дауысымен әңгімесін бастап кетеді.

- Бұл баяғыда болған еді. Ол кезде біздің аталарымыздың аталары өмір сүріпті. Ал мына орман-тоғайдың орнында күн көзінен және даланың желінің әсерінен қарайып кеткен жалаңаш жартастар ғана тұрған екен. Осы жұтаң, шаңдақ өлкеде өте бай, әрі өте сараң бір сұлтан тұрыпты. Оның адамдары шығыстан батысқа, батыстан шығысқа ағылып жатқан керуеннен алым жинапты. Алтын мен күміс, басқа да бағалы тастар оның сандығына суша құйылып жатыпты. Қанша байыса, сонша сараң бола түсіпті. Сұлтанның жалғыз ұлы болыпты. Оның басқа да балалары болған екен, бірақ олардың кейбірі аурудан өлсе, кейбірі сараң әкеден өздері безіп кетіпті. Сұлтанның кенже ұлы Самат болса, бала кезінен кең далаға құмар болып өсіпті. Басқа ештеңеге мойын бұрмапты. Сол кішкентай кезінде қайырымды жандардың қолынан дәм татып, оларға қолдан келгенінше көмек көрсетіпті. Есейе келе сұңқардың қауырсынын қадаған жебесі, адырнасы қатты керілген садағы бар, құралайды көзге атқан мерген болыпты. Оның садағынан ұшқан құста, жүгірген аң да құтылмапты. Ауылдағы қыз-келіншектердің барлығы мергеннің соңынан қызыға қарап қалады екен.

Кейбіреулері одан:

- Кәрі сұлтан да өлер, сол кезде оның ұлан-асыр байлығын не істейсің? – деп сұрайтын көрінеді.

Мерген болса:

- Барлығын елге таратып беремін. Өзіме ештеңе де алмаймын, - деп күле жауап береді дейді.

Бұл сөз сұлтанның құлағына жетіп, әбден қанына қараяды да, ұлына керек болмаған байлықты ешкімге бұйыртпауға бекінеді. Өлер шағының таяғанын сеезген сұлтан бір түн ішінде барлық алтын, күміс, асыл затын

тиеп апарып, тығып үлгереді. Содан ертеңіне таң ата қайтыс болады.

Бүкіл халық жиналып келгенде, жас мерген елге таратып беретін ештеңе таппайды. Қарақұрым болған киіз үй мен сынған сандықтар ғана қалыпты. Мергенге ешкім сенбепті.

- Қуын қара, уәдесін орындамас үшін өзі апарып тығып қойған ғой, - дейді.

Халық бұдан соң тарқап кетіпті. Мерген болса, реніштен козіне жас алады. Содан қолына садағын ұстап, қашан байлықты тауып, елге таратқанша күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, жолға шығады.

Ол ұзақ жүріп, талай етік тоздырады, талай атты зорлықтырады. Сөйтіп жүріп бір күні ай даладағы жалғыз үйге келеді. Төр алдында аппақ қудай сақалы белуарына түскен қария отыр. Шаршап-шалдығып келе жатқан жолаушыға жылы шырай танытып:

- Қане, жолаушым, жоғарылат. Дүниеде не болып жатыр, айта отыр. Мұнда ешкімнің бас сұқпағанына талай болды, - деп жанына шақырады.

Бұған дейін мерген өзінің реніші туралы ешкімге тіс жармаған болатын. Қарау әкесі, берген уәдесі туралы қалай айтып салғанын өзі де байқамай қалыпты. Қария болса тыбыр етпей отырып тындап алады да, мерген сөзін аяқтаған кезде аппақ қудай сақалын сипап қойып:

- Сұлтанның бар байлығын қайда тыққанын мен білемін. Ал, сен оны қалай бөліп бермексің? – дейді.

- Тең бөліп беремін.

- Жоқ, - дейді қария. Қанша әділ болғаныңмен әркімге өзіне аз, басқаға көп берген сияқты болып көрінеді. Ел ішінде алауыздық, бір-біріне сенбестік пайда болады. Бұл жақсылыққа апармайды...

Мерген терең ойға қалады. Жүзін уайым бұлтты торлап, үн-түнсіз отырып қалады.

- Байқаймын, балам, елге жақсылық жасағың келеді екен. Мен саған көмектесейін. Ал қазыр жат та ұйықтап, дем ал. Ертең үйіңе қайт.

Мерген ертеңіне ұйқысы қанып, оянса – үй де жоқ, ақсақал да жоқ. Из-түзсіз жоғалыпты. Сонда да ақсақалдың сөзін орындамауға дәті бармай, атының басын кері бұрыпты.

Туған жеріне таяп келгенде ауылын танымай қалыпты. Орман-тоғай қалың өскен биік-биік шыңдар қарсы алыпты. Терең сайлардан сылдырай аққан су алаңсыз жатқан малы бар көк шалғынды аңғарға сіңіп жатыр. Көкжиекпен астасқан кең далада дән толы бастары салбыраған егін жайқалып тұр. Сол алқаптың шетіндегі қарияның қараша үйін көріп, соған кіреді. Бірақ бала мерген қойманы ешқайдан таппайды.


- Е-е, ақсақал мені алдаған екен, - деп ойлаған ол оң жаққа бұрылса, текеметтің үстінде отырған қарияны көреді.

- Қарағым, бұлай ойлағаның дұрыс емес. Айналаға қарашы – мына жайқалған астық алтын емес пе? Ана сылдырап аққан су күміс емес пе? Шалғын шөптің бетінде тұрған мөлдір шық алмас емес пе? Осының барлығы ел игілігі үшін ғой. Халыққа тең бөлнеп бердік, енді ешкім ренжімейжі...

Біздің отымыз жанып бітіп, қызыл шоқтары ғана қалды.

- Жарайды, дем алатын уақыт та болыпты, - деп әңгімесін аяқтаған Зәкәрия қарт орнынан тұрды.

- Біз болсақ, әңгімені одан әрі жалғастырып, ұзағырақ отырып қалыппыз. Көп ұзамай таң жұлдызы – Шолпан да туды.



Туған елімізде КӨКШЕНІҢ ТАУЛАРЫ

Біздің еліміздің әсем табиғаты туралы әлемде және ТМД елдерінде жарық көріп жатқан басылымдарда аз жазылып жүрген жоқ. Соның бірі Мәскеудің «Вече» баспасынан 2005 жылы шыққан «Табиғаттың 100 ұлы гажайыбы» («100 великих чудес природы») атты кітап. Осы кітаптың «Ресей және ТМД елдері» деген тарауындағы бір тақырып «Көкшетау» (Қазақстан) деп аталыпты. Осы мақаланы аударып басқанды жөн санадым.

Алғашқыда сағым ба деп қаласың. Құрғақ, теп-тегіс және тіпті сусыз деп айтуға болатын даламен, анда-санда элеваторлары кезігіп қалатын шетсіз-шексіз бидай алқабымен бірнеше сағат бойы келе жатқанда поездың терезесінен қою жасыл түсті тау сілемі және жағалауы мәрмәр жартасты болып келетін көгілдір айна көл пайда болады. Қарағайлы және қайыңды биік шоқының етегіндегі шап-шағын әппақ қала Байкалдың ар жағынан немесе Жигули тауының етегі сияқты бір жерден алып келіп орната салғандай. Қазақстан бойынша саяхаттаушы адам Орта Азия жазығының ең солтүстігіндегі жер жаннаты – Көкшетау атты ғажайып және ештеңеге теңгерілмейтін өлкені осылай қабылдайды.

Тағы бір даулы мәселе бар. Ол – бұл таулар ма, жоқ әлде..? Географтар Көкшетауды дөңес, биік жер деп алады. Мүмкін олардікі де дұрыс шығар: мұндағы ең биік нүкте Көкшенің өзі Монбланға маңайламайды, оның биіктігі бір шақырымға да толмайды.

Бірақ арқасына қапшығын салып алып, Көкшетаудың қарағай бүршігінің хош иісі сіңген орманындағы жалғыз аяқ жолмен аралаған, мәрмәр жақпарлы тастарымен өрмелеген, сылдырап аққан жартасты жылғаларын кешіп өткен және айна көлдерінің әсем қойнауларын қайықпен жүзген адамның мұндай ғажайыптар еліне – «Қазақстандық Швейцария» атауының дұрыс қойылғандығына көзі анық жетер еді.

Мұндай әуенді атау табиғаттың бірегей бұрышының әсем бейнесін ғажайып бір сиқыршы басқа бір әлемнен қазақ даласының дәл жүрегіне әкеліп орнатып қойған сияқты. Қолайлы климат, судың молдығы және аңшылық алқаптарға бай болып келуі халықтың назарын өзіне ертеден-ақ аударған. Археологтар бұл жерден тас ғасырының тұрағы мен қола дәуірі тұрғын жайының қалдықтарын тапқан. ХІХ ғасырдың екінші жартысында таудың ортасындағы Бурабай көлінің жағасында алғашқы халықтық шипажай ашылған, онда емдік минералдық тұмалар мен емдік балшық жазғы салқын ауа райымен және қарағайлы ауамен үйлесімін тауып, өкпе ауруларын, құяңды, буын ауруларын және басқа да науқастарды емдеп жазған. Ал қазіргі кезде Көкшетауға, әсіресе, Сібір мен Оралдан көптеген туристер келеді.

Шортанды көлінің жағасындағы құлашын кеңге жайған шағын қала орманды таумен қоршалған, оның ортасымен солтүстікке, Бурабайға қарай тартқан тамаша тас жол бар. Орман арасындағы әсем жол тастақты қатарларды айнала отырып, төменге де құлдырайды, тау шатқалдарына да көтеріледі. Қарағайлар мен қайындардың діндері арасынан жартастар көрінеді, ал олардың етегінде суының суықтығы шекеңнен өтетін, ішсең мейірің қанатын бұлақтар атқылап жатады. Шортандыдан жиырма шақырым жердегі келесі бір кезеңді асқанда төменде жарқыраған айна көлді көресіз. Шипажайлар поселкесі Үлкен Шабакты мен Бурабай көлдерінің арасындағы мойында орналасқан, Көкшенің тауынан алыс емес. Теңіз

деңгейінен 950 метр биіктіктегі оның ең жоғарғы шыңына кетерілгенде айналаның әсем көрінісінен рахат тапқандай боласың.

Көкшенің қырқаларынан солтүстікке қарай көкжиекке дейін созылған даланың барлығында андасанда шарадай-шарадай көлдер кездесе, оңтүстігінде орман тұнып тұр. Осы таулы-орманды алқаптың ұзындығы жиырма шақырымға созылған Көкшенің жақпар тасты таулары доғадай иіліп келген. Оның оңүстік-шығысында Шортандыға, батысында Кіші Шабактыға, солтүстік-шығысында Көкшенің жоталары Үлкен Шабакты мен Бурабайдың арасына сұғына түсіп, көлдердің «қысымында қалған» сияқты. Бұлар осы жердегі ең үлкен су бассейндері. Ал ашық күндері биіктен жетпіс көлге дейін санауға болады.

Осы көлдердің ішіндегі ең үлкені – Үлкен Шабакты. Оның аумағы жиырма шаршы шақырымды алып жатса, тереңдігі қырық метрге дейін жетеді. Бурабай болса одан екі есеге дейін кіші, бірақ соған қарамастан ол Көкшетаудағы ең әсем көл болып есептеледі.

Бурабайдың суы жұмсақ және оның мөлдірлігінен терең жерлерінің өзіндегі балықтар шоғары мен түбінде жатқан мәрмар тастар анық көрінеді. Бассейннің солтүстік жартасты жағалауындағы табиғи жайпақ мәрмәр тастар суға шомылуды ұнататындар үшін күнге қыздырылғанда жататын «төсеніш» міндетін атқарады. Бурабайдың оңтүстік жағалауы бойында құмдақ, қарағайлармен көмкерілген ұзын жағажай бар. Ал егер осы жерде көлге құятын шағын өзеннің бойымен бастауына қарай жоғары өрлесеніз, ғажайып қайыңды орманға тап боласыз. Мұндағы ағаштар желдің әсерінен майысып өскендіктен бүкіл өсімдік жабайы бір биге қосылып кеткендей.

Бурабайдың айна көлдері мен ерекше сәулетті жақпар тастарына, жалжал таудың табиғатына сағаттар бойы таңырқап қарауға болады. Көлдің ортасында ежелгі

Египеттің Пирамидалар алқабындағы тас бейнелер сияқты әсем арал – жақпар Жұмбақтас орналасқан.

Солтүстік жағалауында Көкшенің орманды алқабының алдында шөккен түйені көзге елестететін тастармен көмкерілген, сүйірленіп келген Оқжетпес тұр.

Ерте-ертеде бұл жердің көшпелі қазақтары көл ортасындағы жақпарды «Жұмбақтас» деп атаған. Олай деуге негіз де жоқ емес. Өйткені, ол жақпар тас әр қырынан әр түрлі көрінеді. Шипажай орналасқан асу жағынан ол сфинкс құсты бейнелесе, көлдің екінші жағынан қарасаң одан қарт әженің түрін көресің. Ал жағалауды біраз жүріп барып қарасаң – көз алдында шашы желмен желбіреген сұлу қыздың бейнесі көз алдына келеді.

Арал мен жағалаудағы жартастар туралы ертеден келе жатқан аңыздар көп. ХҮІІ ғасырда Абылай хан бастаған бір тайпа ел көшіп-қонып жүріпті. Бір күні хан қалмақтарға жаугершілік жасап, көптеген олжа түсіреді. Оны осы жақпар тастардың етегінде бөліске салады. Хан барлық олжасын батырларына таратып біткен кезде қалмақтың тұтқын қызы ғана қалыпты. Жауынгерлер арасында сұлу қыз кімнің олжасы болуға тиіс деген қызу дау туады. Сол кезде хан таңдауды қыздың өзіне салады. Тұтқын қыз елін шапқандарды қалай ұната қойсын. Ол биік жартасқа шығады да, құз басына өзінің орамалын байлап: «Кімнің жебесі осыған жетсе, соған тұрмысқа шығамын!», – деп айқай салады. Жігіттердің барлығы қаншама атқанымен ешқайсысының жебесі орамалға жетпеген екен. Сол кезде қыз құз басынан суға құлап өліпті. Қыздың құлаған жерінде пайда болған жартасты «Жұмбақтас» деп, ал биік құзды «Оқжетпес» деп атап кеткен екен дейді.

Бурабайдың маңында құпия және терең үңгірлер толып жатыр. Оларды бір кезде қарақшылар мекендепті деген де аңыз бар. Таудың беткейлері мен көлдің жағалауларында әр түрлі қызық-қызық жақпарлар

орналасқан. Олардың көпшілігіне халықтың қиялымен әрқайсысына өзіне тән әр түрлі аттар қойылған. Көкшенің жонында бірінің соңынан бірі кетіп бара жатқан «Апалы-сінділі үш қыз» бар. Батысындағы орман мен таудың қарсысында «Ұйқыдағы батыр» жатыр. Осы және басқа да жартастар туралы қазақ арасында көркем және даналыққа толы аңыздар көп.

Соның бірінде осы Көкшенің таулары туралы айтады. Аллаһ тағала Жерді жаратып, оның бетіне халықтарды орналастырып, бір халыққа бай аралдар мен әсем теңіз жағалауларын берсе, енді біріне биік-биік таулар мен көгілдір көлдерді беріпті, үшіншілеріне ит тұмсығы өтпейтін тоғай мен ормандарды үлестіріпті. Сол кезде қазақтарға ештеңе тимей қалған екен. Олар Аллаһ тағаланың мұндай әділетсіздігіне өкпе білдіріпті. Ешқандай жазығы жоқ халықты ренжіткені үшін Аллаһ тағала ұялғанынан қоржынына қолын салыпты.

Оның түбін қараса аздаған әсем табиғатты көлдер, аздаған жасыл алқап, аздаған салқын сулы бұлақтар мен сылдырап аққан жылғалар, аздаған қарағайлы орман мен мәрмәр тасты таулар және биік-биік жақпарлар қалған екен. Соны алып, қазақ даласына шашып жіберіпті. Содан Көкшетау пайда болған екен деседі.

Осыдан он-он бес жыл бұрынғыдай болмағанымен де Қазақстанның осынау бірегей әсем жеріне туристердің ағылуы толастар емес. Олар Көкшенің орманды беткейлерінің қарағайлы жұпар ауасымен дем алып, биші қайыңдарды аралайды, түпсіз үңгірлерге көз салады, Жұмбақтасқа қайықпен жүзіп барады, жасыл желекке бөленген таулар арасындағы айдын көлдерге құмарта қарау үшін биік құздарға шығып, мүсінді тауларды қызықтайды.

Тағы бір айта кететін жай – шетсіз-шексіз қазақ даласында мұндай таулы-орманды әсем өлке бұл бір ғана емес. Осыдан оңтүстік-шығысқа қарай бес жүз шақырымдай жерде, қарағайлы орманды және жақпар

тасты, айна көлді тағы бір жер орналасқан. Бұл – атақты жер жаннаты Қарқаралы. Мұндағы қия, жартасты тау бетіндегі қарағайлар мен қайыңдарды бір ғажап күш ұстап тұрғандай. Олар Көкшенің тауларына қарағанда қарақошқыл, түнеріңкі сияқты керінеді. Иә, таулары да биік – 1400 метрге дейін. Сондықтан мұндағы көлдердің көпшілігі алтайлық немесе тяньшаньдық су айдындарын еске салады. Солардың ішіндегі ең әйгілісі Шайтанкөл. Аңыздарға қарағанда мұнда сан ер жігіт суға кеткен.

Оған таң қалатын ештеңе жоқ – сопақша келген су үш жағынан кем дегенде он метр болатын биік жартастармен қоршалып тұр. Егер одан адам құласа – қайта шығуы оңай емес.

Мәліксай да Шайтанкөлден алыс емес. Мұндағы терең үңгірлер алғашқы тас ғасырының адамдарына тұрақ болған. Сондай үңгірлердің бірінің ішінен қарасаңыз – дөңгеленіп келген, төбесіндегі тесігіне дейін киіз үйді еске салады. Тағы бір табиғи ескерткіш – биік құз жартастың басында су мен желдің мыңдаған жылдар бойғы әсерінен пайда болған ұзындығы он жеті, көлденеңі жеті метр болатын тесік тас.

Егер Қарқаралыдан солтүстікке қарай жүз елу шақырымдай жүрсеңіз Қазақстан даласы табиғатының тағы бір үшінші алтын алқасы – Баянауыл таулары кездеседі. Бұл Ертістің сол жағалауындағы жазықта орналасқан үш мәрмәр таудың ең кішісі. Баянауылдың ормандары, таулары, үңгірлері және көлдері де аңыздарға толы, бірақ Көкшетауда болған соң Қарқаралы мен Баянауылды осы ертегідегідей жасыл таулар мен ғажайып жартастар елінің кішірейтіліп берілген көрінісі ме деген әсерде қаласың. Оның өзінде де бірнеше есе кіші. Мәселен, Қарқаралының көлемі мың шаршы шақырымдай ғана, ал Баянауылдың көлемі одан екі есе аз. Бұлардың кез келгенін бір-екі күнде аралап шығуға болады. Атақты Көкшенің тауларын екі аптаның ішінде де аралап бітпейсің.

Көкшетауды аралап саяхаттап жүргенде өзіңнің осы бір әсем табиғат бұрышымен араласып, соның бір бөлшегіне айналып кеткенінді білмей де қаласың. Ол да қарыздар болып қалмайды. Мындаған жақпары мен сексен көлі бар қарағайлы өлкесі әдеттен тыс әсем әлем болып санаңа мықтап орнап қалады. Содан соң Бурабай көлінің ақық түсті матасына батып бара жатқан күннің қызғылт қыл қаламымен салынғандай Жұмбақтастың түнерген бейнесі ұмытылмай қайта-қайта көз алдыңа келе береді.



Юрий ПОПОВ
өлкетанушы

Қазір Ресей Федерациясының Мәскеу облысында тұрады. Өлкетанушы, техника ғылымдарының кандидаты. Біздің облысымыз туралы оның қаламынан талай танымдық дүниелер туындаған.

КЕНТ – АҢЫЗ АЙМАҒЫ **(Жолжазба)**

Кімасардан откен соң Кент тауы ертегідегі алыптардың шатырындай алдымыздан айқара ашылды. Оның көгілдір жамылғысы таудың айқыш-ұйқыш қойтастарын айқын корсетіп тұр. Біраз жүрген соң тау шыңындағы қарағайлы орманы анық көзге шалынды. Дегенмен де алыстан көрінген көгілдір тау біз жеткенше сағыммен бұлдырап, бірнеше рет өзгерді. Біресе кең сай кездесе, біресе тар шатқалдар арқылы отіп отырдық.

Қаеым Аманжолов атындағы совхоз орталығы тыптыныш екен. Көп адам көрінбейді. Әуелі біз осы өлкеде туған ақиық акынның ескерткішіне ат басын тіредік те, бірнеше қоршауларды айналып өтіп, орманшы Мәлс Сағымбаевтың үйіне келдік. Ол есік алдында машинасын жөндеп жатыр екен.

- Қазымбетке жету қнын емес, - деді ол. – Егер қиынеынбасаңыздар, мені де ала кетіңіздер. Онсыз да орман аралауға шығайын деп отырмын. Маған бензин үнем болсын...

Біз оған қарсы болмай, машиннамызға мінгізіп ала кеттік. Өзектер мен батпақты жерлерден қиналмай өтіп отырдық. Бір кезде тау-тау биік жақпар тастарға кез

болдық. Оның арасымен келе жатып, бір-бірімізден адасып қалдық. Мен Мэлстің соңынан қалмауға тырыстым. Ол маған жартастағы ертеректегі жазуларды көрсетпек болатын. Бірақ, ол кешегі ғана емес, бүгінгі жазғанының өзін тануы қиын, қалай болса солай өз аттарын сойдақтата берген жақпарлардан іздеген жоқ. Кішкене жүрген соң жүрелей отыра кетті де, үлкен тасты аударып, астына үңілді. Сөйтті де, маған қарап жымиды. Мен оның жанына келіп, Кент тауларында аты қалған «Я.П.Бернацкий, Никулин, академик А.Х.Маргулан» деген жазуларды оқыдым. Бұлардың алғашқы екеуі орманшы болатын, ал үшіншісі бүкіл халыққа әйгілі археолог-ғалым.

Бұдан соң ҚарМУ-дың студенттерінің лагерінде болдық. Олар Қызылсу өзенінің оң жағалауындағы көне жұртты қазып жатыр екен. Мұнда біз оқытушы Валерий Валентинович Евдокимовпен әңгімелестік.

- Кент маңында қола дәуірдің бірнеше мәдениетін меңгерген халық тұрғандығын қазба жұмыстары дәлелдеп отыр, - деді ол. – Қабырғасы бірыңғай жалпақ тастардан қаланған баспананың орнын қазып жатырмыз. Мұндай құрылыс шатыр тектес болған. Ортасында от жағатын жері бар. Төбесінде мәткелер мен сырғауылдар салынып, оның сыртынан топырқпен жапқан. Бұл маң он бес жылдан бері қазылып жатыр. Мұнда жабайы және үй жануарларының сүйектері, бұлан мен бұғының мүйіздері, садақ жебесінің ұшы, қола әшекей заттар, саздан жасалған ыдыстардың қалдықтары сияқты заттар табылған. Биылғы маусымда қола біз, қола доғабас және шөп немесе бұта оратын орақ таптық...

- «Кент» деген атау қайдан шыққан екен? Бұл атаудың өзі әлемнің әр жерінде кездеседі. Мысалы, Англияда Кент графтығы бар. АҚШ-та Кенттуки штаты бар. Өзбекстанда Ташкент деген сияқты...

- «Кент» деген ирандықтардан шыққан. Түп төркіні «қала» дегенді білдіреді. Бұл жерде Кент атауы біздің

дәуірімізге дейінгі X-Ү ғасырларда берілген болуы керек. Өйткені, сол кезде осы маңда халық өте тығыз қоныстанған екі шаршы километрге жуық аумақта әзірге жүзге жуық құрылыс орны табылды. Оның ішінде табыну орны да, құрбандық орны да бар. Былайша айтқанда, мұнда Кент қаласы болған.

- Кент тауларынан бұдан басқа бұрын кездеспеген қандай ескі құрылыстарды көруге болады?

- Оған «Қырғыз» совхозының Кент бөлімшесінің дәл орталығында ерекше мүрдехананы айтуға болады. Ол біздің дәуірімізге дейінгі X – VIII ғасырлардағы «Бегазы – Дәндібай мәдениетіне» жатады. Бұл тастан қашалған үш сатылы, биіктігі бір жарым метрлік пирамида. Дәл ортада бітеу тастан жасалған жәшік. Жалпы алғанда Кент тауының жазықтары мен сай-салаларында ерте қола дәуіріне жататын ескерткіштер өте көп.

Кеш қараңғылығы қоюлана кордонда тұратын Ләззат Ғабдуллиннің үйіне келіп қондық. Ертеңіне ол жолбасшымыз болып, машинаға отырды. Оның екі баласы Ақмарал мен Маржанды да ала жүрдік. Әсем көріністерді қызықтау үшін Қызылкент қойнауына келіп кірдік.

- Бұландар мен мәліндер пайда болды. Жуырда Айтбайдан он екі арқар мен екі қарақұйрық кездестірдім. Ақтиіндер көп. Нарбаста бүркіт ұя салады. Өткен айда дауылдан соң үш бұлан алқапқа шығып кетіп, электрдің үзілген сымына оралып, тоққа түсіп өлді, - деп әңгімелеп келеді жолбасшымыз.

Соқырбұлақтан өткен соң Байшора көрінді. Мұнда бір кездері қарағай мен шыршадан шайыр ағызыпты – пештің орны жатыр. Жылысай өзінің қыста жылылығымен ерекшеленеді. Мұнда жел соқпайды. Кеңсайда аң, әсіресе, қоян көп екен. Ал, Алаатта ақтиіндер қаптап жүр. Сол сияқты мен Кішкенесай, Әйтiмбет, Нұрабай, Қандыауыз, Тасбақа, Аққазан, Қыштас, Көктөбе, Лепсібай сияқты жер аттарын жазып алдым. Әр атау өзінің кескін-келбетіне лайықты қойылған.

Біз Ләззат екеуміз біраз жерді айналып өтіп, Тасырбай бейітінің жанына келіп тоқтадық. Бұл бейіт кейіннен салынған. Көне дәуір көмбелерінің жанында биіктеу төбенің басында тұр.

- Тасырбай бай адам болған, - деп әңгімеледі Ләззат. – Өңірді бес саусағындай білген. Сондықтан ол өзінің бейітін көзінің тірісінде салғызып кеткен. Содан 1928 жылы келіп, кәмпескеге ілігеді. Тасырбайды Сібір айдайды. Ол сол жақта қайтыс болыпты. Тасырбайдың Қызылсуда су диірмені болған екен. Ол жерді біз Өткелбермес деп атаймыз.

Анау алыстағы, «Бақты» совхозы жақта көрінген кара шоғырды Байқоңыр деп атайды. Менің әкем сол жақтан кемінде он түйе сиып кететін үңгір көрсеткен. Кейіннен мен сол үңгірді таба алмай жүрмін...

Біраз жүрген соң бір үңгірге келдік. Оның іші толған көгершіннің саңғырығы екен. Жер асты жолы жоғары қарай тік өрлеп кетеді. Ол жақта құстардың дыбысы естіледі. Қызәулиеден әрі, жоғары қарай кеттік. Бір шоқыдан бір шоқы биік, жоғарылай береді екен. Бір-бірімізге көмектесе отырып, тау асуына көтерілдік. Одан әрі жол жоқ. Сонау көз ұшында көрінген биік таудың ұшар басын көрсеткен Ләззат оның Қырыққыз деп аталатындығын айтты. Онда бүркіт айналып жүр еді. Оны жанымыздағы Гена суретке түсіріп алды.

Біз Қызылкеніштегі Будда храмын суретке түсіріп алдық. ХҮІ-ХҮІІ ғасырларға жататын ескерткіш мемлекет қамқорлығына алынған. Бірақ ол жауын мен желдің әсерінен морып бара жатыр екен.

Әулиетастағы үңгірді көруге бет алдық. Болпан кордонына келдік. Мұның иесі Гауһар Бекбосынова. Ол ері Мұратжан екеуі үйінде екен. Телевизор жұмыс істеп тұр. Аулада балалар ойнап жүр. Біз бұл үйден қымыз ішіп, қуырдақ жедік. Біраз әңгімеге қанықтық.

Әулиетасқа дейін бізді Мұратжан ертіп барды. 250 миллион жылдан бері жатқан Әулиетас сол орнында екен.

Тек ырғай өскен үңгірдің ауызы бітелуге тақап қалыпты. Әулиетасқа келіп, тәу етіп, түнейтіндер де бар екен. Ырғайдың бұтақтарына әркім ақтық байлайды. Ақша түйетіндер де бар екен.

Мұратжан тау беткейіндегі осыдан он бес – жиырма жыл бұрын қазба жұмыстарын жүргізген орындарды көрсетті. Бұл жерден тау кәусарын қазып алған екен. Бұдан соң Мұратжан басқа да қазба орындарына әкелді. Археологтар біраз қазу жұмыстарын жүргізіпті.

- Бұл да Бегазы – Дәндібай дәуіріне жататын көмбелер, - деп анықтады ҚарМУ-дың тарих факультетінің түлегі Гена. – Өте сирек кездесетін қабір. Өте бай адам болған сияқты.

Диаметрі он бес метрге жуық шеңбердің ортасында жатқан тас жәшікті көрдік. Тастардың барлығы қашалған. Шеңбердің әр жері сол түстіктен оң түстікке қарай созылған тастармен қиылысып жатыр.

Кент тауының тығы бір ерекшелігі біз ертеңіне ҚарМУ-дың сауықтыру лагерінде қонып жатқанда білдік. Бір машинаның қорабы толған тықыр жусан екен.

Бізге мұны:

- Бұл емдік қасиеті мол, әсіресе, қатерлі ісікке қарсы «Арглабин» дәрісін алуға қажет тықыр жусан. Бұл «Қырғыз» совхозының аумағындағы Кент тауының етегінде ғана өседі, - деп түсіндірді білетіндер.

Міне, аңыздар өлкесі Кент тауы туралы өз көзіммен көріп, өз құлагыммен естігенім осылар. Оның бұдан басқа да мол құпиялары болуы ғажап емес.

Степан Тимофеевич Путиев партия және кеңес қызметкері болған еді. Қарағанды облыстық теле-радио комитетінде көп жыл төраға болды. Зейнеткерлікке шыққан соң жарнамалық және ақпараттық «Спутник» газетінде редакторлық қызмет атқарды.

ШАТҚАЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Бұл ертеректегі оқиға еді. Мен арнаулы тапсырмамен шекара аймағында командировкада жүрген болатынмын. Ескі әдетім бойынша мұнда да аң-құс атып, балық аулауды тоқтатқамын жоқ. Бұл аймақ жан баспаған жері көп, өркеш-өркеш тау, құз жартасты болып келеді. Оңтүстікке қарай жүре түссең үлкен өзен де бар. Адамы аз, ел сирек қоныстанған аймақ болғандықтан, аң-құс деген жыртылып айырылады. Мен шекарашыларға аңды жиі атып әкеліп жүрдім. Оларға себепсіз мылтық атуға болмайтындықтан, аң аулауға рұқсат жоқ. Мен келген сайын заставадағы шағын отряд бір қарық болып қалады.

Мен келер қарсаңда шекарада бір оқиға болыпты. Сол маңдағы колхоздың ат қорасында тұрған жорға жоғалыпты. Елдің айтуынша ұры «арғы беттен» келген болуы керек. Мұндай оқиға бұрын да болған екен. Ал бұл жолы «бір топ ұры келіпті, оларды біреулер жуырда өткен бәйге жарысында көріпті» деген де сыбыс тарады.

... Содан бір күні қоржыным орталау болғандықтан, темір жол станциясына дейін асфальт жолмен емес, жазық даламен, сай-саймен өтетін жолмен қайтуды дұрыс санадым. Ондағы ойым – жолшыбай қарауылға ілігер бірдеңе кездесіп қалар деген үміт. Бұл кезде осы маңда

елік, қарақұйрық, жайран, таутеке, арқар көп болатын. Өзен жағасындағы қалың бұтаның арасында, тау аңғарында кейде аюмен, немесе жабайы қабанмен бетпе-бет келіп қалған кездеріміз де бар. Сондықтан да қосауыз мылтықпен бірге ДОСААФ-тың магазинсіз ескі винтовкасын да қоса ала шыққанмын.

Біздің алды-арты бірдей істейтін ГАЗ-67 сүрлеу жолмен шоқандап келеді. Онсыз да көп сейлемейтін Петр әлі үнсіз. Тау жолы бірде жазыққа шықса, бірде жоқ болып кететін кездері де бар. Бізде адасамыз-ау деген қорқыныш жоқ – алдымызда қара-сұр бұлт бүркеген асу «менмұңдалап» тұр. Ал одан әрі станция қол созым жер.

Сейтіп келе жатып жолдан көз жазып қалдық. Енді мына мың бұралған таусылмас шатқалдан қалай шығарымызды білмей састық. Бір кезде таптауырын болып қалған тәп-тәуір жолға кезіктік-ау. Әйтеуір бір жерге апарар деген оймен соған түстік. Жаңа ғана жүріп өткен машинаның ізі сенімімізді одан сайын нығайтты.

Тау өзені сойып тастаған биік жарды жағалап жүріп келеміз. Бір кезде машинамыз кесе көлденеңдей тұра қалды. Әдетте қарсы алдымыздан аң кездескенде жүргізушім кілт тоқтатып, есіктен ату үшін машинаны бұра қоятын. Мен мылтықты жұлып алып: «Қайда?.. Мен түк көріп тұрғам жоқ», - деп еыбырладым ақырын ғана.

Петр үндеген жоқ. Моторға от алдырып, қозғалмақ болып еді, қайта өшіп қалды. Оның себебін көп ұзамай білдік: сол жақ алдыңғы дөңгелек сіресіп қалыпты. Домкрат әкеліп, машинаны жөндеуге кірістік.

Көп ұзамай дөңгелекті қайта жөндеп, орнына салған кезде өрге қарсы өршелене гүрілдеген мотор үні естілді. Құлақ түре қалдық. Мотор гүрілі бірте-бірте үдеп, дәл қарсымыздағы қайқаннан жамау тимеген жері жоқ ескі автобус шыға келді. Тұмсық айнала бере тоқтады, радиаторынан бу бұрқ-бұрқ етеді. Қолында шелегі бар жүргізуші шықты да, аяғын андай басып, тік жарқабақпен өзенге түсті. Мен мына шатқалдан екі машинаның қалай

өтетіндігін ойлап тұрғанымда автобустан басқа да адамдар шыға бастады. Сол кезде біреу үстіме суық су құйып жібергендей, денем мұздап сала бергені. Мыналардың біздің адамдар емес екені анық...

Мен бірде семьясымен және тұтастай коммунасымен малын айдап, тракторға тіркеген шиқылдауық арбасы бар, үстіне тозығы жеткен қолдан тоқыған шекпен киген, бір кезде аталарының білместігінен немесе байлардың зорлығымен қашып кеткен адамдардың шекарадан өтіп, туған жеріне қайтып келе жатқанын көргенім бар еді.

Бұлар жеті-сегіз адам. Үстіне киген киімдері соларға мүлде ұқсамағанымен совет адамы сияқты киінуге тырысқаны аңғал кісіге де анық байқалады. Ана бір ұзын бойлы, автобустан бірінші шыққан жігіт орысша тігілген ескі бешпент, екінші – аласа бойлы, жалпақ жауырынды еркек – ескі сырмалы шапан, үшіншісі иленген елтіріден қолдан тігілген желетке киген.

«Мұндай да адам сенбес аңғалдық болады екен-ау! – деп таңдандым мен. Біздің адамдар тек отызыншы немесе соғыс жылдарында ғана осылай киініп еді ғой. Егер мыналар шын мәнінде бәйге жарысында болса, ел қалай аңғармады екен?! Жергілікті тұрғындар қырағы емес пе...»

Мұның бәрі менің есіме кейіндеу келді. Ал қазір бұған талдау жасап тұратын уақыт жоқ еді. Автобустан қолында мылтығы бар бір шал шықты...

«Қару жарағы бар!..» Бұлардың жылқы ұрлаушылар ғана емес, сонымен бірге қарулы банда екендігіне еш күмәнім қалған жоқ. Олар, міне, бір колхоздың автобусын қолға түсіріп, елсіз даламен шекараға қарай таяп келеді, қас қарайған соң арғы жаққа өтіп кетпек. Петр болса автобусқа бір қарап қойды да, ештеңеге күдіктенбестен, өз ісімен айналысып кетті. Қайткенде де бір шара қолдану қажет. Банда біздің жолымызда қарап тұрмайды. Машинаны өзімізбен қоса шыңырауға бір-ақ домалатады

да жүре береді. Ал, оларды өткізіп қоя беру... Жок, болмайды! Біз де өліспей беріспеспіз!

Машинадан винтовканы алдым да Петрге:

– Тез мылтықты ұста, біз олардың жолын бөгейміз!
– дедім ақырын ғана.

– Не, ненің? – деп күңкілдеді түк түсінбеген жүргізуші. – Бандалардың, жылқы ұрлаушылардың! Әне олар, біздің алдымызда тұр!

Петр үн-түнсіз машинаға кіріп кетті де, мылтықты алып шықты. Бірақ қолына мылтық емес, күрек ұстаған сияқты.

– Дұрыстап ұста... Олай емес, дүмін иығыңа тіре!

Петрге қатты ыза болдым. Бір қызығы содан соң өзіме-өзім келіп, іштей жоспар жасай бастадым. Олар мылтыққа қарсы келе қоймайды. Қанша айтқанмен де тосқауылға тап болды ғой. Біз оларды кері жүруге мәжбүр етеміз де, бірінші кездескен елді мекенге дейін алып барамыз. Егер қашпақ болса – дөңгелектерінен атамыз.

– Тежегішті жөндедің бе?

– Иә, тек ескі дөңгелекті орнына салу керек.

– Мылтықты жаныңа қой да, дөңгелекті сала бер, мен сені қорғаймын. Содан соң машинаға от алдыр да, аздап шегіндіріп, жолды бөге... Моторды өшірме, мылтықты қолыңнан тастама!

Бұдан әрі мен күткендей емес, уақыт баяу жылжып өтіп жатты. Олар өзара әңгімелесіп, машинаның жанында жүр, кейбіреулері бұтаның арасына кіріп кетті. Жүргізуші қайтып келіп, радиаторға су құйды.

«Куларын қара, оңбағандардың, – деп ойладым мен. – Жағдайды шиеленістірмей, бірдеме күтуде».

Қосалқы дөңгелекті орнына салып болған Петр двигательге от берді де, кішкене шегініп, мен көрсеткен жерге тоқтады. Бұл кезде топтан бөлінген үш адам бізге қарай беттеген еді. Ең алдында зор тұлғалы жігіт, оның соңында сырма шапан киген аласа бойлы жігіт пен гүлді

көйлекті ұзын бойлы, арық бала жігіт келе жатыр. Бұларды ешқашан жақын келтіруге болмайды.

– Тоқта, қозғалма! Атып тастаймын! – Менің қатты айқайым шатқал ішін жаңғырықтырып жіберді.

Үшеуі де қалшыып тұра қалды, машина маңындағылар да орындарында қатып қалған. Автобустан бір әдемі қыз шыға келіп еді, жігіттер иығынан итермелеп, қайтадан кіргізіп жіберді. Машинаның ішінен әйелдердің үрейленген дауыстары естілді.

– Біздің қыздарды әкетіп барады, – дедім Петрге.

Көп ойланып тұруға уақыт жоқ, не болса да бастаған істі аяқтау керек.

– Мылтықтарыңды тастап, автобуска отырыңдар да, алдыға түсіндер! – деп бар дауысыммен нақтылап айттым.

Менің даусымды автобус маңындағылар да анық естіп, қозғалақтаса бастады. Сол кезде басыма тағы бір ой келді:

– Қыздарды шығарыңдар да жолмен төмен жіберіңдер!

Бұл бұйрықтың орындалуына күмәндімін. Өйткені, олардың қыздарды бетке ұстап, қарсы шығуы мүмкін ғой. Бірақ, олай болмады. Кішкенедең соң әлгі әдемі қыз, оның артынан екі қартаң әйел шықты да, жылдам басып барып, жартастың тасасына тығылды.

– Қандай мылтық? – деп түк білмегенсіді зор тұлғалы жігіт таза орыс тілінде. – Мылтық бар, оның өзі атылмайды. – Артына қарап еді – шал қолындағы мылтықты бұтаның арасына лақтырып жіберді. – Бізді өзіңіз кім деп ойлап тұрсыз?

– Өтірік мәңгу болма. Бәрбір шекарадан еткізбейміз. Одан да алдымызға түсіндер... Ал, жорғаны қайда жібердіңдер? Өткізіп жібердіңдер ме, әлде жеп қойдыңдар ма?

Менің соңғы сөзімнің оларға қатты әсер еткенін байқадым. Қолға түскендерін сезіп, енді не істерін білмей

тұр. Кейін қайту керек пе, әлде бұза-жара алға өту керек пе, соны ақылдасқан болу керек. Өзара күбір-күбір етісті.

– Қандай жорға?.. – деді зор тұлғалы жігіт. – Біз құнанды шопаннан сатып алғанбыз, көрген куәлар да бар...

– Ондай өтіріктің керегі жоқ, – деп сөзін бөліп жібердім. – Тез автобуска отырып, кейін бұрылыңдар, барған соң көреміз.

Ол иығын қиқаң еткізді де, автобус жаққа қарап:

– Оятыңдар енді, ананы! Уақыт текке өтіп барады, бірдеңе істеуіміз керек қой... Мынау дәл Дон-Кихот немесе есі ауысқан біреу болуы керек...

Енді автобустан әлгі оятқан адамы шықты. Бұл орта бойлы, орта жастағы, толықша келген еркек екен. Погонсыз әскери гимнастерка, галифе шалбар, аяғына әлі сыны кетпеген құрым етік киген. Кеудесінде ордендер мен медальдардың колодқалары жылтырайды. Ақ қыраулы бұйра шашқа көптен қайшы тимеген.

Ол қол орамалымен кезін сүргіп тұрып, өз адамдарын мұқият тыңдады, жалпақ офицер белбеуімен буынған гимнастеркасын жөндеді де, шашын сипап, алға қарай қадам басты.

«Міне, керек болса, – деп ойлады мен. – Кімге ұқсас боламын деп ойлады екен. Колхоз басқармасына ма, әлде комиссарға ма?»

– Бұл не? Автобусты неге босатпайсың? – деді өтініштен гөрі бұйрық басым үнменен.

– Мен өз шартымды адамдарыңызға айтқанмын. Басқа мүмкіндіктеріңіз жоқ, автобуска отырыңыздар да кейін қарай жүріңіздер!

Ол тағы бірдеңе дейін деп келе жатыр еді, сөзін бөліп, тыйып тастадым. Біраз үнсіздіктен соң «комиссар» қайта сөз бастады.

– Мүмкін бір түсінбестік бар шығар? Сіздер жоғалған атты іздеп жүрсіздер ме? Оған біздің қатысымыз

жоқ... Ондай жорғаны көрген де емеспіз. Біз түсіру алаңына кетіп бара жатқан артистерміз...

«Қандай ақымақпын, – деп ойладым мен. – Бұларды алаңғасар адамдар деп жүрсем, нағыз алааяқтар екен ғой. «Артист» болып гастрольде жүр. Бұлай бүркемелену шығыс халықтарының барып тұрған қулығы».

Біздің жағдайымыз шиеленісе түсті. Сөздеріне сенген түр көрсетіп, шатқалмен өткізіп жіберсем бе екен? Содан соң өзіміз барып телефонмен заставкаға хабаралаймыз. Өйтуге болмайды, өзімізді байлап-матап, жардан бір-ақ лақтыруы мүмкін. Егер өзіміз алдымызға салып, айдап барсақ қой шіркін! Үлкен оқиға болар еді.

«Бірі мылтық ата алмайтын, екіншісінің қолында оқталмаған винтовка бар екі адам бір топ қарулы шекара бұзушы ұрыны ұстапты» деп бүкіл ел айтып жүрер еді.

Мен затворды қаттырақ сарт еткіздім.

– Токта, – деді «Комиссар» бетіме мұқият қарап. – Мен сені бір жерде көрген сияқтымын. Мен кергенімді ұмытпаймын. Жуырда... осыдан терт-бес күн бұрын Қоғалыда болған жоқсың ба?

Үйренген әдістері ғой. Уақытты соза түсу үшін әдейі істеп тұрған болуы керек.

– Иә, иә! Сен райком секретарына кірген болатынсың, сонда мен де қабылдау бөлмесінде отырғам. Қане, есіңе түсті ме?..

Әрине, менің де есіме түсті. Шынында да аудан орталығы Қоғалыға соғып, секретарьға кірген болатынмын. Сонда қабылдау бөлмесінде отырған бір адамды кергенмін, бірақ ол бұған ұқсамайды.

Мен ойланып тұрып қалған кезде ол кенет оң қолымен басындағы бұйраны жұлып алғанда астынан қайратты қап-қара шаш шыға келді. Енді міне – соның шашы тура осындай болатын. Осы кезде автобус жанында тұрған шал жүгіріп келіп, оның «сақалын» жұлып алды. Тек қоңқита жапсырылған қосымша мұрны ғана қалды.

– Мұрнындағы картобыңды да ал, – дедім мен іштей күйіне.

Шатқал іші қарқылдаған күлкіге толды. Менің көзім қарауытып, құлағым бітіп қалды.

...Жол бойы Петр екеуміз де үнсіз келдік. Биік кезеңге шыққан соң ғана кабина ішіне көз жүгірттім.

– Мылтық қайда?

Петр маған ыңғайсыздана қарады:

– Машинаның сыртына сүйей салып едім...

Кейін қайтудың ешқандай мәні жоқ еді. Мылтықты артистердің алғаны сөзсіз. Бірақ олармен қайта кездесуге көңілім соқпады.

...Содан біраз уақыт өткен соң Шәкен Аймановтың өзі режиссер болып, өзі басты рольде ойнаған «Бұл Шұғылада болған еді» деген киноны көрдім. Артистердің бәрін таныдым, түсіру алаңы мен соғыс жылдарындағы колхоз туралы кинодағы ескі автобус та көзіме жылы ұшырады. Ең бастысы – өзімнің мылтығымды таныдым. Оны күзетші шалдың ролінде ойнаған Серке Қожамқұлов ұстап, қалғып отыр. Анықтап қараған адамға бұл мылтық сол кезеңге аздап үйлесіңкіремейді. Мен Сері-ағаның сол күні бұтаның арасына лақтырған ескі мылтығын сол жерде ұмытып кеткенін бірден түсіндім.



Николай ТАРАНЕНКО,
беларусь жазушысы

Отставкадағы полковник, жазушы Николай Иванович Тараненко Ұлы Отан соғысы жылдарында өзі командир болған 235-ші атқыштар дивизиясы туралы бірнеше кітап жазған. Оның майдангерлер туралы очерктерінің соңғы жинағы «Ерлік шебі» деп аталады («Рубежи мужества», Минск, «Навука і тэхніка», 1991 г.). Бұл кітапта көптеген қазақстандықтар мен қазақ жауынгерлерінің есімдері аталады. Ал «Жазылмай қалған жыр» атты бұл очерк Қарағанды қаласында тұрған майдангер жерлесіміз, көпшілікке белгілі Зейнолла Исағұлов марқұмның жаумен бетпе-бет келген сәттегі бір ерлігін баяндап береді.

ЖАЗЫЛМАЙ ҚАЛҒАН ЖЫР
(Очерк)

1941 жылдың 8 қарашасы күні Балтық теңізі жағынан қара бұлт төніп келе жатыр еді. Жертөленің жанына таяу жайғасып алған, Қазақ ССР-і Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының тумасы, 682-ші артполктың 7-ші батареясының орудия командирі, кіші сержант Зейнолла Исағұлов теңізді де, бұлтты да байқамаған сияқты.

Ол өзінің жасыл балауса үстінде шалқасынан жатқан, ал көк жүзінде боз торғайдың шырыл қаққан сәтін көзіне елестетіп еді. Тасты жарып шыққан мөлдір жылға қоныраудай сылдырап ағып жатыр, оның жағасында қолтықтасқан терек пен қайың өзара сыбырласып, сылдыр

қағысады. Зейнолла қалтасынан жазу кітапшасын алып шықты да ойына құйыла келіп қалған жырдың алғашқы шумағының төрт жолын ақ қағазға түсірді.

Елде жүргенде, Қарқаралы педучилищесінің екінші курсына оқыған кезінде, майдан даласында 1941 жылдың кескілескен соғысы жүріп жатқан шағында Зейнолла өзінің ең алғашқы «Ант» деген өлеңін жазып, аудандық газеттің редакциясына апарған еді.

Өлең жарық көрді. Әкесі Исағұл мен шешесі Несібелді:

- Ұлым, тағы бір оқышы, – деп қайта-қайта өтінетін.
- Жарайсың! – дейді олар.
- Ақын болады екенсің...
- Жоқ, мұғалім боламын.
- Ол да жақсы. Балаларға хат танытқаның дұрыс.

Әкесі өзінің өткен өмір жолын әңгімелеуді ұнатпайтын. Оның өмірі аса ауыр болған еді. Өр кеуделі, батыл, жаужүрек жігіт Исағұл өзі малын бағып жүрген байдың жалшысы болғысы келмеді, шамасының келгенінше әділдік үшін, тамаша өмір үшін күресті, кедейлерге жәрдем берді.

Кеңес үкіметі орнаған соң милиционер болды, колхоз басқарды, бригадирлік етті. Қартайған шағында жылқы бақты. Ауылдағы қадірменді адамдардың бірі еді. Зейнолла бесінші класты бітірген жылы мақтау грамотасын қолына ұстап келгенде бұл үйдің ішіндегі қуанышта шек болған жоқ. 1933 жылдың күзінде Исағұл ұлын Қарқаралының педучилищесіне апарып салды...

– Жолдас кіші сержант! – деп айғай салды біреу. – Сізді дивизион командирі шақырып жатыр. Жертөленің кірер есігі алдында шақырып келген адам тұр еді.

– Тез келсін деп жатыр! – деп қайталады ол.

Майор Д.П.Малыхтың текке шақырмайтының дивизияда бәрі біледі. Исағұлов штабқа қарай жылдам басып жөнелді. Аяқ басқан сайын өткен күндердің, оқиғалары ойына орала берді. Дивизия бір айға жуық

Клайпеда түбінде қорғаныста тұрды. Қаланы бірден алудың сәті түспеді. Бірнеше рет соғыса барлау жасалынды. Артиллеристер болса оқ атып, атқыштарды қолдап отырды. Сан мәрте жау батареясымен «жекпе-жекке» шығуға да тура келді. Соғыса жүріп жауынгерлік жаттығу жұмыстары да жүргізілген еді. Сондықтан да «Мүмкін тексерудің қорытындысы бойынша шақырған болар?» – деп ойлады Зейнолла. Бірнеше минуттан соң ол жертөлеге қайта оралды. Көңілі толқып, өңі бұзылып тұр. Кішкене тоқтап, бұлт төніп келе жатқан теңіз жаққа қарады, сөйтіп тұрғанда ол алғы шепке қалай шығып кеткенін білмей қалды. Қараса өзінің пушкасының жанында тұр. Тастай суық стволын сипап өтіп, түнгі атыс кезінде қалқанына жабысып қалған бір шөкім топырақты қағып түсірді де, терең бір дем алып, станинаға жайғаса отырды. Иығынан майордың ыстық алақанының табы, құлағынаң даусы әлі өшпеген еді:

– Сені жіберу маған да оңай емес. Комбат пен взвод командиріне тіпті қиын. Сен сияқты кез келген артиллерист «Жолбарысты» атып түсіре бермейді... Бар, ұлым. ойлан.

Исағұловтың артиллерия училищесіне оқуға жіберілетіндігі бүкіл батареядағыларға жай оғынан да жылдам тарады. Жолдастары Зейнолланы құттықтауға асықты. Ең бірінші болып расчет жауынгерлері жетті, одан соң жерлестері – дивизион комсоргі Рымжан Омаров, көздеушілер Ыбыраһым Халықбергенов, Ебентай Әбдікәрімов, байланысшы Құдайберген Жаңабаев келіп жанына отырды.

Бәрі де соғыс көрген жауынгерлер. Барлығы әскерге бірге шақырылған, Чаржоудағы Орлов жаяу әскер училищесінің жедел курсынан өткен. Орлов өңіріндегі Зуши өзенінен бастап Балтық теңізіне дейінгі майдан жолдарында қатар басып келе жатыр.

– Сені жібермей, енді кімді жібереміз? – деп ойларын ортаға салды батарея жігіттері. Сөйтті де олар жуырда болған бір ұрысты естеріне алған еді.

...1943 жылдың 12 шілдесі. Басқалармен бірге Зейнолла да жауға атқылаған қуатты артиллериялық дайындықтан соң атқыштар шабуылға ұмтылды. Олардың соңынан артиллеристер де қозғалды. Өзеннен өтер шақта үстілерінен қарсыластардың авиациясы шүйіле түсті.

– Тездетіңдер! – деп жылдамдатты сержант, расчетты оқтың астынан алып шығуға талпынып. Ол текке айғайлаған еді. Әркім онсыз да бұйрықсыз-ақ пушканы жан-тәнімен итеріп жатқан.

Бір кезде дәл жанында жаудың миңасы жарылғанда қалай тізерлеп қалғанын Исағұлов бірден түсінген жоқ. Оның жанына орудия командирі, оқтаушы, расчеттің басқа да адамдары жетіп келген еді.

– Жараландың ба?

– Білмеймін...

Қараса, балағынан қан ағып тұр.

– Кімде пакет бар? – деп сұрады сержант.

Өзеннен өтерде, батарея бомбаның астында қалған кезде барлық пакеттер жұмсалып кеткен екен. Біреу ішкі көйлегін жыртып берді, Жарақат таңылды.

– Тылға жіберілісін, – деп бұйырды орудия командирі.

– Осында қалуға рұқсат етіңіз. Аяғымды басқанда ауырмайды, – деп өтінді бұл.

– Жарайды, қал, – деп сержант қолын бір сілтеді. – Тек, байқа, жарақатыңа кір-қоқым түспесін.

Взвод командирі де жүгіріп келді.

– Неге тоқырып қалдыңдар? Аялдамаңдар!

Алдыңғы қатарда жүгіріп бара жатқан атқыштар жата-жата қалысты. Өйткені оларға жау пулеметі тосқауыл болған еді. Комбат орудияны итеріп шығарып, тікелей көздеп атуға бұйрық берді. Аяғының ауырғанына қарамастан Зейнолла пушкасын көрсетілген нысанаға дәл

көздеді. Оқ атылды. Пулеметтің үні өшті. Биіктікті алған атқыштар алға баса түсті. Расчет пушканы солардың соңынан алып жүрді. 1943 жылдың 22 желтоқсаны күні жау снарядының жарықшағы Исағұловтың аяғына екінші белгі түсірді. Жарақаттың терең болғанына қарамастан Зейнолла бұл жолы да позицияны тастамай, жауға қарсы оқ атуды жалғастыра түсті. Бұл кезде оның омырауына «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі тағылған болатын.

Алайда ең қиын сынақтан Литва жерінде өтті. Ол туралы Рымжан Омаров Қарқаралының аудандық газетіне жазған еді. Хабар басылды. Жерлестері Исағұловтың, Халықбергеновтің, Жаңабаевтың ерлігі туралы оқып білді.

...Балтық теңізіне қарай шегінген жау кедергілер қойып, орман жолдарында тосқауыл жасап бақты, кейде қарсы шабуылға шығып отырды. Әсіресе, немістердің Куршенай қорғанын бұзған соң, алғашқы күндері әрбір үй, әрбір төбешік үшін ұрыс жүргізуге тура келді.

Сол 1944 жылғы қазан айының қабағы қату, жаңбырлы күнінде де Луоке жеріне жете берісте тағы сондай бір оқиға болды. Атқыштар батальонының позициясына жау танктері тақап қалды. Қашанғысынша танктердің соңында жаяу әскерлер келе жатыр. Исағұлов қарауылға алған бетінде бұйрық күтіп тұрып қалған.

Машиналардың арасында фашистер «жолбарыс» деп атайтын танк ерекше көрінеді. Бұл салмағы 56 тонна, 100 миллиметрлік броньға қарсы ататын пушкасы және 188 миллиметрлік пушкасы, екі бірдей пулеметі бар қуатты машина болатын. Оның сипаттамасын Зейнолла жақсы білетін. Сондықтан: «Мынадай зілмауыр ауыр машина барған расчет жағына онай бола қоймас», – деп ойлады. Кенет ол әлгі «жолбарыстың» жылдамдығын баяулатпастан өзі тұрған позицияға бет алып, жақындап қалғанын байқады. Мұны орудия командирі де көрген еді.

– Біздің нысана – «жолбарыс»! – деген дауысы естілді оның. – Бронь тесетін оқпен!

Ара қашықтық қысқара түсті. 600, 500, 400 метр...

– Атыңдар.

Снаряд «жолбарыстың» жанына барып түсті. Анау ештеңе болмастан алға қарай жылжи берді. Зейнолланың арқасы шымырлап кетті. Ауыр танкімен оның бетпе-бет келуі бірінші рет еді.

Оң жақтан да, сол жақтан да атыс даусы естіледі. Жау машинасының бірі қою қара түтінге оранды. Бұл танкті дәл көздеп атқан Ыбыраһым Халықбергенов болатын.

Жасырынған тасадан Рымжан Омаров пен Құдайберген Жаңабаев шыға келді. Өйткені жау снаряды байланыс сымын үзіп кеткен еді. Телефон үнсіз қалды. Бір жолы олар басын хауіпке тіге жүріп, үзілген сымдарды жиырма рет жалғаған болатын.

Жерлестерінің байланысты қалай қалпына келтіргенін Исағұлов байқаған жоқ. Ол «жолбарыстан» көзін алмай қадағалауда. Анау болса кенет тоқтай қалды. Оның стволы бұлардың орудиясына қарай бұрылып келе жатыр еді.

– Үлкен калибрмен! – деп бұйырды командир. – Атыңдар!

Бірнеше секунд уақыт, көздеудің дәлдігі, шыдамдылық қана мұндайда шешімді роль атқарады.

Сол жақ қолының жарақаты жан шыдатпай бара жатса да «Сабыр, сабыр!» деп бұйырды өзіне-өзі Зейнолла.

Бықсыған күйі ытқып шыққан бос патронның орнына жаңа снаряд оқталды. Бірақ енді оның қажеті жоқ еді. «Жолбарыс» атып түсірілді. Ол жалынға оранды. Батарея енді жаудың алыстап бара жатқан машиналары мен жаяу әскерін оқтың астына алды. Бұлт арасынан қызыл жұлдызды самолеттер де байқалып қалды. Олар шегініп бара жатқан жау колоннасын бомбалады.

Шаршаған Исағұлов станинаға отыра қалды. Басы айналып кеткен еді

– Сен жараланғаннан саумысың! – деп оқтаушы жан ұшырды. – Жеңіңнің бәрі қан ғой. Қай уақытта жараландың?

– Ұрыстың басында-ақ...

– Шинелінді, гимнастерканды шеш, таңып берейін.

– Жарайсың! – деп мақтады Зейнолланы комбат, аға лейтенант С.М.Красиков. – Мұндай төзімділікті мадақтау керек. Шынын айтсам сен үшін қатты алаңдадым.

Дивизион Литваның орман жолдарымен жолын жалғастырды. 1944 жылдың 7 қазаны күні артиллеристер қарсыластарының бір танкісін атып түсіріп, төртеуін жағып жіберді. Содан біраз уақыт өткен соң Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы «Бейбітшілік» колхозына майданнан хат келді.

«Сіздің ұлыңыз Исағұлов Зейнолла, – деп жазыпты дивизион командирі майор Д.П.Малых кіші сержанттың әке-шешесіне, – өзін батыл да, жаужүрек жауынгер екенін, советтік Отанның адал ұлы екенін көрсетті. Неміс-фашист басқыншыларымен күресте көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды. Біз мұндай батыр жауынгерді мактан етеміз және сіздерді оның жоғары үкімет наградасымен құттықтаймыз».

Көп ұзамай Исағұловты орудия командирі етіп тағайындады.

– Дивизион командирі дұрыс істеген, – деп аяқтады сөзін Рымжан Омаров. – Төлеубек пен Фазылкәрім де менің осы сөзімді мақұлдайды.

Олар сол кезде жерлестерінін арасында болмаған. Құлыптаушы Төлеубек Ахметжанов пен оқтаушы Фазылкәрім Әбдірайымов осыдан аз ғана уақыт бұрын болған ұрыста ауыр жарақат алып, госпитальда емделіп жатыр еді.

– Қолдау көрсеткендеріңе көп рахмет, – деп Зейнолла орнына көтерілді. – Қоштасар алдында жаңа жазған өлеңінді оқып берші, – деп өтінді жерлестері. – Сенің бүгін өлең жазғаныңды көрдік қой.

– Ол басы ғана, – деді Зейнолла. – Аяқтауға мұрсат бермеді. Қазір тіпті ойыма ұйқас оралмай тұр.

– Ештеңе етпес, онда басын оқып бер.

– Өлең «Туған жер» деп аталады. Зейнолла койын кітапшасының бетін ашты. Майдан шебінде жас жігіттің ашық даусы саңқылдай жөнелді:

– Туған жер неге сонша болдың ерек,

Алатын жүрегімде орның бөлек.

Самалды саянда өскен, Қарқаралым,

Келесің рухыңмен мені демеп...

– Туған жерге бізден сәлем айт, – деді Рымжан. – Қазақ халқы біз сияқты ұлдары үшін алаң болмасын. Біз ешқашан елді жерге қаратпаспыз. Ал сен дұрыстап оқы, бірақ бізді де ұмытпа.

Заттарын салған қапшығын арқалаған Исағұлов штабқа қарай бет алды. Майор Малых оны күле қарсы алып, қолын қысты да.

– Отанды соғыстан соң да қорғау керек болады. Саған әрқашан табыс тілеймін, ұлым! – деп әкелік мейіріммен бауырына басты. – Ал, өлеңді Томскіге жеткенше аяқтарсың. Бізге салып жіберуді ұмытпа.

Зейнолла Исағұлов үшін 1945 жылдың 8 қарашасы соғыстың соңғы күні болды. Оның жаңа өмір жолы басталды.

1992 ж.



Алексей СТАХАНОВ

Алғашқы бесжылдықтың үздігі, Социалистік Еңбек Ері, даңқты шахтер Алексей Григорьевич Стахановтың Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің Қарағанды қаласында еңбек еткені мәлім. Сондықтан А.Г.Стахановтың «Шахтер өмірі» атты кітабының (А.Г.Стаханов «Жизнь шахтер-ская», Киев, Издательство политической литературы Украины, 1986 г.) біздің Қарағанды туралы жазған тарауын аударған едім.

СОҒЫС (Естелік)

СССР Жоғарғы Советінің депутаты болғандықтан, егер біздің елімізге кімде-кім шабуыл жасайтын болса, жідел және кирата соққы береміз дегенді сессияның мәжілістерінде сан мәрте естіген едім. Депутаттардың ешқайсысының да бұған күмәні болмайтын. Өйткені, біз өнеркәсіптің қорғаныс саласына қарай жедел қайта құрылып жатқанын білетінбіз. Бірақ жаудың шабуылына қарсы тұруға қанша дайындалсақ та бәрібір ол тұтқиылдан тиісті.

Соғыс басталардың алдында өнеркәсіптік академияны таратқан болатын. Оның орнына Москвада техниктердің жоғары мектебі ашылды. Совет Одағына 1941 жылдың 22 маусымы күні фашистік Германияның опасыздық шабуыл жасағаны туралы совет үкіметінің мәлімдемесін радиодан ести сала мектепке қарай жүгірдік. Оқытушылар мен тыңдаушылар арасында Жоғарғы Советтің депутаттары көп болатын. Сондықтан да басқалардың:

- Сіздер – депутаттар, мұның қалай болғанын түсіндірсеңіздерші. Біз Германиямен соғыспауға екі жақты шарт жасасқан едік қой. Немістердің мұны бұзуға батылы қалай барды? – деген сұрақтар жаудыруы орынды еді.

Өз жолдастарымызға не деп жауап береміз? Біздің өзіміз де олардан артық ештеңе білмейтін едік. Жиналыста мектеп директоры, қарт большевик Шейнин шығып сөйледі. Ол жағдайымызды жақсы түсінді және бізді оқуды тастап, майданға кетіп қалады деп қорықты. Директор тәртіпті болуға шақырды, әркімнің Отанға пайдалы міндет атқаруын өтінді.

Оның қауіптенуі негізсіз емес еді. Біз шақыру күтпестен, бір-бірден, кейде тобымызбен әскери комиссариатқа барып жаттық. Бірақ, онда да тәртіп туралы еске салып, керек адамды өздері шақыратындарын ескертті.

Шақыру қағазын күтуден қиын ештеңе жоқ екен. Әрқайсымыз жауды талқандауға тезірек қатысуға асықпыз. Тек 1941 жылдың 3 шілдесі күнгі Сталиннің сөзінен кейін ғана соғыстың ұзаққа созылатыны, оған майданда да, тылда да бүкіл халықтың күші қажет екені мәлім болды.

Жолдастарым сияқты маған да шақыру қағазын күт деген жауап келді әскери комиссариаттан, халық еріктілеріне жазылу туралы талабымнан да ештеңе шықпады. Жоғары Советтің депутаты ретінде өзіңе өзіңнің қожалық етуіне құқың жоқ деді. Партиямыздың Орталық Комитеті мен Москва қалалық комитеттерінде де, біздің парткомдағылар да осы тектес жауап қайтарды. Өзірше оқуға «қамшы басу» керектігін айтты, ғитлершілердің Москваға жанталаса ұмтылып жатқан кезінде қандай оқу болмақ?

Астана барлық күшті қорғанысқа жұмсап жатты, халық еріктілері қорғаныс шебін тұрғызуда жанқиярлықпен еңбек етуде. Москваны ұшқыштар мен зенитшілер қанша қорғағанымен, үй төбесіне түскен

тұтандырғыштарды қанша тез лақтырып тастап отырғанымен, жаудың жиі-жиі аспаннан жасаған шабуылынан заводтар мен фабрикалардың кез келген уақытта күлі көкке ұшуы мүмкін еді. Сол кезде үкіметіміз еліміздің қорғанысы үшін маңызы зор кәсіпорындарды тылға көшіру туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, Москвадан және майдан шебіндегі басқа да қалалардан Оралға, Сібірге, Орта Азияға эшалондар жол тартты.

Қазан айының басында Москвадан Халық комиссариаты көше бастады. Көмір Халық комиссариатының кеткенін білгеннен кейін маған да астанамен қоштасу керектігін түсіндім. Қалалық партия комитетінде маған Горькийге бару жөнінде нұсқау берді. Онда Москва қалалық партия комитеті өкілдерінің штабы болатын. Мұнда Москвадан келгендердің көпшілігі Кировке жіберілді, маған Куйбышевке баруға ұсыныс жасады. Шахтер ретінде көмір бассейндерінің біріне жұмысқа жіберілетінімді айтты.

Сөйтіп, мен 1941 жылдың күзінде Қарағандыға тап болып, «Қарағандауголь» тресіне жұмысқа кірдім.

Соғыстың алғашқы айларында Донбастан көшірілген Украинаның алып индустриясы Оралда, Кузбаста, Қарағандыда қайта өрледі. Мындаған даңқты донецкілік кеншілер, тамаша металлургтер, химиктер мен машина жасаушылар жаңа орынға, жаңа еңбек мәдениетін, Донбастың еңбек дәстүрін өзімен бірге ала келді. Олар жергілікті жұмысшылармен бірге Отанымыздың азаттығы үшін жанқиярлықпен еңбек етті, жаңа кадрлар тәрбиеледі, оларды шеберлікке үйретті. Алғашқы бесжылдықтар кезінде құрылған Қарағанды көмір-металлургия базасы қуатты әскери индустрия жасауда және Қызыл Армияны жауынгерлік жарактандыруда шешуші рөл атқарды.

Майданға қару-жарақты көп шығаруды талап етті. Ал, қару дегеніміз – ең бірінші металл мен көмір еді. Көмір өндіру болса, еліміздің шығысында айдан-айға арта түсті. Совет халқының, оның ішінде біздің шахтерлердің

тылдағы ерлік еңбегі Қызыл Армияның соғыс барысында күрт бетбұрыс жасауына көмегін тигізді.

Мен донецкілік шахтерлерді Қарағандыға көшіруге, оларды осы бассейн шахталарына орналастыруға, тұрғын жайлармен қамтамасыз етуге, тұрмысын түзетуге белсене араластым. Соғыс уақытының жағдайындағы мұндай жұмыс өте қиын еді...

№31 шахтаның меңгерушісі қызметіне тағайындалған соң коллектив жұмысының жоғары нәтижеде екеніне барлық күш-жігерімді жұмсадым.

Бұл шахта, ең бірінші, Қарағанды көмір бассейніндегі механикаландырылған ірі кәсіпорын еді. Оның жер асты магистральдарын Москва метросымен салыстыруға болады. Соғыс кезінде мұнда ондаған көмір шеберлері, тылдың нағыз гвардеецтері өсіп шықты.

Шахтаға түспейтін күнім жоқ деуге болады. Әрбір учаскенің жұмысын шыдамдылықпен зерделеп, бақылап отырдым. Шахтаға әрбір түскенімде кеншілерге ықпалды тәлім көрсетуге стахановтық еңбек озатының жігерін беруге тырысатынмын.

Мынадай оқиға әлі есімде.

Шахтада жаңа учаске ұйымдастырылды. Оған бастық етіп комсомолец Мұхтар Айбековті сайладық. Басқа да тәжірибелі маман жұмысшылармен толықтырдық. Ынтымақты коллектив жаңа 160 метрлік лаваны игеруге кірісіп кетті. 1942 жылдың бірінші тоқсанының жоспарын мерзімінен бұрын орындаса, сәуір айының жоспарын артығымен орындады. Мен мұндай жігерлі жандарды қолдау қажет екенін, олардың жұмысына үнемі назар салып отыру керек екенін түсіндім.

Учаске 1 Май мерекесіне дайындалып жатқан болатын. Мен лаваға жұмыстың ең қызған шағында келген едім. Жігіттердің әлде неге абыржулы екенін байқадым.

- Хал қалай, Мұхтар? – деп сұрадым Айбековтен.

- Нашар, Алексей Григорьевич, - деп жауап берді учаске бастығы. – Біз мерекеге тарту әзірлемек едік,

транспортер лентасы болса, қайта-қайта үзіле береді. Соның салдарынан күн сайын көптеген көмірді жоғалтып отырмыз. Ал, стволға дейін әлі алыс – 600 метр.

Бұл кезде шахта жабдықтарын алтынмен бағалауға болатын. Дегенмен, коллективке көмектесуге бел байладым. Сол күні №1 учаске 100 метр транспортер лентасын алды. Тәуліктік жоспарды олар елеулі дәрежеде асыра орындады, лава жоспарға қосымша 108 тонна отын өндірді.

Менің алдымда естен кетпес осл жылдардағы Қарағанды газеттері жатыр. 1942 жылғы 21 мамыр күнгі «Социалистическая Караганда» газетінің бас мақаласында: «№31 шахтадағы Айбеков жолдас басқаратын №1 учаске мамыр айының 18 күні ішінде көмір өндіру жоспарын 119 проценте орындады. Учаске коллективі қалалық партия комитетінің, «Карагандауголь» тресінің, көміршілер кәсіподағы аудандық комитетінің ауыспалы Қызыл туын қолдарына берік ұстап келеді».

Коллективпен күнделікті табанды жұмыс жақсы нәтижесін берді. 1942 жылдың 17 маусымы күні осы газет «Жоспардан тыс көмір» деген хабарда былай деп жазады: «Алексей Стаханов басқаратын №31 шахтаның кеншілері көмір өндіруді күн сайын ұлғайтып келеді. №4 учаскенің навалоотбойшигі Таймұратов жолдас мамыр айындағы өндірістік жоспарын 200 процентке, ал он бір күннің жоспарын 218 процентке орындады. Осы учаскенің навалоотбойшигі Гурфов жолдас күн сайын екі норма береді. Навалоотбойшик Омаров жолдас нормасын 175 процентке орындаса, Қасенов жолдас бір жарым норма орындайды. Бобыров жолдас басқаратын №4 учаске күн сайын жоспарға қосымша 50-60 тонна көмір өндіреді».

Орыстар, қазақтар мен украиндықтар жер астында бір жеңнен қол шығара еңбек етіп, барлық күш-жігерін зұлым жауды жеңуге арнады. Шахтада көмір өндіру күн сайын арта берді. Учаскелер мен бригадалар арасындағы біріншілік үшін күрес қыза түсті. Көмір майданының

кажымас жауынгерлерінің еңбегін үкіметіміз жоғары бағалады. Соның ішінде біздің таңдаулы навалоотбойшиктер бригадирі Жақия Бөгенбаев «Құрмет белгісі» орденімен, навалоотбойшик Қарсақбай Сейтімбетов «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Майдан да, тыл да көмірді көптеп талап етті. Өзіміздің өткендегі тәжірибеміз социалистік жарыстағы жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізетін резерв пен ынталандыруды іздестіруге үйретті. Айбеков учаскесінің табысы туралы жазылған газеттің бірінші бетінде ірі әріптермен терілген мына сөздерді оқыдым:

«БҮКІЛОДАҚТЫҚ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСҚА ҚОСЫЛАЙЫҚ!

ӨНЕРКӘСІП ПЕН МАЙДАН ҮШІН КӨМІРДІ КӨП БЕРЕЙІК!

№31 шахта жұмысшалырының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің Қарағанды көмір бассейнінің барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне, инженерлер мен техниктерге, стахановшы жігіттер мен қыздарға үндеуі).

Қызыл Армия жауынгерлерін совет жерін фашист басқыншыларынан азат етуде жаңа табыстарға жетуге шақырған Сталиннің сөзін келтіріп, үндеу тастаған болатынбыз.

Біздің үндеу бассейні шахталарындағы көмір өндіруде жаңа қуатты серпін берді. Сонымен бірге өзімізге де елеулі міндет жүктеді. Жарыс штабы және біздер, шахта басшылығы, еңбек өнімділігін көтеруге ықпал ете алатын жұмыстың жаңа әдісі мен тәсілін тұрақты түрде іздестіріп отырдық. Мысалға, біздің үндеуіміз жарияланғаннан соң бірнеше күннен кейін «Социалистическая Караганданың» бас мақаласы былай деп жазды:

«Көрнекті үгіт – көмір үшін күрестің қуатты құралы. Озат және артта қалушы бригадалардың график-

көрсеткіші, екпінділер айнасы, «ТАСС терезесі», ұрандар мен плакаттар көмір өндіруді ұлғайтуға жағдай жасағанын №31 шахтаның тәжірибесі көрсетіп отыр...»

Көмір өндірісінің ұлғая түсуіне байланысты Қарағанды бассейнін маман кадрлармен қамтамасыз ету проблемасы пайда болды. Сондықтан мен «Социалистическая Караганда» газетінің 1942 жылғы 7 маусым күнгі санында жастарға мынадай ашық хат жолдадым:

«Герман фашистерімен Ұлы Отан соғысы тек майдан мен тылдың барлық күш-жігерін жұмылдырғанда ғана табыспен аяқталары сөзсіз. Тыл мен майдан бізде бір лагерь. Соғыс тек оқыған әскери маман кадрларды ғана емес, сонымен бірге халық шаруашылығының барлық саласы үшін маман кадрларды да талап етеді. Біздің елімізде көмір үшін күрестегі армияға ержүрек, жас және қайратты командирлер керек...

Қазіргі совет шахтасы – әр түрлі машиналары өте көп, инженерлік құрылымдары күрделі, темір жолы, электр жүйесі, телефон, конвейері бар, адамға бағынатын ғажап техникасы бар жер асты заводы.

Институтты бітіріп, сендер Отан-ананың индустриальдық қуатын табыспен нығайтатын боласындар.

Сендерді, Қарағанды облысының жастарын, осындай кең, творчестволық және жауынгерлік жолға шақырамыз. Шахтердің шын жүрегімен: «Қош келдіңдер, біздің кен жоғары техникалық оқу орындарына. Олардың есіктері сендер үшін айқара ашық».

Сол ауыртпалығы мол соғыс жылдарында еліміздің тылға, оның ішінде Қарағандыға көшірілген жоғары оқу орындарын студенттермен толықтыру өте күрделі міндет болды. Бұл істе менің жастарға жолдаған шақыру хатымның игі әсер еткенін атап айтуым керек. Соғыс уақытында оқу мен еңбекті ұштастыру қандай қиын екендігін өз тәжірибемнен білемін. Өйткені, Қарағандыға

көшірілген Москва кен институтында инженерлік дипломды мен осындай қиын жағдайда қорғадым ғой.

Мен №31 шахтаға жетекшілік еткен соғыс жылдарының қиын уақыты келмесе кетті. Қарағанды көмір бассейніндегі осы байырғы кәсіпорынға «Стаханов» деп ат беріліп, маған үлкен құрмет көрсетілді. Мен шахта жұмысшылары коллективінің еңбек табысына тұрақты назар салып отырдым. Олар мені көмір өндірудің көрсеткішін ұлғайта түсуімен қуантып отырды.

Еліміздің СССР-дің құрылғанына 50 жыл толуына арналған мерекеге дайындалып жатқан кезде «Стаханов» шахтасының кеншілері осы мерекені лайықты қарсы алу жолындағы жарысқа қосылып, жоспардан тыс өндірілетін миллион тонна отынға лайықты үлес қосуға міндеттеме қабылдады. Сөйтіп, Қарағанды көмір бассейнінің кеншілері міндеттемеде көрсетілген миллион тонна отынды қыр үстіне шығарды. Шахта кеншілері де сөздерінде тұрды.

1972 жылдың басында СССР-дің құрылуының 50 жылдығы құрметіне Украина кеншілерімен социалистік жарысқа түсуге Қазақстан кеншілерін шақырып, Қарағанды газеттерінде ашық хат жарияладым. Онда Донбасс пен Қарағанды шахтерлерінің интернационалдық борыш сезімімен, өзара көмегімен, жұмыстағы жанқиярлығымен ерекшеленетінін атап өттім. Оларды өндірістің барлық резервтерін тауып, оларды пайдалануға, шикізат пен электр энергиясын үнемдеу, әрбір жұмыс уақытын сақтау үшін күресуге шақырдым. Олардың жетістігі барлық кеншілердің күнделікті нормасына айналуына қол жеткізу қажет.

Бұл шақыруға «Стаханов» шахтасының кеншілері де алғашқы болып үн қосты. Олардың жауап хатындағы мынадай сөздер көңілге қуаныш береді.

«Бізде отызға жуық ұлт өкілі ынтымақты еңбек семьясына біріккен. Олардың арасында Қарағандының сонау қалыптасу кезеңінде келген украиндық бауырлар да

аз емес. Олардың шеберлігі мен тәжірибесі біздің осы заманғы кен өндірісін ретке келтіруімізге үлкен көмек болды. Жарыс туралы ұсынысты қабылдаймыз».

Ал, 1972 жылдың мамыр айында «Стахановтың» өкілдері Торезге келіп, біздің №2-43 шахта басқармасының кеншілерімен социалистік жарыс шартына қол қойысты. Шахта басқармасы коллективінің атынан шартқа қол қою міндеті маған жүктелді.

1975 жылдың наурызында «Стаханов» шахтасы өзінің жер асты байлығын тауысып, жабылды. Қарағанды көмір бассейніндегі бұл байырғы кәсіпорын осы жылдар ішінде халық шаруашылығына 30 миллион тоннадан астам көмір берді. Оның еңбек коллективінде көптеген тамаша кенші кадрлары өсіп шықты. Олардың негізгі бөлегі қазір Қарағандының және еліміздің басқа да көмір бассейндерінің негізін салушы, көптеген шахталардың, оның ішінде №31 шахтаның ірге тасын қалаушы Горбачев атындағы шахтада еңбек етеді. «Стаханов» шахтасында ең соңғы алынған көмір кесегін олар өздерінің жаңа кәсіпорындарындағы еңбек даңқы музейіне қойды. Мұнда да олардың «Стаханов» шахтасы кеншілерінің даңқты еңбек дәстүрін жалғастыра беретініне сеніміміз мол.

Соғыс жылдарында, жергілікті және Қарағандыға көшірілген әр ұлт өкілінен құрылған «Стаханов» шахтасының коллективінің дәстүрі әлі де бар және жалғаса береді. Мұның өзі еліміз халықтарын біртұтас мемлекетке – Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктірген данышпан коммунистік партиямыз жүзеге асырып жатқан Лениндік ұлт саясатының салтанат құрып отырғандығының айқын айғағы емес пе!

1986 ж.

М А З М Ұ Н Ы

ПОВЕСТЬ

Тұзақ	3
-------------	---

ӘҢГІМЕЛЕР

Арқарлар	121
Қаладан келген жігіттер	131
Осындай бір кездесулер мен мәслихаттар	150
Пилле-Рийн	153
Туған жер құдіреті	162
Олас.....	170
Бізқұйрық үйрек – үй құсы	181
«Мен басқадан кеммін бе?...».....	199
Әділ мерген туралы ертегі.....	202

ЖОЛЖАЗБАЛАР

Көкшетау	206
Кент – аңыз аймағы	213
Шатқалдағы кездесу	218

ОЧЕРКТЕР

Жазылмай қалған жыр	226
Соғыс	234

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Тұзақ (Аудармалар)

Басуға 18.04.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/16
Қаріп түрі Times New Roman
Қағазы офсеттік. Көлемі 14,1 баспа табақ.
Тапсырыс № 13678

Таралымы 400 дана.

ЖШС «TENGRİ Ltd» баспаханасында басылып шықты
100022, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы 84
Тел.: 8 (7212) 43 19 54.
Моб.: 8 (702) 222 30 22, 8 (700) 222 30 22.
E-mail: tootengri@mail.ru

Тапсырыс берушінің электрондық файлдарынан басылды.



Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ – Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметті журналисі. Республикалық «ЗдравРеформ» конкурсының жүлдегері. Орта Азия Экологиялық журналистика фестивалінің дипломанты. «ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Облыс әкімі «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.